TAHOE

Автомобильді пайдалану жөніндегі нұсқаулық

МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ТЕК ҰСЫНЫЛҒАН ЭТИЛДЕНДІРІЛМЕГЕН БЕНЗИНДІ ҚОЛДАНЫҢЫЗ!



Бұл автомобильдің қозғалтқышы автомобильдерді дамыту саласындағы соңғы жетістіктерге сәйкес жобаланған және жасалған.

Бұл - үнемді, техникалық жетілдірілген және қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкес келетін модель.

Қозғалтқыштың дұрыс жұмыс істеуі үшін тек этилдендірілмеген жоғары сапалы отынды қолдану қажет. «Автомобильді жүргізу және басқару - Жанармай» тарауын 8-65 беттен қараңыз. Отынның басқа түрлерін пайдалану автомобильдің пайдалану сипаттамаларының нашарлауына алып келуі және кепілдік күшінің жойылу себебі болуы мүмкін!

Осы нұсқаулықта аталған автомобиль атаулары, логотиптері, фирмалық белгілері, ұрандары, модельдерінің атаулары және осы нұсқаулықта аталған, автомобильдің шанағындағы ою-өрнектер, соның ішінде GM атауы, GM логотипі, CHEVROLET атауы, CHEVROLET Truck, TAHOE және Z71 фирмалық белгісі General Motors LLC, оның еншілес ұйымдарының, филиалдарының немесе лицензиарларының сауда белгілері және (немесе) қызмет көрсету белгілері болып табылады.

Осы нұсқаулықта сипатталған кейбір функциялар опция болып табылады және оларға сатып алушы тапсырыс бермегендіктен, белгілі бір түрленімдер немесе аймақтар үшін қолжетімсіз болғандықтан немесе автомобиль конструкциясына, оның стандартты немесе таңдамалы жабдығына нұсқаулықты басып шығаруға бергеннен кейін өзгерістер енгізуге байланысты сіздің автомобиліңізде болмауы мүмкін.

Егер автомобиль Duramax дизельді қозғалтқышымен жабдықталған болса, сол қозғалтқыш туралы қосымша ақпаратты Duramax дизельді қозғалтқышы жөніндегі қосымшадан қараңыз.

Сіздің автомобиліңізді жиынтықтау және белгілі бір функциялардың болуы туралы ақпаратты сатып алу кезінде рәсімделген құжаттардан табуға болады. Қажет болған жағдайда пайдалана алу үшін, осы нұсқаулықты автомобиль салонында сақтаңыз.

Chevrolet автокөлігін сатып алғаныңыз үшін Сізге алғысымызды білдіреміз.

МАЗМҰНЫ

1. Кілттер, есіктер және терезелер 1-1
2. Орындықтар мен қорғаныс жүйелері..... 2-1
3. Заттарды сақтауға арналған орындар 3-1
4. Аспаптар мен басқару органдары 4-1
5. Жарықтандыру жүйесі 5-1
6. Ақпараттық ойын-сауық жүйесі 6-1
7. Климат-бақылауды басқару органдары 7-1
8. Автомобильді жүргізу және басқару 8-1
9. Автомобильге күтім жасау 9-1
10. Жөндеу және техникалық қызмет көрсету..... 10-1
11. Техникалық деректер 11-1
12. Клиент туралы ақпарат 12-1

ИЕСІНІҢ НАЗАРЫНА

Бұл нұсқаулықты қалай пайдалану керек

- **Осы нұсқаулықта осы модельдің барлық опциялары мен жабдықтары сипатталған. Мәзірдің жеке элементтері мен функцияларының сипаттамасы әртүрлі аймақтарға арналған түрленімдер мен орындаулардың айырмашылығына, сондай-ақ қосымша жабдықтар мен аксессуарлардың болмауына немесе болуына байланысты сіздің автомобиліңізге қолданылмауы мүмкін.**
- **Нұсқаулықтың алғашқы беттеріндегі және әр тараудың басындағы мазмұн кестесі нұсқаулықтың қалай құрылғанын түсінуге көмектеседі.**
- **Автомобильдің ақпараттық жүйесінің дисплейлеріндегі деректер сіздің ана тіліңізде көрсетілмеуі мүмкін.**

Қауіпті, ескерту және назар аударыңыз

Автомобильдің жапсырмаларындағы және осы нұсқаулықтағы ескерту хабарламалары қауіптерді және сол қауіптерді болдырмау немесе азайту үшін не істеу керектігін сипаттайды.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Бұл белгі қауіптілік дәрежесі жоғары, нәтижесінде автомобильге зақым келуі мүмкін жағдайлардың туындау ықтималдығын көрсетеді.

⚠ *ҚАУІПТІ!*

Бұл белгі қауіптілік деңгейі жоғары, салдары ауыр мертігуге немесе өлімге әкеп соғатын жағдайдың туындау ықтималдығы болғанда пайдаланылады. Бұл ақпаратты елемеу өмірге қауіп төндіретін жағдайға әкелуі мүмкін.

⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*

Бұл белгі қауіптілік деңгейі жоғары, салдары ауыр жарақатқа әкеп соғатын жағдайдың туындау ықтималдығын көрсетеді. Бұл ақпаратты елемеу ауыр жарақат алуға әкелуі мүмкін.



Диагоналы бойынша сызылған шеңбер түріндегі белгі қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауға шақыру болып табылады және «Ешқандай жағдайда...», «... тыйым салынады» немесе «... жол бермеңіз» дегенді білдіреді.

Шартты белгілер

Автомобильдің кейбір компоненттері мен оларға орнатылған тақтайшаларда мәтіндік хабарламалардың орнына шартты белгілер бар. Төменде берілген таңбалар әрекет принципін сипаттайтын немесе белгілі бір компоненттерге, жүйелерге/басқару органдарына, хабарламаларға, аспаптарға немесе индикаторларға қатысты мәтіндік ақпаратты толықтырады.

: бұл таңба Автоомбильді пайдалану жөніндегі нұсқаулықта қамтылған тиісті ақпаратпен немесе нұсқаулықтармен танысу қажет болған жағдайларда пайдаланылады.

: бұл таңба Техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықта қамтылған тиісті ақпаратпен немесе нұсқаулықтармен танысу қажет болған жағдайларда пайдаланылады.

: бұл таңба басқа бетте қамтылған толығырақ ақпаратпен танысу қажет болған жағдайларда пайдаланылады.

Автомобильде пайдаланылатын шартты белгілер

Төменде автомобильде қолданылатын шартты белгілердің суреттері және олардың түсіндірмелері берілген. Автомобиль жүйелері туралы толығырақ ақпарат алу үшін осы Нұсқаулықтың тиісті бөлімдерін қараңыз.

: Кондициялау жүйесі
: Кондициялау жүйесінің тоңазытқыш агенті
: Қауіпсіздік жастығы жүйесінің бақылау лампасы
: Бұғатталуға қарсы жүйе (ABS)
: Тежеуіш жүйесінің бақылау лампасы
: Тозған компоненттерді тиісінше кәдеге жарату
: Жоғары қысымдағы су ағынының әсеріне ұшыратпаңыз
: Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының температурасы
: Ашық отты пайдаланбаңыз!
: От қауіпті!
: Ықтимал бетпе-бет соқтығысудың алдын алу жүйесі
: Сақтандырғыштар блогы қақпағының құлпының орналасуы
: Сақтандырғыштар
: ISOFIX/LATCH балалар креслосын бекіту жүйесі
: Сақтандырғыштар блогының қақпақтарын мықтап жабыңыз
: Lane Change Alert (басқа қатарға ауысуға көмек жүйесі)
: Келе жатқан жолақтан абайсызда шығу туралы ескерту жүйесі
: Келе жатқан жолақтан шығудың алдын алу жүйесі
: Ақауды бақылау лампасы («Қозғалтқышты тексеріңіз» бақылау лампасы)
: Мотор майының қысымы
: Тұрақтауға көмек жүйесі
: Алдыдағы жаяу жүргіншіні анықтау индикаторы
: Қуаттау
: Артқы жақтағы көлденең бағытта қозғалатын нысандар туралы ескерту жүйесі
: Уәкілетті техникалық маман
: Қозғалтқышты қашықтан іске қосу
: «Белдікті тағыңыз» бақылау лампасы
:Соқыр аймақтарды бақылау жүйесі
: Қозғалтқышты автоматты тоқтату / автоматты іске қосу жүйесі
: Шиналардағы ауа қысымының мониторы
: Тайғанақтауға қарсы жүйе / StabiliTrak жүйесі / бағыттық тұрақтылықты қолдау жүйесі (ESC)
: Жоғары қысым!
: Алдағы көлікті анықтау индикаторы

Отын



Автомобильге октан саны 95 төмен емес, кем дегенде осыған сәйкес, жоғары сұрыпты бензин құйыңыз. Автомобильдің бүлінуіне және отын шығынының артуына жол бермеу үшін октан саны көрсетілгеннен төмен бензинді пайдаланбаңыз. Отын 8-65 қараңыз.

1 КІЛТТЕР, ЕСІКТЕР ЖӘНЕ ТЕРЕЗЕЛЕР

- КІЛТТЕР МЕН ҚҰЛЫПТАР..... 1-2
- ЕСІКТЕР..... 1-13
- АВТОМОБИЛЬДІ ҚОРҒАУ..... 1-21
- СЫРТҚЫ АЙНАЛАР 1-24
- ІШКІ АЙНАЛАР 1-26
- ТЕРЕЗЕЛЕР.....1-26
- ТӨБЕ.....1-29

КІЛТТЕР МЕН ҚҰЛЫПТАР

Кілттер

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Автомобиль ішінде балалар болса, радиосалпыншақты салонда қалдырмаңыз. Бұл балалардың да, басқалардың да жарақат алуына немесе өліміне әкелуі мүмкін. Балалар электр әйнек көтергіштерді, басқа басқару органдарын немесе тіпті автомобильдің өзін қозғалысқа келтіруі мүмкін. Қашықтан басқару жүйесінің радиосалпыншағы автомобиль салонында болған кезде, әйнек көтергіштерге қуат беріледі және бұл көтеріліп келе жатқан терезеге балалардың немесе қасында тұрған адамдардың аяқ-қолдарының қысылып қалуына әкелуі мүмкін. Балаларды радиосалпыншағы ішінде қалған автомобиль салонында қараусыз қалдырмаңыз.





Радиосалпыншаққа кіріктірілген механикалық кілт жүргізушінің есігін және қолғап жәшігін ашады.

Механикалық кілтті алып тастау үшін салпыншақтың төменгі жағындағы түймені басып, кілтті сыртқа қарай тартыңыз. Бұл түймені баспай, механикалық кілтті ешқашан алмаңыз.

Механикалық кілтте дилер немесе білікті слесарь жаңа кілт жасау үшін пайдалана алатын штрих-код жазылған бирка болуы мүмкін. Бирканы автомобильдан тыс қауіпсіз жерде сақтаңыз.

Оны ауыстыру немесе қосымша кілт қажет болса, қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.

Егер кілт нашар айнала бастаса, кілттің шапқысында металл бөлшектерінің баржоғын қараңыз. Оны қылшақтың немесе өткір заттың көмегімен үнемі тазалап отырыңыз.

Егер автомобиль олардың қалып баптауларын сақтау функциясы бар орындықтармен жабдықталған болса, 1 және 2 жад ұяшықтарының түймелерінің астында сақталғандар сәйкесінше 1 және 2 радиосалпыншағына байланған. Орындықтардың қалпын сақтау ⇨ 2-5 қараңыз.

Радиосалпыншақ

Есіктердің құлпын қашықтан басқару радиосалпыншағына қандай да бір өзгерістер немесе түрленімдер жасамаңыз. Түрлендірілген жабдықты пайдалануға тыйым салынады.

Радиосалпыншақтың әрекет ету қашықтығы азайған кезде:

- Қашықтықты тексеріңіз. Радиосалпыншақ автомобильден тым алыс болуы мүмкін.
- Автомобильдің орналасқан жерін тексеріңіз. Басқа көліктер немесе заттар сигналды бұғаттауы мүмкін.
- Радиосалпыншақтың батареясын тексеріңіз. Осы бөлімдегі «Батареяны ауыстыру» параграфын қараңыз.
- Егер радиосалпыншақ бәрібір дұрыс жұмыс істемесе, өз дилеріңізге немесе аттестатталған қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.

Құлыптарды қашықтан басқару жүйесінің жұмысы

Кілтсіз кіру жүйесі, егер радиосалпыншақ 1 м (3 фут) дейінгі қашықтықта болса, автомобиль есіктерінің құлыптарын ашуға мүмкіндік береді. «Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесінің жұмысы» тармағын қараңыз.

Радиосалпыншақ автомобильден 60 м (197 фут) дейінгі қашықтыққа жұмыс істейді.

Радиосалпыншақтың жұмысына басқа факторлар да әсер етуі мүмкін. Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі (кілтсіз кіру) ⇨1-2 бөлімін қараңыз.



: Барлық есіктердің құлыптарын бұғаттау үшін басыңыз.

Егер бұл функция қосулы болса, бұрылыс көрсеткіштері екінші рет басылғанда бір рет жыпылықтайды, бұл құлыптаудың орындалғанын растайды. Бұл функция қосылса, үш секунд ішінде қайта басқан кезде, клаксон гудок береді. Бұл функцияны баптаудың қолжетімді нұсқаларын көру үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің басты бетіндегі «Баптаулар» белгішесін түртіңіз. Дисплейге қолжетімді нұсқалардың тізімін шығару үшін «Vehicle» («Автомобиль») таңдаңыз және «Remote Lock, Unlock, Start» («Қашықтан құлыптау, құлыпты ашу, іске қосу») таңдаңыз.

басқан кезде айдап кетуге қарсы жүйе іске қосылады. Автомобильдің сигнал беру жүйесі ⇨ 1-20 қараңыз.

Егер автомобильді жиынтықтауда артқы көріністің сыртқы көрініс айналарын автоматты түрде бүктеу қарастырылған болса, түймесін бір секунд ішінде басып тұрған кезде, айналар бүктеледі (баптауларда тиісті функция қосылуы болуы керек). Бұл функция баптауларының қолжетімді нұсқаларын көру үшін ақпараттық ойын-

ақпараттық ойын-сауық жүйесінің басты бетіндегі «Баптаулар» белгішесін басыңыз. Қолжетімді нұсқалардың тізімін дисплейге шығару үшін «Vehicle» («Автомобиль») таңдаңыз және «Comfort and Convenience» («Жайлылық және ыңғайлылық») таңдаңыз.

: Тек жүргізушінің есігін ашу үшін бір рет басыңыз. Егер түймесін тағы бір рет үш секунд ішінде бассаңыз, барлық басқа есіктер ашылады. Бұл ретте ішкі жарықтандыру қосылып, 20 секунд бойы немесе тұтану қосылғанға дейін жанып тұруы мүмкін.

Егер бұл опция қосулы болса, бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтай ды, бұл құлыптың ашудың орындалғанын растайды. Егер бұл опция қосулы болса, сыртқы жарық аспабы қосылуы мүмкін. Бұл функция баптауларының қолжетімді нұсқаларын көру үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің басты бетіндегі «Баптаулар» белгішесін басыңыз. Дисплейге қолжетімді нұсқалардың тізімін шығару үшін Vehicle («Автомобиль») таңдаңыз және «Remote Lock, Unlock, Start» («Қашықтан құлыптау, құлыпты ашу, іске қосу») таңдаңыз.

Радиосалпыншақтағы түймесін бір рет басқанда, айдап кетуге қарсы жүйе өшеді. Автомобильдің сигнал беру жүйесі ⇨ 1-20 қараңыз.

Егер автомобильді жиынтықтауда сыртқы артқы көрініс айналарын автоматты түрде бүктеу қарастырылған болса, түймесін бір секунд ішінде басып ұстап тұрған кезде, айналар ашылады

(егер баптауларда тиісті опция қосылған болса). Бұл функция баптауларының қолжетімді нұсқаларын көру үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің басты бетіндегі «Баптаулар» белгішесін басыңыз. Қолжетімді нұсқалардың тізімін дисплейге шығару үшін «Vehicle» («Автомобиль») таңдаңыз және «Comfort and Convenience» («Жайлылық және ыңғайлылық») таңдаңыз. Егер терезені қашықтан басқару қосылған болса, терезелер толығымен ашылғанша басып ұстап тұрыңыз. Бұл функция баптауларының қолжетімді нұсқаларын көру үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің басты бетіндегі «Баптаулар» белгішесін басыңыз. Дисплейге қолжетімді нұсқалардың тізімін шығару үшін Vehicle («Автомобиль») таңдаңыз және «Remote Lock, Unlock, Start» («Қашықтан құлыптау, құлыпты ашу, іске қосу») таңдаңыз.

: Жүк бөлімшесінің есігін ашу немесе жабу үшін екі рет басыңыз. Артқы қайырмалы есіктің жылжуын тоқтату үшін бір рет басыңыз.

: Жүк бөлімшесінің есігінің әйнегін ашу үшін екі рет басыңыз.

: Автомобильдің тұрған жерін анықтау үшін басып ұстап тұрыңыз. Бұл ретте бұрылыс сигналдары үш рет жыпылықтайды және үш рет дыбыстық сигнал естіледі.

Дабыл сигналын қосу үшін түймесін үш секундтан артық басып тұрыңыз. Бұл кезде бұрылыс көрсеткіштері жыпылықтай бастайды және ұзақтығы 30 секунд қайталанатын дыбыстық сигнал естіледі. Дабыл сигналы кілт қосулы күйге ауыстырылғанда немесе түймесін қайта басқанда өшеді. Дабыл сигналын өшіру үшін тұтандыруды өшіру қажет.

: Автомобильді қашықтан іске қосу үшін автомобильдің сыртында болған кезде радиосалпыншақтағы екі рет басыңыз. Радиосалпыншақ автомобильдің ішінде болса, оны іске қосу мүмкін емес. Автомобильді қашықтан іске қосу ⇨ 1-9 бөлімін қараңыз.


Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесінің жұмысы

Кілтсіз кіру жүйесі салон есіктері мен жүк бөлімшесінің есігін радиосалпыншақты қалтадан, әмияннан, портфельден және т.б. шығармай-ақ құлыптауға және құлыпты ашуға мүмкіндік береді. Радиосалпыншақ ашылатын жүк бөлімшесінің немесе салоның есігінен 1 м (3 фут) радиуста болуы керек. Егер автомобиль сондай жүйемен жабдықталған болса, сыртқы есік тұтқаларында арнайы түймелер болады. Кілтсіз кіру жүйесін жүргізушінің есігіндегі құлыпты ашу/құлыптау түймесін бірінші рет басқан кезде барлық есіктерді ашатындай етіп бағдарламалауға болады. Осы функция баптауларының қолжетімді нұсқаларын көру үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің басты бетіндегі «Баптаулар» белгішесін басыңыз. Дисплейге қолжетімді нұсқалардың тізімін шығару үшін «Vehicle» («Автомобиль») таңдаңыз және «Remote Lock, Unlock, Start» («Қашықтан құлыптау, құлыпты ашу, іске қосу») таңдаңыз.

Егер автомобиль баптауларды сақтау функциясы бар орындықтармен жабдықталған болса, 1 және 2 жад ұяшықтарының түймелерінің астында сақталған баптаулар сәйкесінше 1 және 2 радиосалпыншақтарына байланады. Орындықтардың қалпын сақтау ⇨2-5 қараңыз.

Жүргізуші есігінен кілтсіз **құлыпты ашу/құлыптау**

Есіктер құлыптаулы және қашықтан басқару радиосалпыншағы жүргізуші есігінің тұтқасынан 1 метр (3 фут) дейінгі қашықтықта болғанда, бұл есік тұтқадағы құлыптау/құлыпты ашу түймесін басу арқылы ашылады. Егер құлыпты ашу/құлыптау түймесі бес секундтан кешіктірмей қайта басылса, барлық салон есіктері мен жүк бөлімшесінің есігі құлыптан ашылады.



Жүргізуші жағы көрсетілген, жолаушы жағы - осыған ұқсас

Құлыптау/құлыпты ашу түймешігін басу келесі шарттардың кем дегенде біреуі орындалса, барлық есіктердің құлыпталуына алып келеді:

- Құлыптау/құлыпты ашу түймесін бірінші басқаннан бері бес секундтан астам уақыт өтті.
- Барлық есіктердің құлпын ашу үшін құлыптау/құлыпты ашу түймесі екі рет басылды.
- Автомобильдің қандай да бір есігі ашылды, енді барлық есіктер жабық.

Жолаушы есіктерінен кілтсіз құлыпты ашу/құлыптау

Есіктер құлыптаулы және радиосалпыншақ жолаушы есігінің тұтқасынан 1 метр (3 фут) дейінгі қашықтықта болғанда, сол есік тұтқасындағы құлыптау/құлыпты ашу түймесін басу барлық есіктердің құлпын ашады. Құлыптау/құлыпты ашу түймесін басу келесі шарттардың кем дегенде біреуі орындалса, барлық есіктердің құлыпталуына әкеледі:

- Барлық есіктерді құлыптау/құлыпты ашу түймесі арқылы ашу орындалды.
- Автомобильдің қандай да бір есігі ашылды, енді барлық есіктер жабық.

Бүйірлік есіктер мен артқы қайырмалы есіктің құлыптарының бұғатын кілтсіз ашу мүмкіндігін қосу және өшіру

Егер автомобиль бүйірлік есіктер мен артқы қайырмалы есіктің құлыптарының бұғатын кілтсіз ашу жүйесімен жабдықталған болса, бұл функцияны өз қалауыңыз бойынша өшіруге немесе қосуға болады.

Құлыптардың бұғатын кілтсіз ашу функциясын өшіру:

Тұтандыруды өшіріңіз, қашықтан басқару радиосалпыншағындағы және түймелерін бір уақытта басып, шамамен үш секундтай ұстап тұрыңыз. Бұрылыс көрсеткіштері кіруге тыйым салынғанын көрсету үшін үш қысқа сигнал береді. Бүйірлік есік құлыптарын немесе артқы қайырмалы есіктің бұғатын ашу үшін кез келген есіктің сыртқы тұтқасын пайдаланған кезде бұрылыс көрсеткіштері кіруге тыйым салынғанын көрсететін төрт қысқа сигнал береді. Егер бұл функция өшірілген болса, тұтандыруды қоспас бұрын сигнал беру жүйесін күзеттен алыңыз.

Құлыптың бұғатын кілтсіз ашу функциясын қосу:

Тұтандыруды өшіріңіз, қашықтықтан Басқару радиосалпынша ғындағы және түймелерін бір уақытта басып, шамамен үш секунд ұстап тұрыңыз. Бұрылыс көрсеткіштері кіруге рұқсат берілгенін көрсету үшін екі қысқа сигнал береді.

Бұл функция баптауларының қолжетімді нұсқаларын көру үшін ақпараттық ойын-ақпараттық ойын-сауық жүйесінің басты бетіндегі «Баптаулар» белгішесін басыңыз. Дисплейге қолжетімді нұсқалардың тізімін шығару үшін «Vehicle» («Автомобиль») таңдаңыз және «Remote Lock, Unlock, Start» («Қашықтан құлыптау, құлыпты ашу, іске қосу») таңдаңыз.

Пассивті құлыптау

Егер тұтандыру өшірілген және автомобиль салонынан кем дегенде бір радиосалпыншақ алынған болса немесе салонда бірде-бір радиосалпыншақ қалмаса, кілтсіз кіру функциясы барлық есіктер жабылғаннан соң бірнеше секундтан кейін автомобильді автоматты түрде құлыптайды.

Егер бөгде электрондық құрылғылар радиосалпыншақ сигналына кедергі келтірсе, автомобиль салондағы радиосалпыншақты таппауы мүмкін. Бұл жағдайда пассивті құлыптау қосылған болса, радиосалпыншақ салонында болғанда, есіктер құлыпталып қалуы мүмкін. Қашықтықтан басқару радиосалпыншағын автомобиль салонында қараусыз қалдырмаңыз.

Бұл функция баптауларының қолжетімді нұсқаларын көру үшін ақпараттық ойын-ақпараттық ойын-сауық жүйесінің басты бетіндегі «Баптаулар» белгішесін басыңыз. Дисплейге қолжетімді нұсқалардың тізімін шығару үшін «Vehicle» («Автомобиль») таңдаңыз және «Remote Lock, Unlock, Start» («Қашықтан құлыптау, құлыпты ашу, іске қосу») таңдаңыз.

Құлыптарды пассивті бұғаттау функциясын уақытша өшіру

Құлыптарды пассивті бұғаттау функциясын уақытша өшіру үшін есік ашық күйде есіктің ажыратқыш блогындағы батырманы кемінде төрт секунд немесе зуммердің сигналы үш рет естілгенше басып ұстап тұрыңыз. Құлыптарды пассивті бұғаттау функциясы есіктің қаптауышындағы панеліндегі есіктегі ажыратқыштар блогындағы батырма басылмайынша немесе тұтандыру қосылмайынша өшірулі күйде қалады.

Автомобиль салонында ұмытылған радиосалпыншақ туралы хабарлау

Сөндірілген автомо биль салонында ұмыт қалған радиос алпыншақ туралы барлық есіктер жаб ылған кезде үш рет берілетін дыбыстық сигнал хабарлайды. Бұл функцияның баптауларының қолжетімді нұсқаларын көру үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің басты бетіндегі «Баптаулар» белгішесін басыңыз. Дисплейге қолжетімді нұсқалардың тізімін шығару үшін Vehicle («Автомобиль») таңдаңыз және «Remote Lock, Unlock, Start» («Қашықтан құлыптау, құлыпты ашу, іске қосу») таңдаңыз.

«Қашықтан басқару салпыншағы автомобильден шығарылды» ескертуі

Қозғалтқыш іске қосылып, автомобильдің есігі ашылса, содан кейін барлық есіктер жабылса, жүйе автоматты түрде салонда радиосалпыншақты іздеуді орындайды. Егер радиосалпыншақ анықталмаса, жүргізушінің ақпарат орталығының дисплейінде ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ КІЛТІ АНЫҚТАЛМАДЫ хабарламасы пайда болады және клаксонның сигналы үш рет естіледі. Автомобиль әр іске қосылған сайын бұл ескерту тек бір рет беріледі. Бұл функция баптауларының қолжетімді нұсқаларын көру үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің негізгі бетіндегі «Баптаулар» белгішесін басыңыз.

Дисплейге қолжетімді нұсқаларды шығару үшін «Vehicle» («Автомобиль») таңдаңыз және «Remote Lock, Unlock, Start» («Қашықтықтан құлыптау, құлыпты ашу, іске қосу») таңдаңыз.

Артқы қайырмалы есікті қашықтан ашу

Барлық есіктер құлпы ашулы немесе радиосалпыншақ 1 м (3 фут) радиуста болғанда, жүк бөлімшесінің есігін ашу үшін артқы жүк бөлімшесі есігінің тұтқасының төменгі жағындағы панельді басыңыз.

Жүк бөлімшесі есігінің әйнегін қашықтан ашу Барлық есіктер құлпы ашулы немесе радиосалпыншақ 1 м (3 фут) радиуста болғанда, жүк бөлімшесі есігінің әйнегіндегі сыртқы түймені басыңыз.

Артқы қайырмалы есік ⇨1-13 қараңыз.

Кілт көмегімен кіру

Радиосалпыншақтағы батарея заряды біткен жағдайда автомобильге кіру туралы ақпаратты Есік құлыптары ⇨ 1-10 бөлімінен қараңыз.

Қашықтан басқару радиосалпыншағын бағдарламалау

Автомобильмен тек ол үшін арнайы бағдарламаланған радиосалпыншақтар ғана жұмыс істейді. Радиосалпыншақ жоғалса немесе ұрланса, сіз өз дилеріңізден басқа


салпыншақ сатып алып, бағдарламалай аласыз. Радио-салпыншақ жүйеде тіркелгеннен кейін барлық басқа салпыншақтарды қайта бағдарламалау қажет. Жаңа радиосалпыншақ бағдарламаланғаннан кейін барлық жоғалған немесе ұрланған радиосалпыншақтар жұмыс істеуін тоқтатады. Әрбір автомобильде сегіз радиосалпыншаққа дейін тіркеуге болады. Радиосалпыншақты бағдарламалау үшін өз дилеріңізге хабарласыңыз.

Радиосалпыншақтағы батарея заряды біткен кезде автомобильді іске қосу

Қашықтан басқару радиосалпыншағы қауіпсіздікті жақсарту мақсатында қозғалыс қадағасымен жабдықталғанына назар аударыңыз. Автомобильді оталдырған кезде, егер радиосалпыншақ ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, жүргізушінің ақпарат орталығында KEY IN SLEEP MODE, MOVE KEY, THEN START (КІЛТ ҰЙҚЫ РЕЖИМІНДЕ КЕРЕМЕТ, КІЛТТІҢ ОРНЫН АУЫСТЫРЫҢЫЗ ЖӘНЕ ІСКЕ ҚОСУДЫ ҚАЙТАЛАҢЫЗ) хабарламасы пайда болуы мүмкін. Радиосалпыншақтың орнын ауыстырып, қайта іске қосып көріңіз.

Радиосалпыншақтың батареясы біткен болса немесе радиосалпыншаққа бөгеуілдер болса, жүргізушінің ақпарат орталығында автомобильді оталдырған кезде NO KEY FOUND, REPLACE BATTERY IN KEY (КІЛТ ТАБЫЛМАДЫ, КІЛТТІҢ БАТАРЕЯСЫН АУЫСТЫРЫҢЫЗ) немесе NO REMOTE KEY WAS DETECTED PLACE KEY IN KEY POCKET THEN START YOUR VEHICLE (ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ РАДИОСАЛПЫНШАҒЫ ТАБЫЛМАДЫ, РАДИОСАЛПЫНШАҚТЫ БӨЛІККЕ САЛЫП, АВТОМОБИЛЬДІ ІСКЕ ҚОСЫҢЫЗ) хабарламасы көрсетілуі мүмкін.

Қозғалтқышты іске қосу үшін:



Ажырамайтын орындықпен



Ажырамайтын орындықсыз

1. Радиосалпыншақты өз қалтасына салыңыз.
2. БАҚ иінтірегін P (тұрақ) немесе N (бейтарап беріліс) күйіне ауыстырып, тежегіш басқысын басып, ENGINE START/STOP (ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ ІСКЕ ҚОСУ/ТОҚТАТУ) басыңыз. Қашықтан басқару радиосалпыншағындағы батареяланы мүмкіндігінше тез арада ауыстырыңыз.

Батареяны ауыстыру

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Балаларға радиосалпыншақпен ойнауға рұқсат бермеңіз. Радиосалпыншақта тыныс алу жолдарына түсуі мүмкін кішкентай қуат элементі бар.
Оны жұту ішкі ағзалардың күюіне себеп болады, бұл ауыр жарақатқа немесе өлімге әкелуі мүмкін. Қуат элементін жұтып қойған жағдайда, дереу медициналық көмекке жүгініңіз.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Егер радиосалпыншақ жоғары температура әсеріне ұшараған болса, жарақат алмас үшін ондағы металл беттерді ұстамаңыз. Бұл беттер 59°C (138°F) жоғары температурада ыстық болып сезіледі.

⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*

Батареяны ауыстырған кезде радиосалпыншақтың электрондық сұлбасына қолыңызды тигізбеңіз.
Денеңіздің статикалық заряды радиосалпыншақты зақымдауы мүмкін.

⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*

Ауыстырылатын қуат элементтері міндетті түрде тиісті типте болуы керек. Тиісті емес типтегі ауыстырылатын қуат элементтері қуат элементтерінің ықтимал жарылыс қаупін тудыруы мүмкін. Қолданылған қуат элементтерін нұсқауларға және жергілікті заңдарға сәйкес жойыңыз. Пайдаланылған қуат элементтерін жағуға, ұсақтауға немесе кесуге тырысуға, сондай-ақ, қуат элементтерін ауа қысымы өте төмен немесе ауа температура өте жоғары сыртқы жағдайлардың әсеріне ұшыратуға тыйым салынады.


⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*

Егер радиосалпыншақ дұрыс жинақталмаған болса, оның ішіне ылғал кіріп, сұлбаны зақымдауы мүмкін, бұл радиосалпыншақтың дұрыс жұмыс істемеуіне және/немесе жарамсыздығына әкеледі. Зақым келуін болдырмау үшін радиосалпыншақ корпусын әр ашқан сайын тиісті саңылаусыздықты қамтамасыз ету үшін осы нұсқаулықта берілген радиосалпыншақты құрастыру нұсқауларын қатаң сақтаңыз.


Жүргізушінің ақпарат орталығының дисплейінде ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ КІЛТІНІҢ БАТАРЕЯСЫН АУЫСТЫРЫҢЫЗ хабарламасы көрсетілсе, радиосалпыншақтағы батареяны ауыстырыңыз.
Батареяны ауыстыру үшін:



1. Радиосалпыншақтың бүйіріндегі түймені басу арқылы механикалық кілтті алыңыз.
Бұл түймені баспай механикалық кілтті ешқашан алмаңыз.



2. Механикалық кілтті алғаннан кейін радиосалпыншақтың ортасына жұқа жалпақ зат салып, артқы қақпақты шешіңіз.



3. Батареяны жазық құралмен шығарып алыңыз.
4. Батареяны алыңыз. Металл зат қолданбаңыз.
5. Жаңа батареяның оң полюсін артқы қақпаққа қаратып салыңыз. Ауыстыру үшін CR2450 немесе балама батареяны пайдаланыңыз.
6. Батарея бөлігінің периметрі бойынша кертікке тығыздағышты салыңыз.
7. Радиосалпыншақтың батарея бөлігінің қақпағын орнына шыяртыл арқылы орнатыңыз.
8. Механикалық кілтті орнына салыңыз.

Автомобильді қашықтан іске қосу

Егер автомобильде қашықтан іске қосу функциясы болса, климат-бақылау жүйесі қоршаған ауа температурасын ескере отырып, қозғалтқышты қашықтан іске қосқан кезде қосылады. Сонымен қатар, егер бұл функция жиынтықтауда қарастырылған болса, артқы әйнек пен орындықтардың жылытқышы қосылуы мүмкін. Жылытылған алдыңғы орындықтар 2-8 қараңыз. Бұл функция баптауларының қолжетімді нұсқаларын көру үшін ақпараттық ойын-ақпараттық ойын-сауық жүйесінің басты бетіндегі «Баптаулар» белгішесін басыңыз. Қолжетімді нұсқалардың тізімін дисплейге шығару үшін «Vehicle» («Автомобиль») таңдаңыз және «Comfort and Convenience» («Жайлылық және ыңғайлылық») таңдаңыз. Кейбір аймақтарда қозғалтқышты қашықтан іске қосу құрылғыларын пайдалану заңмен шектелген болуы мүмкін. Автомобильдерді қашықтықтан іске қосу жөніндегі жергілікті ережелердің талаптарын тексеріңіз. Егер отын аз болса, қозғалтқышты қашықтан іске қосуды қолданбаңыз. Автомобильде отын таусылуы мүмкін. Автомобильді қашықтан іске қосу мүмкін емес, егер:

- Қашықтан басқару радиосалпыншағы автомобиль салонында болса.
- Капот жабылмаған болса.
- Шығарындыларды төмендету жүйесінде ақау болса және ақаулық индикаторы жанып тұрса.
- Апаттық жарықпен сигнал беру қосулы болса.
- Қозғалтқыш жұмысының 30 минуттық лимиті таусылған болса.
- Автомобильде беріліс қорабының P (Тұрақ) режимі қосылмаған болса.
- Автомобильдің қозғалтқышы өшірілмеген болса. Қашықтан іске қосылған қозғалтқыш келесі жағдайларда өшеді:
- Салқындатқыш сұйықтықтың рұқсат етілген температурасынан асып кетсе.
- Майдың қысымы төмен болса.

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде, радиосалпыншақ сигналының әрекет ету қашықтығы қысқаруы мүмкін. Басқа факторлар да радиосалпыншақ жұмысына әсер етуі мүмкін. Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі

(кілтсіз кіру) ⇨ 1-2 қараңыз. Бұл функция баптауларының қолжетімді нұсқаларын көру үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің басты бетіндегі «Баптаулар» белгішесін басыңыз. Дисплейге қолжетімді нұсқалардың тізімін шығару үшін «Vehicle» («Автомобиль») таңдаңыз және «Remote Lock, Unlock, Start» («Қашықтан құлыптау, құлыпты ашу, іске қосу») таңдаңыз.

Қозғалтқышты қашықтан іске қосу

1. Радиосалпыншақтағы (x2) екі рет басыңыз. Бұрылыс көрсеткіштері жыпылықтайды. Бұрылыс көрсеткіштерінің жыпылықтауы қашықтан іске қосу сұратымының қабылданғанын растайды. Қашықтықтан іске қосу режимінде тұрақ шамдары қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған уақыт ішінде үнемі жанып тұрады.
2. Еер сіз қашықтан іске қосуды ертерек тоқтатпасаңыз немесе автомобильді қоспасаңыз, қозғалтқыш 15 минуттан кейін немесе жиынтық жұмыс уақытының 30 минуттық лимиті шығындалғаннан кейін өшеді.
3. Қозғалысты бастау үшін тежегіш басқысын басып, оталдыруды қосыңыз.

Қозғалтқыштың жиынтық жұмыс уақыты

Қашықтан іске қосу режимін қозғалтқыштың жалпы жұмыс уақытында 30 минуттық лимиттің шығындалуына дейін пайдалануға болады.
15 минуттық екі қашықтан іске қосудан немесе жиынтық ұзақтығы 30 минутқа созылатын бірнеше қысқа қашықтықтан іске қосудан кейін қашықтан іске қосуды қайта пайдалану үшін автомобильді іске қосып, содан кейін өшіру керек.

Қозғалтқышты қашықтан іске қосу процедурасын үзу
Қозғалтқышты қашықтан іске қосу процедурасын үзу үшін келесі әрекеттердің кез келгенін орындаңыз:
- Тұрақ шамдары сөнбегенше (x2) түймесін басып ұстап тұрыңыз.
- Апаттық жарықпен сигнал беру жүйесін қосыңыз.
- Оталдыруды қосыңыз немесе өшіріңіз.

Есік құлыптары

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Құлыптары ашық есіктер қауіпті болуы мүмкін.
- Жолаушылар, әсіресе, балалар есікті оңай ашып, автомобиль жүріп келе жатқанда құлап кетуі мүмкін. Жүріп келе жатқанда есіктердің құлпын ашуға және оларды ашуға болады. Егер есік бұғатталмаған болса, онда апат кезінде автомобильден ұшып кету ықтималдығы артады. Осылайша, жолаушылар қауіпсіздік белдіктерімен дұрыс таңылуы керек, ал автомобиль қозғалысы кезінде есіктер үнемі бұғаттаулы болуы керек.
- Есіктері бұғатталмаған автомобильге отырған балалардың одан шыға алмай қалу ықтималдығы бар. Бала асқын қызуды басынан өткерсе, бұл созылмалы салдары бар зақымдануларға алып келуі немесе ыстық өтуден өліп кетуі мүмкін. Автомобильден шыққан кезде оны әрдайым құлыптаңыз.
- Сіз жылдамдықты бәсеңдеткен немесе тоқтаған кезде, бөгде адамдар құлыпталмаған есіктер арқылы ішке оңай кіре алады. Есіктерді бұғаттау мұның алдын алуға көмектеседі.


Автомобильдің сыртынан есіктерді құлыптау және құлпын ашу:

- Радиосалпыншақтағы немесе түймесін басыңыз. Құлыптарды қашықтан басқару жүйесінің жұмысы ⇨ 1-3 бөлімін қараңыз.
- Жүргізушінің есігін механикалық кілтпен құлыптаңыз.

Есіктерді автомобильдің ішінен құлыптау және құлпын ашу:

- Есіктердің электрлік бұғаттамасын ажыратқыштағы немесе түймесін басыңыз.
- Есіктің ішкі тұтқасын тартсаңыз, есік құлпы ашылады. Тұтқаны қайтадан тарту есік ілмегін ашады.

Кілтсіз кіру



Қашықтан басқару радиосалпыншағы құлпы ашылатын немесе құлыпталатын салон немесе жүк бөлімшесі есігінен 1 м (3 фут) қашықтықта болуы керек. Есікті ашу үшін есік тұтқасындағы түймесін басыңыз. Құлыптарды қашықтан басқару жүйесінің жұмысы бөліміндегі «Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесінің жұмысы» тармағын қараңыз ⇨ 1-3.


Құлып цилиндрінің бос айналуы

Егер құлыпқа оған келмейтін кілт салынса немесе келетін кілт толығымен салынбаса, цилиндр құлыпқа ешқандай әсер етпестен, бос айналатын болады. Бұл құлыпты рұқсатсыз ашудан қорғауға мүмкіндік береді. Құлыптың қайтадан жұмыс істеуі үшін сәйкес келетін кілт көмегімен, оны тірелгенге дейін енгізіп, цилиндрді тік қалыпқа бұрыңыз.

Кілтті шығарып, қайтадан салыңыз. Егер бұл құлыптың жұмыс қабілеттілігін қалпына келтіруге көмектеспесе, кілтті жарты айналымға бұрап, жоғарыдағы әрекеттерді қайталаңыз.

Есік құлыптарының электрлік бұғаттамасы


Қашықтықтан басқару радиосалпыншағындағы немесе басыңыз. Құлыптарды қашықтан басқару жүйесінің жұмысы бөлімін қараңыз ⇨ 1-3.



: Есіктерді құлыптау үшін басыңыз. Құлыптау кезінде батырмаға кіріктірілген индикатор жанады.

: Есіктерді ашу үшін басыңыз.

Айдап кетуге қарсы жүйенің күй көрсеткіші



Жүргізуші есігі панелінің үстіңгі бетіндегі жарық индикаторы автомобильдің айдап кетуге қарсы жүйесінің күйін көрсетеді.
Бұл индикатор есіктерді құлыптау кезіндегі қысқа уақытқа қосылуды қоспағанда, тұтандыру қосулы кезде жанбайды.
Үнемі жанып тұрады: Есіктер жабық, айдап кетуге қарсы жүйе қосулы.
Жылдам жыпылықтау: Есіктер ашық, айдап кетугеқарсы жүйе қосулы.
Баяу жыпылықтау: Айдап кетуге қарсы жүйе қосулы, АКБ үнемдеу режимі.
Жанбайды: Айдап кетуге қарсы жүйе өшірілген.

Есіктердің кідіріспен бұғатталуы

Бұл функция барлық есіктер жабылғаннан кейін есіктердің бұғаталуына бес секундқа кідіртеді.
Есік ашық тұрғанда есіктердің электрлік бұғаттамасын ажыратқыштағы басылғанда, зуммердің бұғаттауды кідірту функциясы іске қосылғанын көрсететін сигналы үш рет беріледі.
Барлық есіктер жабылғаннан кейін бес секундтан кейін есіктер автоматты түрде бұғатталады.
Егер осы уақыт ішінде есіктердің қандай да біреуі ашылса, барлық есіктер жабылғаннан кейін бес секундтық таймер нөлден бастап іске қосылады.
Есіктерді кідіріссіз құлыптау үшін есіктегі ажыратқыштар блогындағы немесе радиосалпыншақтағы қайтадан басыңыз.
Бұл функция баптауларының қолжетімді нұсқаларын көру үшін ақпараттық ойын-ақпараттық ойын-сауық жүйесінің басты бетіндегі «Баптаулар» белгішесін басыңыз. Қол жетімді нұсқалардың тізімін дисплейге шығару үшін «Vehicle» («Автомобиль») таңдаңыз және «Power Door Locks» («Есік құлыптарының электрлік бұғаттамасы») таңдаңыз.

Автоматты құлыпталу

Барлық есіктер жабулы, тұтандыру қосулы және БАҚ иінтірегі P (тұрақ) күйінен шығарылған кезде, есіктер автоматты түрде құлыпталады. Кез келген есіктің құлпын ашсаңыз, содан кейін оны ашып-жапсаңыз, есік құлыптары аяғыңызды тежегіш басқысынан алған кезде немесе автомобиль жылдамдығы 13 км/сағ (8 миль/сағ) асқанда автоматты түрде құлыпталады.
Есіктердіғ бұғатын ашу үшін:
- Есіктердің электрлік бұғаттамасын ажыратқыштағы басыңыз.
- БАҚ иінтірегін «P» (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз.

Есіктердің автоматты бұғатталуын бағдарламалауға болады.


Бұғаттауды қорғау

Егер құлыптау пәрмені жүргізуші есігі ашық және автомобильді тұтандыру қосулы немесе ACC/ACCESSORY күйінде болғанда берілсе, барлық есіктер құлыпталады, содан кейін жүргізуші есігінің құлағы ашылады.
Егер құлыптау пәрмені автомобиль өшірулі және қандай да бір есік ашық болған кезде берілсе, барлық есіктер жабылғаннан кейін салонда радиосалпыншақты іздеу автоматты түрде орындалады. Егер радиосалпыншақ табылса және салондағы радиосалпыншақтар саны азаймаса, онда жүргізушінің есігі ашылады және клаксонның сигналы үш рет естіледі.
Мұны есіктердің электрлік бұғаттамасын ажыратқыштағы басып ұстап тұру арқылы қолмен болдырмауға болады.

ЕСІКТЕР

Балалар қауіпсіздігіне арналған құлыптар

Сақтандырғыш құлыптар автомобиль ішіндегі жолаушыларға артқы есіктерді ашуға мүмкіндік бермейді.



Сақтандырғыш құлып артқы есіктердің ішкі жиегінде орналасқан.

Сақтандырғыш құлыпты пайдалану тәртібі:

1. Иінтіректі төмен қарай бұғаттау күйіне жылжытыңыз.
2. Есікті жабыңыз.
3. Екінші артқы есік үшін де осыны жасаңыз.

Қорғаныс бұғаттама қосулы кезде артқы есікті ашу үшін:

1. Есікті ішінен тұтқа көмегімен, есік құлпының ашылуын ажыратқыштағы басу немесе радиосалпыншақ арқылы ашуға болады.
2. Есікті сыртынан ашыңыз.

Сақтандырғыш құлып іске қосылғанда, ересектер де, үлкен жастағы балалар да артқы есікті ішінен аша алмайды. Есіктерді ішінен ашу үшін сақтандырғыш құлыптарды ашу керек.

Сақтандырғыш құлыптың бұғатын ашу тәртібі:

1. Есіктің бұғатын ашып, сыртынан ашыңыз.
2. Иінтіректі жоғары қарай бұғатты ашу күйіне жылжытыңыз. Екінші есікпен де осыны істеңіз.

Артқы қайырмалы есік

ЕСКЕРТУ!

Автомобиль жүріп келе жатқанда жүк бөлімшесінің артқы қақпағы немесе жүксалғыштың қақпағы ашық қалса, сонымен қатар шанақ пен жүксалғыштың қақпағы немесе жүк бөлімшесінің артқы қақпағы арасындағы тығыздағыштар арқылы өтетін заттарды тасымалдау кезінде пайдаланылған газдар салонға кіруі мүмкін. Пайдаланылған газдар құрамында исі жоқ, көзге көрінбейтін тұншықтырғыш газдар (CO) бар. Газ естен тануға немесе өлімге алып келуі мүмкін.

Жүк бөлімшесінің артқы есігі немесе жүксалғыш қақпағы ашық күйде жол жүру қажет болған жағдайда:

- Барлық терезелерді жабыңыз.
- Аспаптар панеліндегі немесе оның астындағы ауа өткізгіштерді толық ашыңыз.
- Климат-бақылау жүйесінде сыртқы ауаның кіруінің ең жоғары деңгейін орнатыңыз және желдеткіштің максималды жылдамдығын орнатыңыз. Көрсеткіштегі «Климат-бақылау жүйелерін» қараңыз.
- Егер автомобиль электржетегі бар артқы қайырмалы есікпен жабдықталған болса, есіктің электржетегін өшіріңіз.

Пайдаланылған газдар бөлімін ⇨ 8-22 қараңыз.

⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*

Ашқан кезде жүксалғыштың есігі мен әйнегінің зақымдалуын болдырмау үшін жоғарғы және артқы жақтан ашуға ешқандай кедергілер жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

Электржетегі жоқ артқы қайырмалы есік



Жүк бөлімшесінің есігін ашу үшін, есіктің электрлік құлыпталуын ажыратқыштағы түймесін 🔓 басыңыз немесе радиосалпыншақтағы 🔓 түймесін екі рет басып, барлық есіктердің құлпын ашыңыз. Артқы қайырмалы есік тұтқасының төменгі жағындағы сенсорлық панельді (1) басып, есікті көтеріңіз.

Жүк бөлімшесі есігінің әйнегін ашу үшін нөмірдің үстіндегі түймені (2) басыңыз немесе радиосалпыншақтағы түймесін жылдам екі рет басыңыз. Жүк бөлімшесінің есігін көтерген кезде жүк бөлімшесі есігінің әйнегін ашық қалдырмаңыз.

Егер ашу пәрмені берілген кезде артқы әйнек тазалағыш жұмыс істеп тұрса, жүк бөлімшесі есігінің әйнегі кідіріспен ашылады.

Артқы қайырмалы есікті түсіру және жабу үшін есіктің ішкі жағындағы тұтқаны төмен қарай тартыңыз. Артқы қайырмалы есікті жапқан кезде сенсорлық панельді баспаңыз. Кері жағдайда артқы қайырмалы есік құлыпталмайды.

Егер радиосалпыншақ құлыптың сенсорлық панелінен 1 м (3 фут) қашықтықта болса, жүк бөлімшесінің есігін ол құлыптаулы болса да ашуға болады. Құлыптарды қашықтан басқару жүйесінің жұмысы бөлімін қараңыз ⇨ 1-3.

Артқы қайырмалы есік электрқұлыппен жабдықталған. Аккумулятор ажыратылған немесе кернеу төмен болса, артқы қайырмалы есік ашылмайды. Артқы қайырмалы есіктің жұмысы аккумулятор зарядталғаннан/қосылғаннан кейін қалпына келтіріледі.

Электржетегі бар артқы қайырмалы есіктің жұмысы

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Жабылып келе жатқан электржетегі бар артқы қайырмалы есіктің траекториясына түсіп қалған жағдайда, жарақат алуыңыз мүмкін.

Есікті ашқанда және жапқанда оның жолында ешкімнің тұрмағанына көз жеткізіңіз.


⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*

Ашық және бекітілмеген артқы қайырмалы есікпен жүру есіктің электржетегін зақымдауы мүмкін.



Егер автомобиль электржетегі бар мөлдір төбе люгімен жабдықталған болса, люкті басқаруды ауыстырып қосқыш үстіңгі консольде орналасады. Автомобиль P (тұрақ) режимінде болуы керек.
Келесі ашу режимдері бар:
MAX : Максималды биіктікке дейін ашады.
3/4 : 3/4-тен толық ашуға дейін реттеуге болатын аз биіктікке ашылады. Бұл баптауды артқы қайырмалы есік ашу кезінде автомобиль үстіндегі кедергіге, мысалы, гараж есігіне немесе төбеге орнатылған жүкке соғылып қалмауы үшін пайдаланыңыз. Есікті толығымен қолмен ашуға болады.
ӨШІР : Тек қолмен ашылады. Артқы қайырмалы есікті электржетекпен ашу және жабу үшін электржетек режимдерін ауыстырып қосқышты MAX немесе 3/4 күйіне орнатыңыз.

- Радиосалпыншақтағы екі рет қысқа басыңыз; артқы қайырмалы есік қозғала бастайды.
- Жоғарғы консольдегі басыңыз. Жүргізуші есігінің құлпы ашулы немесе құлыптаулы болуы , бірақ айдап кетуге қарсы жүйені белсенді болмауы керек.
- Барлық есіктердің құлпын ашыңыз және артқы қайырмалы есік тұтқасының астыңғы жағындағы баспа панельді басыңыз. Егер радиосалпыншақ құлыптың сенсорлық панелінен 1 м (3 фут) артық емес қашықтықта болса, құлыптаулы автомобильдің есігін ашуға болады.



- Жабу үшін артқы қайырмалы есіктің төменгі жиегіндегі ілмек жанындағы басыңыз.

Артқы қайырмалы есіктің электржетегінің жұмысын тоқтату үшін артқы қайырмалы есіктегі кез келген батырманы басыңыз, сенсорлық панельді түртіңіз немесе қашықтан басқару радиосалпыншағындағы түймені басыңыз. Қайырмалы есіктегі кез келген батырманы басу немесе қашықтан басқару радиосалпыншағындағы түймені екі рет басқан кезде электржетек кері бағытта жұмыс істей бастайды. Сенсорлық панельді қайта түрту электржетекті қайта, бірақ тек ашу үшін ғана қосады.

⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*
Автоматты қозғалыс кезінде артқы қайымалы есікті қолмен ашу немесе жабу әрекеті автомобильді зақымдауы мүмкін. Автоматты ашу немесе жабу циклінің аяқталуын күтіңіз.

Егер жүк бөлімшесінің есігін төмен биіктікте тоқтатса, ол одан әрі ашылуы мүмкін.
Артқы қайырмалы есіктің электржетегі өте төмен температурада немесе қысқа уақыт ішінде бірнеше қосу/өшіру циклінен кейін уақытша өшуі мүмкін. Мұндай жағдайларда оны қолмен ашуға болады. Жүк бөлімшесінің есігін ауыстырып қосқыштағы OFF (ӨШІР) таңдаңыз. Артқы қайырмалы есіктің электржетегі жұмыс істеп тұрған кезде берілісті ауыстырып қосу иінтірегі P (Тұрақ) күйінен шығарылса, есіктің қозғалысы өзі аяқталғанға дейін жалғасады. Артқы қайырмалы есік қозғалысын аяқтамай тұрып газ басқысын басатын босаңыз, артқы қайырмалы есік тоқтауы немесе кері бағытта қозғала бастауы мүмкін.

Жүрер алдында жүргізушінің ақпарат орталығындағы (DIC) хабарламаларды тексеріңіз және артқы қайырмалы есіктің жабылғанын және құлпының бұғатталғанын тексеріңіз.

Артқы қайырмалы есіктің құлауын анықтау

Егер артқы қайырмалы есік электржетек көмегімен ашылғаннан кейін автоматты түрде жабылса, бұл жүйенің артқы қайырмалы есіктің артық салмағына немесе газ серіппесінің ақаулығына орай әрекет етіп жатқанын көрсетеді. Есіктен артық салмақты алып тастаңыз. Артқы қайырмалы есіктің құлауын анықтау функциясы іске қосылуы қайталанатын дыбыстық сигналмен қоса жүреді. Егер электржетегі бар артқы қайырмалы есік ашылған кейін де автоматты түрде жабылатын болса, электржетекті пайдаланбаңыз және жөндеу үшін дилерлік орталыққа жүгініңіз.

Артқы қайырмалы есіктің қозғалысына қолмен араласу немесе электржетекпен ашқаннан кейін оны тым тез қолмен жабу газ серіппесінің ақауына ұқсайтын белгілерді тудыруы мүмкін. Бұл жағдайда артқы қайырмалы есіктің құлауын анықтау функциясы да іске қосылуы мүмкін.

Артқы қайырмалы есікті қолмен жаппас бұрын, электржетектегі қозғалу циклінің толығымен аяқталуына мүмкіндік беріңіз және бірнеше секунд күтіңіз.

Кедергілерді анықтау функциялары

Егер электржетек көмегімен ашу немесе жабу кезінде артқы қайырмалы есік кедергіге кездессе, ол бағытын автоматты түрде өзгертеді және кедергіден азғантай қашықтыққа жылжиды. Кедергі жойылғаннан кейін электржетегі бар артқы қайырмалы есікті қайтадан пайдалануға болады. Егер есік бір цикл ішінде бірнеше рет кедергіге кездесетін болса, онда электржетек ажыратылады. Кедергілерді алып тастағаннан кейін артқы қайырмалы есікті қолмен жабыңыз. Бұл электржетектің қалыпты жұмыс істеуін қалыпқа келтіруге мүмкіндік береді.

Егер артқы қайырмалы есік жабылып жатқан кезде автомобиль құлыптаулы болса және артқы қайырмалы есік қозғалыс кезінде оның толық жабылуына кедергі болатын кедергіге тап болса, артқы қайырмалы есіктің жабылмағанын хабарлаушы клаксон сигналы естіледі.

3/4 режимін баптау

Артқы қайырмалы есік ашылатын қалыпты өзгерту үшін:

1. МАКС немесе 3/4 режимін таңдап, артқы қайырмалы есікті электржетек көмегімен ашыңыз.
2. Артқы қайырмалы есіктің кез келген түймесін басу арқылы артқы қайырмалы есікті талап етілетін биіктікте тоқтатыңыз. Қажет болса, есіктің қалпын қолмен реттеңіз.
3. Бұрылыс көрсеткіштері жыпылықтап бастағанша және дыбыстық сигнал берілгенше жүк бөлімшесі есігінің тұтқасының астыңғы жағындағы  жүк бөлімшесі есігінің сыртқы жиегіндегі ілемектің жанындағы басып тұрыңыз. Бұл баптаудың сақталғанын білдіреді.

Артқы қайырмалы есіктің ашылу биіктігін бағдарламаланатын төменгі шектен төмен орнату мүмкін емес. Егер бұрылыс сигналдары жыпылықтамаса және сигнал болмаса, бұл биіктікті реттеудің тым төмен орнатылғанын көрсетуі мүмкін.

Қолмен пайдалану режимі

Артқы қайырмалы есікті қолмен басқару үшін ӨШІР таңдаңыз. Осы бөлімнің басындағы «Электржетегі жоқ артық қайырмалы есік» тармағын қараңыз.

⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*

Артқы қайырмалы есікті күшпен немесе тым жоғары жылдамдықпен жылжытуға әрекет жасау автомобильге зақым келтіруі мүмкін.

Артқы қайырмалы есікті баяу және жұлқымай ашыңыз және жабыңыз. Жүйе электржетектің құрамдас бөліктерін қорғау үшін есіктің қолмен жабылу жылдамдығын шектейді.

Аяқты сілтеу арқылы басқару

Егер автомобиль қолдың көмегінсіз ашылатын жүк бөлімшесінің есігімен жабдықталған болса, есікті артқы бампердің астында логотип жолға түсетін жерде аяқты қозғалту арқылы басқаруға болады. Қолдың көмегінсіз ашу жұмыс істеуі үшін радиосалпыншақ артқы бамперден 1 м (3 фут) радиуста болуы керек.

Су шашырандылары қайырмалы есіктің ашылу жетегінің іске қосылуына әкелуі мүмкін. Автомобильді жуған кезде немесе артқы бампердің жанында қандай да бір жұмыстарды орындаған кезде, жүк бөлімшесі есінінің кездейсоқ ашылуын болдырмау үшін радиосалпыншақты әрекет ету аймағынан тыс әкеткен немесе оның электржетегін өшірген жөн.

Қайырмалы есікті ашу немесе жабу кезінде аяқты сілтеу арқылы басқару жұмыс істемейді. Қайырмалы есіктің ашылуын немесе жабылуын тоқтату үшін есікте орналасқан ажыратқыштардың батырмаларының бірін пайдаланыңыз.

Аяқты сілтеу арқылы басқаруды баптауға болады. Осы функция баптауының қолжетімді нұсқаларын көру үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің басты бетіндегі «Баптаулар» белгішесін басыңыз. Дисплейге қолжетімді нұсқалар тізімін шығару үшін «Vehicle» («Автомобиль») таңдап, «Comfort and Convenience» («Жайлылық және ыңғайлылық») таңдаңыз. Келесі режимдердің бірін таңдаңыз:

Электржетек қосулы, ашу және жабу үшін жұмыс істейді : Аяқты сілтеуді артқы қайырмалы есікті ашу үшін де, жабу үшін де пайдалануға болады.

Электржетек қосулы, тек ашуға жұмыс істейді : Аяқты сілтеуді тек қайырмалы есікті ашу үшін пайдалануға болады.

Өшір : Электржетек ажыратылған.






Есікті ашу үшін аяғыңызды артқы бампердің ортаңғы тұсының астында алға қарай жылжытыңыз және артқа қарай жылжытыңыз.

- Аяғыңызды бір бүйірден екінші бүйірге сермемеңіз.
- Бампердің астынан аяғыңызды алуды ұмытпаңыз, әйтпесе электржетек іске қосылмайды.
- Қайырмалы есік өз қозғалысын тоқтатпайынша, оған тиіспеңіз.
- Бұл функция белгілі бір жағдайларда уақытша өшірілуі мүмкін. Артқы қайырмалы есік аяқ сілтегеніңізге әсер етпесе, артқы қайырмалы есікті басқа тәсілмен ашыңыз немесе жабыңыз немесе қозғалтқышты іске қосыңыз. Функция қайта қосылады.

Есікті жабу үшін аяқ сілтеу пайдаланылса, электржетек қысқа кідірістен кейін іске қосылады. Артқы шырақтар қысқа уақытқа жанады және дыбыстық сигнал беріледі. Қайырмалы есік қозғалуын бастамай тұрып, шетке қарай тұрыңыз.

Логотип проекциясы

Егер жиынтықтауда қарастырылған болса, радиосалпыншақ артқы бамперден шамамен 2 метр (6 фут) радиуста пайда болған кезде, артқы бампер астындағы жерге логотип проекцияланады. Сыртқы жарық күшті болған кезде логотипті көру қиын болуы мүмкін.



- 1 м (3 фут) — аяқтың сілтенуін анықтау аймағы
- 2 м (6 фут) — логотипті проекциялау үшін радиосалпыншақты тану аймағы

Логотиптің проекциясы аяқты артқы бампердің астына қай жерге қою керектігін көрсетеді.

Қашықтан басқару радиосалпыншағын қайта пайдаланған кезде, радиосалпыншақ жүйенің әрекет ету аймағынан 20 секунд немесе одан көп уақытқа кетпейінше, логотип проекциясы қайта пайда болмайды.

Егер сол радиосалпыншақ қайтадан әрекет ету аймағына кіретін болса (шамамен 2 м/6 фут) немесе тағы бір аяқ қозғалысы жасалса, проекцияның өшірілуін кідіртудің минуттық таймері бастапқы күйіне қайтарылады.

Логотип келесі жағдайларда проекцияланбайды:

- Аккумуляторн батареясының заряды төмен.
- Беріліс қорабының селекторы P (тұрақ) күйінде емес.
- Артқы қайырмалы есікті аяқ қозғалысымен басқару жеке баптауларда өшірілген. Осы функция баптауларының қолжетімді нұсұаларын көру үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің басты бетіндегі «Баптаулар» белгішесін басыңыз. Дисплейге қол жетімді нұсқалар тізімін шығару үшін «Vehicle» («Автомобиль») және «Comfort and Convenience» («Жайлылық және ыңғайлылық») таңдаңыз.
- Артқы қайырмалы есіктің электрдетегі өшірілген.
- Көлік 72 сағаттан астам тұрақта тұрды, осы уақыт ішінде қашықтан басқару радиосалпыншағы мен кілтсіз кіру жүйесі пайдаланылмаған. Артқы қайырмалы есіктің электржетегін қолдың көмегінсіз басқаруды қайта қосу үшін радиосалпыншақтағы кез келген түймені басыңыз немесе автомобильдің кез келген есігін ашып-жабыңыз.

Проекцияланатын логотип бір радиосалпыншақ болғанда жұмыс істемейді, егер радиосалпыншақ:

- Артқы қайырмалы есіктен 5 м (15 фут) артық емес қашықтықта бірнеше минут болды.
- Салонда қалды, бұл ретте автомобильдің барлық есіктері жабық.
- Артқы қайырмалы есікке 10 минутта бес рет жақындады.

Объективті тазалау



Объективті тазалау үшін мақта тампонын пайдаланыңыз.

Аяқты сілтеу арқылы басқару және логотипті проекциялау функцияларының болуы

Әрекет	Аяқты сілтеу арқылы басқару	Логотип проекциясы
Логотипті проекциялауға арналған тану аймағында пайда болды	Жұмыс істейді	Бір минут проекцияланады
Радиосалпыншақ логотипті проекциялауға арналған радиосалпыншақты тану аймағында кемінде 10 минут бойы болды	Жұмыс істейді	Радиосалпыншақтағы кез келген түйме басылмайынша немесе кез келген бүйірлік есік ашылып-жабылмайынша сөніп тұрады
Радиосалпыншақ логотипті проекциялауға арналған тану аймағына кірді және одан 10 минут ішінде бес немесе одан да көп рет шықты.	Жұмыс істейді	Бір сағатқа немесе радиосалпыншақтағы кез келген түйме басылмайынша немесе кез келген бүйірлік есік ашылып-жабылмайынша сөніп тұрады
Автомобиль 72 сағаттан астам тұрақта тұр	Жұмыс істейді	Радиосалпыншақтағы кез келген түйме басылмайынша немесе кез келген бүйірлік есік ашылып-жабылмайынша сөніп тұрады
Автомобильдің аккумулятор батареясының заряды таусылған	Жұмыс істемейді	Өшір
Беріліс қорабының селекторы P (тұрақ) күйінде емес	Жұмыс істемейді	Өшір
Артқы қайырмалы есіктің электржетегі өшірулі	Жұмыс істемейді	Өшір
Аяқ сілтеу арқылы басқару жеке баптауларда өшірілген	Жұмыс істемейді	Өшір

Электржетегі бар жылжымалы аяқ басқыштар

> ⚠ *ЕСКЕРТУ!*
>
> Отыру және түсу кезінде жарақат пен материалдық зақымдануды болдырмау үшін электржетегі бар аяқ басқыштардың толық шығарылғанын тексеріңіз. Қозғалып жатқан кезде аяқ басқышты баспаңыз.
>
> Қолыңызды немесе денеңіздің басқа бөліктерін шығарылған электржетегі бар аяқ басқыш пен автомобильдің арасына салмаңыз.

Жинақтау кезінде қарастырылған болса, электржетегі бар жылжымалы аяқ басқыштар есік ашылғанда шығады және жабылғаннан кейін үш секундтан кейін автоматты түрде жиналады. Егер автомобиль қозғалысын бастаса, электр жетегі бар жылжымалы аяқ басқыштар бірден жиналады.

Автомобильді домкратпен көтермес бұрын немесе астына бірдеңе қоймас бұрын электр жетегі бар жылжымалы аяқ басқыштарды ажыратыңыз. Қатты мұздану электржетегі бар жылжымалы аяқ басқыштардың шығуына кедергі болуы мүмкін. Автомобильден шықпас бұрын, аяқ басқыштың қалпын тексеріңіз. Мұндай жағдайда электр жетегі бар жылжымалы аяқ басқыштарды өшіріңіз, мұзды алып тастаңыз, электржетегі бар жылжымалы аяқ басқыштарды қосыңыз және олардың жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз.

Электржетегі бар жылжымалы аяқ басқыштар қозғалып жатқан кезде, оларға қолдарыңызды жақындатпаңыз және балаларды, жануарларды, бөгде заттарды және киімдерді олардан алшақ ұстаңыз. Ашу немесе жабу кезінде аяқ тірегі кедергіге тап болса, ол қозғалыс бағытын өзгертеді. Кедергіні алып тастаңыз, содан кейін аяқ басқыш жылжудың толық циклінен жасауы үшін сәйкес жағындағы есікті ашып-жабыңыз. Кедергі жойылмаса, қозғалыс кезінде аяқ басқышы шыққан күйінде қалады.

Жылжымалы аяқ басқыштардың екеуі де тазалау үшін жылжып шығады, содан кейін жиналады. Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейінде қолжетімді параметрлерді көру үшін «Параметрлер» > «Автомобиль» > «Қашықтан бұғаттау/бұғатты ашу/іске қосу» басыңыз.


Қосу/өшіру

Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейінде қолжетімді параметрлерді көру үшін «Параметрлер» > «Автомобиль» > «Қашықтан құлыптау/құлпын ашу/бастау». басыңыз

АВТОМОБИЛЬДІ ҚОРҒАУ

Автомобиль айдап кетуге қарсы функциялармен жабдықталған, бірақ бұл әрдайым ұрлықтың алдын ала бермейді.

Автомобильдің сигнал беру жүйесі



Жүргізуші есігінде терезенің жанындағы орналасқан индикатор жүйенің күйін көрсетеді: Есік құлыптарының электрлік бұғаттамасы бөлімін қараңыз ➪1-11.

Сигнал бергішті қосу

1. Автомобильді өшіріңіз.
2. Автомобильді үш тәсілдің бірімен бұғаттаңыз:
   - Радиосалпыншақты пайдаланыңыз.
   - Кілтсіз кіру жүйесінің көмегімен.

• Есікті ашық күйде есіктің ішкі жағындағы басыңыз.

3. 30 секундтан кейін айдап кетуге қарсы жүйе іске қосылады және индикатор баяу жыпылықтай бастайды. Қашықтан басқару радиосалпыншағындағы түймені қайта басқан кезде, синал бергіш 30 секундтық кідіріссіз бірден қосылады.

Егер есіктер механикалық кілт көмегімен құлыпталған болса, сигнал бергіш қосылмайды.

Егер жүргізушінің есігі алдын-ала бұғаттан шығарылмастан қашықтан басқару радио-Салпыншағының көмегімен ашылса, дыбыстық сигнал естіліп, шырақтар алдын-ала сигнал беру ретінде жыпылықтай бастайды. Егер автомобиль алдын ала сигнал берудің 10 секунды ішінде қашықтан басқару салпыншағындағы басу арқылы іске қосылмаса немесе есік ашылмаса, айдап кетуге қарсы сигнал бергіш қосылады. Сонымен қатар сигнал бергіш жолаушылар есігі, артқы қайырмалы есік немесе капот жүйені алдын ала өшірместен ашылған жағдайда да іске қосылады. Сигнал бергіш іске қосылған жағдайда бағыт көрсеткіштері 30 секунд ішінде жыпылықтайды және дыбыстық сигнал естіледі. Осыдан кейін келесі штаттан тыс оқиға орын алатын жағдайға сигнал беру жүйесін қайтадан күзетке қою орындалады.

Сигнал беру жүйесін өшіру

Сигнал бергішті күзеттен алу немесе өшіру үшін ол іске қосылған кезде келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:

• Радиосалпыншақтағы басыңыз.
• Құлыптарды кілтсіз кіру жүйесінің көмегімен бұғаттан шығарыңыз.
• Қозғалтқышты іске қосыңыз.

Сигнал бергіштің кездейсоқ іске қосылуын болдырмау үшін:

• Автомобильді түсіру аяқталғаннан кейін ғана құлыптаңыз.
• Есікті әрқашан радиосалпыншақпен ашыңыз немесе кілтсіз кіру жүйесін пайдаланыңыз.
• Жүргізушінің есігін механикалық кілтпен ашу жүйені күзеттен алмайды немесе сигнал бергішті өшірмейді.

Ішке кіру талпынысын қалай анықтауға болады

Радиосалпыншақта басылған кезде үш рет дыбыстық сигнал берілсе, бұл сигнал беру жүйесі қосылып тұрған кезде автомобильдің ішіне кіру талпынысы жасалғанын білдіреді.

Сигнал бергіш іске қосылғанда, жүргізушінің ақпарат орталығы дисплейінің экранында хабарлама көрсетіледі.

Руль бағанасының құлпы

Руль бағанасының құлпы (сәйкес жиынтықтамада) айдап әкетуге қарсы құрал болып табылады. Бұл құрал автомобиль өшірілген және кейіннен жүргізуші есігі ашылған кезде немесе жүргізуші есігі ашылған және кейіннен автомобиль өшірілген кезде руль бағанасын бұғаттайды.

Автомобиль қосылған кезде руль бағанасының бұғаты ашылады.

Жүргізушінің ақпарат орталығы (DIC) келесі хабарламалардың бірін көрсетуі мүмкін:

- Руль бағанасының құлпына қызмет көрсету қажеттілігі туралы хабарлама руль бағанасы құлпының жұмысында проблема анықталғанын және автомобильге техникалық қызмет көрсету қажет екенін көрсетеді.
- Руль бағанасының бұғатталуы туралы хабарлама қозғалтқыштың жұмыс істеп тұрғанын, бірақ руль бағанасы әлі де бұғаттаулы екенін көрсетеді. Руль бағанасы қашықтан іске қосу кезінде бұғатталған болуы мүмкін, бірақ тежегіш басқысы басылып, қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін руль бағанасының бұғаты ашылуы тиіс. Қашықтан іске қосу кезінде хабарламалар көрсетілмейді.

- Руль дөңгелегін бұрап, қозғалтқышты қайта іске қосу туралы хабарлама руль бағанасын құлыптау механизмінің сыналанып қалғанын, құлыптау құрылғысы руль бағанасының бұғатын аша алмайтынын және қозғалтқыш іске қосылмайтынын көрсетеді. Бұл жағдайда руль бағанасының құлпын босату үшін руль дөңгелегін кідірмей екі жаққа кезек-кезек бұраңыз. Егер нәтижесінде руль бағанасының бұғаты ашылмаса, жүйені қайта жүктеу үшін автомобильді өшіріп, жүргізушінің есігін ашыңыз. Содан кейін автомобильді қосыңыз да, руль дөңгелегін кідірместен екі жаққа кезек-кезек 15 секунд бойы бұрыңыз. Кейбір жағдайларда руль бағанасын босату үшін айтарлықтай күш қажет болуы мүмкін.

Руль бағанасы сыналанып қалмас үшін, автомобильді өшірмес бұрын алдыңғы дөңгелектерді түзу сызықты қозғалыс қалпына орналастырыңыз.

Иммобилайзердің жұмысы

Бұл автомобиль пассивті айдап әкетуге қарсы жүйемен жабдықталған.

Бұл жүйені қолмен орнатудың немесе сигнал бергіштен ажыратудың қажеті жоқ.

Қозғалтқыш сөнген кезде, иммобилайзер автоматты түрде қосылады.

Автомобильдің салонында қолданылатын радиосалпыншақ болғанда айдап кетуге қарсы жүйе тұтандыруды қосқан кезде немесе кілтті «Қосалқы жабдық» күйіне ауыстырған кезде күзеттен алынады.



Айдап әкетуге қарсы жүйені қосу немесе өшіру кезінде проблемалар туындаса, аспаптар комбинациясында айдап кетуге қарсы жүйенің бұзылғанын көрсететін сигнал бергіш жанады.

Айдап әкетуге қарсы жүйені басқаратын иммобилайзер блогында бір немесе бірнеше радиосалпыншақ бағдарламаланған.

Қозғалтқышты тек сіздің автомобиліңізде орнатылған айдап әкетуге қарсы жүйемен жұмыс істеуге бағдарламаланған радиосалпыншақ көмегімен іске қосыңыз. Радиосалпыншақ зақымдалған болса, автомобиль іске қосылмауы мүмкін.

Автомобильді іске қосу кезінде айдап әкетуге қарсы жүйе индикаторы қысқа уақытқа қосылуы мүмкін.

Қозғалтқыш іске қосылмаса, ал лампа жанып тұрса, жүйеде ақау бар.

Тұтандыруды өшіріп, әрекетті қайталаңыз.

Егер тұтандыру режимдері ауыстырып қосылмаса (ACC/ACCESSORY (ҚОСАЛҚЫ ЖАБДЫҚТЫ ҚУАТТАУ РЕЖИМІ), ON (ҚОС), OFF (ӨШІР)) және радиосалпыншақта зақымдану белгілері болмаса, басқа радиосалпыншақты пайдаланып көріңіз.

Сондай-ақ, радиосалпыншақты резервтік орынға қойып көруге болады. Құлыптарды қашықтан басқару жүйесінің жұмысы бөлімін қараңыз ⇨ 1-6.

Екінші радиосалпыншақ пайда болғанда немесе радиосалпыншақ резервтік орынға қойылғанда тұтандыру режимі қосылмаса, сіздің автомобильді жөндеу қажет. Егер тұтандыру режимдері ауыстырылса, онда бірінші радиосалпыншақ ақаулы болуы мүмкін. Өз дилеріңізге жүгініңіз.

Автомобильдің айдап кетуге қарсы жүйесімен жұмыс істеу үшін жаңа немесе қосалқы радиосалпыншақтарды бағдарламалауға болады. Барлығы сегіз радиосалпыншақты бағдарламалауға болады. Қосымша радиосалпыншақтарды бағдарламалау үшін техникалық қызмет көрсету станциясына жүгініңіз. Автомобильде радиосалпыншақты немесе айдап кетуге қарсы жүйені өшіретін немесе белсенсіз ететін құрылғыны қалдырмаңыз.

СЫРТҚЫ АЙНАЛАР

Панорамалық айналар

⚠ *ЕСКЕРТУ!*
Нысандар, мысалы, басқа автомобильдер панорамалық айналардан қарағанда шын мәніндегіден гөрі алысырақ көрінеді. Кенеттен жолақты оңға ауыстырсаңыз, оң жақтан келе жатқан автомобильді соғуыңыз мүмкін. Жолақтарды ауыстырмас бұрын, салондағы артқы көрініс айнасына немесе иығыңыздан артқа қараңыз.

Жолаушы жақтағы айналар дөңес пішінді болады. Панорамалық айнаның беті жүргізушіге оның креслосынан ең жақсы көріністі қамтамасыз ету үшін бүгіліп жасалған.

Электржетегі бар айналар



Айналардың қалпын реттеу үшін:
1. Жүргізуші немесе жолаушы жақтағы бүйір айнаны таңдау үшін немесе түймесін басыңыз. Бұл ретте сәйкес индикатор жанады.
2. Айнаны жоғары, төмен, оңға немесе солға жылжыту үшін басқару пультіндегі сәйкес көрсеткіні басыңыз.
3. Сыртқы артқы көрініс айнасын автомобильдің бүйір жағы мен артқы жағындағы кеңістікті көре алатындай етіп реттеңіз.
4. Айна таңдауын болдырмау тастау үшін немесе басыңыз. Сәйкес индикатор сөнеді.

Бұрылыс көрсеткішінің индикаторы

Егер жиынтықтамада қарастырылған болса, айналарға бұрылатын жақтан немесе жолақты ауыстырған кезде жыпылықтайтын бұрылыс көрсеткіштері орнатылуы мүмкін.

Шығыс жарығы

Егер жиынтықтамада қарастырылған болса, айнаның төменгі жағында орналасқан шығыс жарығы жүргізуші мен жолаушы есіктерінің алдындағы аумақты жарықтандырады. Автомобильге отыру кезінде жарықтың қосылуы тармағын ⇨ 5-7 және Шығу кезінде жарықтандыру тармағын ⇨ 5-7 қараңыз.

Айналардың қалпын жадтау

Автомобиль қалыпты жадтау функциясы бар айналармен жабдықталуы мүмкін. Орындық қалпын жадтау ⇨ 2-5 бөлімін қараңыз.

Қозғалып келе жатқан жолақтан шығу туралы ескерту жүйесі (LCA)


Автомобиль LCA жүйесімен жабдықталуы мүмкін Қозғалыс жолағынан кету туралы ескерту жүйесін (LCA) ⇨ 8-61 қараңыз.

Жиналмалы айналар

Қолмен жинау

Автоматты жууға кіргенде, артқы көрініс айналарын зақым келмеуі үшін жинап қойыңыз. Айнаны жинау үшін оны автомобильдің бүйіріне қарай тартыңыз.
Айнаны бастапқы орнына қайтару үшін тартыңыз.

Электржетек көмегімен жинау



Электржетегі бар айналарды реттеу (егер қарастырылған болса):
1. Айналарды ішке қарай жинау үшін басыңыз.
2. Айналарды жұмыс орнына қайтару үшін қайта басыңыз.

Сыртқы артқы көрініс айналары автомобиль жылдамдығы 20 км/сағ (12 миль/сағ) асқанда автоматты түрде ашылуы мүмкін, бірақ оларды айнаны басқаруды ауыстырып қосқыш арқылы қайтадан жинауға болады. Егер автомобиль жылдамдығы 40 км/сағ (25 миль/сағ) асса, айналар автоматты түрде ашылуы мүмкін және айнаны басқаруды ауыстырып қосқыш арқылы жинау мүмкін болмайды.

Айналарды жинаушы электржетекті арылту.

Айнаны жинаушы электржетекті арылтуды келесі жағдайларда орындау қажет:
- Айналарды жинау кезінде күтпеген кедергі кездесті.
- Айналар байқаусызда жиналды/ашылды.
- Ашылған айналар бұл күйде қалмайды.
- Айналар қалыпты қозғалыс жылдамдығында дірілдеуі мүмкін.

Айналарды қалыпты жағдайына қайтару үшін айнаны басқару органдарының көмегімен бір рет жинаңыз және ашыңыз. Айналардың электржетегін арылтуды орындау кезінде шу естілуі мүмкін. Бұл айналарды қолмен жинағаннан кейінгі қалыпты дыбыс.

Айналарды қашықтықтан жинау

Егер электржетегі бар жиналмалы айна айналарды басқаруды ауыстырып қосқышпен жиналған болса, оларды радиосалпыншақ көмегімен ашу мүмкін емес. Электржетегі бар жиналмалы айналар айналарды басқаруды ауыстырып қосқышпен жиналмаған болса және автомобиль P (тұрақ) режимінде болса, айналар келесідей түрде автоматты жиналады/ашылады:

1. Радиосалпыншақтағы басу арқылы есіктерді құлыптаған кезде айналар жиналады.

Радиосалпыншақтағы басу арқылы есіктердің құлпын ашқан кезде айналар ашылады.

Құлыптарды қашықтан басқару жүйесінің жұмысы ⇨ 1-3 бөлімін қараңыз.

2. Есік тұтқасындағы түймені басу арқылы есіктерді құлыптағанда айна жиналады. Есіктердің құлпын есік тұтқасындағы түймені басу арқылы ашқанда, айналар ашылады. Құлыптарды қашықтан басқару жүйесінің жұмысындағы «Жүргізуші есігінен кілтсіз ашу/құлыптауды» қараңыз ⇨ 1-3.

3. Пассивті құлыптау қосулы және есіктер осы функциямен құлыпталған болса, айналар жиналады. Құлыптарды қашықтан басқару жүйесінің жұмысы бөліміндегі «Пассивті құлыптау» ⇨1-3 қараңыз.

Жылытылатын айналар

Егер автомобиль жылытылатын айналармен жабдықталған болса:

REAR : Айналар жылытқышын қосу үшін басыңыз.

Автоматты қос аймақтық климат-бақылау жүйесі бөліміндегі «Жылытылатын артқы әйнек» тармағын қараңыз ⇨ 7-2.

Автоматты фотохромды айна

Егер жиынтықтамада қарастырылған болса, жүргізуші жақтағы сыртқы артқы көрініс айнасы артқы жақтан фара жарығы түскен кезде автоматты түрде күңгірттенеді. Бұл функция қозғалтқыш іске қосылғанда автоматты түрде іске қосылады.

Кері жүріспен қозғалу кезінде айналардың еңкеюі

Егер автомобиль кері жүріспен қозғалу кезінде еңкею функциясы бар айналармен және қалыпты жадтау функциясы бар орындықтарымен жабдықталған болса, кері жүріспен қозғалу кезінде жолаушы және/немесе жүргізуші жақтағы айна алдын ала орнатылған қалыпқа еңкейеді. Бұл параллель тұрақтау кезінде жиектасты көру өрісінде ұстауға мүмкіндік береді.

Айна(лар) еңкейген күйден өзінің қалыпты күйіне келесі жағдайларда келее алады:

- Автомобильдің БАҚ «R» (кері жүріс) күйінен шығарылады немесе шамамен 30 секунд бойы осы күйде қалады.
- Автомобиль өшірулі.
- Автокөлік белгіленген жылдамдықтан асып, кері жүріспен қозғалады.

Ақпараттық ойын-сауық дисплейінде қолжетімді баптауларды көру үшін Автомобиль (Баптаулар) > Vehicle (Автомобиль) > Comfort and Convenience (Жайлылық және ыңғайлылық) басыңыз.

ІШКІ АЙНАЛАР

Ішкі артқы көрініс айнасы

Айнаның қалпын автомобильдің артындағы кеңістікті жақсы көре алатындай етіп реттеңіз.

Тазалағыш құралды айнаға тікелей шашпаңыз. Суға малынған жұмсақ сүлгіні қолданыңыз.

Механикалық артқы көрініс айнасы

Егер артқы көрініс айнасының режимдерді қолмен ауыстырып қосқышы болса, артта келе жатқан көліктің жарығына көздің қарығуын болдырмау үшін күндізгі уақытта пайдаланған кезде ауыстырып қосқышты алға қарай, түнде пайдаланған кезде артқа қарай жылжытып қойыңыз.

Артқы көрініс айналарындағы жарқырауды автоматты түрде жұту режимі

Автоматты күңгірттеу функциясы (тиісті жиынтықтамада) жүргізушінің артта келе жатқан көлік құралдарының фараларына көзінің қарығуына жол бермейді.

Аайналарды автоматты түрде күңгірттеу функциясы қозғалтқыш іске қосылғанда автоматты түрде қосылады.

ТЕРЕЗЕЛЕР

> ⚠ *ЕСКЕРТУ!*
>
> Балаларды, қабілетке жарамсыз ересектерді немесе үй жануарларын машинада, әсіресе жылы немесе ыстық ауа-райында терезелер жабық кезде жалғыз қалдырмаңыз. Олар қызып кетуі мүмкін, бұл жылу соққысы әсерінен жарақат алуға немесе тіпті өлімге әкелуі мүмкін.




Автомобильдің аэродинамикалық қасиеттері отынды үнемдеу мақсатымен жобаланады. Бұл артқы терезе әйнегі түсірулі және алдыңғы терезелер жабық болған кезде лүпілді дыбысты тудыруы мүмкін. Дыбысты бәсеңдету үшін алдыңғы терезені немесе төбедегі люкті ашыңыз.

Электрлі әйнек көтергіштер

ЕСКЕРТУ!

Әйнекке қысылып қалу балалардың ауыр жарақат алуына немесе тіпті өліміне алып келеді. Радиосалпыншақты балалар отырған автомобильде қалдырмаңыз. Балаларды артқы орындықта тасымалдаған кезде әйнек көтергіштерді пайдалану мүмкіндігін бұғаттау үшін терезелерді бұғаттау батырмасын басыңыз. Кілттер бөлімін қараңыз ⇨ 1-2.




Электрлі әйнек көтергіштер тұтандыру қосулы болғанда, көмекші жабдықты қуаттау режимінде, сонымен қатар қосалқы жабдық қуатының өшуін кідірту режимінде жұмыс істейді.

Резервтік қуаттау модулі бөлімін қараңыз ⇨ 8-20.

Терезені ашу үшін әйнек көтергіштерді басқару батырмасын басыңыз немесе терезені жабу үшін оны шетінен тартыңыз. Әйнектерді тым жиі көтеріп-түсіргенде әйнек көтергіштердің электрлік қуаты біраз уақытқа өшеді.

Терезе бұғаттамасы

Бұл функция артқы есіктердегі әйнек көтергіштерді ажыратқыштағы батырмаларды бұғаттауға мүмкіндік береді.



Жиналмалы айналармен



Жиналмалы айналарсыз

- Артқы терезелердің бұғаттамасын іске қосу үшін түймесін басыңыз. Бұғатталған кезде индикатор жанады.
- Терезелердің бұғатын ашу үшін түймесін қайта басыңыз.

Терезе әйнектерін жартылай автоматты көтеру және түсіру

Барлық есік әйнектерін ауыстырып-қосқыш батырмасын үнемі басып тұрмай-ақ ашуға болады. Терезені бір түрту арқылы толығымен ашу үшін ажыратып-қосқыш батырмасын тірелгенге дейін басыңыз және бірден босатыңыз.

Березені бір түрту арқылы толығымен жабу үшін (егер бұл функция жинақтамада болса)

ажыратып-қосқыш батырмасын тірелгенге дейін тартыңыз және бірден босатыңыз.
Ажыратып-қосқыштың батырмасын сол бағытта қысқа уақытқа басу немесе тарту әйнек көтергіштің жұмысын тоқтатады.

Қысып қалудан қорғау

Егер терезені жартылай автоматты жабу кезінде әйнек кедергіге кезіксе, ол төмен түсе бастайды.
Бұл аязда немесе мұз қату кезінде болуы мүмкін. Кедергі жойылғаннан кейін әйнек әдеттегідей жұмыс істейді.

Қысып қалудан қорғау функциясын өшіру

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Егер қысып қалудан қорғау функциясы өшірілген болса, әйнек кедергі кезіккен жағдайда автоматты түрде төмендемейді. Бұл сізді немесе басқаларды жарақаттап, терезені зақымдауы мүмкін. Қысып қалудан қорғау функциясын өшіру алдында әйнектің қозғалу траекториясында адамдар мен басқа кедергілер жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

Егер қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда терезе қысып қалудан қорғау функциясының іске қосылуына байланысты толық жабылмаса, әйнек көтергішті ауыстырып-қосу батырмасын тартып, ұстап тұрыңыз.


Электрлік әйнек көтергіштерді бағдарламалау

Клемманы арылтқаннан кейін немесе аккумулятор батареясының заряды таусылғаннан кейін электрлік әйнек көтерігштерді қайта бағдарламалау қажет болуы мүмкін. Егер әйнек көтергіш жартылай автоматты режимде жұмыс істемесе, барлық есіктердің әйнек көтергіштерін бағдарламалау қажет:
1. Барлық есіктерді жабыңыз.
2. Тұтандыруды немесе қосалқы жабдықтың қуаттау режимін қосыңыз.
3. Әйнек көтергішін бағдарламалау қажет есіктің терезесін жартылай жабыңыз. Содан кейін терезені жауып, әйнек толығымен көтерілгеннен кейін ауыстырып-қосқыш батырмасын біраз уақыт тартып тұрыңыз.
4. Терезені ашыңыз және әйнек толығымен түскеннен кейін ажырақыш батырмасын біраз уақыт басып тұрыңыз.

Терезені қашықтан басқару

Егер бұл функция бар болса, ол автомобильдің терезелерін қашықтан ашуға мүмкіндік береді. Егер автомобильдің жеке баптауларында сәйкес баптау таңдалса, қашықтықтан басқару радиосалпын-шағындағы 🔓 басып, ұстап тұрыңыз. Бұл функция баптауының қолжетімді нұсқаларын көру үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің басты бетіндегі «Баптаулар» белгішесін басыңыз. Дисплейге қолжетімді нұсқалардың тізімін шығару үшін «Vehicle» («Автомобиль») таңдаңыз және «Remote Lock, Unlock, Start» («Қашықтан құлыптау, құлыпты ашу, іске қосу») таңдаңыз.

Күннен қорғайтын күңқағарлар




ТӨБЕ

Көзіңізді тікелей күн сәулесінен қорғау үшін күнқағарды төмен түсіріңіз.
Күннен қорғайтын күнқағарды бүйірлік терезеге қарай бұру үшін оны ортаңғы топсалы бекіткішінен ажыратыңыз немесе, егер жинақтамада қарастырылған болса, өзегі бойымен жылжытыңыз.

Төбедегі желдеткіш люк

Егер автомобиль төбедегі моторлы люкпен жабдықталған болса, оның электржетегі тек тұтандыру, қосымша жабдық қуаты немесе қосалқы жабдық қуатының өшуін кідірту режимі қосулы болғанда ғана жұмыс істейді. Тұтандыру тетігіндегі кілт қалыптары тармағын ⇨ 8-16 және Резервтік қуат модулі тармағын ⇨ 8-20 қараңыз.
Мөлдір люк әрдайым жедел-режимде жұмыс істесе де, оның қозғалысын ауыстырып-қосқышты қайта басу арқылы тоқтатуға болады.
Электрлік ақау болған жағдайда люкті ашу немесе жабу мүмкін емес.



1. Жылжуды ауыстырып-қосқыш
2. Күннен қорғайтын пердешенің электржетегін ауыстырып-қосқыш
3. Көлбеулікті ауыстырып-қосқыш

Мөлдір люкті басқару:

- Толық ашық күйге дейін жылдам ашу үшін SLIDE (1) басыңыз және босатыңыз. Автомобильдің төбесіндегі люкте аэродинамикалық шуды азайтуға арналған аралық ашылу қалпы болуы мүмкін. Жартылай автоматты ашу кезінде люк шамамен жарты жолда тоқтайды. Оны толығымен ашу үшін SLIDE (1) батырмасын қайтадан басыңыз және босатыңыз.
- Жедел-жабу үшін SLIDE (1) жылжытыңыз және босатыңыз.
- Люк қажетті қалыпқа келгенде SLIDE (1) қайтадан басыңыз немесе жылжытыңыз.

Күннен қорғайтын пердешелерді басқару:

- Жылдам ашу үшін (2) түймесін басыңыз және босатыңыз.
- Жедел жабу үшін (2) жылжытыңыз және босатыңыз.
- Қажетті қалыпта тоқтату үшін (2) қайтадан басыңыз немесе жылжытыңыз.

Желдету режимдерін басқару:

- Мөлдір люкті желдету күйіне жылдам ашу үшін TILT (3) түймесін басыңыз және босатыңыз.

• Люкті желдету қалпынан жабу үшін (3) тартыңыз және босатыңыз.

Автоматты кері жүріс жүйесі


Төбедегі люк пен күннен қорғайтын пердеше, егер жиынтықтамада қарастырылған болса, төбедегі люк пен күннен қорғайтын пердеше жартылай автоматты режимде жұмыс істеген кезде ғана белсенді болатын автоматты кері жүріс жүйесімен жабдықталған.

Жартылай автоматты режимде жабуға кедергі туындайтын болса, кері жүріс жүйесі кедергіні анықтайды, жылжуды тоқтатады және төбедегі люкті немесе күннен қорғайтын пердешені аздап ашады.

Егер бұл орын алса, кедергіні алып тастап көріңіз, содан кейін жедел-жабуды ауыстырып-қосқышты тартыңыз және босатыңыз.

Егер қозғалыс бағыты бірнеше рет өзгерсе, жүргізушінің ақпарат орталығында корпуста OPEN THEN CLOSE SUNROOF (МӨЛДІР ЛЮКТІ АШЫҢЫЗ ЖӘНЕ ЖАБЫҢЫЗ) хабарламасы пайда болады және жедел-жабу өшіріліледі.

Жедел-жабу өшірулі болғанда, мөлдір люкті басқару үшін ауыстырып-қосқышты басып ұстап тұру керек.



Төбедегі люктің тығыздағышында және бағыттағыштарында шаң мен кір жиналып қалуы мүмкін.

Бұл төбедегі люкті пайдалану кезінде ақауларға, сондай-ақ шудың туындауына себеп болуы мүмкін. Сондай-ақ суды шығару жүйесі бітелуі мүмкін. Люкті мезгіл-мезгіл ашып, барлық бөгде заттар мен нығыз емес кірді алып тастаңыз.

Люктің тығыздағышын және төбенің тығыздағыш аймағын жұмсақ сабын ерітіндісіне малынған таза шүберекпен сүртіңіз.

Люктегі майды кетірмеңіз.

2 ОРЫНДЫҚТАР ЖӘНЕ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕЛЕРІ

- БАС СҮЙЕГІШТЕР 2-2
- АЛДЫҢҒЫ ОРЫНДЫҚТАР 2-4
- АРТҚЫ ОРЫНДЫҚТАР..... 2-10
- ҚАУІПСІЗДІК БЕЛДІКТЕРІ..... 2-18
- ҮРЛЕМЕЛІ ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҚТАРЫ ЖҮЙЕСІ 2-25
- БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕЛЕРІ 2-36

БАС СҮЙЕГІШТЕР

Автомобильдің алдыңғы орындықтарында реттелетін, арқалығымен біріктірілмеген бас сүйегіштер бар.


> ⚠ *ЕСКЕРТУ!*
>
> Бас сүйегіштер орнатылмаса немесе дұрыс реттелмеген болса, соқтығыс кезінде мойын мен омыртқаның жарақат алу қаупі жоғары. Егер барлық бас сүйегіштер орнатылмаған немесе реттелмеген болса, автомобильді басқаруға тыйым салынады.
> Егер автомобильдің артқы орындықтары төмен түсетін жиналмалы бас сүйегіштермен жабдықталған болса, жолаушылар орындықтарға отырған кезде оларды тірелгенге дейін көтеруді ұмытпаңыз.



Бас сүйегішті оның жоғарғы бөлігі жолаушының басының жоғарғы жағымен бірдей биіктікте болатындай етіп реттеңіз. Бас сүйегіштің бұл қалпында соқтығысу кезінде мойын жарақатын алу қаупі азаяды.

Алдыңғы орындықтар

Автомобильдің алдыңғы орындықтарында реттелетін, арқалығымен біріктірілмеген бас сүйегіштер бар.



Бас сүйегіштердің биіктігін реттеуге болады. Бас сүйегішті көтеру немесе төмен түсіру үшін бас сүйегіштің бүйірінде орналасқан түймені басыңыз, бас сүйегішті жоғары қарай тартыңыз немесе төмен түсіріңіз, содан кейін түймені жіберіңіз. Түймені жібергеннен кейін бас сүйегіштің сол қалыпта бекітілгеніне көз жеткізу үшін оны басыңыз және жоғары тартыңыз.
Алдыңғы бүйірлік орындықтардың бас сүйегіштері алынбайды.

Артқы орындықтар

Екінші қатардағы орындықтар

Автомобильдің екінші қатарындағы бүйірлік орындықтар реттелетін бас сүйегіштермен жабдықталған.
Екінші қатардағы бүйірлік орындықтардың бас сүйегіштері алынбайды.
Екінші қатардағы орындықтардың бас сүйегіштері жинамалы.
Екінші қатардағы орындықтардың арқалықтары төмен қарай жиналған кезде, бас сүйегіштер арқалықтың түсірілуіне кедергі келтірмеу үшін автоматты түрде төмендейді.
Артқы орындықтар бос болған кезде көрінуді жақсарту үшін екінші қатардағы бүйірлік орындықтардағы бас сүйегіштерді алға қарай бүгуге болады.



Бас сүйегішті бүгу үшін бас сүйегіштің бүйіріндегі түймені басыңыз.



Бас сүйегіш автоматты түрде алға қарай бүгіледі.

Егер орындықта жолаушы немесе балаларға арналған ұстап тұрушы құрылғы болса, бас сүйегішті міндетті түрде жұмыс қалпына келтіріңіз. Бас сүйегішті орнықканған дейін жоғары және артқа басыңыз. Оның бекітілгеніне көз жеткізу үшін бас сүйегішті шайқап көріңіз.

Үшінші қатардағы орындықтар


Автомобильдің үшінші қатарындағы бүйірлік орындықтар жоғары-төмен реттелетін бас сүйегіштермен жабдықталған.

Үшінші қатардағы бүйірлік орындықтардың бас сүйегіштері алынбайды.


Үшінші қатардағы орындықтардың бас сүйегіштері жинамалы.

Үшінші қатардағы орындықтардың арқалықтары төмен қарай бүктелген кезде, бас сүйегіштер арқалықтың түсірілуіне кедергі келтірмеу үшін автоматты түрде төмендейді.

Артқы орындық бос болған кезде көрінуді жақсарту үшін бас сүйегішті алға қарай бүгуге болады.



Бас сүйегішті бүгу үшін бас сүйегіштің бүйіріндегі түймені басыңыз.



АЛДЫҢҒЫ ОРЫНДЫҚТАР

Бас сүйегіш автоматты түрде алға қарай бүгіледі.
Егер орындықта жолаушы немесе балаларға арналған ұстап тұрушы құрылғы болса, бас сүйегішті міндетті түрде жұмыс қалпына келтіріңіз. Бас сүйегішті орныққанға дейін жоғары және артқа басыңыз. Оның бекітілгеніне көз жеткізу үшін бас сүйегішті шайқап көріңіз.


Орындықты реттеу электржетегі

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Қозғалыс кезінде жүргізуші орындығын реттеуге тырысу автомобильді басқаруды жоғалтуға әкелуі мүмкін.
Жүргізушінің орындығын автомобиль қозғалмай тұрған кезде ғана реттеңіз.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Электржетегі бар орындықтар тұтандыру өшірулі кезде де жұмыс істейді.
Балалар электржетегі бар орындықтарды қозғалысқа келтіріп, жарақат алуы мүмкін. Балаларды ешқашан автомобильде қараусыз қалдырмаңыз.



Орындықты реттеу үшін:
- Реттеу тұтқасын алға немесе артқа жылжыту арқылы орындықты алға немесе артқа жылжытыңыз.
- Орындық жастықшасының алдыңғы бөлігін көтеру немесе түсіру үшін (жинақтамада қарастырылған болса) реттеу тұтқасының алдыңғы бөлігін жоғары немесе төмен жылжытыңыз.
- Орындықты көтеру немесе түсіру үшін басқару иінтірегінің артқы жағын көтеріңіз немесе түсіріңіз.

Орындық арқалығының көлбеулігі



Орындықтың арқалығын шалқайту үшін:
- Арқалықты артқа шалқайту үшін басқару иінтірегінің жоғарғы бөлігін артқа қарай шалқайтыңыз.

• Арқалықты тік күйге қайтару үшін басқару иінтірегінің жоғарғы бөлігін алға қарай еңкейтіңіз.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Еңкіш қалып қозғалыс кезінде қауіпті болуы мүмкін. Бұл жағдайда тіпті тағулы тұрған қауіпсіздік белдіктері де қажетті қорғанысты қамтамасыз ете алмайды. Белдіктің иық тармағы денені ұстай алмайды. Бұның орнына ол Сіздің алдыңызда тұрады. Соқтығыс болған жағдайда сіз оның үстіне құлап, мойын жарақатын немесе басқа зақымдар алуыңыз мүмкін.


Қауіпсіздік белдігінің бел тармағы жоғары көтеріліп, ішті қысып жіберуі мүмкін. Барлық күш жамбас сүйектеріне емес, осы жерге түсетін болады. Бұл ішкі органдардың күрделі жарақатына алып келуі мүмкін.

Қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында орындық арқасы тік орнатылуы тиіс. Одан кейін орындықтың арқалығына жабыса отырып, қауіпсіздік белдігін тиісінше бекіткен жөн.



Автомобиль қозғалысы кезінде арқалықты еңкейтуге болмайды.


Бел тіреуін реттеу



• Бел тіреуін арттыру немесе азайту үшін тиісінше алдыңғы немесе артқы тұтқаны басып, ұстап тұрыңыз.

• Ауыстырып-қосқыш батырмасының үстіңгі немесе төменгі жиегін басыңыз (егер жиынтықтамада қарастырылған болса) және оны бел тіреуін көтеру немесе түсіру үшін ұстап тұрыңыз.

Орындықтардың қалпын жадтау



Шолу

Кейбір жинақтамаларда автомобиль орындық баптауларын жадтау функциясымен жабдықталуы мүмкін, ол әр жүргізуші үшін әртүрлі орындық қалыптарын және түсіру үшін ортақ бір қалыпты сақтауға мүмкіндік береді. Осы бөлімдегі

«Орындық қалпының баптауларын сақтау» тармағын қараңыз. Сақталған қалыптарды барлық жүргізушілер үшін қолмен шақыруға болады. Осы бөлімдегі «Орындық қалыптарының баптауларын қолмен қалыпқа келтіру» параграфын қараңыз.

1 және 2 радиосалпыншақты ұстаушы жүргізушілер де оларды автоматты түрде шақыра алады. Осы бөлімдегі «Отыру кезінде орындық қалпының баптауларын автоматты түрде қолдану» немесе «Түсу кезінде орындық қалпының баптауларын автоматты түрде қолдану» қараңыз. Баптауларды автоматты қолдану фнукциясын пайдалану үшін «Отыру кезінде орындық қалпын баптау» және/немесе «Түсу кезінде орындық қалпын баптау» тармағын белсендіріңіз. Осы бөлімдегі «Жеке баптаулар» ішкі бөлімінің «Баптауларды автоматты түрде қолдану» тармағын қараңыз. Электржетек жұмысын баптауларды қолдану процесінің кез-келген сәтінде тоқтатуға болады. Осы бөлімде «Орындық баптауларын қолдануды тоқтату» параграфын қараңыз.

Жүргізушінің нөмірін сәйкестендіру

Автомобиль жүргізушіні қашықтан басқару радиосалпыншағының нөмірі бойынша таниды (1-8). Қазіргі сәтте қолданылатын радиосалпыншақтың нөмірі жүргізушінің ақпарат орталығының дисплейіндегі «Жүргізуші орындығының қалпын баптау қолданылады» хабарламасында көрсетіледі. Бұл хабарлама пайдаланылатын радиосалпыншақ ауыстырылғаннан кейін тұтандыру алғашқы бірнеше рет қосылғанда көрсетіледі. Орындық баптауларын автоматты түрде қолдану функциясы дұрыс жұмыс істеуі үшін сәлемдесу хабарламасындағы нөмірге сәйкес 1 немесе 2 батырмалары арқылы баптауларды сақтау қажет. Жүйе қашықтан басқару радиосалпыншағын дұрыс тану үшін автомобильдің салонына тек бір радиосалпыншақты алып кіру ұсынылады. Сәлемдесу хабарламасы шықпаса, келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Автомобильден барлық қашықтықтан басқару радиосалпыншағын алып тастаңыз.
2. Көлікті басқа радиосалпыншақпен іске қосыңыз. Жүргізушінің ақпарат орталығында осы қашықтан басқару радиосалпыншағын пайдаланатын жүргізуші нөмірі бар сәлемдесу хабарламаы пайда болуы керек. Автомобильді өшіріп, басқа радиосалпыншақты автомобильден шығарыңыз.
3. Автомобильді бастапқы радиосалпыншақпен іске қосыңыз. Жүргізушінің ақпарат орталығында бастапқы радиосалпыншақты пайдаланатын жүргізушінің нөмірі бар сәлемдесу хабарламасы пайда болуы керек.

Орындық қалпының баптауларын сақтау

Позицияларды жадта сақтамас бұрын осы нұсқауларды толығымен оқып шығыңыз.

1 немесе 2 батырмасына ағымдағы орындық қалпын сақтау үшін:

1. Қосымша жабдықтың тұтандыру немесе қуат режимін қосыңыз. Жүргізушінің ақпарат орталығында ағымдағы радиосалпыншақты пайдаланатын жүргізуші нөмірі бар сәлемдесу хабарламасы пайда болуы мүмкін. Осы бөлімнің басындағы «Жүргізушінің нөмірін сәйкестендіруді» қараңыз.
2. Жадтағы барлық қолжетімді баптауларды жүргізу үшін қажет күйге орнатыңыз.
3. SET (Орнату) түймесін басыңыз және босатыңыз; дыбыстық сигнал беріледі.
4. Сіз SET батырмасын босатқаннан кейін бірден 1 немесе 2 батырмасын (хабарламада қай нөмірдің көрсетілгеніне байланысты) екі растау сигналы естілмегенше басып тұрыңыз.

SET батырмасын босату мен 1 немесе 2 батырмасын басу арасындағы үзіліс тым ұзақ болса, баптаулар сақталмайды және зуммердің растаушы сигналы берілмейді. 3 және 4-тармақшаларда сипатталған қадамдарды қайталаңыз.

5. Басқа жад батырмасын (1 немесе 2) пайдаланып, басқа қашықтан басқару радиосалпыншағы (1 немесе 2) үшін 1-4-тармақшаларда сипатталған қадамдарды қайталаңыз.

Егер сіз жалғыз жүргізуші болсаңыз, баптауларды екі батырма үшін де (1 және 2) сақтау ұсынылады.

Орындық қалпының баптауларын жадтан қолмен шақырған кезде немесе түсіру кезінде орындық қалпының баптауларын автоматты түрде қолданған кезде қолданылатын батырмасын пайдаланып, барлық жүргізушілер үшін жалпы түсіру қалпын сақтау үшін батырмасын пайдаланып, 1-4 тармақшаларда сипатталған әрекеттерді орындаңыз.

Орындық қалпының баптауларын қолмен шақыру

1, 2 немесе батырмасын басып, орындық сол батырма үшін бұрын сақталған қалыпқа келгенше басып тұрыңыз.

1, 2 батырмалары немесе арқылы орындық қалпының баптауларын жадтан қолмен шақыру тек P (тұрақ) режимі қосулы немесе өшірулі кезде орындалуы мүмкін.

«Жеке баптауларды сақтау» бөлімінде баптауларды автоматты түрде шақыруды қосу

- Тұтандыру қосулы кезде орындықты 1 немесе 2 батырмалары үшін сақталған қалыпқа орнату функциясын іске қосу үшін «Баптаулар», одан әрі «Автомобиль», одан әрі «Орындық қалпы», содан кейін «Отырғызу кезінде орындық қалпының баптауларын қолдану» бөліміне өтіп, «Қосу» немесе «Өшіру» тармағын таңдаңыз. Осы бөлімдегі «Отырғызу кезінде орындық қалпының баптауларын автоматты түрде қолдану» бөлімін қараңыз.
- Тұтандыру өшірілгенде және жүргізуші есігі ашылғанда (немесе жүргізуші есігі әлдеқашан ашық болғанда) түсіруге арналған қалып батырмасы үшін сақталған қалыпқа орнату функциясын қосу үшін «Баптаулар» бөліміне, содан кейін «Автомобиль», содан кейін «Орындық қалпы», содан кейін «Түсіру кезінде орындық қалпының баптуларын қолдану» және «Қосу» немесе «Өшіру» таңдаңыз. Осы бөлімдегі «Түсіру кезінде орындық қалпының баптауларын автоматты түрде қолдануды» қараңыз.

Отырғызу кезінде орындық қалпының баптауларын автоматты түрде қолдану

1 немесе 2 батырмалары үшін сақталған, отырғызу кезіндегі орындық қалпының баптаулары 1 немесе 2 қашықтан басқару радиосалпыншағына байланысты автоматты түрде қолданылады, егер:

- Тұтандыру қосулы.
- 1 немесе 2 батырма үшін орындық қалпының баптаулары бұрын сақталған. Осы бөлімнің бас жағындағы «Орындық қалпының баптауларын сақтау» тармағын қараңыз.
- Отырғызу кезінде орындық баптауларын автоматты түрде қолдану функциясы қосулы. Осы бөлімнің бас жағындағы «Жеке баптаулар» бөліміндегі «Баптауларды автоматты түрде қолдану» тармағын қараңыз.
- Автомобильде беріліс қорабында P (Тұрақ) режимі қосулы емес.

Орындық сақталған қалыпқа оралмай тұрып, селектор иінтірегі P (тұрақ) қалпынан шығарылса, электржетектің жұмысы тоқтамайды.

Егер орындық автоматты түрде бұрын сақталған қалыпқа орнатылмаса, баптауларды автоматты түрде қолдану функциясы қосулы екеніне көз жеткізіңіз. Осы бөлімнің басындағы «Жеке баптаулар» ішкі бөлімінің «Баптауларды автоматты түрде қолдану» тармағын қараңыз.

Егер орындық сақталған қалыпқа орнатылмаса, радиосалпыншақтың нөмірі (1 немесе 2) баптаулар сақталған батырманың нөміріне сәйкес келмеуі мүмкін. Басқа радиосалпыншақты пайдаланып көріңіз немесе қалып баптауларын басқа батырмаға (1 немесе 2) сақтаңыз.
Осы бөлімнің алдыңғы жағындағы «Орындық қалпының баптауларын сақтау» тармағын қараңыз.
Отырғызу кезінде орындық қалпының баптауларын автоматты түрде қолдану тек 1 және 2 қашықтан басқару радиосалпыншақтары үшін қол жетімді. 3-8 қашықтан басқару радиосалпыншақтары үшін отырғызу кезінде орындық қалпының баптауларын автоматты түрде қолдану қолжетімді болмайды.

Түсіру кезінде орындық қалпының баптауларын автоматты түрде қолдану

Келесі жағдайларда электржетек орындықты батырмасы үшін сақталған түсіру қалпына орнатады:
Жүргізуші тұтандыруды өшіреді, осыдан кейін бірден есікті ашады (немесе есік ашық болған).

- батырмасы үшін орындық қалпының баптауларын бұрын сақталған. Осы бөлімнің алдыңғы жағындағы «Орындық қалпының баптауларын сақтау» тармағын қараңыз.
- Түсіру кезінде орындық баптауларын автоматты түрде қолдану функциясы қосулы. Осы бөлімнің алдыңғы жағындағы «Жеке баптаулар» бөліміндегі «Баптауларды автоматты түрде қолдану» тармағын қараңыз.
- Автомобильде беріліс қорабының P (тұрақ) режимі қосулы емес.

Егер селектор иінтірегі орындық P (тұрақ) күйінен түсіру үшін сақталған қалыпқа оралмай тұрып шығарылса, электржетектің жұмыс тоқтамайды.
Түсіру кезінде орындық қалпының баптаулары қандай да бір нақты радиосалпыншаққа байланыстырылмайды. батырмасына сақталған орындық қалпының баптаулары барлық радиосалпыншақтармен пайдаланылады.

Орындық баптауларын қолдануды тоқтату

- Баптауларды қолмен немесе автоматты түрде қолдану кезінде:
  Орындық қалпын реттейтін кез келген батыманы басыңыз.
  SET батырмасын басыңыз
- Баптауларды қолмен қолдану кезінде:
  1, 2 жад батырмасын немесе босатыңыз
- Отырғызу кезіндегі баптауларды автоматты түрде қолдану кезінде:
  Тұтандыруды өшіріңіз.
  1, 2 жад батырмасын немесе басыңыз
- Түсіру кезінде баптауларды автоматты түрде қолдану кезінде:
  1, 2 жад батырмасын немесе басыңыз

Кедергілер

Жадта сақталған баптауларды шақыру кезінде орындықтың орын ауыстыруына бірдеңе кедергі келтірсе, электржетектің жұмысы тоқтатылуы мүмкін. Кедергіні жойып, функцияны қайта шақырып көріңіз. Егер жадтан баптауды шақыру мүмкін болмаса, дилерге хабарласыңыз.

Жылытылатын алдыңғы орындықтар

> ⚠ *ЕСКЕРТУ!*
>
> Терінің температура ауытқуын сезіну немесе ауырсынуды сезіну қабілеті әлсіресе, орындықты жылыту күйік шалуға себеп болуы мүмкін. Күйіп қалу қаупін азайту үшін жылыту функциясын әсіресе ұзақ уақыт бойы жылыту кезінде аса сақтықпен пайдаланыңыз. Орындықты көрпе, жастық, жамылғы, т.б. сияқты жылу өткізбейтін заттармен жаппаңыз. Бұл орындық жылытқыштың қызып кетуіне әкелуі мүмкін. Орындық жылытқыштың қызып кетуі күйік шалуға немесе орындықтың зақымдалуына әкелуі мүмкін.



Түймелер (тиісті жиынтықтамада) орталық бағандағы климат-басқару жүйелерінің реттегіштері жанында орналасқан.
Орындықты жылыту қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда ғана жұмыс істейді.
Жүргізуші немесе жолаушы орындығының арқалығын жылытуды қосу үшін немесе басыңыз.
Жүргізуші немесе жолаушы орындығының арқалығы мен жастығын жылытуды қосу үшін немесе басыңыз.
Бұл функция өшірілгенде, түймелердегі орындықты жылыту таңбалары ақ болады.
Орындықты жылыту қосулы кезде, таңба қызыл болып жанады.
Түймені бір рет басқан кезде максималды режим таңдалады. Әрбір келесі басқан сайын, функция өшірілгенге дейін баптау аз жаққа өзгере береді. Түймелердің жанындағы индикаторлар жылыту қарқындылығын көрсетеді: максималды қарқындылықта үш индикатор және минималды қарқындылықта бір индикатор жанады. Егер орындықты жылыту қарқындылығы максималды мәнге орнатылса, шамамен 30 минуттан кейін автоматты түрде төмендетілуі мүмкін.
Жолаушы орынын жылыту үшін ұзағырақ уақыт қажет болуы мүмкін.

Автоматты жылытылатын орындықтар

Қозғалтқыш іске қосылғанда, бұл функция автомобиль ішіндегі температураға байланысты орындықтардың жылытқышын автоматты түрде қосады.
Орындық жылытудың белсенді деңгейі (қатты, орташа, аз немесе жылытусыз) орталық пультте орналасқан қолмен жылыту түймелері арқылы көрсетіледі. Орталық пульттегі қолмен жылыту түймелері орындықтарды автоматты жылытуды өшіреді. Жолаушы орындығының автоматты жылытылуы орындық бос болған жағдайда қосылмайды. Орындықтарды автоматты түрде жылыту функциясын қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде үздіксіз жұмыс істейтін етіп бағдарламалауға болады.
Орындықтардың автоматты түрде жылытылуын қосу немесе өшіру үшін Settings (Баптаулар) > Vehicle (Автомобиль) > Climate and Air Quality (Климат-бақылау және ауа сапасы) > Auto Heated Seats (Орындықтардың автоматты жылытылуы) > ON (ҚОС) или OFF (ӨШІР) таңдаңыз.

Қашықтан іске қосу кезінде орындықтың жылытылуы

Суық ауа райында қашықтан іске қосу кезінде жылытылатын орындықтар орнатылған болса, олар автоматты түрде қосылуы мүмкін. Егер автомобильдің жылытылатын орындықтарының автоматты түрде қосылу функциясы (егер ол жиынтықтамада қарастырылған болса) қосылмаған болса, тұтандыру қосылған кезде орындықтың жылытылуы өшуі мүмкін.
Қажет болса, қозғалтқышты іске қосқаннан кейін орындықты жылытуды қосу үшін орындықты жылыту түймесін басыңыз. Қозғалтқышты қашықтан іске қосқанда жылытылатын орындық индикаторы жанбауы мүмкін.
Бос орындықты жылыту азаюы мүмкін. Бұл күй қалыпты болып табылады.
Қашықтан іске қосу кезінде орындықты жылыту режимін автомобильдің жеке баптауларының мәзірінде баптауға болады.
Автомобильді қашықтан іске қосуды қараңыз ⇨ 1-9. Қозғалтқыш қашықтан іске қосылғанда орындықтарды жылытуды қосу немесе өшіру үшін Settings (Баптаулар) > Vehicle (Автомобиль) > Remote Lock, Unlock, and Start (Қашықтан құлыптау, құлыпты ашу және іске қосу > Remote Start Auto Heat Seats (Орындықтың жылытылуын қозғалтқышты қашықтан іске қосу кезінде автоматты түрде қосу) > ON (ҚОС) немесе OFF (ӨШІР) таңдаңыз.

АРТҚЫ ОРЫНДЫҚТАР

Артқы орындықтың сигнал бергіші

Егер мұндай сигнал бергіш автомобиль жиынтығына кіретін болса, дисплейде белгілі бір жағдайларда артқы орындықта зат немесе жолаушы болуы мүмкін екенін еске салатын REAR SEAT REMINDER LOOK IN REAR SEAT (Артқы орындықтың сигнал бергіші, артқы орындықты тексеріңіз) хабарламасы пайда болады.

Автомобильден шыққан кезде артқы орындықты тексеріңіз.

Бұл функция қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде орындықтардың екінші қатарының есігі ашылған жағдайда немесе қозғалтқыш іске қосылудан 10 минут бұрын қосылады. Қозғалтқыш өшірілген кезде ескерту беріледі.

Мұндай ескерту артқы орындықта объектінің болуын тікелей көрсетпейді, бірақ белгілі бір жағдайларда артқы орындықта объектінің болу мүмкіндігін көрсете отырып, артқы есіктің ашылғанын немесе жабылғанын ғана тіркейді.


Қозғалтқышты әр іске қосқан сайын немесе тоқтатқан сайын функция тек бір рет белсендіріледі және орындықтардың екінші қатарының есіктерін ашу немесе жабу арқылы қайта іске қосылады.

Ескерту тіпті артқы орындық бос болған кезде, мысалы, бала автомобильге артқы есік арқылы кіріп, қозғалтқыш әлі жұмыс істеп тұрған кезде автомобильден шығып кетсе де берілуі мүмкін.

Функцияны қосуға және өшіруге болады. Settings (Баптаулар) > Vehicle (Автомобиль) > Rear Seat Reminder (Артқы орындықтың сигнал бергіші) > ON (ҚОС) немесе OFF (ӨШІР) таңдаңыз.

Екінші қатардағы орындықтар

Артқы орындықты реттеу




Орындық қалпын реттеу үшін:

1. Екінші қатардағы орындықтың алдындағы және астындағы еденнен және едендегі орындық бағыттаушылардан заттарды алып тастаңыз.
2. Орындық жастығы астындағы иінтіректі көтеріп, орынды алға немесе артқа жылжытыңыз.

Орындық арқалығының көлбеулігі

Орындықтың арқалығын шалқайту үшін:



1. Арқалықтың сыртқы жиегіндегі иінтіректі көтеріңіз.
2. Орындық арқалығын қажетті қалыпқа орнатыңыз және орындық арқалығын бекіту үшін иінтіректі босатыңыз.
3. Бекітілгенін тексеру үшін арқалықты алға-артқа жылжытыңыз.

Орындықтың арқалығын тік қалыпқа қайтару:

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Арқалық бұғатталмаған болса, ол соқтығысқан немесе кенет тоқтаған жағдайда алға жылжып, сол орында отырған жолаушының жарақат алуына әкелуі мүмкін. Арқалықты бекітілгенін итеру және тарту арқылы үнемі тексерген жөн.

1. Орындықтың арқалығын басып тұрып, сонымен бір уақытта иінтіректі ең жоғары қалыпқа көтеріңіз, сонда орындықтың арқалығы тік күйге оралады. Арқалықты баспастан иінтіректі көтеру орындықты жиылған қалыпқа түсіреді.
2. Бекітілгенін тексеру үшін арқалықты алға-артқа жылжытыңыз.

Орындықтардың үшінші қатарына қолжетімділік

Орындықтарды қолмен бүктеу және аудару

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Автомобиль қозғалысы кезінде екінші қатардағы орындықтарды аударылған күйде қалдырмаңыз. Аударылған орындық бекітілмеген. Автомобильдің қозғалуы кезінде, ол қозғалысқа келуі мүмкін. Автомобильдегі адамдар кенет тоқтау немесе апат кезінде жарақат алуы мүмкін. Қозғалысты бастамас бұрын

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

орындықты міндетті түрде жұмыс қалпына қайтарыңыз. Бекітілгенін тексеру үшін орындықты алға-артқа жылжытыңыз.


⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*

Артқы орындықтарды қауіпсіздік белдіктері бекітілген күйде жинау орындықтарды немесе белдіктерді зақымдауы мүмкін. Артқы орындықты жинамас бұрын, қауіпсіздік белдіктерін шешіп, оларды қалыпты жиналған күйіне қайтару керек.

Екінші қатардағы орындықтарды жүкке қосымша орын босату үшін жинауға немесе үшінші қатардағы орындықтарға оңай қол жеткізу үшін жинап, аударып қоюға болады.

Орындықты бүктеу және аудару

Орындықты бүктеу және аудару үшін:
1. Орындықтың астында, алдында немесе үстінде ештеңе жоқ екеніне көз жеткізіңіз.



2. Арқалықты босату үшін арқалықтың сыртқы бүйір жағындағы иінтіректі көтеріңіз.



Арқалық алға қарай жиналып, тегіс жүк еденін жасайды.
Егер арқалық жиналмаса, алдыңғы орындықты алға жылжытып көріңіз және/немесе алдыңғы орындықтың арқалығын тік күйге келтіріңіз.




3. Орындықтың арқалығын еденнен көтеру үшін иінтіректі қайтадан көтеріңіз. Орындық алға қарай аударылады.

Үшінші қатардан орындықты бүктеу және аудару

> ⚠ *ЕСКЕРТУ!*
>
> Екінші қатардағы орындықтар бүктеулі немесе бүктеулі және аударылған күйде болғанда, үшінші қатардағы орындықтарда жолаушыларды тасымалдау кенет тоқтау немесе апат кезінде жарақат алуға әкелуі мүмкін. Орындықты міндетті түрде жұмыс қалпына қайтарыңыз. Бекітілгенін тексеру үшін орындықты алға-артқа жылжытыңыз.

Үшінші қатардағы орындықта отырғанда орындықты бүктеу және аудару үшін:
1. Орындықтың астында, алдында немесе үстінде ештеңе жоқ екеніне көз жеткізіңіз.



2. Арқалықты босату үшін екінші қатардағы орындықтың артқы төменгі жағындағы бауды тартыңыз. Арқалығы алға қарай бүгіледі.



3. Орындықтың артқы жағын еденнен көтеру үшін бауды қайтадан тартыңыз. Орындық алға қарай аударылады.

Орындықтардың автоматты бүктелуі және аударылуы

> ⚠ *ЕСКЕРТУ!*
>
> Автомобиль қозғалысы кезінде екінші қатардағы орындықтарды аударылған күйде қалдырмаңыз. Аударылған орындық бекітілмеген. Көлік қозғалып келе жатқанда, ол қозғалысқа келуі

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

мүмкін. Автомобильдегі адамдар кенет тоқтау немесе апат кезінде жарақат алуы мүмкін. Қозғалысты бастар алдында орындықты міндетті түрде жұмыс қалпына қайтарыңыз.
Бекітілгенін тексеру үшін орындықты алға-артқа жылжытыңыз.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Жолаушы отырған орындықтың автоматты түрде бүктелуі және аударылуы жолаушының жарақат алуына әкелуі мүмкін. Орындықты автоматты түрде босату түймесін баспас бұрын әрқашан орындықта ешкімнің жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*

Артқы орындықтарды қауіпсіздік белдіктері бекітілген күйде жинау орындықтарды немесе белдіктерді зақымдауы мүмкін. Артқы орындықты жинамас бұрын, қауіпсіздік белдіктерін шешіп, оларды қалыпты жиналған күйіне қайтару керек.


Бұл функция жұмыс істеуі үшін автомобиль P (тұрақ) режимінде болуы керек.

Орындықты бүктеу және аудару
Орындықты бүктеу және аудару үшін:
1. Орындықтың астында, алдында немесе үстінде ештеңе жоқ екеніне көз жеткізіңіз.



Ауыстырып-қосқыш жүргізуші жақтағы артқы панельде
2. Артқы есіктердің артындағы орындықтарды автоматты түрде босатуды ауыстырып-қосқышты басыңыз. Арқалық автоматты түрде алға қарай бүгіледі.
3. Орындықтың артқы жағын еденнен көтеру үшін түймені қайта басыңыз. Орындық алға қарай аударылады.

Екінші қатардағы орындықты жүк бөлімшесі жақтан бүгу және аудару
Бұл функция жұмыс істеуі үшін автомобиль P (тұрақ) режимінде болуы керек.



1. Электрқозғалтқышы бар екінші қатардағы орындықтардың бүктелуін және аударылуын ауыстырып-қосқыштар
2. Электрқозғалтқышы бар үшінші қатардағы орындықтың бүктелуін және көтерілуін ауыстырып-қосқыштар
Орындықты бүгу және аудару үшін жүк бөлімшесінде болған кезде:
1. Орындықтың астында, алдында немесе үстінде ештеңе жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
2. Екінші қатардағы орындықты бүгу үшін жүк бөлімшесінің бүйір панеліндегі ауыстырып-қосқышты (1) басыңыз.

Сол жақтағы ауыстырып-қосқыш сол жақ арқалықты, оң жақтағы ауыстырып-қосқыш оң жақтағыны бүктейді.
3. Орындықтың артқы жағын еденнен көтеру үшін түймені қайта басыңыз.
Орындық алға қарай аударылады. Үшінші қатардағы орындықтардың арқалығын жүк бөлімінен бүктеуге арналған ауыстырып-қосқыштар (2). Үшінші қатардағы орындықтарды ⇨ 2-3 қараңыз.

Орындықты жұмыс қалпына қайтару

ЕСКЕРТУ!


Арқалық бұғатталмаған болса, ол соқтығысқан немесе кенет тоқтаған жағдайда алға жылжып, сол орында отырған жолаушының жарақат алуына әкелуі мүмкін. Арқалықты бекітілгенін итеру және тарту арқылы үнемі тексерген жөн.

Орындықты аударылған күйінен жұмыс күйіне қайтару үшін:
1. Орындықты төменге қарай еденге бекітілгенге дейін тартыңыз. Орындық еденге бекітілмейінше, арқалықты көтеру мүмкін емес.
2. Орындықтың арқалығын көтеріп, оны артқа қарай итеріңіз. Бекітілгенін тексеру үшін арқалықты алға-артқа жылжытыңыз.
3. 60/40 пропорцияда бөлінген орындық үшін ортадағы орындықтағы қауіпсіздік белдігінің екі орындықтың арасында тұрып қалмауын және бұралмауын қадағалаңыз.

Жылытқышы бар артқы орындықтар

ЕСКЕРТУ!

Терінің температура ауытқуын сезіну немесе ауырсынуды сезіну қабілеті әлсіресе, орындықты жылыту күйік шалуға себеп болуы мүмкін. Жылытылған алдыңғы орындықтар бөліміндегі ескертуді қараңыз ⇨2-8.



Түймелер орталық консольдің артқы жағында орналасқан.
Сол немесе оң жақтағы бүйір орындық жастықшасының жылытқышын қосу үшін тұтандыру қосулы кезде немесе басыңыз. Сондай-ақ, бұл функция қосулы болғанда, артқы климат-бақылау дисплейінде сәйкес индикатор пайда болады.
Түймені бір рет басқан кезде максималды режим таңдалады. Әрбір келесі басқан сайын, функция өшірілгенге дейін баптау аз жаққа өзгере береді. Түймелердің жанындағы индикаторлар жылыту қарқындылығын көрсетеді: максималды қарқындылықта үш, ең төменгі қарқындылықта бір индикатор жанады.
Орындықтың жылытылуы 30 минут бойы максималды деңгейде тұрса, ол автоматты түрде азайтылуы мүмкін.


Үшінші қатардағы орындықтар

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!


Артқы орындықтарды қауіпсіздік белдіктері бекітілген күйде жинау орындықтарды немесе белдіктерді зақымдауы мүмкін. Артқы орындықты жинамас бұрын, қауіпсіздік белдіктерін шешіп, оларды қалыпты жиналған күйіне қайтару керек.

Жүкке арналған кеңістікті ұлғайту үшін үшінші қатардағы орындықтардың арқалықтарын бүктеуге болады.
1. Үшінші қатардағы орындықтарды басқару органдарына қол жеткізу үшін жүк бөлімшесінің есігін ашыңыз.
2. Орындықтың астында, алдында немесе үстінде ештеңе жоқ екеніне көз жеткізіңіз.


3. Егер екінші қатардағы орындық ең артқы қалыпқа жылжытылған болса, үшінші қатардағы орындықтарды толығымен ашу үшін оны алға жылжытыңыз.



4. Кілтті шағын тоғадағы саңылауға салу арқылы артқы орындықтың қауіпсіздік белдігінің шағын тоғасын ажыратыңыз және белдіктің төбеге қарай тартылуына мүмкіндік беріңіз.




5. Шағын тоғаны төбедегі сақтау бөлігіне жинап қойыңыз.



6. Қауіпсіздік белдігін арнайы ұстағышқа бекітіңіз.
Қажет болса, орындық арқалығының екінші бөлігін артқа бүгу үшін осы қадамдарды қайталаңыз.

Электржетегі бар орынды арқалығын бүктеу (қарастырылған болса)


Бұл функция жұмыс істеуі үшін автомобиль P (тұрақ) режимінде болуы керек.




1. Электрқозғалтқышы бар екінші қатардағы орындықтардың бүктелуін және аударылуын ауыстырып-қосқыштар
2. Электрқозғалтқышы бар үшінші қатардағы орындықтардың бүктелуін және көтерілуін ауыстырып-қосқыштар

1. Үшінші қатардағы орындық арқалығын бүгу үшін жүк бөлімшесінің бүйірлік панеліндегі ауыстырып-қосқышты (2) басып ұстап тұрыңыз.
Сол жақтағы ауыстырып-қосқыш сол жақ арқалықты, оң жақтағы ауыстырып-қосқыш оң жақ арқалықты бүктейді.
2. Қажет болса, екінші орындықтың арқалығы үшін осы қадамдарды қайталаңыз.
Ауыстырып-қосқыштар (1) екінші қатардағы орындықтарды жүк бөлімінен бүктеуге немесе бүктеуге және аударуға мүмкіндік береді. Екінші қатардағы орындықтарды ⇨ 2-10 қараңыз.

Үшінші қатардағы орындық арқалықтарын тік қалыпқа қайтару



1. Электрқозғалтқышы бар екінші қатардағы орындықтардың бүктелуін және аударылуын ауыстырып-қосқыштар
2. Электрқозғалтқышы бар үшінші қатардағы орындықтардың бүктелуін және көтерілуін ауыстырып-қосқыштар Үшінші қатардағы орындық арқалықтарын тік қалыпқа қайтару үшін:




1. Қауіпсіздік белдігінің ұстағышқа бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
2. Орындықтарды басқару органдарына қол жеткізу үшін жүк бөлімшесінің есігін ашыңыз.
3. Үшінші қатардағы орындықтың арқалығын көтеру үшін жүк бөлімшесінің бүйірлік панеліндегі ауыстырып-қосқышты (2) басып ұстап тұрыңыз.
Сол жақтағы ауыстырып-қосқыш сол жақ , оң жақтағы ауыстырып-қосқыш оң жақ арқалықты көтереді.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Қате орналастырылған, бос бекітілген немесе бұралған қауіпсіздік белдігі апат кезінде қажетті қорғаныс деңгейін қамтамасыз етпейді. Қауіпсіздік белдігін дұрыс пайдаланбаған адам ауыр жарақат алуы мүмкін. Артқы орындықтың арқалығын бастапқы қалпына келтіргеннен кейін қауіпсіздік белдіктерінің дұрыс орналастырылғанына, мықтап бекітілгеніне және бұралмағанына көз жеткізіңіз.


4. Ортаңғы орындық белдігінің тілшігін шағын тоғаға салыңыз. Белдіктің бұралуына жол бермеңіз.
5. Тілшіктің сенімді бекітілгеніне көз жеткізу үшін қауіпсіздік белдігін тартып көріңіз.
6. Қажет болса, екінші орындықтың арқалығы үшін осы қадамдарды қайталаңыз.

Орындық арқалығын қолмен бүгу (қарастырылған болса)



1. Арқалықты босату үшін иінтіректі тартыңыз.
2. Арқалықты бүктеу үшін оны алға қарай басыңыз.
3. Қажет болса, екінші орындықтың арқалығын бүгу үшін осы қадамдарды қайталаңыз.

Үшінші қатардағы орындық арқалықтарын тік қалыпқа қайтару



1. Қауіпсіздік белдігінің ұстағышқа бекітілуін қадағалаңыз.
2. Автомобильдің артқы жағындағы үшінші қатардағы орындық арқалығындағы белдікті пайдаланып орындық арқалығын тік қалыпқа көтеріңіз немесе орындық арқалығын көтеріп, оны орнына автомобиль ішінен қойыңыз.

> ⚠ *ЕСКЕРТУ!*
>
> Арқалық бұғатталмаған болса, ол соқтығысқан немесе кенет тоқтаған жағдайда алға жылжып, сол орында отырған жолаушының жарақат алуына әкелуі мүмкін. Арқалықты бекітілгенін итеру және тарту арқылы үнемі тексерген жөн.

3. Бекітілгенін тексеру үшін арқалықты алға-артқа жылжытыңыз.

> ⚠ *ЕСКЕРТУ!*
>
> Қате орналастырылған, бос бекітілген немесе бұралған қауіпсіздік белдігі апат кезінде қажетті қорғаныс деңгейін қамтамасыз етпейді. Қауіпсіздік белдігін дұрыс пайдаланбаған адам ауыр жарақат алуы мүмкін. Артқы орындықтың арқалығын бастапқы қалпына келтіргеннен кейін қауіпсіздік белдіктерінің дұрыс орналастырылғанына, мықтап бекітілгеніне және бұралмағанына көз жеткізіңіз.

4. Ортаңғы орындық белдігінің тілшігін шағын тоғаға салыңыз. Белдіктің бұралуына жол бермеңіз.
5. Тілшіктің сенімді бекітілгеніне көз жеткізу үшін қауіпсіздік белдігін тартып көріңіз.

Төбелік консольден үшінші қатардағы орындықтарды бүктеу



Орындықтарды төбелік консольден бүгу үшін, егер қарастырылған болса:
Бұл функция жұмыс істеуі үшін автомобиль P (тұрақ) режимінде болуы керек.
1. Үшінші қатардағы орындық арқалығын бүгу үшін ауыстырып-қосқышты басып, ұстап тұрыңыз.
Сол жақтағы ауыстырып-қосқыш сол жақ арқалықты, оң жақтағы ауыстырып-қосқыш оң жақ арқалықты бүгеді.
2. Қажет болса, екінші орындықтың арқалығы үшін осы қадамдарды қайталаңыз.
3. Орындық арқалығын жұмыс қалпына қайтару үшін ауыстырып-қосқышты басып, ұстап тұрыңыз.

Егер ауыстырып-қосқышта қызыл лампа жанып тұрса, үшінші қатардағы орындықтар жұмыс күйінде емес екенін білдіреді.
Жүк бөлімінде де үшінші қатардағы орындықтардың арқалықтарын бүктеуге арналған ауыстырып-қосқыштар бар. Үшінші қатардағы орындықтарды ⇨ 2-3 қараңыз.

ҚАУІПСІЗДІК БЕЛДІКТЕРІ

Бұл бөлімнен сіз қауіпсіздік белдіктерін қалай дұрыс пайдалану керектігін және не істеуге болмайтынын білесіз.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Қауіпсіздік белдігін дұрыс пайдалану мүмкін емес орындарда адамдарды тасымалдауға жол берілмейді. Егер сіз немесе сіздің жолаушыңыз/жолаушыларыңыз қауіпсіздік белдігін тақпасаңыздар, сіз немесе олар апат кезінде қауіпсіздік белдіктерін пайдаланғанға қарағанда әлдеқайда ауыр жарақат алуларыңыз мүмкін.
Автомобиль ішінде бірдеңеге соғылу немесе одан ұшып кету салдарынан, ауыр жарақат алу немесе тіпті өліп кету ықтималдығы болады. Сонымен қатар, бекітілмеген адам салондағы басқа жолаушыларды жарақаттауы мүмкін.
Қозғалыс кезінде жүк бөлмшесінде, автомобильдің ішінде немесе сыртында отыру өте қауіпті. Жол-көлік оқиғасы кезінде жүк бөлімшесінде болған жолаушылар ауыр немесе тіпті өліммен аяқталатын жарақат алуы ықтимал. Жолаушыларға автомобильдің орындықтармен және қауіпсіздік белдіктерімен жабдықталмаған кез келген аймағында отыруға рұсқат бермеңіз.

> ⚠ *ЕСКЕРТУ!*
>
> Барлық жағдайда қауіпсіздік белдігін тағып, жолаушы/жолаушылар да дұрыс бекітілгеніне көз жеткізу керек.

Автомобильде қауіпсіздік белдіктерін еске салатын лампалар бар. Бекітілмеген қауіпсіздік белдігінің индикаторларын қараңыз ⇨ 4-21.

Қауіпсіздік белдіктері қалай жұмыс істейді




Автомобильде жүргенде Сіз автомобильмен бірдей жылдамдықта қозғаласыз.
Егер автомобиль кенет тоқтаса да, адам өзінің қозғалуын басқа нәрсе тоқтатқанша жалғастырады.
Бұл алдыңғы жел әйнегі, аспаптар панелі немесе қауіпсіздік белдігі болуы мүмкін!
Егер сіз қауіпсіздік белдігін таққан болсаңыз, сіздің қозғалысыңыз автомобильдің баяулауымен бірге баяулайды. Бұл жағдайда тоқтау уақыты артады, себебі ол үлкен қашықтыққа созылады және егер сіз дұрыс бекітілген болсаңыз, қауіпсіздік белдігінің күші сіздің денеңіздегі ең күшті сүйектерге беріледі. Сондықтан қауіпсіздік белдіктері өте тиімді.

Қауіпсіздік белдіктеріне қатысты сұрақтар мен жауаптар

Q: Егер адам қауіпсіздік белдіктерін қолданса, апат кезінде машинада бұғатталып қалуы мүмкін бе?
A: Мүмкін, ол қауіпсіздік белдіктерін пайдаланғанына байланысты емес.
Алайда, егер адам қауіпсіздік белдіктерін қолданса, соқтығысқаннан кейін ол есін жоғалтпай, белдікті шешіп, автомобильден шыға алу ықтималдығы жоғары.
Q: Егер автомобиль қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған болса, қауіпсіздік белдіктерін не үшін пайдалану керек?
A: Қауіпсіздік жастықтары тек қосымша қауіпсіздік жүйесі болып табылады.
Олар қауіпсіздік белдіктерімен бірге жұмыс істейді - олар белдіктерді алмастырмайды.
Қауіпсіздік жастықтарының бар-жоғына қарамастан, жүргізуші мен барлық жолаушылар өздерін барынша қорғауүшін қауіпсіздік белдіктерімен бекітілуі керек.
Сонымен қатар, барлық мемлекеттерде дерлік заң қауіпсіздік белдігін тағуды талап етеді.

Қауіпсіздік белдіктерін қалай дұрыс пайдалану керек


Автомобиль ішіндегі барлық адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін осы ережелерді сақтаңыз.
Сіз қауіпсіздік белдіктері мен балалар, соның ішінде сәбилер мен нәрестелер туралы тағы мынаны білуіңіз керек. Егер автомобильде бала болса, «Үлкен жастағы балалар» ⇨2-36 немесе Кішкентай балалар мен сәбилер бөлімін қараңыз ⇨ 2-38. Төмендегі ережелерге қоса, балаларға арналған ережелермен танысыңыз және орындаңыз.
Автомобильдегі барлық адамның қауіпсіздік белдігін тағуы маңызды. Статистика көрсеткендей, көп жағдайда қауіпсіздік белдігін пайдаланбағандар соқтығысқан кезде жарақат алады.
Қауіпсіздік белдіктерін дұрыс пайдалану үшін белгілі бір ережелерді сақтау керек.




- Тік отырып, аяқтарыңызды міндетті түрде алдыңызға еденге қойып отыру керек (егер бұл мүмкін болса).
- Белден өтетін белдік белден төмен аймаққа жақсы жанасуы және жамбасқа сәл тиіп тұруы керек. Соқтығысу кезінде күш жамбас сүйектеріне түседі және адамның белдік астында сырғып кетуі екіталай. Егер белдік жоғары жылжыса, онда күш ішке түседі. Бұл ауыр немесе тіпті өлімге себеп болатын жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Иықтан өтетін белдік иық және кеуде арқылы өтуі керек. Дененің бұл бөліктері басқаларға қарағанда белдіктің тартылу күштеріне жақсы төтеп бере алады. Кенеттен тоқтаған немесе соқтығысқан кезде иық белдігі бұғатталып қалады.


⚠ *ЕСКЕРТУ!*


Егер қауіпсіздік белдігі дұрыс бекітілмесе, ауыр жарақат алу немесе тіпті өліп кету ықтималдығы болады.






Ешбір жағдайда белден немесе иықтан өтетін қауіпсіздік белдігінің бұралуына немесе босап кетуіне жол бермеңіз.






Ешқандай жағдайда қауіпсіздік белдігінің иық тармағының екі қолдың астында немесе артта болуына жол бермеңіз.



Бекіту үшін міндетті түрде дұрыс тоғаны/құлыпты пайдаланыңыз.



Ешқашан қауіпсіздігінің белдігінің бел немесе иық тармағының шынтақ таяныштың үстінен өтуіне жол бермеңіз.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Қауіпсіздік белдігін орындықтың пластмасса жапсырмасының астынан, мысалы, артқы орындықтың арқалығын бүктеу иінтірегінің айналасындағы жапсырманың астынан немесе бүйірлік қауіпсіздік жастығы жапсырмасының астынан өткізсе, белдік қысылып қалуы мүмкін.
Соқтығыс болған жағдайда қысылып тұрған белдік жеткілікті қорғанысты қамтамасыз етпеуі мүмкін. Қауіпсіздік белдіктерін пластмасса жапсырмалардың астынан өткізуге тыйым салынады.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*


Егер қауіпсіздік белдігі арқаңызда, аяғыңыздың астында болса немесе мойныңызға оралып тұрса, ауыр жарақат алуыңыз немесе тіпті өліп кетуіңіз мүмкін. Инерциялық шарғы белдіктің оңай тартылуына мүмкіндік береді, алайда ол бұғаттаулы кезде белдікті босату мүмкін емес. Қауіпсіздік белдігінің иық тармағын инерциялық шарғыдан оның толық ұзындығына дейін тартып алған кезде, шарғының тіреуіш механизмі іске қосылады. Егер белдікті босатып, оның еркін тартылуын жол берсе, шарғының бұғаты ашылады, бірақ белдік сіздің айналаңызда байлапматалған кезде мұны жасау

⚠ *ЕСКЕРТУ!*


мүмкін болмайды. Қауіпсіздік белдігі тартылып тұрса, ал шарғыны бұғаттан босату мүмкін болмаса, белдікті кесу қажет болады.

Белден және иықтан өтетін қауіпсіздік белдігі


Автомобильдегі барлық орындар белден және иықтан өтетін қауіпсіздік белдіктерімен жабдықталған.
Алынбалы қауіпсіздік белдігі бар артқы қондырмалы орынды пайдаланар кезде қауіпсіздік белдігін тоғаға қосу нұсқаулары берілген Үшінші қатардағы орындық бөлімін ⇨ 2-3 қараңыз.
Төменде белден және иықтан өтетін қауіпсіздік белдіктерін дұрыс пайдалану нұсқаулары берілген.
1. Орындықты (егер ол реттелетін болса) ол тік қалыпта болатындай етіп реттеңіз. Процедура сипаттамасы: Нұсқағыштағы «Орындықтар» бөлімін қараңыз.




2. Ілмек тілшесін тартыңыз және белдікті өзіңізге қарай тартып шығарыңыз. Белдіктің бұралуына жол бермеңіз.
Егер бел-иық белдігін кенет тартып қалсаңыз, ол бұғатталып қалуы мүмкін. Бұл жағдайда бұғатты ашу үшін белдікті сәл босату керек. Содан кейін белдікті баяу тартыңыз.
Егер жолаушы орындығындағы белдіктің иық бөлігі үнемі тартылып тұрса, балаларды ұстағыш құрылғының бұғаттамасы іске қосылуы мүмкін.
Балаларды ұстағыш құрылғыларды орнатуға болатын орындарды қараңыз ⇨ 2-40. Бұл жағдайда белдікті орнына қайтарып, процедураны басынан бастап қайталау қажет. Егер белдіктің тартылуы қайтарылғаннан кейін де инерциялы шарғы бұғаттаулы күйінде қалса, орындықты артқа жылжытыңыз немесе шарғы құлпының бұғатын ашу үшін орындық арқалығын шалқайтыңыз.
Алдыңғы бүйір орындыққа балаларды ұстағыш құрылғыны орнату жолаушылардың болуын тану жүйесінің жұмысына әсер етуі мүмкін. Жолаушыларды анықтау жүйесін қараңыз ⇨ 2- 31.



3. Тілшені құлыпқа салыңыз, ол шертілмен бекітілуі керек.
Оның бекітілгенін тексеру үшін ілмек тілшесін тартыңыз.
Қажет болған жағдайда, белдікті тез шешу үшін тоғадағы белдікті босататын түймені табыңыз.
4. Иық белдігінің сәйкес биіктігін таңдаңыз (егер реттеу механизмі бар болса). Пайдалану нұсқаулары мен қауіпсіздік туралы маңызды ақпаратты осы бөлімдегі «Иық белдігінің биіктігін реттегіш» параграфынан табуға болады.



5. Белдіктің белден өтетін бөлігі жақсы орналасуы үшін иық белдігін тартқан жөн.



Белдікті шешу үшін құлыптағы түймені басу керек. Белдік тартылған күйіне оралуы керек.

Қауіпсіздік белдігін шешкен кезде ешбір жағдайда асықпаңыз. Қауіпсіздік белдігінің кез келген бөлігі жиналған күйіне тым тез оралатын болса, кергіш сыналанып қалуы, ал белдік тұрып қалуы мүмкін. Егер бұл орын алса, кергіштің бұғатын ашу үшін белдікті міндетті түрде тік бағытта күш сала тартыңыз да, дереу босатыңыз. Егер белдікті сыналанып қалған кергіштен шығарып алу мүмкін болмаса, сізге қызмет көрсететін автосалонға хабарласыңыз.

Есікті жаппас бұрын, белдіктің есік ойығына салбырап түсіп тұрмағанына көз жеткізу керек. Егер оны есік қатты қысып қалса, есік те, қауіпсіздік белдігі де зақымдалуы мүмкін.

Иық белбеуінің биіктігін реттегіш

Жүргізуші мен алдыңғы жолаушы қауіпсіздік белдіктеріне арналған жоғарғы бекіту нүктесінің орны биіктігі бойынша реттеледі.

Белдіктің иық бөлігінің биіктігін ол үнемі иықта болатындай етіп реттеген жөн. Белдік мойынның үстінде емес, жанында тұруы тиіс. Қауіпсіздік белдігінің иық тармағының дұрыс таңдалмаған биіктігі апат болған жағдайда оның тиімділігін төмендетуі мүмкін. Қауіпсіздік белдіктерін қалай дұрыс пайдалану керек ⇨ 2-37 қараңыз.



Белдіктің жоғарғы бекіткішін қажетті орынға жылжыту үшін бұғаттан босату батырмасын басыңыз.

Реттегіш қажетті орынға жылжығаннан кейін, оның сол орында бекітілгенін тексеру үшін оны қатты күш салмай, төмен қарай басыңыз.

Қауіпсіздік белдіктерінің алдын ала кергіштері

Жүргізушінің және алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белдіктері алдын ала кергіштермен жабдықталған.

Алдын ала кергіштер жасырылған болса да, олар қауіпсіздік белдіктері жинағының бөлігі болып табылады. Олар орташа немесе үлкен күшпен алдыңғы немесе алдыңғыға жақын соқтығысудың бастапқы кезеңде немесе оларды іске қосатын жағдайлар болған кезде қауіпсіздік белдіктерін созады.


Қауіпсіздік белдіктерін алдын ала кергіштер бүйірлік соққы немесе автомобиль аударылған жағдайда қауіпсіздік белдіктерін тартуға көмектеседі.

Кергіштер бір рет қолданылатын механизмдер болып табылады. Егер апат нәтижесінде алдын ала кергіштер іске қосылған болса, олар және кей жағдайларда, қауіпсіздік белдіктерінің басқа да құрамдас бөліктері ауыстыруға жатады. Апаттан кейін қауіпсіздік белдігі жүйесінің құрамдас бөліктерін ауыстыру ⇨ 2-25 қараңыз.

Автомобильден шыққанда немесе оған отырғанда, сондай-ақ салонда болған кезде шеткі орындықтардың қауіпсіздік белдігіне отыруға болмайды.
Егер сіз қауіпсіздік белігіне отырсаңыз, оның матасы мен фурнитурасын зақымдауыңыз мүмкін.

Жүктілік кезінде қауіпсіздік белдігін пайдалану

Қауіпсіздік белдіктері барлығына, соның ішінде жүкті әйелдерге де арналған. Автомобильде жүрген барлық адам сияқты, егер олар қауіпсіздік белдіктерін қолданбайтын болса, ауыр жарақат алуы мүмкін.



Жүкті әйел де қауіпсіздік белдігін қолдануы керек, ал белдіктің белден өтетін бөлігі іштің астынан мүмкіндігінше төмен өтуі керек. Баланы қорғаудың ең жақсы жолы - ананың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Қауіпсіздік белдігі дұрыс пайдаланылса, іштегі нәресте автомобиль соқтығысқанда жарақат алмауы мүмкін. Жүкті әйелдер үшін, басқа адамдарға да арналған сияқты, қауіпсіздік белдігінің тиімділігі олардың дұрыс қолданылуына байланысты.

Қауіпсіздік жүйесін тексеру

Қауіпсіздік белдігі туралы еске салатын индикатордың күйінің жарамды болуын, барлық тоғалардың, ілмек тілшелерінің, белдік шарғылардың күйін, иықтан өтетін таспалардың биіктігін реттеу механизмдерін (бар болса) және белдік бекіткіштерін дүркін-дүркін тексеріп отырыңыз. Белдіктерді қауіпсіздік белдіктері жүйесінің жұмысына нұқсан келтіруі мүмкін босаған немесе зақымдалған бөліктердің немесе бөлшектердің бар-жоғына тексеріңіз. Жөндеу сұрақтары бойынша дилерге жүгінге жөн. Жыртылған, тозған немесе бұралған қауіпсіздік белдіктері апат кезінде тиімді болмауы мүмкін. Жыртылған немесе тозған қауіпсіздік белдіктері соққы күшінің әсерінен үзіліп кетуі мүмкін. Жыртылған немесе босап тұрған белдікті дереу ауыстырыңыз. Егер белдік бұралған болса, оны белдік таспасындағы тілшенің ілмегін қарама-қарсы бағытта бұру арқылы шешуге болады. Егере бұралған белбеуді түзету мүмкін болмаса, көмек алу үшін дилерге хабарласыңыз.
Қауіпсіздік белдігі туралы еске салатын жарық индикаторының жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз. Тағылмаған қауіпсіздік белдігінің индикаторлары ⇨ 4-21 қараңыз.
Қауіпсіздік белдіктерін таза және құрғақ күйде ұстаңыз. Қауіпсіздік белдіктерін күту ⇨ 2.24 қараңыз.

Қауіпсіздік белдіктерін күту

Белдіктерді таза және құрғақ күйде ұстаңыз.
Қауіпсіздік белдіктерін қолдану және күту ережелерін сақтаңыз.
Белдік механизмдері құрғақ күйде болуы керек. Оларға қоқыс пен шаңның жиналмауын қадағалаңыз. Қажет болған жағдайда, құлыптардың сыртқы беттерін және белдіктердің өздерін сабынды сумен сүртуге болады. Құлып механизміне қоқыс пен шаңның түспеуін қадағалаңыз. Егер құлыпқа қоқыс немесе шаң толып қалса, дилерге хабарласыңыз. Жүйенің қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін кейбір бөлшектерді ауыстыру қажет болуы мүмкін.

> ⚠ *ЕСКЕРТУ!*
>
> Қауіпсіздік белдіктерін ағартуға немесе бояуға тыйым салынады. Бұл олардың беріктігін жоғалтуына әкелуі мүмкін. Соқтығысу кезінде олар жеткілікті қорғаныста қамтамасыз етпеуі мүмкін. Белдіктерді тазалау үшін жылы суға езілген сабынның әлсіз ерітіндісін ғана пайдалануға рұқсат етіледі. Белдіктің өз бетінше құрғап кебуін күтіңіз.

Апаттан кейін қауіпсіздік белдіктері жүйесінің құрамдас бөліктерін ауыстыру

> ⚠ *ЕСКЕРТУ!*
>
> Автомобиль соқтығысқан кезде қауіпсіздік белдіктерінің жүйесі зақымдалуы мүмкін. Қауіпсіздік белдіктерінің зақымдалған жүйесін пайдаланатын адам апат кезінде ауыр және тіпті өлімге әкелетін жарақат алуы мүмкін, өйткені ол тиісті қорғаныста қамтамасыз ете алмайды. Соқтығысқаннан кейін қауіпсіздік белдіктері жүйелерінің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін оларды тез арада тексеріп, қажет болған жағдайда құрамдас бөліктерін ауыстыру қажет.

Кішігірім жазатайым оқиғалардан кейін белдікті ауыстыру қажет болмауы мүмкін.
Дегенмен, апат кезінде іске қосылған қауіпсіздік белдігінің тораптары босауы немесе зақымдалуы мүмкін. Қауіпсіздік белдіктерінің тораптарын тексеру және қажет болған жағдайда компоненттерді ауыстыру үшін дилерге хабарласу керек.
Құрамдас бөліктерді жөндеу және ауыстыру апат кезінде қауіпсіздік белдігі жүйесі пайдаланылмаса да қажет болуы мүмкін.
Апаттан кейін немесе қауіпсіздік жастығының даярлық индикаторы іске қосылғаннан кейін немесе автомобиль қозғалысы кезінде жанып тұрса, қауіпсіздік белдігінің алдын ала кергіштерін тексеру керек. Үрлемелі қауіпсіздік жастығы даярлығының сигналдық лампасы ⇨ 4-22 қараңыз

ҮРЛЕМЕЛІ ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҚТАРЫ ЖҮЙЕСІ

Автомобильде келесі қауіпсіздік жастықтары бар:
- Жүргізуші жағындағы алдыңғы қауіпсіздік жастығы
- Алдыңғы жолаушы жағындағы бүйірлік қауіпсіздік жастығы
- Жүргізуші мен алдыңғы бүйірлік жолаушыға арналған алдыңғы орталық қауіпсіздік жастығы
- Жүргізуші орындығындағы бүйірлік қауіпсіздік жастығы
- Алдыңғы жолаушы орындығындағы бүйірлік қауіпсіздік жастығы
- Жүргізуші мен жүргізушінің артындағы екінші және үшінші қатардағы жолаушыларға арналған төбенің бойлық сырығындағы қауіпсіздік жастығы
- Алдыңғы жолаушыға және жүргізушінің артында отырған екінші және үшінші қатардағы жолаушыларға арналған төбенің бойлық сырығындағы қауіпсіздік жастығы

Автомобильдегі барлық қауіпсіздік жастықтарында AIRBAG (қауіпсіздік жастықтары) деген жазу әрлемеде немесе жаймалауға арналған тесіктің жанында жапсырылған жапсырмада жазылған.
Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары руль дөңгелегінде (жүргізушіге арналған) және аспаптар панелінде (жолаушы жағында) AIRBAG жазуымен белгіленген.
Алдыңғы орталық қауіпсіздік жастығы жүргізуші орындығы арқалығының ішкі жағында AIRBAG жазуымен белгіленген.

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары орындық арқалығының немесе есікке жақын орналасқан орындық жастығының бүйір жағында «AIRBAG» жазуымен белгіленген.
Төбенің бойлық сырығындағы қауіпсіздік жастықтары төбеде немесе әрлемесінде «AIRBAG» жазуымен белгіленген.
Қауіпсіздік жастықтары қауіпсіздік белдіктерімен қамтамасыз етілген қорғанысқа қосымша болып табылады. Заманауи қауіпсіздік жастықтарының конструкциясы ашылған кезде жарақат алу қаупін азайтады, дегенмен, тиімді қорғанысты қамтамасыз ету үшін барлық қауіпсіздік жастықтары өте жылдам ашылуы керек.
Қауіпсіздік жастығы жүйесі туралы анағұрлым маңызды ақпарат:

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Қауіпсіздік белдігін тақпаған адам, автомобильде қауіпсіздік жастықтары орнатылған болса да, соқтығыс кезінде ауыр жарақат алуы немесе тіпті өліп кетуі мүмкін.
Қауіпсіздік жастықтары қауіпсіздік белдіктерімен бірге жұмыс істейді және оларды алмастырмайды. Қауіпсіздік жастықтары әрбір соқтығысу кезінде ашылатындай етіп жасалмаған. Кейбір апаттық жағдайларда қорғанысты тек қауіпсіздік белдіктері ғана қамтамасыз етеді. Қауіпсіздік жастығы қай кезде үріледі? бөлімін ⇨ 2-29 қараңыз.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Қауіпсіздік белдіктері апат кезінде автомобиль ішіндегі заттарға соғылу немесе автомобильден ұшып кету қаупін азайтады. Қауіпсіздік жастықтары қауіпсіздік белдіктеріне арналған «қо-сымша ұстау жүйесі» болып табылады.
Автомобильдегі барлық адамдар тиісті орынның қауіпсіздік жастығымен жабдықталғанына немесе жабдықталмағанына қарамастан, қауіпсіздік белдіктерімен сенімді бекітілуі керек.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Қауіпсіздік жастықтары бірден және үлкен күшпен ашылатындықтан, қауіпсіздік жастығының жанында тұрған адам ауыр немесе тіпті өлімге әкелетін жарақат алуы мүмкін. Қажеттілігі болмаса, қауіпсіздік жастықтарына жақын отырмаған (креслоның шетінде отырмаған немесе алдыға қарай еңкеймеген) жөн. Қауіпсіздік белдіктері соқтығысқан әтте адамды орнында ұстап қалуға көмектеседі. Автомобильде қауіпсіздік жастықтары болса да, қауіпсіздік белдігін әрқашан қолдану керек. Егер автомбильді басқару қабілетін нашарлатпайтын болса, жүргізуші мүмкіндігінше артқа қарай отыруы керек. Алдыңғы жолаушыларға арналған қауіпсіздік белдіктері мен қауіпсіздік жастықтары сіз тік, орындықтың арқалығына барынша тақалып, екі аяғыңызды еденге қойып отырғанда анағұрлым тиімдірек жұмыс істейді.
Алдыңғы ортаңғы қауіпсіздік жастығы бар автомобильдерде жолаушыларға алдыңғы орталық шынтақ сүйегішке немесе консольге сүйенбеуге немесе жатпауға кеңес беріледі.
Егер орындықта немесе төбенің бойлық сырығындағы бүйірлік қауіпсіздік жастығы болса, бүйірге еңкейуге немесе есікке не есіктің әйнегіне сүйенуге болмайды.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Қауіпсіздік жастығының үстінде немесе оған өте жақын отырған балалар жастық іске қосылған жағдайда ауыр немесе тіпті өлімге келетін жарақат алуы мүмкін. Автомобильде балаларды әрқашан дұрыс бекітілген болуы керек.

Толық ақпаратты Үлкен жастағы балалар 2-36 немесе Кішкентай балалар мен сәбилер ⇨ 2-38 бөлімінен қараңыз.



Аспаптар қалқаншасында сәйкес белгішесі бар қауіпсіздік жастығының даярлық индикаторы бар.
Жүйе қауіпсіздік жастығы жүйесіндегі электрониканың жұмысын тексереді. Егер ақаулық болса, индикатор жанады. Үрлемелі қауіпсіздік жастығы даярлығының сигналдық лампасы
⇨ 4-22 қараңыз.

Қауіпсіздік жастықтары қайда орналасқан?



Жүргізуші жағындағы алдыңғы қауіпсіздік жастығы руль дөңгелегінің орталық бөлігінде орналасқан.



Жолаушы жағындағы алдыңғы қауіпсіздік жастығы жолаушылар жағындағы аспаптар панелінде орналасқан.



Алдыңғы орталық қауіпсіздік жастығы жүргізуші орындығы арқалығының ішкі жағында орналасқан.



Жүргізуші жағы көрсетілген, жолаушы жағы - осыған ұқсас

Орындықтарға кіріктірілген жүргізушінің және алдыңғы жолаушының бүйірлік қауіпсіздік жастықтары есік жақтағы орындықтардың арқалықтарында орналасқан.



Жүргізуші жағы көрсетілген, жолаушы жағы - осыған ұқсас

Жүргізушінің, алдыңғы бүйірлік жолаушының және екінші және үшінші қатардағы бүйірлік жолаушылардың қауіпсіздік перделері төбенің бойлық сырғақтарында, бүйір терезелердің үстінде орналасқан.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Егер адам мен қауіпсіздік жастығы арасында қандай да бір зат бар болса, қауіпсіздік жастығы дұрыс ашылмауы немесе сол затты адамға соғып, ауыр немесе тіпті өлімге әкелетін жарақатқа себеп болуы мүмкін. Қауіпсіздік жастығының ашылуына ештеңе кедергі болмауы керек.

Адам мен қауіпсіздік жастығының арасына ешқандай зат қоюға болмайды; руль дөңгелегінің күпшегіне немесе басқа қауіпсіздік жастықтарының жабындарына немесе оның жанына қандай да бір зат бекітуге болмайды.

Ашылатын бүйірлік қауіпсіздік жастығының немесе алдыңғы орталық қауіпсіздік жастығының жолын жауып тастауы мүмкін, орындық немесе консоль керек-жарақтарын пайдаланбаңыз. Егер төбенің бойлық сырығында қауіпсіздік жастықтары болса, арқанды терезеден немесе есіктің ойығынан өткізу арқылы автомобильдің төбесіне қандай да бір зат бекітуге болмайды. Осылайша, сіз осы қауіпсіздік жастықтарының ашылуын бұғаттауыңыз мүмкін.

Қауіпсіздік жастықшасы қай кезде үріледі?

Бұл автомобиль қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған. Үрлемелі қауіпсіздік жастықтары жүйесі ⇨ 2-25 қараңыз. Соққы күші тиісті қауіпсіздік жастығы жүйесінің іске қосылу шегінен асқанда қауіпсіздік жастықтары үріледі. Іске қосылу шегінің көмегімен жүргізуші мен жолаушыларды ұстап қалуға арналған қауіпсіздік жастықтарының қатысуын талап ететін қатерлі соқтығысулар анықталады. Автомобиль соққы күшін анықтайтын соқтығысу қадағаларымен жабдықталған. Іске қосылу шегі автомобильдің конструкциясына байланысты өзгереді.

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары орташа немесе үлкен күштің маңдайлыққа жақын немесе маңдайлық соқтығысы кезінде ашылады, бұл жүргізуші мен алдыңғы жолаушының басы мен көкірек қуысына келетін соққы әсерін азайтады.

Алдыңғы жастықтардың іске қосылуы тек автомобильдің жылдамдығына ғана байланысты емес. Қауіпсіздік жастықтарының ашылуы немесе ашылмауы негізінен соқтығысу объектісіне, соқтығысу бағытына және тежелу жылдамдығына байланысты.

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары әртүрлі соқтығысу жылдамдықтарында іске қосылуы мүмкін, бұл автомобильдің

соқтығысу объектісіне тікелей немесе бұрышпен соғылуына, соқтығысу объектісінің бекітіліп немесе қозғалып тұрғанына, қатты немесе деформацияланатынына, жіңішке немесе жалпақ болуына байланысты емес.

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары аударылу, арттан соғу және көп жағдайда бүйірлік соқтығыулар кезінде ашылмайды.

Сонымен қатар, автомобильдер жетілдірілген алдыңғы қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталады. Жетілдірілген алдыңғы қауіпсіздік жастықтары соққының ауырлығына байланысты ұстап қалу күшін реттейді.

Алдыңғы орталық қауіпсіздік жастығы, егер бар болса, соққы орнына байланысты автомобильдің кез-келген жағынан болған орташа немесе қатты күшпен бүйірлік соқтығысу кезінде ашылады. Бұған қоса, қадағалар жүйесі автомобильдің аударылуы мүмкін екенін анықтағанда, алдыңғы орталық қауіпсіздік жастығы іске қосылады. Алдыңғы орталық қауіпсіздік жастығы алдыңғы, алдыңғыға жақын немесе сондай-ақ артқы жақтан соқтығысу кезінде ашылуға арналмаған.

Орындыққа кіріктірілген, бүйірлік соққыдан қорғайтын қауіпсіздік жастықтары соққы орнына байланысты орташа және қатты бүйірлік соқтығысулар кезінде іске қосылуы керек.

Орындықтарға кіріктірілген бүйірлік қауіпсіздік жастықтары автомобиль аударылған жағдайда және артқы жақтан соғу кезінде іске қосылуға арналмаған. Жүргізуші жағындағы орындықтағы бүйірлік қауіпсіздік жастығы алдыңғы және алдыңғыға жақын соқтығысулар кезінде іске қосылуға арналған. Жолаушы жағындағы орындықтағы бүйірлік қауіпсіздік жастығы орташа және қатты күштің алдыңғы соқтығысуларында және алдыңғыға жақын соқтығысуларда іске қосылуға арналған. Бүйірден соққан жағдайда, сәйкес жақтың орындықтағы бүйірлік қауіпсіздік жастығы ашылады.

Есік ойықтарының үстінде орналасқан қауіпсіздік жастықтары соққы орнына байланысты орташа және қатты бүйірлік соқтығысулар кезінде іске қосылады.

Төбенің бойлық сырығындағы қауіпсіздік жастықтары автомобиль аударылғанда және қатты маңдайлық соққы кезінде де ашылуы керек. Төбенің бойлық сырығындағы қауіпсіздік жастықтары артқы соққы кезінде ашылмауы керек.

Егер қадағалар жүйесі автомобиль аударылып кетеді деп болжаса, кез келген жақтан бүйірлік соққы болған жағдайда немесе қатты маңдайлық соқтығыс кезінде төбенің бойлық сырығындағы екі қауіпсіздік жастығы да ашылады. Нақты бір соқтығысу кезінде көліктің ықтимал зақымдалуына және жөндеу құнына қарап, сол қауіпсіздік жастықшасының іске қосылуы-қосылмауы керектігін анықтаудың ешқандай жолы жоқ.

Қауіпсіздік жастығының үрілу механизмі қандай?

Соқтығыс болған жағдайда қадағалар жүйесінің резервуардан газ шығару механизмін іске қосатын электрлік сигнал жібереді. Резервуардан шығатын газ қауіпсіздік жастығын толтырады, нәтижесінде қауіпсіздік жастығының қақпағы лақтырылып, ол ашылады. Үрлеу механизмі, қауіпсіздік жастығы және бекіткіштер қауіпсіздік жастығы модулінің бөлігі болып табылады.

Қауіпсіздік жастығының орналасуы - Қауіпсіздік жастықтары қайда орналасқан?
⇨ 2-27 қараңыз.

Қауіпсіздік жастығы адамды қалай ұстап қалады?

Орташа және қатты күшпен маңдайлық және маңдайлыққа жақын соқтығысу кезінде тіпті қауіпсіздік белдігімен бекітілген адам да руль дөңгелегіне немесе аспаптар панеліне соғылуы мүмкін. Қатты немесе орташа бүйірлік соқтығысу кезінде, тіпті қауіпсіздік белдігімен бекітілген адам да автомобиль ішіндегі құрамдас бөліктерге соғылуы мүмкін.

Қауіпсіздік жастықтары соққы күшін адамның денесіне біркелкі тарату арқылы қауіпсіздік белдіктерімен қамтамасыз етілген қорғанысты толықтырады.
Төбенің бойлық сырығындағы қауіпсіздік жастықтары жүргізушінің және бірінші, екінші және үшінші қатардағы бүйірлік жолаушылардың басы мен кеудесін қорғайды.
Аударылу кезінде іске қосылатын төбенің бойлық сырығындағы жастықтар адамның көліктен толық немесе ішінара лақтырылуын болдырмауға көмектеседі, дегенмен ешқандай жүйе мұндай тәуекелді толығымен шектей алмайды.
Алайда, соқтығысу кезінде адам жастыққа қарай қозғалмаса, қауіпсіздік жастықтары оны қорғай алмайды. Қауіпсіздік жастықшасы қай кезде үріледі? ⇨ 2-29 қараңыз.
Қауіпсіздік жастықтары тек қауіпсіздік белдіктеріне қосымша болып табылады.

Қауіпсіздік жастықшалары іске қосылғаннан кейін не болады?

Ашылғаннан кейін алдыңғы және бүйірлік жастықтардың желі өте жылдам шығып кетеді – жылдамдығы соншалық, тіпті олардың үрілгенін байқамай қалуыңыз мүмкін. Алдыңғы орталық қауіпсіздік жастығы мен төбенің бойлық сырығына кіріктірілген қауіпсіздік перделері іске қосқаннан кейін біраз уақыт жартылай толтырылған күйінде қалуы мүмкін.
Қауіпсіздік жастығы модулінің кейбір құрамдас бөліктері бірнеше минут ыстық күйінде қалуы мүмкін. Қауіпсіздік жастықтарының орны Қауіпсіздік жастықтары қайда орналасқан? бөлімінде ⇨ 2-27.
Қауіпсіздік жастығының адамға тиетін бөліктері жылы болуы мүмкін, бірақ тым ыстық емес. Қауіпсіздік жастықшасының желі шыққан кезде саңылаулардан түтін мен шаң шығуы мүмкін. Қауіпсіздік жастығы жүргізушінің жел әйнегі арқылы шолып қарауына кедергі жасамайды, автомобиль жүргізу мүмкіндігін шектемейді және жүргізушінің автомобильден шығуына кедергі жасамайды.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Қауіпсіздік жастығы үрлеген кезде ауада шаң пайда болуы мүмкін. Шаң астма немесе тыныс алу жолдарының басқа аурулары бар адамдар үшін қауіпті. Сондықтан, мұны тәуекелсіз жасау мүмкін болған кезде барлығы автомобильден кетуі керек. Қауіпсіздік жастығы ашылғаннан кейін автомобильден шығу мүмкін болмаса, тыныс алу жолдарының аурулары бар адамды терезені ашу арқылы ауамен қамтамасыз ету керек. Егер, қауіпсіздік жастығының ашылуы нәтижесінде

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

тыныс алумен қиындық туындаса, медициналық көмекке жүгіну қажет.

Автомобильде қауіпсіздік жастықтары ашылғаннан кейін барлық есіктердің бұғатын автоматты түрде ашатын, отынның берілуін тоқтататын, ішкі жарықтандыру мен апаттық сигнал беру жүйесін қосатын функция қарастырылған. Бұл функция соққы күші нақты шекті мәннен асатын болса, қауіпсіздік жастықтары ашылмай-ақ іске қосылуы мүмкін. Тұтандыруды өшіріп, қайта қосқаннан кейін отын жүйесі қалыпты жұмыс режиміне оралады; сіз тиісті басқару органдары арқылы есіктерді құлыптап, салондағы лампаларды өшіре аласыз және апаттық жыпылықтағыш сигналдарды сөндіре аласыз.
Осы жүйелердің кез келгені апат нәтижесінде зақымдалған болса, олар дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Қауіпсіздік жастықтарын іске қосқан қатты соқтығысу нәтижесінде автомобильдің отын жүйесі, тежегіш сияқты маңызды жүйелері, басқару жүйесі және т.б. зақымдалуы мүмкін.
Тіпті егер автомобиль айтарлықтай ауыр оқиғадан кейін жүре алатын сияқты көрінсе де, келген зақымдар автомобильді қауіпсіз басқаруды қиындатуы мүмкін.
Апаттан кейін қозғалтқышты үлкен сақтықпен іске қосу керек.

Қауіпсіздік жастықтарын іске қосуға қабілетті, айтарлықтай күшті соқтығысу жағдайында жел әйнегі көбінесе автомобильдің деформациясына байланысты сынып кетеді. Жолаушы жағында алдыңғы қауіпсіздік жастығы ашылғанда, жел әйнегі де сынуы мүмкін.

- Қауіпсіздік жастықтары бір рет қана ашылуға жарамды. Қауіпсіздік жастығы іске қосылғаннан кейін жүйенің кейбір құрамдас бөліктерін ауыстыру қажет. Жаңа құрамдас бөліктер орнатылмаса, қауіпсіздік жастығы жүйесі келесі жолы қорғаныста қамтамасыз ете алмайды. Жаңа жүйеде қауіпсіздік жастығы модулі және мүмкін кейбір басқа да бөлшектер қамтылуы керек. Басқа бөлшектерді ауыстыру қажеттілігі туралы ақпаратты автомобильге қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз.
- Автомобильде сәйкес ақпаратты тіркейтін диагностикалық және соқтығысты анықтайтын модуль бар. Автомобиль деректерінің жазбалары және құпиялылық ⇨ 12-2 және Оқиға туралы деректерді тіркеуіштер ⇨ 12-3 қараңыз.
- Қауіпсіздік жастығы жүйелеріне қызмет көрсетуге тек білікті механиктерге рұқсат етіледі. Дұрыс емес техникалық қызмет көрсету қауіпсіздік жастығы жүйесінің функциясының бұзылуына әкелуі мүмкін. Техникалық қызмет жөнінде дилерге хабарласқан жөн.

Жолаушыларды анықтау жүйесі



Алдыңғы жолаушы орындығы жолаушылардың болуын анықтау жүйесімен жабдықталған. Тұтандыру қосылған кезде, жоғарғы консольде жолаушының қауіпсіздік жастығы күйінің индикаторы көрсетіледі.
Жүйені тексеру кезінде қосу және өшіру таңбалары көрсетіледі. Жүйені тексеру аяқталған кезде тек қосу немесе өшіру индикаторы жанып тұрады. Жолаушының қауіпсіздік жастығы күйінің индикаторы ⇨ 4-23 қараңыз.
Кейбір жағдайларда жолаушылардың болуын анықтау жүйесі алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастықшасын өшіруі мүмкін. Жолаушы болуын анықтау жүйесі басқа қауіпсіздік жастықшаларына әсер етпейді.
Жолаушының болуын анықтау жүйесі алдыңғы бүйірдегі жолаушының орындығы мен қауіпсіздік белдігінде орнатылған қадағалардан сигналдар алады. Қадағалар дұрыс отырған жолаушыны анықтау және жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы іске қосылуы керек немесе жоқ екенін анықтау үшін қолданылады.
Статистикаға сәйкес, балалар өздерінің салмағы мен бойына сәйкес келетін, артқы орындыққа орнатылған балаларды ұстап тұрушы құрылғыда тиісті түрде бекітілген болса, қауіпсіздікте болады.
12 жасқа дейінгі балалар мүмкіндігінше артқы орындықта бекітілген болуы керек.

Алдыңғы жолаушы орындығына артқа қаратылған балалар орындығын орнатуға болмайды. Артқы жаққа қарап отырған балаға қауіпсіздік жастығы іске қосылған жағдайда үлкен қауіп төнеді.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы ашылған кезде артқы жаққа қаратылған балаларды ұстап тұрушы құрылғыда отырған баланы ауыр немесе тіпті өлімге себеп болатындай жарақаттауы мүмкін. Артқы жаққа қаратылған балаларды ұстап тұрушы құралғының артқы жағы қауіпсіздік жастықшасына тым жақын орналасқан. Егер алдыңғы жолаушы орындығы аспаптар панеліне тым жақын етіп жылжытылған болса, алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастықшасы ашылған кезде алға қаратылған балаларды ұстап тұрушы құрылғыда отырған бала ауыр немесе тіпті өлімге себеп болатын жарақаттар алуы мүмкін.
Тіпті егер жолаушының болуын анықтау жүйесі жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығын ажыратса да, жаңылу мүмкіндігін шектеуге болмайды. Тіпті егер қауіпсіздік жастығы өшірілген болса да, оның ерекше жағдайларда іске қосылмайтынына ешкім кепілдік бере алмайды.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Тіпті егер қауіпсіздік жастығы өшірілген болса да, балаларды ұстап тұрушы құрылғыны алдыңғы орындыққа артқа қаратып орнатуға тыйым салынады. Алдыңғы бүйірдегі жолаушы орындығына балаларды ұстап тұрушы құрылғыны алға қаратып орнатқан кезде, орындықты артқа қарай соңғы қалыпқа жылжытыңыз. Әйтсе де балаларды ұстап тұрушы құрылғыларды артқы орындыққа орнату ұсынылады.
Балаларды ұстап тұрушы құрылғыны артқы орындыққа орнату мүмкін болмаса, баланы тасымалдау үшін басқа көлік құралын пайдалану ұсынылады.

Егер автомобильде артқа қаратылған балаларды ұстап тұрушы құрылғыны орнатуға болатын артқы орындық болмаса, мұндай балаларды ұстап тұрушы құрылғыны қауіпсіздік жастықшасы өшірілген болса да, автомобильге орнатуға болмайды.
Жолаушының болуын анықтау жүйесі келесі жағдайларда алдыңғы бүйірдегі жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастықшасын өшіреді:

- Алдыңғы бүйірдегі жолаушы орындығы бос.
- Жүйе балаларды ұстап тұрушы құрылғының орнатылғанын және оның ішінде баланың барын анықтайды.
- Алдыңғы бүйірдегі жолаушы аз уақытқа орнынан тұрды.

Егер алдыңғы бүйірдегі жолаушының алдыңғы және тізе тұсындағы үрлемелі қауіпсіздік жастығы жолаушының болуын анықтау жүйесімен өшірілген болса, соқтығысу кезінде қауіпсіздік жастығы іске қосылмайтынын еске салатын өшіру индикаторы жанады. Жолаушының қауіпсіздік жастықтары күйінің индикаторы ⇨ 4-23 қараңыз.
Жолаушының болуын анықтау жүйесі алдыңғы бүйірлік жолаушы орындығында дұрыс қалыпта ересек адам отырғанын анықтағаннан кейін, алдыңғы бүйірдегі жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастықшасын қосады.
Егер үрлемелі қауіпсіздік жастығы жолаушылардың болуын анықтау жүйесімен қосылған болса, соқтығыс болған жағдайда қауіпсіздік жастығы ашылмайтынын еске салатын қосу индикаторы жанады.
Кейбір жағдайларда орындыққа балаларды, соның ішінде балаларды ұстап тұрушы құрылғылармен және бойы аласа ересектерді отырғызған кезде, жолаушының болуын анықтау жүйесі отырған адамның қалпы мен дене бітіміне байланысты

алдыңғы қауіпсіздік жастығын қателесіп өшіруі мүмкін. Ешбір санаттағы балаларды ұстап тұрушы құрылғы келмейтін жасөспірімдер орындық қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталғанына немесе жабдықталмағанына қарамастан қауіпсіздік белдіктерін пайдалануы керек.

> ⚠ *ЕСКЕРТУ!*
>
> Егер қауіпсіздік жастығының даярлығының индикаторы жанып, белсенді күйінде қалса, бұл қауіпсіздік жастығы жүйесінде ақау болуы мүмкін екендігін білдіреді. Өзіңізге және басқаларға қауіп төндірмеу үшін дереу арада техникалық қызметке жүгінген жөн. Қауіпсіздікке қатысты қосымша ақпаратты Үрлемелі қауіпсіздік жастығының даярлығының сигналдық лампасы ⇨ 4-22 бөлімінен қараңыз.

Егер балаларды ұстап тұрушы құрылғыны пайдалану кезінде қауіпсіздік жастығының қосылу индикаторы жанып тұрса

Егер орындықта балаларды ұстап тұрушы құрылғыда сәби болса, жолаушының болуын анықтау жүйесі алдыңғы бүйірлік жолаушының алдыңғы және тізе тұсындағы қауіпсіздік жастықшаларын өшіруі керек. Егер балаларды ұстап тұрушы құрылғы орнатылған және қауіпсіздік жастығының белсенді күйінің индикаторы жанып тұрса:

1. Автомобильді өшіріңіз.
2. Автомобильден балаларды ұстап тұрушы құрылғыны алыңыз.
3. Орындықтан барлық қосымша заттарды (көрпе, жастық, тысқап, жылытқыш, массажер, т.б.) алыңыз.
4. Құрылғы өндірушісінің нұсқауларын орындай отырып, балаларды ұстап тұрушы құрылғыны қайта орнатыңыз, сондай-ақ Балалар креслосын орнату (Қауіпсіздік белдігі бар артқы орындық) ⇨ 2-49 немесе Балалар креслосын орнату (Қауіпсіздік белдігі бар алдыңғы жолаушы орындығы) ⇨ 2-50 қараңыз.

Балаларды ұстап тұрушы құрылғыны орнатқан кезде, белдіктің иық тармағын тартыңыз және балаларды ұстап тұрушы құрылғы қауіпсіздік белдігінің бұғаттамасымен жабдықталған болса да, қауіпсіздік белдігі кергішінің инерциялық шарғысының бұғатталғанына көз жеткізіңіз. Инерциялық шарғының ілікті механизмі іске қосылғаннан кейін белдікті қатайтуға болады, бірақ босатуға болмайды.

5. Балаларды ұстап тұрушы құрылғыны орнатып, автомобильді іске қосқаннан кейін индикатор жанып тұрса, автомобильді қайта сөндіру керек. Содан кейін арқалықты сәл еңкейтіп, орындық жастығын (егер ол реттелетін болса) арқалық балаларды ұстап тұрушы құрылғыны орындық жастығына басып тұрмайтындай етіп реттеңіз. Сондай-ақ, балаларды ұстап тұрушы құрылғының бас тіреуіштің астында қысылып қалмауын қадағалау керек. Егер бұл орын алса, бас тіреуіштің қалпын реттеу керек. Бас тіреуіштер ⇨ 2-2 қараңыз.
6. Қозғалтқышты қайта іске қосыңыз.

Балаларды ұстап тұрушы құрылғыдағы баланың дене бітіміне байланысты, кейде жолаушыны анықтау жүйесі алдыңғы қауіпсіздік жастығын қателесіп өшіруі мүмкін.

Әйтсе де балаларды ұстап тұрушы құрылғыларды артқы орындыққа орнату ұсынылады. Артқы орындыққа балаларды ұстап тұрушы құрылғыны орнату мүмкін болмаса, баланы тасымалдау үшін басқа көлік құралын пайдалану ұсынылады. Қосулы жастық индикаторы сөніп тұрса да, алдыңғы орындыққа артқы жаққа қаратылатын балаларды ұстағыш құрылғыны орнатпаңыз.

Егер орындықта дене бітімі ересек адамдыкіндей жолаушы отырғанда қауіпсіздік жастығының өшірлі күйінің OFF индикаторы жанып тұрса.



Алдыңғы орындықта дене бітімі ересек адамдыкіндей жолаушы болған кезде, қауіпсіздік жастығының өшірілу индикаторы адам өз орнында дұрыс отырмағандықтан жанып тұруы мүмкін. Жүйе алдыңғы бүйірлік орындықта жолаушының болуын дұрыс анықтай алуы және алдыңғы қауіпсіздік жастығын іске қосуы үшін келесі қадамдарды орындаңыз:

1. Автомобильді өшіріңіз.
2. Орындықтағы барлық қосымша заттарды (көрпе, жастық, тысқап, жылытқыш, массажер, т.б.) алыңыз.
3. Орындықтың арқылығын тік күйге келтіріңіз.
4. Жолаушының орындықта тік отыруын, аяқтарын ыңғайлы қалыпта созып, жастықтың ортасына отыруын сұраңыз.
5. Қозғалтқышты қайта іске қосыңыз және индикатор жанғаннан кейін жолаушыдан екі-үш минутқа орнында қалуын сұраңыз.

> ⚠ *ЕСКЕРТУ!*
>
> Алдыңғы бүйірдегі жолаушының қауіпсіздік жастығы дене бітімі ересек адамдыкіндей жолаушы үшін ажыратылған болса, соқтығысқан жағдайда қауіпсіздік жастығы іске қосылмайды және сол жолаушыны қорғай алмайды, бұл ауыр жарақат алу қаупін арттыруы мүмкін немесе өлімге әкеліп соғуы мүмкін. Дене бітімі ересек адамдыкіндей жолаушыға жолаушының қауіпсіздік жастықшасын өшіру индикаторы жанып тұрған кезде алдыңғы бүйірдегі жолаушы орындығына отырмаған жөн.

Жүйенің жұмысына әсер ететін басқа факторлар

Қауіпсіздік белдіктері маневр жасау және тежелу кезінде жолаушыны дұрыс қалыпта ұстап қалуға көмектеседі, соның арқасында жолаушыларды анықтау жүйесі қауіпсіздік жастықшасын өшірмейді. Балаларды ұстап тұрушы құрылғыларды дұрыс пайдалану туралы маңызды қосымша ақпаратты Нұсқағыштағы «Қауіпсіздік белдіктері» және «Балаларды ұстап тұрушы құрылғылар» бөлімдерінен қараңыз.

Қосымша заттар (көрпе, жастық, тысқап, жылытқыш, массажер және т.б.) жолаушыларды анықтау жүйесінің жұмысына әсер етуі мүмкін. GM мақұлдағаннан тысқаптарды және басқа керек-жарақтарды пайдалану ұсынылмайды.

Өзгерістердің жүйенің жұмыс істеуіне әсері туралы қосымша ақпаратты Қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған автомобильде қосымша жабдықты орнату ⇨ 2-35 бөлімінен қараңыз.

Бос орындықта портфель, сөмке, азық-түлік салынған пакет, ноутбук немесе басқа электрондық құрылғы болған кезде қауіпсіздік жастығының қосылу индикаторы жануы мүмкін. Бұл ұнамсыз болса, затты орындықтан алып тастаған жөн.

> ⚠ *ЕСКЕРТУ!*
>
> Жолаушылар орындығының астындағы және сол орындықтың жастығы мен арқалығы арасындағы заттар да жолаушыны анықтау жүйесінің жұмысын бұзуы мүмкін.

Қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған автомобильге қызмет көрсету

Қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған автомобильдер ерекше қызмет көрсетуді талап етеді. Қауіпсіздік жастығы жүйесінің құрамдас бөліктері автомбильдің әртүрлі бөліктерінде орнатылған. Қауіпсіздік жастығы жүйесіне қызмет көрсету туралы ақпаратты дилерден немесе тиісті нұсқаулықты қарау арқылы алуға болады.

> ⚠ *ЕСКЕРТУ!*
>
> Автомобиль өшірілгеннен кейін және аккумулятор ажыратылғаннан кейін 10 секунд ішінде қате әрекет болған жағдайда қауіпсіздік жастығы іске қосылып кетуі мүмкін. Қауіпсіздік жастығының жанында тұрған адам жарақат алуы мүмкін. Сары жалғағыштармен жұмыс жасаудан аулақ болу керек. Олардың қауіпсіздік жастықтары жүйесіне жату ықтималдылығы жоғары. Техникалық қызмет көрсететін адам қажетті біліктілік деңгейіне ие болуы керек және ұсынылған процедураларды сақтауы керек.

Қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған автомобильге қосымша жабдық орнату

Автомобильдің жақтауына, бамперлеріне, алдыңғы немесе бүйірлік панельдеріне өзгеріс енгізетін немесе оның биіктігін өзгертетін қосымша жабдық орнату үрлемелі қауіпсіздік жастықтары жүйесінің жұмысын бұзуы мүмкін.

Қауіпсіздік жастығы жүйесінің жұмысына келесі құрамдастардың кез келгеніне дұрыс жөндеу және ауыстыруды қоса алғанда, өзгерістер әсер етуі мүмкін:

- Қауіпсіздік жастықтарының жүйесі, оның ішінде қауіпсіздік жастықтарының модульдері, алдыңғы және бүйірлік соққы қадағалары, тіркеу және диагностикалық модульдер, қауіпсіздік жастықтарының сымдары, алдыңғы орталық консоль.
- Алдыңғы орындықтар, соның ішінде тігімдер, тігістер немесе сыдырма түймеліктер
- Қауіпсіздік белдіктері
- Руль дөңгелегі, аспаптық панель, төбелік консоль, төбенің әрлемесі немесе тағанның сәндік әрлемесі
- Ішкі есік тығыздағыштары, соның ішінде динамиктер

Өз дилеріңізден және техникалық қызмет көрсету нұсқаулығынан автомобильдегі қауіпсіздік жастығы модульдері мен қадағаларының, тіркеу және диагностика модулінің және қауіпсіздік жастығы сымдарының орналасуы және оларды ауыстырудың тиісті тәртібі туралы ақпаратты таба аласыз.

Сонымен қатар, автомобиль орындыққа кіріктірілген қадағалардың сигналдарын қолданатын алдыңғы бүйірлік жолаушыны анықтау жүйесімен жабдықталған. Жолаушыларды анықтау жүйесінің жұмысы орындықтың түпнұсқалық әрлемесін басқа өндірушінің жабынымен, қаптау материалымен немесе әрлемесімен; немесе GM жабынымен немесе әрлемесімен, басқа автомобиль модельдеріне арналған қаптау материалымен немесе әрлеумесімен ауыстыру кезінде бұзылуы мүмкін.

Кез келген керек-жарақтар, мысалы, қосымша орындық жылытқыш, ыңғайлылықты арттыратын төсем немесе орындық қаптамасына немесе оның астына орнатылған басқа құрылғы жолаушыларды анықтау жүйесінің жұмысына кедергі келтіруі мүмкін. Бұл жолаушы жақтағы қауіпсіздік жастықтарының дұрыс ашылуын және/немесе жолаушыны анықтау жүйесінің қауіпсіздік жастықтарын өшіру функциясын бұзуы мүмкін. Жолаушыларды анықтау жүйесі ⇨2-31 қараңыз.

Төбенің бойлық сырығындағы қауіпсіздік жастықтары туралы қосымша ақпаратты Басқа өлшемдегі шиналар мен дөңгелектер ⇨ 9-46 бөлімінен қараңыз.

Егер автомобиль мүмкіндігі шектеулі пайдаланушыға бейімдеу үшін немесе басқа себептермен түрлендірілуі керек болса, өз дилеріңізден бұл өзгерістердің қауіпсіздік жастықтары жүйесінің жұмысын бұзатын-бұзбайтындығы туралы кеңес алыңыз.

Қауіпсіздік жастығы жүйесін тексеру

Қауіпсіздік жастықтары жүйесі жоспарлы техникалық қызмет көрсетуді немесе ауыстыруды қажет етпейді. Қауіпсіздік жастығының даярлығының индикаторы жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз. Үрлмелі қауіпсіздік жастықтарының даярлығының сигналдық лампасы ⇨ 4-22 қараңыз.

⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*

Егер қауіпсіздік жастығының жабыны бұзылған, зақымдалған немесе ашық болса, жастық дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Қауіпсіздік жастығының жабынын ашуға немесе зақымдауға болмайды.

Қауіпсіздік жастықтарының жабындары ашық немесе зақымдалған болса, оны немесе барлық қауіпсіздік жастығы модулін ауыстыру керек. Қауіпсіздік жастықтарының орны Қауіпсіздік жастықтары қайда орналасқан? бөлімінде ⇨2-27. Техникалық қызмет көрсету үшін дилерге хабарласқан жөн.

Соқтығысқаннан кейін қауіпсіздік жастығының құрамдас бөліктерін ауыстыру

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Автомобиль соқтығысқан кезде қауіпсіздік жастығының жүйелері зақымдалуы мүмкін. Зақымдалған қауіпсіздік жастығы жүйесі апат болған жағдайда жүргізушінің және жолаушылардың тиісті қорғанысын қамтамасыз ете алмайды және ауыр немесе тіпті өлімге әкелетін жарақаттарға себеп болуы мүмкін. Қауіпсіздік жастығы жүйесінің дұрыс жұмыс істейтініне сенімді болу үшін соқтығысқаннан кейін оны техникалық қызмет көрсету қызметкерлері тексеруі керек және қажет болған жағдайда зақымдалған бөлшектерді ауыстыру керек.

Қауіпсіздік жастығы іске қосылғаннан кейін оның құрамдас бөліктерін ауыстыру талап етіледі. Техникалық қызмет жөнінде дилерге хабарласқан жөн.

Егер қауіпсіздік жастығының даярлығының индикаторы сөнбесе немесе қозғалыс кезінде қосылса, қауіпсіздік жастығы жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Тез арада техникалық қызметке жүгінген жөн. Үрлемелі қауіпсіздік жастықтарының даярлығының сигналдық лампасы ⇨ 4-22 қараңыз.

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕЛЕРІ

Үлкен жастағы балалар



Арнайы жоғарылатқыш орындықтарда отырмайтын үлкен жастағы балалар автомобильдің қауіпсіздік белдіктерін пайдалануы керек.

«Қауіпсіздік белдіктерін қалай дұрыс қолдану керек ⇨ 2-19» қараңыз.

Қосымша жастық өндірушінің нұсқаулығында баланың салмағы мен бойына қатысты шектеулер көрсетілген. Балаға тізеден және иықтан өтетін қауіпсіздік белдіктері бар қосымша жастықты пайдалану қажет пе, жоқ па, оны келесі тест арқылы анықтауға болады:

- Арқаңызды орындықтың арқалығына тіреп отыру керек. Тізеңіз орындықтың дәл шетінде бүгіліп тұр ма? Егер иә болса,

жалғастырыңыз. Егер олай болмаса, қосымша жастықты пайдалану керек.

- Бел-иық қауіпсіздік белдігін бекітіңіз. Иық белдігі иық үстіне жата ма? Егер иә болса, жалғастырыңыз. Егер бала бұл тексерістен өтпесе, жоғарылатқыш балалар орындығын пайдалану керек.
- Белден өтетін белдік белден төмен аймақта қатты жанасып, жамбасқа сәл тиіп тұр ма? Егер иә болса, жалғастырыңыз. Егер олай болмаса, қосымша жастықты пайдалану керек.
- Қауіпсіздік белдігінің дұрыс орналасуын бүкіл жол жүру кезінде сақтау мүмкін бе? Егер иә болса, жалғастырыңыз. Егер олай болмаса, қосымша жастықты пайдалану керек.

Q: Қауіпсіздік белдіктерін қалай дұрыс пайдалану керек?

A: Үлкен жастағы балалар тізе-иық қауіпсіздік белдігін пайдалануы керек, бұл ретте иық белдігі дене қозғалысын қосымша шектеуі керек. Иық белдігі бет немесе мойын деңгейінде өтпеуі керек. Бел белдігі белден төмен аймақта денеге қатты жанасып, жамбасқа жеңіл тиіп тұруы керек. Соқтығыс болған жағдайда жүк жамбас сүйектеріне түседі.

Белдік ешқашан іштің үстінде болмауы керек, өйткені соқтығысу кезінде ол ауыр немесе тіпті өлімге әкелетін жарақаттарға себеп болуы мүмкін.

Статистикаға сәйкес, балалар артқы орындықтағы ұстағыш құрылғыға тиісті түрде бекітілген жағдайда қауіпсіздікте болады.

Қауіпсіздік белдігін тақпаған балалар апат кезінде автомобильден ұшып кетуі немесе басқа адамдарға соғылуы мүмкін. Үлкен жастағы балалар қауіпсіздік белдіктерін дұрыс пайдалануы керек.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Бір белдікпен бірнеше баланы бекітуге рұқсат етілмейді. Бұл жағдайда белдік соқтығысқан кезде туындайтын күштерді дұрыс тарата алмайды. ЖКО орын алған жағдайда олар бір-бірімен соқтығысып, ауыр жарақат алуы мүмкін. Әр қауіпсіздік белдігін бір уақытта бір адам ғана пайдалана алады.



⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Балаларды қауіпсіздік белдігімен оның иық тармағын баланың екі қолының астынан немесе артынан өткізіп бекітуге тыйым салынады. Егер бала белдік-иық қауіпсіздік белдігімен тиісінше бекітілмесе, ол ауыр жарақат алуы мүмкін. Апат болған жағдайда иық белдігі баланың орнынан жылжуын шектей алмайды. Баланың алға қарай қатты жылжуы баланың басына немесе мойнына зақым келуіне себеп болуы мүмкін. Бала сонымен қатар белден өтетін белдіктің астынан сырғып кетуі мүмкін. Бұл жағдайда күш ішке түседі.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

бұл ауыр немесе тіпті өлімге себеп болатын жарақаттарға әкелуі мүмкін. Иықтан өтетін белдік иық және кеуде арқылы өтуі керек.



Кішкентай балалар мен сәбилер

Автомобильдегі барлық адамдар қорғалуы керек! Бұл кішкентай балалар мен сәбилерге де қатысты. Қауіпсіздік жүйелерін жасына, бойына және жол жүру қашықтығына қарамастан әр адам қолдануы керек.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Қауіпсіздік белдігі балалардың артында, аяқтарының астында болса немесе мойынына оралған болса, олар ауыр жарақат алуы немесе тіпті өліп кетуі мүмкін. Инерциялық шарғы белдіктің оңай тартылуына мүмкіндік береді, алайда ол бұғаттаулы кезде белдікті босату мүмкін емес. Қауіпсіздік белдігінің иық тармағын инерциялық шарғыдан оның толық ұзындығына дейін тартып алған кезде, шарғының тіреуіш механизмі іске қосылады. Егер белдікті босатып, оның еркін тартылуына мүмкіндік берсе, шарғының бұғаты ашылады, бірақ белдік баланың мойнына оралып тұрған кезде мұны істеу мүмкін емес. Балаларды автомобильде бақылаусыз қалдыруға және олардың қауіпсіздік белдіктерімен ойнауына немесе қате тағуына жол беруге тыйым салынады.

Автомобильде кішкентай балалар мен сәбилер тасымалданғанда, әркез арнайы балалар креслосы пайдаланылуы керек. Автомобильдің қауіпсіздік жастықтары жүйесі де, қауіпсіздік белдіктері жүйесі де кішкентай балалар мен сәбилерге арналмаған.

Дұрыс бекітілмеген балалар апат кезінде автомобильден ұшып кетуі немесе басқа адамдарға соғылуы мүмкін.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Автомобильде қозғалғанда кішкентай баланы немесе нәрестені қолыңызда ұстауға болмайды. Соқтығысу кезінде үлкен күштер туындайды және баланы ұстау мүмкін болмайды.

Мысалы, соқтығысу 40 км/сағ (25 миль/сағ) жылдамдықта орын алса, салмағы 5,5 кг (12 фунт) бала жолаушының қолына 110 кг (240 фунт) күш түсіреді. Бала өзінің жасына сәйкес келетін ұстағыш құрылғыға бекітілуі керек.



⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Қауіпсіздік жастығының үстінде немесе оған өте жақын отырған балалар ол іске қосылған кезде ауыр немесе тіпті өлімге себеп болатын жарақаттар алуы мүмкін. Алдыңғы жолаушы орындығына балаларды ұстағыш құрылғыны артқа қаратып орнатуға тыйым салынады. Артқа қаратылатын балаларды ұстағыш құрылғыны артқы орындыққа бекіткен жөн. Алға қаратылған балаларды ұстағыш құрылғыны да артқы орындыққа орнату ұсынылады. Алдыңғы жолаушының орындығына балаларды ұстағыш құрылғыны қозғалыс бағыты бойынша орнатқан кезде, орындықты артқа қарай соңғы қалыпқа жылжыту керек.
Егер екінші қатардағы орталық орындықта балаларды ұстағыш құрылғы орнатылған болса, алдыңғы орталық қауіпсіздік жастығымен жанасуды барынша азайту үшін екінші қатардағы орындықты мүмкіндігінше артқа қарай жылжытыңыз.



Балаларға арналған қауіпсіздік жүйесі балаларды автомбильде отырған күйінде немесе басқа қалыпта ұстайтын құрылғылардан тұрады. Кейде оларды балалар орындығы немесе автомобиль креслолары деп атайды.

Балалардың қауіпсіздік жүйелері үш негізгі типке бөлінеді:
- Қозғалыс бағыты бойынша орнатылған балаларға арналған автомобиль креслолары
- Қозғалыс бағытына қарсы орнатылған балаларды ұстағыш құрылғылар
- Қосымша жастықтары мен стандартты қауіпсіздік белдіктері бар орындықтар

Балаларды ұстағыш құрылғы нақты баланың бойына, салмағына және жасына, сондай-ақ ол орнатылған автомбильмен үйлесімділігіне сәйкес таңдалады.

Барлық типтегі балаларды ұстағыш құрылғылардың көптеген модельдері бар. Балаларды ұстағыш құрылғыны сатып алғанда, оның автомобильде пайдалануға арналғанына көз жеткізу керек.
Балаларды ұстағыш құрылғының нұсқауларында оған отырғызуға болатын баланың салмағы мен бойы көрсетіледі. Сонымен қатар, ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған ұстағыш құрылғылардың көптеген түрлері бар.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Апат кезінде мойын немесе бас жарақатын алу ықтималдығын азайту үшін кішкентай балалар мен төстегі балалар екі жасқа толғанға дейін немесе олардың бойы мен салмағы аталған құрылғының шекті шамаларынан аспайынша, артқа қаратылған балаларды ұстап тұрушы құрылғыға отырғызылады.


⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Кішкентай баланың жамбас сүйектері әлі кішкентай, сондықтан штаттық қауіпсіздік белдігі жамбас сүйектерінде қажетті төмен қалыпта бола алмайды. Оның орнына белдік баланың ішінің үстінде тұрады. Соқтығысқан кезде белдік күштерді сүйектермен қорғалмаған дене бөлігіне түсіреді,

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

бұл ауыр немесе тіпті өлімге себеп болатын жарақаттарға әкелуі мүмкін. Жарақат алу қаупін азайту үшін әрқашан балаға сәйкес келетін балалар креслосы пайдаланылуы керек.

Балаларды ұстағыш құрылғыларды орнатуға болатын орындар



Қозғалыс бағытына қарсы орнатылатын автобесік


Артқы жаққа қаратылған балаларды ұстап тұрушы құрылғы баланы алға жылжудан сақтайды және оның арқасына тірек болады.

Белдіктердің көмегімен баланың, соның ішінде апат кезінде креслодағы қалпы сақталады.



Қозғалыс бағыты бойынша орнатылатын балаларды ұстағыш құрылғы

Қозғалыс бағыты бойынша орнатылатын балалардың ұстағыш құрылғы баланы белдіктердің көмегімен алға жылжытудан сақтайды.



Жастық (бустер)

Қосымша жастықтары мен стандартты қауіпсіздік белдіктері бар орындықтар қозғалыс бағыты бойынша орнатылатын балаларды ұстағыш құрылғылардан өсіп кеткен балаларға арналған.

Қосымша орындықтар бала қауіпсіздік белдіктерін қосымша жастықсыз пайдалану үшін жеткілікті шекке дейін өспегенше автомобильдің стандартты қауіпсіздік белдіктерін балаға бейімдеуге мүмкіндік береді. Қауіпсіздік белдіктерінің қиыстырылуын тексеру туралы ақпаратты Үлкен жастағы балалар ⇨ 2-36 бөлімінен қараңыз.

Автомобильге қосымша балаларды ұстап тұрушы құрылғыны орнату

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Егер балалар креслосы автомобильге дұрыс бекітілмеген болса, бала ауыр немесе тіпті өлімге әкелетін жарақаттар алуы мүмкін. Өндірушінің нұсқаулары мен осы нұсқаулықта берілген нұсқауларды орындай отырып, қауіпсіздік белдігінің көмегімен бала ұстағыш құрылғыны тиісті түрде бекіту керек.

Жарақат алу қаупін азайту үшін автомобильде бала ұстағыш құрылғы орнатылуы қажет.

Балаларды ұстап тұрушы құрылғылар орындықтарға белден өтетін қауіпсіздік белдігімен немесе үш нүктелі қауіпсіздік белдігінің бел тармағымен бекітілуі керек. Егер балалар креслосы автомобильде дұрыс бекітілмеген болса, бала апат кезінде жарақат алуы мүмкін.

Автомобильге баланы ұстап тұрушы құрылғыны орнатқан кезде нұсқаулармен салыстырып тексеріңіз. Ол үшін мыналарды тексеріңіз:

1. Балаларды ұстап тұрушы құрылғыдағы нұсқаулар жазылған жапсырмалар
2. Балаларды ұстап тұрушы құрылғыға арналған нұсқаулар
3. Автомобильді пайдалану жөніндегі осы нұсқаулық

Балаларды ұстап тұрушы құрылғыға қатысты нұсқаулар өте маңызды, сондықтан олар жоғалған жағдайда өндірушіден олардың көшірмесін алу қажет.

Есіңізде болсын, бекітілмеген балаларды ұстап тұрушы құрылғы соқтығысқанда немесе кенет тоқтаған кезде жылжып кетуі және автомобильдегі адамдарды соғуы мүмкін. Автомобильде бала болмаса да, балаларды ұстап тұрушы құрылғы көлікте тиісінше бекітілуі керек.

Баланы балаларды ұстап тұрушы құрылғыда бекіту

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Балалар креслосына дұрыс бекітілмеген бала соқтығысқан жағдайда ауыр немесе тіпті өлімге әкелетін жарақаттар алуы мүмкін. Балалар креслосына қоса берілген нұсқаулықтағы нұсқауларды орындай отырып, баланы тиісінше бекіту керек.

Балалар креслосын қайда орнату керек

Статистикаға сәйкес, балалар мен сәбилер, артқы орындыққа орнатылған балаларды ұстап тұрушы құрылғыға тиісінше бекітілген болса, анағұрлым қауіпсіздікте болады.

12 жасқа дейінгі балалар мүмкіндігінше артқы орындықта бекітілген болуы керек.

Автокөлік жүргізуші отырғышының ішкі жағында орналасқан алдыңғы орталық қауіпсіздік жастығымен жабдықталған. Тіпті алдыңғы орталық қауіпсіздік жастығы болса да, екінші қатардағы орындықтардың кез келген жерінде баланы ұстап тұрушы құрылғыны орнатуға болады.

⚠ *ҚАУІП!*

Баланың АУЫР ЖАРАҚАТ АЛУ немесе ӨЛІП КЕТУ қаупі бар болғандықтан алдында БЕЛСЕНДІРІЛГЕН ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫ болған кезде баланы ұстап тұрушы құрылғыны орындықтың үстіне орнатуға ҚАТАҢ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!

⚠ *ҚАУІП!*

Алдыңғы жолаушы орындығында бала ұстағыш құрылғыны пайдаланған кезде, алдыңғы жолаушы орындықтарына арналған үрлемелі қауіпсіздік жастықтарының жүйелері өшірілуі керек; егер бұл орындалмаса, үрлемелі қауіпсіздік жастықтары іске қосылған кезде балаға өлім қаупін тудырады.
Бұл, әсіресе, алдыңғы жолаушының орындығында артқа қаратылған бала ұстағыш құрылғы қолданылса, әділ.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Алдыңғы қауіпсіздік жастығы ашылған кезде, артқа қаратылған бала ұстағыш құрылғыда отырған бала ауыр немесе тіпті өлімге әкелетін жарақат алуы мүмкін. Артқа қаратылған бала ұстағыш құрылғының артқы жағы қауіпсіздік жастығына тым жақын орналасқан. Егер алдыңғы жолаушының орындығы аспаптар панеліне тым жақын жылжытылғае болса, алдыңғы қауіпсіздік жастығы ашылған кезде, алға қаратылған бала ұстағыш құрылғыдағы отырған бала ауыр немесе тіпті өлімге әкелетін жарақат алуы мүмкін.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Тіпті егер алдыңғы қауіпсіздік жастығын жолаушыны анықтау жүйесі өшірсе де, жүйенің жаңылмайтынына кепілдік беру мүмкін емес - ерекше жағдайлар болған кезде қауіпсіздік жастығы өшірілген болса да ашылуы мүмкін.
Артқы жаққа қаратылған балалар орындығын қауіпсіздік жастығы өшірілген болса да, тек артқы орындыққа орнатқан жөн. Егер алдыңғы жолаушы орындығына алға қаратылған бала ұстағыш құрылғы орнатылған болса, орындық толығымен артқа жылжытылуы керек.
Сонда да балаларды ұстап тұрушы құрылғыны артқы орындыққа орнату ұсынылады.
Қосымша ақпаратты Жолаушыларды анықтау жүйесі ⇨ 2-31 бөлімінен қараңыз.
Егер екінші қатардағы орталық орындықта балаларды ұстағыш құрылғы орнатылған болса, алдыңғы орталық қауіпсіздік жастығымен жанасуды барынша азайту үшін екінші қатардағы орындықты мүмкіндігінше артқа қарай жылжытыңыз.



Балаларды ұстап тұрушы құрылғыны қауіпсіздік белдіктерінің көмегімен артқы орындыққа бекітпес бұрын, оның сол автомобильмен үйлесімді екеніне көз жеткізу үшін өндірушінің нұсқауларымен танысып шығу керек. Қосымша жастықтар мен балалар креслосы әр түрлі өлшемде болады және олардың кейбіреулері басқаларына қарағанда белгілі бір қалыптар үшін анағұрлым жақсырақ келеді. Артқы орындыққа балаларды ұстап тұрушы құрылғыны мықтап бекіту мүмкін болмаса, оны орнатуға тыйым салынады.
Балаларды ұстағыш құрылғының орналасқан жері мен өлшеміне байланысты оның жанында орналасқан қауіпсіздік белдіктері немесе ISOFIX бекіткіштері басқа жолаушылар немесе балаларды ұстап тұрушы құрылғылар үшін қолжетімді болмауы мүмкін. Егер балалардарды ұстап тұрушы құрылғы қауіпсіздік белдігіне қолжетімділікті шектесе немесе оның дұрыс орналасуына кедергі келтірсе, онда көршілес отыратын орындарды пайдалануға болмайды.

Бала ұстағыш құрылғының алдындағы орындықтың қалпын өндірушінің нұсқауларына сәйкес бала ұстағыш құрылғыны дұрыс бекіту мүмкіндігі қамтамасыз етілетіндей етіп реттеу керек.

Екінші қатардағы реттелетін орындыққа балаларды ұстап тұрушы құрылғыны орнатқан жағдайда, балаларды ұстап тұрушы құрылғының нұсқаулығына сәйкес оның дұрыс шалқайтылғанына көз жеткізу үшін сол орындықты алға немесе артқа жылжытып көру керек. Орындықтың арқалығын көлеу бойынша реттеуге болатын болса, баланы ұстап тұрушы құрылғыны орнатпас бұрын, оны тік қалыпқа келтіру керек.

Баланы ұстап тұрушы құрылғыны орнатқан кезде міндетті түрде өндірушінің нұсқауларын орындап, құрылғыны сенімді бекітіңіз.

Есіңізде болсын, бекітілмеген балаларды ұстап тұрушы құрылғы соқтығысқанда немесе кенет тоқтаған кезде жылжып кетуі және автомобильдегі адамдарды соғуы мүмкін. Автомобильде бала болмаса да, балаларды ұстап тұрушы құрылғы көлікте тиісінше бекітілуі керек.

Балаларды ұстап тұрушы құрылғыны орнату мүмкіндігі

Төменде берілген кестеде балаларды ұстап тұрушы құрылғыны бел-иық белдігімен бекітудің рұқсат етілетін нұсқалары келтірілген.

Отыратын орын									
Орындық қалпының нөмірі	1	2	3	4	5 **Тек бөлінбейтін орындық**	6	7	8	9
Әмбебап бекіткіші бар балаларды ұстап тұрушы құрылғыларды штаттық белдікпен орнатуға рұқсат етілетін отыратын орындар (Иә/Жоқ)	Қолжетімсіз	Қолжетімсіз	X	Иә	Жоқ	Иә	Иә	Жоқ	Иә
i-Size (Иә/Жоқ) бекіткіші бар балаларды ұстап тұрушы құрылғыларды орнатуға рұқсат етілетін отыратын орындар	Қолжетімсіз	Қолжетімсіз	Қолжетімсіз	Иә	Иә	Иә	Қолжетімсіз	Қолжетімсіз	Қолжетімсіз
Балаларды ұстап тұрушы құрылғыларды қозғалыс бағытына перпендикуляр орнатуға рұқсат етілген отыратын орындар (L1/L2)	Қолжетімсіз	Қолжетімсіз	Қолжетімсіз	X	X	X	Қолжетімсіз	Қолжетімсіз	Қолжетімсіз

Қозғалыс бағытына қарсы отырғызу үшін максималды өлшем (ISO R1/R2X/ R2/R3)	Қолжетімсіз	Қолжетімсіз	Қолжетімсіз	R3	R3	R3	Қолжетімсіз	Қолжетімсіз	Қолжетімсіз
Қозғалыс бағыты бойынша отырғызу үшін максималды өлшем (F2X/F2/F3)	Қолжетімсіз	Қолжетімсіз	Қолжетімсіз	F3	F3	F3	Қолжетімсіз	Қолжетімсіз	Қолжетімсіз
Бустерді бекітуге арналған максималды өлшем (B2/B3)	Қолжетімсіз	Қолжетімсіз	Қолжетімсіз	B3	B3	B3	B3	X	B3
Түсінік сөз және ескертпелер									
Қолжетімді емес: бұл модельде ISOFIX бекіткіші бар балалар ұстағыш құрылғысын орнату бұл жерде қарастырылмаған.									
X: бұл салмақ дәрежесі үшін балаларды ұстап тұрушы құрылғыларды пайдалануға жол берілмейді.									


Орын нөмірі	Автомобильдегі орын
1	Алдыңғы сол жақта
2	Алдыңғы ортаңғы орындық
3	Алдыңғы оң жақта
4	Екінші қатардағы сол жақ орындық
5	Екінші қатардағы ортаңғы орындық
6	Екінші қатардағы оң жақ орындық
7	Үшінші қатардағы сол жақ орындық
8	Үшінші қатардағы ортаңғы орындық
9	Үшінші қатардағы оң жақ орындық

ISOFIX ұстап тұрушы құрылғысының өлшем класы мен типі
ISO/F3: Бет жағымен қозғалыс жүрісі бойынша қондырылатын кішкентай балаға арналған толық биіктікті ұстап тұрушы жүйе
ISO/F2: Бет жағымен қозғалыс жүрісі бойынша қондырылатын кішкентай балаға арналған биіктігі кемітілген ұстап тұрушы жүйе
ISO/F2X: Бет жағымен қозғалыс жүрісі бойынша қондырылатын кішкентай балаға арналған биіктігі кемітілген ұстап тұрушы жүйе
ISO/R3: Арқасымен қозғалыс жүрісі бойынша қондырылатын кішкентай балаға арналған толық өлшемді ұстап тұрушы жүйе
ISO/R2: Арқасымен қозғалыс жүрісі бойынша қондырылатын кішкентай балаға арналған кемітілген өлшемді ұстап тұрушы жүйе
ISO/R2X: Арқасымен қозғалыс жүрісі бойынша қондырылатын кішкентай балаға арналған кемітілген өлшемді ұстап тұрушы жүйе
ISO/R1: Арқасымен қозғалыс жүрісі бойынша қондырылатын нәрестеге арналған ұстап тұрушы жүйе
ISO/L1: солға қаратылған бала ұстағыш құрылғы (тасымалды бесік).
ISO/L2: оңға қаратылған бала ұстағыш құрылғы (тасымалды бесік).
B2: ені қысқартылған бустер-жастық (440 мм)
B3: ені стандартты бустер-жастық (520 мм)

ISOFIX бекіту жүйесі бар балаларды ұстап тұрушы құрылғылар



Екінші қатар – капитан креслолары



Екінші қатар – диван 60/40

ISOFIX анкерлері арқалық пен орындық жастықшасының түйіскен жеріне жақын орналасқан және таңбасымен белгіленген.


ISOFIX анкерлері ISOFIX балаларды ұстап тұрушы жүйелерін бекітуге арналған.

Автомобильге байланысты ISOFIX балаларды ұстап тұрушы құрылғыларын орнату орындары «ISOFIX бекіту жүйесі бар балалар креслоларын орнату мүмкіндігі» кестесінде келтірілген. Балалар креслосын қайда орнатуға болады ⇨ 2-41 қараңыз.


Балаларды ұстаушы құрылғыларды ISOFIX анкерлеріне бекіту

1. Балаларды ұстаушы құрылғыны орнату жоспарланып отырған орындыққа қойыңыз.
2. ISOFIX бекіткіштерін балаларды ұстаушы құрылғыларға қоса берілген нұсқауларға сәйкес ISOFIX анкерлеріне бекітіңіз.
3. Балаларды ұстаушы құрылғының орындыққа сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
4. ISOFIX жүйесінің анкерлеріне қоса, балаларды ұстаушы құрылғыны бекіту үшін жоғарғы белдікті (Top-Tether) немесе қосымша төменгі тіреуішті пайдалану керек.

Автомобильдегі Top-Tether бекіткіштері



Екінші қатар – капитан креслолары



Екінші қатар – диван 60/40

Екінші қатар орындықтарындағы Top-Tether бекіткіштері бүйірлік орындықтардың арқалықтарының артқы жағында және ортаңғы орындағы орындық жастығының артқы жағында орналасқан. Top-Tether бекіткіштері әрқашан артқы орындықтармен қиыстырылады және TOP-TETHER таңбасымен белгіленеді.

Үшінші қатардағы орындықтарда балаларды ұстаушы құрылғыларға арналған ISOFIX бекіткіштері жоқ.


Автомобильдің Top-Tether бекіткіштері тек балаларды ұстаушы құрылғыларды бекітуге арналған.

Балаларды ұстаушы құрылғыны Top-Tether анкеріне бекіту тәртібі:


1. Егер балалар креслоларын өндіруші Top-Tether бекіткішін пайдалануды ұсынса, бар болса, оны жоғарғы анкерге бекітіңіз және қатайтыңыз. Балаларды ұстаушы құрылғыны өндірушінің нұсқауларын ескере отырып, мына әрекеттерді орындаңыз:

1.1. Top Tether анкерін табыңыз.


1.2. Top-Tether белдігін балалар креслоларын өндірушінің нұсқауларына және келесі нұсқауларға сәйкес тартыңыз, бекітіңіз және қатайтыңыз:




• Егер орындықтың бас тірегіші болмаса және бір қауіпсіздік белдігі қолданылса, белдікті орындық арқалығы арқылы өткізіңіз.



• Егер орындықта бас тірегіш болмаса және қосарланған қауіпсіздік белдігі қолданылса, белдікті орындық арқалығы арқылы өткізіңіз.



• Егер орындық бекітілген бас тірегішпен жабдықталған болса және бір байламалы белдік пайдаланылса, белдікті бас тірегіштің ішкі жағынан өткізіңіз.



• Егер орындық бекітілген бас тірегішпен жабдықталған болса және бір қосарланған белдік пайдаланылса, белдікті бас тірегіштің екі жағынан да өткізіңіз.
Егер балаларды ұстағыш құрылғы ортаңғы орындықтың жанына орнатылса, Top-Tether жоғарғы белдігінің ортаңғы орындықтың кергішінің/иық қауіпсіздік белдігінің жұмысына кедергі келтірмейтінін тексеріңіз. Кері жағдайда балаларды ұстағыш құрылғыны орнату үшін басқа қолайлы орындықты табыңыз.

2. Балаларды ұстағыш құрылғының Top-Tether бекіткішінің ілгегі толығымен жабылғанына және Top-Tether анкеріне бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Балалар крелосын орнату (Қауіпсіздік белдігі бар артқы орындық)

Автокөлік жүргізуші отырғышының ішкі жағында орналасқан алдыңғы орталық қауіпсіздік жастығымен жабдықталған. Тіпті алдыңғы орталық қауіпсіздік жастығы болса да, екінші қатардағы орындықтардың кез келген жерінде баланы ұстап тұрушы құрылғыны орнатуға болады. Екінші қатардағы орталық орындыққа бала ұстағыш құрылғыны орнатқан кезде, алдыңғы орталық қауіпсіздік жастығымен жанасуды азайту үшін екінші қатардағы орынды мүмкіндігінше артқа сырғытыңыз.

Балаларды ұстап тұрушы құрылғыны қауіпсіздік белдіктерінің көмегімен артқы орындыққа бекітпес бұрын, оның сол автомобильмен үйлесімді екеніне көз жеткізу үшін өндірушінің нұсқауларымен танысып шығу керек. Егер бала ұстағыш құрылығыда ISOFIX бекіту жүйесі болса, ISOFIX көмегімен бекіту орындары мен әдістері туралы нұсқауларды ISOFIX бекіту жүйесі бар бала ұстағыш құрылғылар ⇨ 2-47 бөлімінен қараңыз. Егер балаларды ұстағыш құрылғы автомобильдің қауіпсіздік белдігі мен Top Tether зәкірлі белдігін пайдалану арқылы бекітілсе, TopTether бекіткіштерінің орналасу орындарының сипаттамасын ISOFIX бекіту жүйесі бар бала ұстағыш құрылғылар ⇨ 2-47 бөлімінен қараңыз.

Егер Top Tether анкерін міндетті түрде пайдалану жергілікті немесе ұлттық ережелерде немесе балаларды ұстап тұрушы құрылғыны өндірушінің нұсқауларында көзделсе, балаларды ұстап тұрушы құрылғыны онсыз орнатуға тыйым салынады.

Егер бала ұстағыш құрылғы немесе көліктің отыратын орны ISOFIX жүйесімен жабдықталмаған болса, бала ұстағыш құрылғыны бекіту үшін стандартты қауіпсіздік белдігін пайдалану керек. Балаларды ұстап тұрушы құрылғымен қоса берілген нұсқауларды орындау керек.


Артқы орындыққа балаларды ұстап тұрушы бірнеше құрылғыны орнату қажет болса, Балалар креслосын қайда орнатуға болады ⇨ 2-41 қараңыз.

1. Балаларды ұстап тұрушы құрылғыны орындыққа қойыңыз.
2. Ілмек тілшігінен ұстап, қауіпсіздік белдігінің белдік және иық бөліктерін бала ұстағыш құрылғы арқылы немесе оның айналдыра тартыңыз.

Бекіту әдісі балаларды ұстап тұрушы құрылғыға арналған нұсқаулықта сипатталған.



3. Тілшікті құлыпқа салыңыз, ол бекітілгенде шыртыл естіледі.
Қажет кезінде қауіпсіздік белдігін жылдам шешуге мүмкіндік болу үшін қауіпсіздік белдігін босату түймесін балаларды ұстап тұрушы құрылғыдан шеткері айылбастың үстіне орналастырыңыз.
Бұғаттан босату түймесіне қолжетімділікті балаларды ұстап тұрушы құрылғы жаппауы керек. Балаларды ұстап тұрушы құрылғы түймені басып тұрмауы керек.
4. Балаларды ұстап тұрушы құрылғы жөніндегі нұсқаулықтағы нұсқауларға сәйкес, балаларды ұстап тұрушы құрылғыны автомобильдің стандартты қауіпсіздік белдігімен байлаңыз және бекітіңіз.



5. Инерциялық шарғының бұғатталғанына көз жеткізу үшін белдікті тартып шығаруға тырысып көріңіз. Егер белдік шықса, 4 және 5-т. сипатталған қадамдарды қайталаңыз.
6. Балаларды ұстап тұрушы құрылғыда Top Tether бекіткіші болса, құрылғы өндірушісінің оны пайдалану жөніндегі нұсқауларын қараңыз. ISOFIX бекіту жүйесі бар балаларды ұстап тұрушы құрылғылар ⇨ 2-47 қараңыз.
7. Баланы балаларға арналған ұстап тұрушы құрылғыға отырғызбас бұрын, оның сенімді бекітілгеніне көз жеткізу керек. Балаларды ұстағыш құрылғының бекітілгенін оны әртүрлі бағытта итеру және тарту арқылы тексеріңіз.
Балаларды ұстағыш құрылғыны ал үшін қауіпсіздік белдігін шешіп, оны жиналған күйге қайтару қажет болады. Егер Top Tether бекіткіші анкерге бекітілген болса, оны ажыратыңыз.

Балалар креслосын орнату (Қауіпсіздік белдігі бар алдыңғы жолаушы орындығы)

Автомобильде қауіпсіздік жастықтары бар. Артқы орындық - алға қаратылған бала ұстағыш құрығыны орнату үшін ең қауіпсіз орын. Балалар креслосын қайда орнатуға болады ⇨ 2-41 қараңыз.
Сонымен қатар, автомобиль белгілі бір жағдайларда алдыңғы бүйірлік орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастықшасын өшіретін жолаушының болуын анықтау жүйесімен жабдықталған. Қосымша, соның ішінде қауіпсіздікке қатысты ақпаратты Жолаушыны анықтау жүйесі ⇨ 2-31 және Жолаушының қауіпсіздік жастығының жай-күйінің индикаторы ⇨ 4-23 бөлімінен қараңыз.

⚠ *ҚАУІП!*
Баланың АУЫР ЖАРАҚАТ АЛУ немесе ӨЛІП КЕТУ қаупі бар болғандықтан алдында БЕЛСЕНДІРІЛГЕН ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫ болған кезде баланы ұстап тұрушы құрылғыны орындықтың үстіне орнатуға ҚАТАҢ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!
⚠ *ҚАУІП!*
Алдыңғы жолаушы орындығында бала ұстағыш құрылғыны пайдаланған кезде, алдыңғы жолаушы орындықтарына арналған үрлемелі қауіпсіздік жастықтарының жүйелері өшірілуі керек; егер бұл орындалмаса, үрлемелі қауіпсіздік жастықтары іске қосылған кезде балаға өлім қаупін тудырады. Бұл, әсіресе, алдыңғы жолаушының орындығында

⚠ *ҚАУІП!*

артқа қаратылған бала ұстағыш құрылғы қолданылса, әділ болады.



Егер балаларды ұстап тұрушы құрылғы жоғарғы бекіткіш белдікпен жабдықталған болса, ISOFIX бекіту жүйесі бар балаларды ұстап тұрушы құрылғыларды ⇨ 2-47 оларды бекітетін кронштейнді тауып алыңыз.

Егер Top Tether анкерін міндетті түрде пайдалану жергілікті немесе ұлттық ережелерде немесе балаларды ұстап тұрушы құрылғыны өндірушінің нұсқауларында көзделсе, балаларды ұстап тұрушы құрылғыны онсыз орнатуға тыйым салынады.

Егер балаларды ұстап тұрушы құрылғыны бекіту үшін үш нүктелі қауіпсіздік белдігі қолданылса, балаларды ұстап тұрушы құрылғыны өндірушісінің нұсқауларын ұстаныңыз және келесі нұсқауларды сақтаңыз:

1. Бекітпес бұрын, алға қаратылған бала ұстағыш құрылғыны мүмкіндігінше артқа қарай жылжыту керек. Бала ұстағыш құрылғыны мықтап бекіту үшін қажетіне қарай орындықты аздап көтеріңіз немесе арқалықты тік етіп орнатыңыз.


Бұғаттан босату түймесіне қолжетімділікті балаларды ұстап тұрушы құрылғы жаппауы керек. Балаларды ұстап тұрушы құрылғы түймені басып тұрмауы керек.

Егер сыртқы алдыңғы қауіпсіздік жастығы жолаушының болуын анықтау жүйесімен өшірілсе, тұтандыру қосылған кезде жануы және жолаушының ажыратылған қауіпсіздік жастығының индикаторы жанып тұра беруі керек. Жолаушының қауіпсіздік жастығының күй индикаторы ⇨ 4-23 қараңыз.

2. Балаларды ұстап тұрушы құрылғыны орындыққа қойыңыз.

3. Ілмек тілшігінен ұстап, қауіпсіздік белдігінің белдік және иық бөліктерін бала ұстағыш құрылғы арқылы немесе оның айналдыра тартыңыз.

Бекіту әдісі балаларды ұстап тұрушы құрылғыға арналған нұсқаулықта сипатталған.




Қажет болса, белдіктің ұзындығын реттеу үшін құлыпты бір бүйірге еңкейтіңіз.



4. Тілшікті құлыпқа салыңыз, ол бекітілгенде шыртыл естіледі.
Қажет кезінде қауіпсіздік белдігін жылдам шешуге мүмкіндік болу үшін қауіпсіздік белдігін босату түймесін балаларды ұстап тұрушы құрылғыдан шеткері айылбастың үстіне орналастырыңыз.



5. Қауіпсіздік белдігінің иық тармағын инерциялық шарғыдан тіреуіш механизм іске қосылғанға дейін толығымен тартып шығарыңыз. Инерциялық шарғының ілікті механизмі іске қосылғаннан кейін белдікті қатайтуға болады, бірақ босатуға болмайды.



6. Баланы ұстап тұрушы құрылғыны төмен басып, белдікті тартыңыз. Белдіктің белден өтетін бөлігін қатайту үшін оның иық бөлігін тартыңыз және иық белдігінің салбырап тұрған бөлігінің кергішке қайта кіруіне мүмкіндік беріңіз.
Басқыш түйме мен бала ұстағыш құрылғының арасында саусақтың еніндей саңылау болуы керек. Басқыш түйме мен бала ұстағыш құрылғы арасында саңылау болмаған кезде, орындықты алға жылжытып, жоғарыда көрсетілген орнату әрекеттерін қайталаңыз. Кері жағдайда балаларды ұстағыш құрылғыны артқы орындыққа бекітіңіз.

Алға қараған бала ұстағыш құрылғыны орнатқанда, оны төмен қарай басып, белдікті тарту үшін тізені пайдалануға болады.
Инерциялық шарғының бұғатталғанына көз жеткізу үшін белдікті тартып шығаруға тырысып көріңіз. Егер белдік тартылса, 5 және 6-тармақтарда сипатталған әрекеттерді қайталаңыз.
7. Баланы балаларға арналған ұстап тұрушы құрылғыға отырғызбас бұрын, оның сенімді бекітілгеніне көз жеткізу керек. Балаларды ұстағыш құрылғының бекітілгенін оны әртүрлі бағытта итеру және тарту арқылы тексеріңіз.
Қауіпсіздік жастығы өшірілген болса, жолаушыға арналған орындағы қауіпсіздік жастығы күйінің сәйкес индикаторы жанады және қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін сөнбейді.
Егер бала ұстағыш құрылғыны орнатқаннан кейін қауіпсіздік жастығының белсенді күйінің индикаторы жанып тұрса, қосымша ақпаратты Жолаушыны анықтау жүйесі «Егер бала ұстағыш құрылғыны пайдаланған кезде қосулы қауіпсіздік жастығының индикаторы жанып тұрса» ⇨ 2-31 бөлімінен қараңыз.
Балаларды ұстағыш құрылғыны ал үшін қауіпсіздік белдігін шешіп, оны жиналған күйге қайтару қажет болады.


3 САҚТАУҒА АРНАЛҒАН ОРЫН

- ЗАТ САЛАТЫН ЖӘШІКТЕР..... 3-2
- ЗАТТАРДЫ САҚТАУҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША МҮМКІНДІКТЕР 3-5
- ТӨБЕ ОРНАТЫЛҒАН ЖҮКСАЛҒЫШ..... 3-5

ЗАТ САЛАТЫН ЖӘШІКТЕР

> ⚠ *ЕСКЕРТУ!*
>
> Зат сақтауға арналған бөлімдерде ауыр немесе өткір заттарды сақтамаңыз. Апат кезінде зат сақтау бөлімінің қақпағы ашылып кетуі, ал аталған заттар жолаушыларды жарақаттауы мүмкін.

Аспаптар панеліндегі жәшік




Аспаптар панелінде ұсақ заттарды сақтауға арналған бөлім қарастырылған.
Оны ашу үшін түймені басып, қақпақты орныққанға дейін сырғытыңыз.
Жабу үшін түймені басыңыз және босатыңыз. Есік автоматты түрде жабылады.

Қолғап жәшігі

Қақпағын ашу үшін заттарға арналған бөлімінің тұтқасын жоғары тартыңыз. Қолғап жәшігін кілтпен құлыптауға немесе ашуға болады.


Стақан ұстағыштар

Бөлінбейтін орындыққа арналған стақан қойғыш




Стақан қойғыштар ортаңғы консольдегі сақтауға арналған бөліктің алдыңғы жағында орналасқан, ол шынтық сүйеніш түсірілген кезде ашылады. Орталық консольдегі заттар жәшігі ⇨ 3-3 қараңыз.

Жеке орындарға арналған стақан қойғыштар




Стақан қойғыштар орталық консольдегі сақтауға арналған бөліктің алдында және артында орналасқан.

Артқы стақан қойғыштар




Екінші қатардағы бөлінбейтін орындықта стақан қойғыштар шынтақ сүйеніштерде орналасады. Стақан қойғыштарды пайдалану үшін шынтақ сүйеніштерді төмен қайырыңыз.

Жүксалғыштағы заттарды сақтауға арналған бөлім



Сонымен қатар артқы жүк бөлімінің еденінде де сақтауға арналған орын бар. Оған қол жеткізу үшін тұтқаны көтеріңіз.


Орталық консольдегі заттар жәшігі



Бөлінбейтін орындық




Егер жиынтықтауда қарастырылған болса, стақан қойғыштары бар сақтауға арналған бөлімге қол жеткізу үшін алдыңғы орталық шынтақ сүйенішті төмен қарай қайырыңыз.
Ашу үшін түймені басып, жоғары көтеріңіз. Ішінде алынбалы органайзер болуы мүмкін.



Жеке орындық

Егер жиынтықтауда қарастырылған болса, ашу үшін ілмекті басыңыз және көтеріңіз. Жиынтықтауға байланысты ішінде зат сақтауға арналған алынбалы науа, қосалқы домкрат немесе USB порты(тары) болуы мүмкін.


Консольдің заттар жәшігі



Егер автомобильде алдыңғы орталық орындықта сақтауға арналған бөлім қарастырылған болса, ол радиосалпыншақтың ішіндегі механикалық кілтпен ашылады. Кілттер ⇨ 1-2 қараңыз.
Ашу үшін ілгекті басып, жоғары көтеріңіз.

ЗАТТАРДЫ САҚТАУҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША МҮМКІНДІКТЕР

Жүкті бекіту



Артқы жүк бөлімінде жүкті бекітуге арналған екі тартпа бар. Оларды автомобильдің ішінде жүктің сырғуына жол бермеу мақсатында оны байлау үшін пайдалануға болады.

Жүк қалта-торы



Автокөлік оның артқы жағына бекітілген жүк торымен жабдықталуы мүмкін. Оны ұсақ заттарды сақтау үшін бекіткіштерге бекітіңіз.

Бұл торды ауыр жүктерді сақтау үшін пайдаланбаңыз.

Апаттық тоқтау белгісі

Апаттық тоқтау белгісі автомобильдің артқы жағында сақталады.

ТӨБЕГЕ ОРНАТЫЛҒАН ЖҮКСАЛҒЫШ

Автомобильдің төбесі жүксалғыш орнатуға арналған рейлингтармен жабдықталуы мүмкін. Жүкті тек рейлингтерге орнатылған жақтауларға немесе жүкті тасымалдауға арналған басқа конструкцияларға орналастыру керек. Бұл аксессуарларды өз дилеріңізден сатып ала аласыз.

> ⚠ *ЕСКЕРТУ!*
>
> Сапарды бастамас бұрын, жүктің шатырға бекітілуінің сенімділігін тексеру керек, оның салмағы жақтаулар арасында біркелкі бөлінгеніне, ал жүктің өзі шамдарды немесе терезелерді жаппайтынына көз жеткізу керек. Сондай-ақ, мұндай тексеру мезгіл-мезгіл жолда да жүргізілуі керек. Жүкті тікелей көліктің төбесіне орналастыруға немесе оны ішінара артқы жақтан немесе бүйірлерден салбырап тұратындай етіп бекітуге тыйым салынады. Жүкті тек рейлингтерге орнатылған жақтауларға немесе жүкті тасымалдауға арналған басқа конструкцияларға орналастыру керек. Бұл талапты бұзу адамдардың жарақаттануына немесе өліміне, көліктің немесе басқа мүліктің зақымдануына себеп болуы мүмкін.

Ұзақ қашықтыққа жүрген, тегіс емес жолдарда немесе жоғары жылдамдықта жүрген кезде, мезгіл-мезгіл тоқтап, жүктің бекітілу сенімділігін тексеріп отырыңыз.

Тасымалданатын жүктің массасын шектеу Автомобильдің төбесінде тасымалдау үшін рұқсат етілген ең жоғары жүк массасынан асырмаңыз. Бұл массаға сонымен қатар рейлинтерге орнатылған жақтаулар мен басқа керек-жарақтардың, мысалы, велосипед ұстағыштардың немесе жүк бокстарының салмағы кіреді. Егер жүксалғыштың жақтауларына немесе төбеге орнатылатын жүк тасымалдауға арналған басқа жабдыққа арналған нұсқаулықта басқа салмақ көрсетілмесе, төбеге орнатылатын жүксалғышта тасымалдауға болатын жүктің максималды салмағы 100 кг (220 фунт) немесе одан аз.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*
Массасы жүксалғыштың рұқсат етілген жүк көтергіштігінен асатын жүкті төбеге орнатылған жүксалғышқа орналастыруға тыйым салынады. Төбедегі жүксалғышта жүктерді тасымалдау кезінде автомобильдің ауырлық ортасы жоғары қарай жылжиды. Тым ауыр жүкті орналастыру, жоғары жылдамдықпен жүру, жүкті төбеде тасымалдау кезінде тұрған орыннан оқыс қозғалу, тежелу немесе маневр жасау басқаруды жоғалтуға әкелуі мүмкін.

Автокөліктің жалпы массасын есептеу кезінде төбеде тасымалданатын жүктің массасын ескеру қажет. Автокөлікке жүк тиеу кезінде оның максималды жүк көтергіштігінен асырмаңыз. Бұл ретте автомобиль төбесінде тасымалданатын жүктің массасын, салондағы адамдардың және багаж бөлігіндегі жүктің массасын ескеруі керек. Автомобильдің жүк көтергіштігі туралы толығырақ ақпаратты Автомобильдегі шекті рұқсат етілген жүктемелер ⇨8-12 қараңыз.

Артқы әйнектің үстінде ортаңғы жоғарғы тоқтау сигналы бар. Автокөліктің төбесіне салынған жүктің ортаңғы жоғарғы тоқтау сигналын жаппауын қадағалаңыз.

4 АСПАПТАР ЖӘНЕ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

- БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ 4-2
- СИГНАЛ БЕРГІШТЕР, ӨЛШЕУ АСПАПТАРЫ ЖӘНЕ ИНДИКАТОРЛАР. 4-11
- АҚПАРАТТЫҚ ДИСПЛЕЙЛЕР 4-34
- АВТОМОБИЛЬДІҢ АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМАЛАРЫ 4-39
- ӘМБЕБАП ҚАШЫҚТЫҚТАН БАСҚАРУ ПУЛЬТІ 4-40
- ЕСКЕРТПЕЛЕР 4-44

БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

Руль дөңгелегінің қалпын реттеу

Еңкейту және жылжыту электр жетегі бар руль дөңгелегі



Егер реттеу мүмкіндігі қарастырылған болса, руль дөңгелегін реттеу үшін:
1. Руль дөңгелегін жоғары немесе төмен еңкейту үшін реттегіш тұтқышын сәйкесінше жоғары немесе төмен басыңыз.
2. Руль дөңгелегін өзіңізге қарай немесе өзіңізден әрі жылжыту үшін реттегіш тұтқышын артқа немесе алға жылжытыңыз.
Қозғалыс кезінде руль дөңгелегін реттемеңіз.

Жылытылатын руль дөңгелегі



: Егер бар болса, руль дөңгелегін жылытуды қосу немесе өшіру үшін басыңыз. Жылыту қосулы кезде түйменің жанындағы индикатор жанады.
Руль дөңгелегін жылытуды бастау үшін шамамен үш минут қажет.


Автоматты жылытылатын руль дөңгелегі

Егер автомобиль қашықтан іске қосу функциясымен жабдықталған болса, руль дөңгелегін жылыту сырттағы төмен температурада қашықтан іске қосумен бірге орындықтарды жылытумен қатар қосылуы мүмкін. Қашықтан іске қосу кезінде руль дөңгелегін жылыту индикаторы қосылуы мүмкін.
Егер автомобиль орындықтарды автоматты жылыту функциясымен жабдықталған болса, онда орындықты автоматты жылыту іске қосылған кезде руль дөңгелегін жылыту да қосылады. Руль дөңгелегін жылыту индикаторы жылыту күйін көрсетеді.
Жылытылатын алдыңғы орындықтар ⇨ 2-8 қараңыз.

Дыбыстық сигнал

Дыбыстық сигнал беру үшін руль дөңгелегіндегі түймені басыңыз.

Әйнек тазалағыш/ жел әйнегін жуып-шайғыш



Әйнек тазалағыштардың қажетті жылдамдығын таңдау үшін тұтандыруды немесе қосалқы жабдықтың қуат режимін қосып, әйнек тазалағыштарды басқару иінтірегін жылжытыңыз.

1X : Әйнекті щетканың бір жүріп өтуімен тазалау үшін дөңгелекшені төмен қарай бұраңыз. Әйнек тазалағышты бірнеше рет қозғалту үшін иінтіректі төменгі қалыпта ұстап тұрыңыз.

OFF (ӨШІР): Тазалағыштарды өшіру үшін.

Егер автомобиль Rainsense жүйесінің жаңбыр қадағасымен жабдықталған болса, бұл баптауды Rain-sense функциясы өшірілген болса, әйнек

тазалағыштардың үзілмелі жұмысын белсендіру үшін немесе Rainsense функциясы қосулы болса, жаңбыр датчигі арқылы әйнек тазалағыштардың жұмысын белсендіру үшін пайдаланыңыз.

Әйнек тазалағыштардың үзілмелі жұмысын белсендіру үшін әйнек тазалағыштың басқару иінтірегін AUTO күйіне орнатыңыз, содан кейін әйнек тазалағыштар жұмысының жиілігін арттыру немесе азайту үшін сақинаны жоғары немесе төмен бұраңыз. Rainsense жүйесінің жұмысының сипаттамасын төмендегі «Rainsense жүйесінің жаңбыр қадағасы» бөлімнен қараңыз.

LO (ТӨМ) : Әйнек тазалағыштардың төмен қозғалыс жиілігі.

HI (ЖОҒ) : Әйнек тазалағыштардың жоғары қозғалыс жиілігі.

Әйнек тазалағыштарды қоспас бұрын, щеткаларды және алдыңғы әйнекті қар мен мұздан тазалаңыз. Егер щеткалар алдыңғы әйнекке қатып қалса, оларды абайлап босатыңыз немесе жылытыңыз. Зақымдалған щеткаларды ауыстыру керек. Әйнек тазалағыштың щеткаларын ауыстыру ⇨ 9-20 қараңыз.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*
Аязды ауа-райында жел әйнегі жылынғанша жуып-шайғышты пайдаланбаңыз. Кері жағдайда, жуып-шайғыштың сұйықтығы жел әйнегіне мұз қабықшасы болып қатып, айналаның көрінуін нашарлатуы мүмкін.
⚠ *ЕСКЕРТУ!*
Көлік жүргізер алдында капот қақпағын, жел әйнегін, жуып-шайғыштың жиклерін, көліктің төбесі мен артқы жағын, соның ішінде фаралар, шамдар мен әйнектерді қар мен мұздан тазалаңыз. Қар мен мұз қабықшасының қатуы салдарынан айналаны шолудың шектеулілігі апатқа себеп болуы мүмкін.

Әйнек тазалағыштарды бұғаттау

Егер әйнек тазалағыштар LO, HI немесе AUTO режимінде орнатулы кезде тұтандыру өшірілсе және Rainsense функциясы өшірулі болса, әйнек тазалағыштар дереу тоқтайды.

Егер содан кейін жүргізушінің есігі ашылғанға дейін немесе 10 минуттан кешіктірмей, жел әгін тазалағыштың иінтірегі OFF күйіне ауыстырылса, тазалағыш щеткалар қайтадан қозғалып, жел әйнегінің төменгі жиегіне қарай жылжиды.


Егер әйнек тазалағыштардың жұмысы жел әйнегін жуып-шайғышпен немесе Rainsense жүйесінің жаңбыр қадағасымен іске қосылған жағдайда тұтандыру өшірілсе,

онда олар қозғалуын жалғастырады және жәл әйнегінің төменгі жиегіне жетіп тоқтайды.

Rainsense жүйесінің жаңбыр қадағасы

Егер автомобиль Rainsense жүйесінің жаңбыр қадағасымен жабдықталған және бұл функция қосылған болса, жәл әйнегінің ортаңғы жоғарғы жағында орналасқан қадаға жел әйнегіндегі судың мөлшерін анықтайды және әйнек тазалағыштардың жұмыс жиілігін ағымдағы сезімталдық баптауына сәйкес реттейді.

Жүйенің оңтайлы жұмысын қамтамасыз ету үшін жел әйнегінің бұл бөлігін таза ұстаңыз.



AUT (АВТО): Әйнек тазалағыштарды басқару иінтірегін AUTO күйіне жылжытыңыз. Қадағаның сезімталдық деңгейін өзгерту үшін әйнек тазалағышты басқару иінтірегіндегі сақинаны бұраңыз.

- Ылғалға сезімталдықты арттыру үшін жолақты жоғары бұраңыз.
- Ылғалға сезімталдықты азайту үшін жолақты төмен қарай бұраңыз.

- Rainsense функциясын өшіру үшін жел әйнегін тазалағыштың иінтірегін AUTO күйінен жылжытыңыз.

Rainsense жүйесінің жаңбыр қадағасын «Rain Sense Wipers» (Әйнек тазалағыштардың жаңбыр қадағасының сигналы бойынша жұмысы) мәзірінен қосуға немесе өшіруге болады, ол келесідей ашылады: Settings (Баптаулар) > Vehicle (Автомобиль) > Comfort and Convenience (Ыңғайлылық пен жайлылық) > Rain Sense Wipers.

Әйнек тазалағыш иінтірегінің қорғанышы жинақта

Автоматты автокөлік жууға кірген кезде, әйнек тазалағышты басқару иінтірегін OFF күйіне жылжытыңыз. Бұл жағдайда әйнек тазалағыштардың жаңбыр қадағасының сигналы бойынша автоматты түрде қосылуы жұмыс істемейді.


Rainsense жүйесі болғанда бейтарап беріліс (N) қосулы болса және көліктің жылдамдығы өте төмен болса, әйнек тазалағыштар алдыңғы әйнектің ең төменгі жағында автоматты түрде тоқтайды.

Байтарап беріліс басқа режимге ауысқанда немесе автокөлік жылдамдығы артқанда тазалағыштар қайтадан қалыпты жұмыс істей бастайды.

Жел әйнегін жуып-шайғыш

: Бұрылыс көрсеткішін ауыстырып-қосу иінтірегінің жоғарғы жағында жуып-шайғышты бейнелейтін белгішесі бар батырма бар, оны басу арқылы жуып-шайғыштан сұйықтық беріледі және әйнек тазалағыштар қосылады. Әйнек тазалағыштар жүргізуші батырманы босатқанша немесе шекті жуу уақыты аяқталғанша жұмыс істейді. Батырма босатылғаннан кейін, алдыңғы әйнектің әйнек тазалағыштары тағы бірнеше жұмыс циклін орындауы мүмкін, олардың саны алдыңғы әйнекті жуып-шайғыштың қосылу ұзақтығына байланысты. Алдыңғы әйнектің жуып-шайғышының сұйықтық бағын толтыру туралы қосымша ақпаратты Жуып-шайғыш сұйықтығы ⇨ 9-15 қараңыз.

Артқы әйнектің тазалағышы/жуып-шайғышы



Артқы әйнек тазалағышының режимдерін ауыстырып-қосқыш бұрылыс көрсеткішін ауыстырып-қосу иінтірегіне кіріктірілген. Артқы әйнектің тазалағышын қосу үшін ауыстырып-қосқышты сәйкес қалыпқа қойыңыз.

OFF (ӨШІР): Әйнек тазалағыш өшеді.

INT: Артқы әйнектің тазалағышы қосылыстар арасында белгілі бір кідіріспен мезгіл-мезгіл қосылады.

ON (ҚОС) : Әйнек тазалағыштар қосылады.

REAR (СЗАДИ) : Иінтіректің ұшындағы осы түймені басу арқылы жуып-шайғыш сұйықтық артқы терезеге беріледі. Тазалағыштар артқы әйнекті тазалап, тоқтайды немесе бұрын орнатылған жиілікпен жұмысын жалғастырады. Жуып-шайғышты бірнеше циклге қосу үшін осы түймені басып тұрыңыз.

Артқы қайырмалы есік немесе артқы қайырмалы терезе толық немесе ішінара ашық болса, артқы әйнектің тазалағышы/жуып-шайғышы жұмыс істемейді. Егер артқы әйнектің тазалағышы жұмыс істеп тұрған кезде артқы қайырмалы есік немесе артқы қайырмалы терезе ашылса, тазалағыш бастапқы қалпына оралып, тоқтайды.

Артқы әйнек тазалағыштың иінтірегін қорғау

Автоматты көлік жууға кіргенде, тазалағышты өшіру үшін артқы әйнек тазалағышының режимдерін ауыстырып--қосқ ышты OFF күйіне қойыңыз. Кейбір авто мобильдерде бейтарап беріліс (N) қосу лы және автомобиль жылдамдығы өте төмен болса, артқы әйнектің тазалағышы артқы спойлердің астында автоматты түрде тоқтайды.

Бейтарап беріліс басқа режимге ауысқанда немесе автокөлік жылдамдығы артқанда тазалағыштар қайтадан қалыпты жұмыс істей бастайды.

Тазалағыштардың артқы берілісте жұмыс істеуі

Артқы тазалағышты басқару өшірілген болса, ол кері беріліс (иінтірек R күйінде) қосылғанда, ал алдыңғы әйнек тазалағышы төмен немесе жоғары жылдамдықта жұмыс істегенде, автоматты түрде үздіксіз жұмыс істейді. Егер артқы тазалағышты басқару өшірілген, берілістерді ауыстырып-қосу иінтірегі R (артқы беріліс) күйінде, ал алдыңғы әйнек тазалағышы аралықпен жұмыс істеп тұрған болса, онда артқы әйнектің тазалағышы автоматты түрде аралықтармен жұмыс істейтін болады.

Бұл функцияны қосуға және өшіруге болады. «Reverse Gear Wipes» (Артқы берілісте тазалағыштардың жұмыс істеуі) мәзірін қараңыз, ол келесідей ашылады: Settings (Баптаулар) > Vehicle (Автомобиль) > Comfort and Convenience (Ыңғайлылық пен жайлылық) > Reverse Gear Wipes.

Алдыңғы әйнекті жуып-шайғыш сұйықтықтың бағы алдыңғы әйнекті және артқы әйнекті жуып-шаю үшін пайдаланылады.

Егерде қандай да бір жуып-шайғыш жұмыс істемесе, бактағы сұйықтық деңгейін тексеріңіз. Жуып-шайғыш сұйықтығы ⇨ 9-15 қараңыз.

Компас

Автомобиль компасы бар дисплеймен (DIC жүргізушінің ақпарат орталығында) жабдықталуы мүмкін. Компас қозғалыс бағыты туралы ақпаратты және басқа мәліметтерді жаһандық позициялау жүйесінің (GPS) антеннасы арқылы, динамикалық тұрақтандыру жүйесінен (ESC) және жылдамдық қадағаларынан алады.

Компас жүйесі оған GPS серігінен кезекті сигнал қажет болғанға дейін белгілі бір километр санын немесе айналу градусын бақылай алатындай етіп құрастырылған. Егер компас дисплейінде «CAL» таңбасы пайда болса, автомобильді тез арада GPS сигналын қабылдай алатын ашық аймаққа шығарыңыз.

Компас жүйесі GPS сигналы қашан қалпына автоматты түрде анықтайды және бағытты қайта орнатады.

Сағат


Уақыт пен күнді орнату ақпараттық ойын-сауық жүйесінде жүргізіледі. «Баптаулар (Базалық жинақтамадағы радио-қабылдағыш) ⇨ 6-33 немесе Баптаулар (Кеңейтілген жинақтамадағы радио-қабылдағыш) ⇨ 6-36» бөліміндегі «Күн және уақыт» тармағын қараңыз.

Штепсельді розеткалар

Көмекші штепсельді розеткаларды ұялы телефон немесе MP3-плеер сияқты электр жабдықты қосу үшін пайдалануға болады.

Климаттық бақылау жүйесінің астында қосалқы жабдыққа арналған 12 вольтті розетка, ал орталық консольдің артында 220/230 вольтті айнымалы ток розеткасы орналасқан.

12 вольтті тұрақты ток розеткалары



⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*

12 вольтті розеткаға USB кабельдерінің штепсельді қосқыштары, электронды құрылғылар, кілттер немесе монеталар сияқты кез келген бөгде металл заттарды салуға тыйым салынады. Олар қызып кетуі, балқуы немесе ұшқын шығаруы мүмкін, бұл розеткаға да, заттың өзіне де зақым келтіруі мүмкін.

Розеткаға тек тіркесетін 12 вольтті электр құрылғыларды қосыңыз.

⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*

Автокөлік өшірулі кезде электр жабдықтарды ұзақ уақыт қосулы күйде қалдыру аккумулятор зарядының толық таусылуына әкеледі. Әрқашан розеткадан пайдаланылмаған электр жабдықтарды өшіріп отырыңыз және номиналды тұтынылатын ток күші 15 амперден асатын жабдықты қоспаңыз.

Қосымша электр жабдықтардың жеке ашалары розеткаларға сәйкес келмеуі немесе автомобильдің электр жүйесі мен адаптердің сақтандырғыштарының шамадан тыс жүктелуіне әкелуі мүмкін. Бұл мәселеге тап болсаңыз, техникалық қызмет көрсету станциясына жүгініңіз.


Электр жабдықты қосу кезінде міндетті түрде жабдыққа қоса берілетін тиісті орнату жөніндегі нұсқаулықты орындаңыз.

⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*

Штепсельді розеткаға бекітілген ауыр жабдықтар автомобиль кепілдігінде қарастырылмаған зақым келтіруі мүмкін. Штепсельді розеткалар тек ұялы телефондарды зарядтағыш құрылғылардың күштік баусымдары сияқты қосалқы аспаптардың ашаларын қосуға арналған.

Айнымалы токтың 220/230 В кернеулі қуат розеткасы

220/230 вольтті розетка орталық консольдің артында орналасқан.



Тұтандыру қосулы кезде220 вольтті розеткаға ток ⎓-түймесі басылғаннан кейін беріледі, оның орналасқан жерін Аспаптар панеліне қысқаша шолу ⇨ 9-4 параграфынан қараңыз. Түймеге орнатылған жасыл жарықты индикатор 220 вольтті розетканың қосулы екенін көрсетеді. Ток 220 вольтті розеткаға ол қосулы және оған қандай да бір электр аспап тығулы кезде беріледі. Розетка қуаты 400 ватт-тан аспайтын электр жабдықтармен үйлесімді. Қосылған құрылғылардың жалпы қуатының 400 ватт-тан аспауын қадағалаңыз.

Розетка ⎓ түймесін басу арқылы өшіріледі. Розеткадағы кірістірілген индикатор жүйе қосылған кезде жанады және ақаусыз жұмыс істейді. Тұтандыру өшірулі, ⎓-түймесі басулы емес немесе аша розеткаға дұрыс салынбаған кезде розетка токсызданады. Қозғалтқышты іске қосу кезінде розетка жұмыс істемейді. USB интерфейсі бар деректерді ағынды беру құрылғыларын қуат беретін USB порттарының кез келгеніне қосу ұсынылады. USB-порты ⇨ 6-11 қараңыз. Жолда үздіксіз қуат қажет болса, автостопты өшіріңіз.

Қозғалтқышты автоматты тоқтату/іске қосу жүйесі ⇨ 8-19 қараңыз.

Егер 400 ватт-тан артық қуат тұтынатын электр аспап қосылған болса немесе жүйенің жұмысында жаңылу болса, қорғаныс тізбегі розетканы токсыздандырады, ал индикатор жыпылықтайды.

Қақпағы жоғалған немесе зақымдалған розетканы пайдаланбаңыз.

Розетка келесі жабдықты қосуға арналмаған, бұл оның дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін:

- Компрессорлық тоңазытқыштар мен электр құралдары сияқты бастапқы жүктемесі жоғары электр аспаптар
- Тұрақты кернеуді қажет ететін басқа электр аспаптар, мысалы, микропроцессорлар базасындағы электрмен жылытылатын және басқарылатын көрпелер, сондай-ақ сенсорлық басқарылатын лампалар
- Медициналық жабдықтар

Сымсыз зарядтау

Сымсыз зарядтағыш құрылғы, егер ол жинақтамаға кіретін болса, климатты бақылау жүйесінің астындағы бөлімге орнатылады.

Жүйе 145 кГц жиілікте жұмыс істейді және Qi стандартына сәйкес бір смартфонның зарядталуын қамтамасыз ете алады. Зарядтау тогы смартфонның үлгісіне байланысты 3 А (қуаты 15 Вт) дейін болуы мүмкін.

> ⚠ *ЕСКЕРТУ!*
>
> Сымсыз зарядтау имплантацияланған кардиостимуляторлардың және басқа медициналық құрылғылардың жұмысына әсер етуі мүмкін. Егер сізде осындай имплантацияланған құрылғылар болса, сымсыз зарядтағыш құрылғыны пайдаланбас бұрын дәрігермен кеңескен жөн.

Тұтану қосулы болуы, қосалқы жабдықты қуаттау режимінде немесе қосымша жабдықтың қуатталуын ажыратуды кешіктіру режимінде болуы керек. Сымсыз зарядтау индикациясы қосымша жабдықтың қуатталуын ажыратуды кідірту режимі қосулы кезде, Bluetooth бойыша қосылған телефонды пайдаланып қоңырау шалу кезінде немесе телефонның дисплейін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің (Apple CarPlay/Android Auto) дисплейіне проекциялау кезінде жұмыс істемеуі мүмкін. Резервті қуат модулі ⇨ 8-20 қараңыз.

Зарядтағыш құрылғының жұмыс температурасы -40°C (-40°F) бастап +85 °C (+185 °F) дейін, ал телефонның жұмыс температурасы 0 °C (+32 °F) пен +35 °C (+95 °F) аралығында. Зарядтағыш құрылғының немесе смартфонның температурасы жұмыс диапазонынан тыс болса, ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейінде зарядтау тоқтатылатыны туралы хабарлама болуы мүмкін. Температура қалыпқа келген кезде зарядтау қайта жалғасады.

> ⚠ *ЕСКЕРТУ!*
>
> Үйлесімді смартфонды орналастырмас бұрын сымсыз зарядтау бөлімінен барлық бөгде заттарды алып тастаңыз. Смартфон мен зарядтау құрылғысының алаңы арасына қойылған заттар, мысалы, тиындар, кілттер, сақиналар, түйреуіштер немесе карталар қатты қызып кетуі мүмкін.
> Егер қандай да бір себептермен жүйе смартфон мен зарядтағыш құрылғы арасындағы бөгде затты таппаса, смартфонды көтеріп, күйіп қалмас үшін заттың суығанын күтіңіз де, оны зарядтау алаңынан алып тастаңыз.



Үйлесімді смартфонды зарядтау үшін:
1. Смартфонның сымсыз зарядтауды қолдайтынына көз жеткізіңіз.
2. Зарядтауға арналған алаңнан барлық бөгде заттарды алып тастаңыз. Егер алаңда қандай да бір бөгде заттар болса, зарядтау орындалмайды.
3. Смартфонды зарядтау алаңына экранын жоғары қаратып қойыңыз.

Максималды зарядтау жылдамдығын қамтамасыз ету үшін смартфонды алаңның ортасына қойып, оның астында бөгде заттардың жоқтығына көз жеткізу керек. Қалың тысқап зарядтау жылдамдығын баяулатуы немесе оған кедергі болуы мүмкін.

Қосымша ақпарат алу үшін техникалық қызмет көрсету станциясына жүгініңіз.

4. Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейінде телефон белгішесінің жанында жасыл индикатор ϟ пайда болады. Бұл жүйенің смартфонды танығанын көрсетеді.

5. Егер сіз смартфонды зарядтау алаңына қойғаннан кейін индикатор ϟ жанбаса немесе сары түспен жанса, смартфонды зарядтау алаңынан алып тастаңыз және онда бөгде заттардың жоқтығына көз жеткізіңіз. Смартфонды 180 ° айналдырыңыз және оны зарядтау алаңына қайта қоймас бұрын бірнеше секунд күтіңіз.

6. Егер сіз смартфонды зарядтау алаңына қойғаннан кейін индикатор ϟ қызыл түспен жанса, бұл зарядтағыш құрылғының және (немесе) смартфонның қызып кеткенін көрсетеді. Смартфонды зарядтау алаңынан алыңыз және жүйенің салқындауына мүмкіндік беру үшін ондағы кез келген бөгде заттарды алыңыз.

Зарядтау кезінде смартфон қызуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. Ауа температурасы жоғары болған кезде зарядтау жылдамдығы төмендеуі мүмкін.

Егер автомобиль смартфон экранын ақпараттық ойын-сауық дисплейіне сымсыз проекциялау функциясымен жабдықталған болса, сымсыз зарядтау кезінде смартфон қызуы мүмкін. Батареяны қорғау үшін смартфонның жұмысы баяулауы мүмкін, зарядтау тоқтауы мүмкін немесе смартфон өшуі мүмкін. Қызып кетудің алдын алу үшін телефонды тысқаптан шығару керек. Телефон сымсыз зарядтау автоматты түрде жалғаса алатындай температураға дейін салқындаған кезде, индикатор ϟ жыпылықтауы мүмкін. Бұл күй қалыпты болып табылады.

Бұл телефонның үлгісіне байланысты.

Бағдарламалық жасақтама туралы ақпарат

LG Electronics, Inc. («LGE») компаниясының кейбір сымсыз зарядтау модульдерінде төменде келтірілген ашық бастапқы коды бар бағдарламалық жасақтама қолданылады. Бұл бағдарламалық жасақтаманы пайдалану шарттары тиісті лицензиялық келісімдерде (осы хабарламадан кейін берілген) көрсетілген.

Ашық бастапқы коды бар бағдарламалық жасақтаманы пайдалану туралы ақпарат

Осы өнімнің бастапқы бағдарламалық кодын алу үшін https://opensource.lge.com сайтына өтіңіз. Кодқа қоса, лицензия шарттарын, кепілдіктен бас тарту туралы және авторлық құқық туралы ақпаратты жүктеп алуға болады. LG Electronics бастапқы кодты CD-мен де бере алады. Тасымалдаушының, жеткізу және дайындық құнын төлеу қажет болады. Сұратуларды opensource@lge.com мекенжайына жіберіңіз. Ұсыныс сатып алынған күннен бастап 3 жыл бойы жарамды.

Freescale-WCT кітапханасы

© Freescale Semiconductor, Inc., 2012–2014. Барлық құқықтар сақталған.

Бастапқы немесе екілік кодты өзгертулермен немесе өзгертулерсіз таратуға келесі шарттар орындалған жағдайда рұқсат етіледі:

1. Бастапқы кодты тарату кезінде жоғарыда көрсетілген авторлық құқық туралы хабарламаны, пайдалану шарттарының осы тізімін және төменде келтірілген жауапкершіліктен бас тартуды сақтау қажет.

2. Бағдарламалық жасақтаманы БЖ-мен бірге таратылатын құжаттамада және (немесе) басқа материалдарда екілік кодта тарату кезінде авторлық құқықтар туралы жоғарыда көрсетілген хабарламаны, пайдалану шарттарының осы тізімін және төменде келтірілген жауапкершіліктен бас тартуды сақтау қажет.

3. Авторлық құқық иесінің және оның бірлескен авторларының есімдерін алдын-ала жазбаша рұқсатсыз осы бағдарламалық жасақтамамен жасалған өнімдерді жылжыту немесе жарнамалау үшін қолдануға болмайды.

ҚҰҚЫҚ ИЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БІРЛЕСКЕН АВТОРЛАРЫ ОСЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫ «СОЛ КҮЙІНДЕ» ҰСЫНАДЫ ЖӘНЕ ОСЫ АРҚЫЛЫ КЕЗ КЕЛГЕН НАҚТЫ КӨРСЕТІЛГЕН НЕМЕСЕ БОЛЖАМДЫ КЕПІЛДІКТЕРДЕН, СОНЫҢ ІШІНДЕ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЖАРАМДЫЛЫҚ ПЕН НАҚТЫ МАҚСАТТАРҒА ЖАРАМДЫЛЫҚТЫҢ БОЛЖАМДЫ КЕПІЛДІКТЕРІНЕН БАС ТАРТАДЫ. ЕШБІР ЖАҒДАЙДА ҚҰҚЫҚ ИЕЛЕНУШІЛЕР МЕН ОЛАРДЫҢ БІРЛЕСКЕН АВТОРЛАРЫ ҚАНДАЙ ДА БІР ТІКЕЛЕЙ, ЖАНАМА, ҚАСАҚАНА ЕМЕС, ЕРЕКШЕ, КӨРСЕТКІШТІК ТӘРТІППЕН БЕРІЛЕТІН ЗАЛАЛДАР НЕМЕСЕ ОСЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫ ПАЙДАЛАНУ НӘТИЖЕСІНДЕ ҚАНДАЙ ДА БІР ЖОЛМЕН КЕЛТІРІЛГЕН (ТІПТІ ЕГЕР ПАЙДАЛАНУШЫҒА МҰНДАЙ ШЫҒЫНДАР ТУРАЛЫ ЕСКЕРТІЛГЕН БОЛСА ДА), ОЛАРДЫ ЖАСАУ ТӘСІЛІНЕ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК НЕГІЗДЕМЕЛЕРІНЕ ҚАРАМАСТАН (КЕЛІСІМШАРТТЫҚ, АЗАПТАУ ҚҰҚЫҒЫ НЕМЕСЕ ОБЪЕКТИВТІ ЖАУАПКЕРШІЛІК ШЕҢБЕРІНДЕ, ОНЫҢ ІШІНДЕ НЕМҚҰРАЙЛЫЛЫҚ НӘТИЖЕСІНДЕ ЖӘНЕ Т. Б.) ІЛЕСПЕ ЗАЛАЛДАР (ОНЫҢ ІШІНДЕ ТАУАРДЫ НЕМЕСЕ АЛМАСТЫРҒЫШТАРДЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІН САТЫП АЛУҒА ЖҰМСАЛАТЫН ШЫҒЫСТАРҒА, ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІГІНІҢ ЖОҒАЛУЫНА, ДЕРЕКТЕРДІҢ ЖОҒАЛУЫНА, ЖОҒАЛҒАН ПАЙДАҒА НЕМЕСЕ ҚЫЗМЕТТІ ТОҚТАТА ТҰРУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЗАЛАЛДАР) ҮШІН ЖАУАПТЫ БОЛА АЛМАЙДЫ.

Тұтатқыш

Тұтатқыш, егер жиынтықтауда болса, алдыңғы консоль бөлігінде немесе климаттық-бақылау жүйесін басқару пультінің астында орналасқан.

Тұтатқышты пайдалану үшін оны басыңыз және босатыңыз. Белгілі бір температураға жеткенде, тұтатқыш автоматты түрде бастапқы қалпына сырт етіп түседі.

> ⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*
>
> Қыздыру кезінде тұтатқышты ішінде ұстау ыстық қыздырғыш элементен сыртетіп ашылуға мүмкіндік бермейді. Қызып кеткен жағдайда тұтатқыштың немесе қыздыру элементінің зақымдануы немесе сақтандырғыштың істен шығуы мүмкін. Тұтатқышты қыздыру кезінде оны мәжбүрлі түрде басып ұтсап тұрмаңыз.

Күлсалғыштар

Егер автомобиль күлсалғышпен жабдықталған болса, ол орталық консольдің стақан қойғыштар бар бөлігінде орналасқан.

> ⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*
>
> Күлсалғышта қағаз, темекі тұқылдары немесе басқа да жанғыш материалдар, сөндірілмеген темекі және басқа да темекі қоспалары болған жағдайда олардың жануы және автокөлікті зақымдауы мүмкін. Тұтанғыш заттарды ешқашан күлсалғыштарда қалдырмаңыз.

Күлсалғышты алу үшін оны стақан қойғыштар бар бөліктен суырып алыңыз. Оның бекітілгеніне көз жеткізу үшін оны төмен басып көріңіз.

СИГНАЛ БЕРГІШТЕР, ӨЛШЕУ АСПАПТАРЫ ЖӘНЕ ИНДИКАТОРЛАР


Сигнал бергіштер мен өлшеу аспаптары ақаулықтың барына ол қымбат тұратын жөндеуге немесе ауыстыруға әкелетіндей күрделі мәселеге айналмай тұрып көрсетуі мүмкін.

Сигнал бергіштер мен өлшеу аспаптарына мұқият қарау ықтимал зақымданудың алдын алады.

Кейбір сигнал бергіштер қозғалтқыш іске қосылған кезде олардың жұмыс қабілетінің индикациясы ретінде қысқа уақытқа жанады. Қозғалыс кезінде сигнал бергіштердің бірі жанса және сөнбесе немесе өлшеу аспаптарының біреуі мүмкін ақаулықты көрсеткен кезде, әрі қарайғы әрекеттердің түсіндірмесі бар бөлімдермен салыстырып анықтаңыз.

Жөндеуді кейінге қалдыру қымбатқа түсуі немесе тіпті қауіпті болуы мүмкін.

Аспаптар комбинациясы (Базалық жиынтықтау)



1. Тахометр ⇨ 4-17
2. Мотор майы қысымының манометрі ⇨ 4-19
3. Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы температурасының индикаторы ⇨ 4-19
4. Отын деңгейінің көрсеткіші ⇨ 4-18
5. Вольтметр ⇨ 4-20
6. Спидометр ⇨ 4-17
7. Жүргізушінің ақпарат орталығы (DIC) (Кеңейтілген жиынтықтау) ⇨ 4-36 немесе Жүргізушінің ақпарат орталығы (DIC) (Базалық жиынтықтау) ⇨ 4-34

Аспаптар қалқаншасы дисплейінің мәзірі

Аспаптар қалқаншасының орта тұсында интерактивті дисплей орналасқан.



◁ және ▷ түймелері арқылы дисплейдің жоғарғы жағында көрсетілген аспаптар қалқаншасының қолданбаларын өзгертуге болады. Белсенді қолданба артқы жарықпен ерекшеленеді.

Дөңгелекшемен қолданбадағы қолжетімді параметрлер тізімін айналдырып қарауға болады.

Қандай да бір тармақты таңдау үшін дөңгелекшені басыңыз.

Кейбір қолданбалар кейбір түрленімдерде қолжетімді болмауы мүмкін.

Кейбір қолданбалар көлік құралы өшірулі (OFF) немесе қосалқы жабдықты қуаттау режимінде (ACCESSORY) болған кезде уақытша шектеулермен жұмыс істеуі мүмкін.

- Негізгі қолданба
- Ақпараттық қолданба Мұнда жүргізушінің ақпарат орталығының (DIC) таңдалған терезелерін қарауға болады. Жүргізушінің ақпарат орталығы (DIC) (Кеңейтілген жиынтықтау) ⇨ 4-36 немесе Жүргізушінің ақпарат орталығы (DIC) (Базалық жиынтықтау) ⇨4-34 қараңыз.
- Аудиожүйе
- Навигация
- Телефон
- Параметрлер

Негізгі қолданба

Мұнда көрсетілген ақпаратты параметрлер мәзірінде өзгертуге болады.

Спидометр : Автомобильдің қозғалу жылдамдығы километрмен (км/сағ) немесе миль/сағ көрсетіледі.

Жылдамдықты шектеу белгісі : Бұл терезеде жол белгілерімен белгіленген жылдамдықты шектеу туралы ақпарат көрсетіледі, олар туралы ақпарат борттық навигация жүйесінің дерекқорында сақталады (барлық жиынтықтауда бірдей қолжетімді емес).

Уақыт : Ағымдағы уақыт көрсетіледі.

Отын қоры : Келесі отын құюға дейінгі болжалды жүріс қоры көрсетіледі.

Бар отынмен жүріп өтуге болатын болжалды қашықтық соңғы кезеңдегі орташа отын шығыны және отын багында қалған отын көлемі бойынша есептеледі. Бакта бар отынмен жүріп өтуге болатын қашықтықты нөлдеу мүмкін емес.

Аудиожүйе

«Аудиожүйе» қолданбасының параметрлері бойынша шарлау, музыкалық жазбалардың тізімдерін қарау, таңдаулы жазбаларды таңдау немесе дыбыс көзін өзгерту үшін дөңгелекшені пайдаланыңыз. Негізгі экранда олар радиостанцияны ауыстырып қосуға немесе келесі немесе алдыңғы жазбаға өтуге мүмкіндік береді.

Навигация

Егер бағдар салынбаған болса, онда «Навигация» қолданбасында компас көрсетіледі.

Егер белсенді бағдар болса, бағдар бойынша сүйемелдеуді болдырмау немесе жаңғырту, микрофонды өшіру/қосу, соңғы тармақтарға немесе таңдаулыларға қол жеткізу үшін дөңгелекшені басыңыз.

Телефон

Егер сіз қазіргі сәтте телефонмен сөйлесіп жатпасаңыз, «Телефон» қолданбасында қоңыраулар журналын, абоненттер тізімін көруге, таңдаулылардың қажетті тармақтарын таңдауға немесе таңдалған телефонды өзгертуге болады. Сөйлесу кезінде телефонның микрофонын

өшіріп, қоңырауды телефонға ауыстыруға болады.

Параметрлер

«Параметрлер» мәзіріндегі позицияларды айналдыру үшін дөңгелекшені пайдаланыңыз.

Өлшем бірліктері : Өлшем бірліктерін таңдау мәзіріне кіру үшін дисплейде «Өлшем бірліктері» пайда болған кезде дөңгелекшені түртіңіз. Қажетті нұсқа таңдалған кезде дөңгелекшені басу арқылы американдық немесе метрикалық бірліктер жүйесін таңдауға болады. Таңдалған тармақтың жанында таңдау белгісі көрсетіледі.

Ақпараттық терезе параметрлері : Қажетті терезені ашып, ақпараттық қолданба терезесіне шығаруға арналған позициялардың таңдау үшін дисплейде «Ақпараттық терезе параметрлері» пайда болған кезде дөңгелекшені түртіңіз.

Таңдалған тармақтың жанында таңдау белгісі көрсетіледі.


Негізгі қолданба: Көрсетілген элементтерді таңдау үшін дөңгелекшені басыңыз. Кейбір элементтер кейбір түрленімдерде қол жетімді болмауы мүмкін. Спидометр, жылдамдықты шектеу белгісі, уақыт, отын қоры және сыртқы ауа температурасы.

Жылдамдықты арттыру туралы ескерту: Жүргізушіге өзі асырғысы келмейтін жылдамдықты орнатуға мүмкіндік береді. Асқан жағдайда ескертулер берілетін жылдамдықты орнату үшін Speed Warning (Жылдамдықты асыру туралы ескерту) тармағы көрсетілген кезде дөңгелекшені басыңыз. Жылдамдықты негізгі терезеде дөңгелекшені басу арқылы да орнатуға болады, содан кейін айналдыру арқылы оны қажетті мәнге дейін реттеуге, одан соң дөңгелекшені басу арқылы таңдауды растауға болады.

Жылдамдық шегі орнатылған болса, осы терезені дисплейге шығара отырып, дөңгелекшені басу арқылы бұл функцияны өшіруге болады. Егер берілген жылдамдық мәнінен асып кетсе, дисплейде қалқыма ескерту пайда болады және дыбыстық сигнал беріледі.

БЖ туралы ақпарат : Ашық бастапқы коды бар бағдарламалық жасақтама туралы мәліметтерді экранға шығару үшін Software Information мәзірі (БЖ туралы ақпарат) белгіленген кезде дөңгелекшені басыңыз.

Аспаптар үйлесімі (Кеңейтілген жинақтама)



Дисплейдің классикалық конфигурациясы, басқа нұсқалар ұқсас

1. Спидометр ⇨4-17
2. Жүргізушінің ақпарат орталығы (DIC) (Кеңейтілген жиынтықтау) ⇨ 4-36 немесе Жүргізушінің ақпарат орталығы (DIC) (Базалық жиынтықтау) ⇨ 4-34
3. Тахометр ⇨ 4-18
4. Мотор майы қысымының манометрі ⇨ 4-19
5. Вольтметр ⇨ 4-20 Трансмиссиялық май температурасының көрсеткіші (Тек кеңейтілген жиынтықтау үшін) ⇨ 4-19
6. Отын деңгейінің көрсеткіші ⇨ 4-17
7. Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы температурасының индикаторы ⇨ 4-19

Өзгермелі конфигурациядағы аспаптар қалқаншасы

Аспаптар қалқаншасының жинақталуын өзгертуге болады. Төрт дисплей конфигурациясының кез-келгенін таңдауға болады: Classic (классикалық), Progressive (прогрессивті), Digital (цифрлық) немесе Clean (таза).

Сонымен қатар, классикалық, прогрессивті және цифрлық конфигурацияларды бір, екі немесе төрт аспаппен біріктіруге болады. «Параметрлер» бөліміндегі «Төменгі аспаптар» параграфын қараңыз. Таза конфигурацияда тек отын деңгейінің көрсеткіші беріледі. Дисплей аймақтарын және оның әртүрлі көріністерін шарлау үшін руль бағанына кіріктірілген басқару пультін пайдаланыңыз.

«Параметрлер» бөліміндегі «Дисплей жинақтау» параграфын қараңыз.


- Классикалық конфигурацияда дисплейдің сол және оң жақ шеттерінде үлкейтілген спидометр және тахометр көрсетілген. Спидометр мен тахометрдің ішінде ақпарат шығаруға арналған аймақтар қарастырылған. Дисплейдің ортасында жүргізушінің ақпарат орталығы (DIC) орналасқан.
- Прогрессивті конфигурацияда дисплейдің сол және оң жақ шеттерінде кішірейтілген спидометр мен тахометр бар. Спидометр мен тахометрдің ішінде ақпарат шығаруға арналған аймақтар қарастырылған.

Дисплейдің ортасында жүргізушінің ақпарат орталығының (DIC) үлкейтілген аймағы орналасқан.

- Цифрлық конфигурацияда дисплейдің сол және оң жақ шеттерінде ақпаратты шығару аймақтары орналасқан. Дисплейдің ортасында жүргізушінің ақпарат орталығының (DIC) үлкейтілген аймағы орналасқан.
- Дисплейдің ортасында жеңілдетілген, таза конфигурацияда цифрлық спидометр орналасқан. Жүргізушінің ақпарат орталығы (DIC) аймағы дисплейдің оң жақ шетінде орналасқан.

Аспаптар қалқаншасы дисплейінің мәзірі

Аспаптар қалқаншасында интерактивті ақпарат шығару аймақтары бар, олардың орналасуы таңдалған дисплейдің жинақталымына байланысты болады.



Дисплей мәзірінің әртүрлі элементтері бойынша қозғалу үшін руль дөңгелегінің оң жақ шабағындағы батырмалар блогын пайдаланыңыз.

Аспаптар қалқаншасындағы қолданбаларға қол жеткізу үшін о немесе р батырмаларын басыңыз. Қолжетімді қолданбалар тізімін айналдыру үшін дөңгелекшені пайдаланыңыз. Қандай да бір тармақты таңдау үшін дөңгелекшені басыңыз.

Кейбір қолданбалар немесе функциялар кейбір автомобильдерде қолжетімді емес.

- Ақпараттық қолданба Мұнда жүргізушінің ақпарат орталығының (DIC) таңдалған терезелерін қарауға болады. Жүргізушінің ақпарат орталығы (DIC) (Кеңейтілген жиынтықтау) ⇨ 4-36 немесе Жүргізушінің ақпарат орталығы (DIC) (Базалық жиынтықтау) ⇨ 4-34 қараңыз.
- Аудиожүйе
- Навигация
- Телефон
- Параметрлер

Сол/оң жақтағы ақпарат

Мұнда көрсетілген ақпаратты параметрлер мәзірінен өзгертуге болады. Әрі қарай «Параметрлер» бөлімін қараңыз.

Компас: Жиынтықтауда қарастырылған болса, көлік құралының қозғалыс бағытын көрсетеді. Бұл ақпарат әдепкі бойынша сол жақта көрсетіледі.

Сырттағы уақыт пен температура: Ағымдағы уақыт пен сырттағы ауа температурасы көрсетіледі.

Шиналардағы қысым: Бұл терезеде барлық төрт доңғалақтың шиналарындағы болжалды ауа қысымы көрсетеді. Шиналардағы қысым дисплейде килопаскальмен (кПа) немесе шаршы дюймге шаққандағы фунтпен (psi) көрсетіледі. Егер қандай да бір доңғалақтың шинасындағы қысым рұқсат етілгеннен төмен болса, ол сары түспен көрсетіледі.

Орташа отын шығыны: Болжалды орташа отын шығынын 100 километрге (л/100 км) литрмен, литрге километрмен (км/л) немесе галлонға мильмен (мпг) көрсетеді. Бұл көрсеткіш соңғы нөлдеуден кейінгі деректер негізінде есептеледі («Отынды үнемдеу» бөлімін қараңыз). Жуықтама көрсеткіш дәл қазіргі уақыттағы отынның

орташа шығынын көрсетеді, ал жол жағдайлары өзгерсе, ол да өзгереді.
БАҚ майының температурасы: Автоматты беріліс қорабындағы сұйықтықтың температурасын Цельсий (°C) шкаласы немесе Фаренгейт (°F) шкаласы бойынша көрсетеді. **Жүріс режимі:** Белсенді жүріс режимі, жүріс биіктігі және тарату қорабының күйі көрсетіледі. Бұл ақпарат тек оң жақтан шығарылады, және де әдепкі бойынша көрсетіледі.
Деректер жоқ: Ақпаратты шығару аймақтары толтырылмайды.

Аудиожүйе

Музыкалық жазбаларды шарлау, таңдаулыларды таңдау, дыбыс көзін өзгерту.
Радиостанцияларды ауыстырып қосу немесе келесі немесе алдыңғы жазбаға өту үшін дөңгелекшені пайдаланыңыз.

Навигация

Таңдалған бағдар болған кезде навигация жүйесінің нұсқауларын болдырмау немесе жаңғырту, сонымен бірге дауыстық сыбырларды қосу және өшіру үшін дөңгелекшені басыңыз.

Телефон

Егер сіз қазіргі уақытта телефонмен сөйлесіп жатпасаңыз, қоңыраулар журналын немесе контактілер тізімін көруге болады. Телефонмен сөйлесу кезінде оның микрофонын өшіруге немесе қоңырауды телефонға ауыстыруға болады.

Параметрлер

«Параметрлер» мәзіріндегі позицияларды айналдыру үшін дөңгелекшені пайдаланыңыз.
Дисплейді жинақтау: Дисплейдің классикалық (Classic), прогрессивті (Progressive), цифрлық (Digital) немесе таза (Clean) жинақталуын қажетті нұсқа таңдалған кезде дөңгелекшені басу арқылы таңдауға болады.
Layout (жинақтау) мәзірін жабу үшін, ◁ басыңыз.
Сол/оң жақтағы ақпарат: Дисплейдің қандай да бір аймағында көрсетілетін ақпаратты таңдау үшін дөңгелекшені басыңыз.
Осы бөлімнің Сол/оң жақтағы ақпарат параграфын қараңыз.
Төменгі аспаптар: Қажетті нұсқа белгіленгенде дөңгелекшені басу арқылы төрт аспап конфигурациясының бірін таңдауға болады. Таңдалған конфигурация дисплейдің төменгі жағында көрсетіледі.
Көрсетілетін көрсеткіштердің максималды жинағы: жанармай деңгейі, салқындатқыш сұйықтықтың температурасы, қозғалтқыш майының қысымы, аккумулятор батареясының кернеуі. Сүйрету/тасымалдау режимінде (Tow/Haul) аккумулятор батареясы кернеуінің орнына БАҚ майы температурасының көрсеткіші шығарылады. Көрсетілетін көрсеткіштердің орташа жинағы: отын деңгейі және салқындатқыш сұйықтық температурасы. Көрсетілетін көрсеткіштердің ең аз жинағы отын деңгейімен шектеледі.
Ақпараттық терезе параметрлері: Ақпараттық қолданбада көрсетілетін позицияларды таңдау үшін дөңгелекшені басыңыз. Жүргізушінің ақпарат орталығы (DIC) (Кеңейтілген жиынтықтау) ⇨ 4-36 немесе Жүргізушінің ақпарат орталығы (DIC) (Базалық жиынтықтау) ⇨ 4-34 қараңыз.
Өлшем бірліктері: Қажетті нұсқа белгіленгенде дөңгелекшені басу арқылы американдық немесе метрикалық бірліктер жүйесін таңдауға болады.
Жылдамдықты арттыру туралы ескерту : Жүргізушіге өзі асырғысы келмейтін жылдамдықты орнатуға мүмкіндік береді. Асқаны туралы ескерту берілетін жылдамдық мәнін орнату үшін

Speed Warning (Жылдамдықты асыру туралы ескерту) пайда болған кезде дөңгелекшені басыңыз. Дөңгелекшенің көмегімен мәнді реттеп, жылдамдықты орнату үшін дөңгелекшені басыңыз.
Жылдамдық шегі орнатылған болса, осы терезені дисплейге шығара отырып, дөңгелекшені басу арқылы бұл функцияны өшіруге болады. Егер берілген жылдамдық мәнінен асып кетсе, дисплейде қалқыма ескерту пайда болады және дыбыстық сигнал беріледі.
Жылдамдықты шектеу белгісі: Бұл терезеде, бар болса, борттық навигация жүйесінің дерекқорында сақталған жол белгілері туралы ақпарат көрсетіледі.
Проекциялық дисплей (HUD): Бұл функция (сәйкес жиынтықтауда) HUD бейнелеу бұрышын реттеуге, сондай-ақ жылдамдықты шектейтін жол белгілерінің бейнеленуін өзгертуге немесе өшіруге мүмкіндік береді.
Проекциялық дисплейді бұру: Реттеу режиміне кіру үшін Adjust Rotation (Бұрылу бұрышын реттеу) опциясы бөлектелген кезде дөңгелекшені түртіңіз. HUD бейнелеу бұрышын реттеу үшін дөңгелекшені бұраңыз. Параметрді растау және сақтау үшін дөңгелекті айналдырыңыз. Бұл функция тек P (Тұрақ) режимінде қол жетімді.
Жылдамдықты шектеу белгішесі: Speed Limit Style (жылдамдықты шектеу белгішесі) тармағы бөлектелген кезде, дисплейдегі жылдамдық шегі белгілерінің белгіленуін өзгерту немесе өшіру үшін дөңгелекшені түртіңіз.
Тартым күшін бақылау және динамикалық тұрақтандыру параметрлері: тартым күшін бақылау (TSC) және динамикалық тұрақтандыру (ESC) жүйелерінің күйін көрсету. Тартым күшін бақылау
жүйесін қосу немесе өшіру үшін «Тартым күші» тармағын таңдаңыз. Динамикалық тұрақтандырудың электрондық жүйесін (ESC)/StabiliTrak қосу немесе өшіру үшін, егер бар болса, Stability (тұрақтандыру) тармағын таңдаңыз. Тартым күшін бақылау/Динамикалық тұрақтандырудың электрондық жүйесі⇨ 8-34 қараңыз
БЖ туралы ақпарат: Ашық кодты БЖ туралы ақпарат көрсетіледі.
Әдепкі баптауларды қалпына келтіру : Жүргізуші әдепкі бойынша орнатылған баптауларды қалпына келтіре алады.

Спидометр

Спидометрде көліктің жылдамдығын сағатына километрмен (км/сағ) немесе сағатына мильмен (миль/сағ) көрсетеді.

Одометр

Одометрде автокөліктің толық жүрген жолы километрмен немеме мильмен көрсетіледі.

Ағымдағы жүріс есептегіші


Ағымдағы жүріс есептегіші көліктің есептегіш көрсеткіштерін соңғы рет арылтудан бастап жүріп өткен жолын көрсетеді.
Ағымдағы жүгіріс есептегішінің көрсеткіштерін қарау және арылту жүргізушінің ақпарат орталығының дисплейі арқылы жүзеге асырылады. Жүргізушінің ақпарат орталығы (DIC) (Кеңейтілген жиынтықтау) ⇨ 4-36 немесе Жүргізушінің ақпарат орталығы (DIC) (Базалық жиынтықтау) ⇨4-34 қараңыз.

Тахометр


Тахометрде қозғалтқыштың бір минуттағы айналымдар саны (айн/мин) көрсетіледі.
Егер автомобиль қозғалтқышты автоматты тоқтату және іске қосу жүйесімен жабдықталған болса, тұтандыру қосылған кезде тахометр сақинасында жүйенің күйі көрсетіледі. Көрсеткі AUTO STOP-қа (қозғалтқыш автоматты түрде тоқтатылды) нұсқап, қозғалтқыш өшірулі болған кезде, бірақ барлық басқа жүйелер жұмысын жалғастырса, көлік әрі қарай жүруге дайын.

Қозғалтқыш кез келген уақытта іске қосылуы мүмкін. Көрсеткі OFF (өшір.) көрсеткенде, қозғалтқыш толығымен өшеді.
Егер қозғалтқыш жұмыс істесе, тахометр көрсеткісі иінді біліктің бір минуттағы айналу санын (айн/мин) көрсетеді. Auto Stop (Автоматты тоқтату) режимінде қозғалтқыш тоқтатылғанда немесе қайта іске қосылғанда тахометр көрсеткісі бірнеше жүз айналымға өзгеруі мүмкін.

Отын деңгейін көрсеткіш



Базалық жинақталым



Кеңейтілген жинақталым

Тұтандыру қосулы кезде отын деңгейін көрсеткіш бакта қалған отынның болжалды қалған мөлшерін көрсетеді.
Отын деңгейін көрсеткіштің жанындағы көрсеткі отын құю люгінің көліктің қай жағында орналасқанын көрсетеді.
Индикатор бактың босауға шақ қалғанын көрсеткенде, отын резервінің индикаторы жанады. Бұл бакта әлі біраз отын қалғанын, бірақ көлікке тез арада отын құю керек екенін білдіреді
Отын деңгейін көрсеткіштің ерекшеліктері:


- Отынның нақты деңгейі көрсеткі көрсеткіштерінен сәл жоғары немесе төмен болуы мүмкін. Мәселен, көрсеткіш бактың жартылай толып тұрғанын көрсетуі мүмкін, ал шын мәнінде оның жартысынан сәл көп немесе сәл аз болуы мүмкін.
- Көрсеткіш көрсеткісі бұрылыс, үдеу және тежелу кезінде аздап қозғалады.
- Тұтандыруды қосқаннан кейін көрсеткіш нұсқарының тұрақтануы үшін бірнеше секунд қажет. Тұтандыруды өшіргеннен кейін көрсеткі отын багының бос екенін көрсетеді.

Мұның бәрі қалыпты жағдай, жоғарыда аталған ерекшеліктердің ешқайсысы отын деңгейін көрсеткіштің ақаулы екенін көрсетпейді.


Отын қоры

Есепті отын қоры кеңейтілген жинақталымдағы аспаптар дисплейінің төменгі орта жағында көрсетіледі.
Отын қоры көліктің отын құймастан жүріп өтуіне болатын болжалды қашықтық ретінде көрсетіледі. Бар отынмен жүріп өтуге болатын болжалды қашықтық соңғы кезеңдегі отынның орташа шығыны және отын багында қалған отын көлемі бойынша есептеледі.
Отынның есептік қоры төмен болған кезде LOW таңбасы көрсетіледі, ал жүргізушінің ақпарат орталығының (DIC) дисплейінің экранында сәйкес хабарлама пайда болуы мүмкін.

Мотор майы қысымының манометрі



Базалық жинақталым



Кеңейтілген жинақталым

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде мотор майының манометрі мтор майының қысымын кПа (килопаскалмен) немесе шаршы дюймге фунтпен көрсетеді.

Майдың қысымы май тұтқырлығына, қозғалтқыш айналымына, салқындатқыш сұйықтық пен сыртқы ауаның температурасына байланысты өзгеруі мүмкін.

Кейбір модельдерде май сорғысы қажет болған жағдайда майлау жүйесіндегі қысымды реттейді. Қысым қозғалтқыштың айналымына немесе жүктемесіне байланысты тез өзгеруі мүмкін. Бұл күй қалыпты болып табылады. Егер май қысымының сигнал бергіші немесе жүргізушінің ақпарат орталығының дисплейіндегі хабарлама май қысымының қалыпты жұмыс ауқымынан тыс екенін көрсетсе, майды мүмкіндігінше тезірек тексеру қажет.

Қар.: Мотор майы ⇨ 9-5.

> ⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*
>
> Мотор майына нашар қызмет көрсету автокөліктің зақымдалуына себеп болуы мүмкін. Моторр майының деңгейі төмен автокөлікті пайдалану да қозғалтқыштың бұзылуына алып келуі мүмкін. Осыған байланысты жөндеу жұмыстары кепілдікке кіретін жағдай болып табылмайды. Май деңгейін мүмкіндігінше жиі тексеріңіз. Қажет болса, май қосыңыз, бірақ май жеткілікті болса және қысым әлі де төмен болса, ТҚКС хабарласыңыз. Мотор майын ауыстырған кезде әрқашан көрсетілген аралықтарды сақтаңыз.


Кеңейтілген жинақталым

Мұнда төменгі төрт аспап көрсеткіштерінің көрсетілуінің реттелгені-реттелмегені көрсетілген. Аспаптардың конфигурациясын өзгерту тәртібін Аспаптар комбинациясы (Кеңейтілген жиынтықтама) бөлімнің «Параметрлер» ⇨ 4-14 немесе Аспаптар комбинациясы (Базалық жиынтықтама) ⇨ 4-11 параграфынан қараңыз.

Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының температура индикаторы



Базалық жинақталым




Кеңейтілген жинақтама

Меңзер қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының температурасын көрсетеді.

Шкаланың шеткі жағындағы ескерту аймағы көлеңкелі болып көрінуі немесе қызыл түсті болуы мүмкін.

Меңзер ескерту аймағына немесе көлеңкеленген термостат белгісіне жақындаса, қозғалтқыш қатты қызған болуы мүмкін.

Трансмиссия майының температуралық көрсеткіші (Тек кеңейтілген жинақтама үшін)




Бұл көрсеткіштер көлік құралы сүйреу/тасымалдау (Tow/Haul) жүріс режимінде болғанда және қалқан төменгі төрт аспапты көрсету үшін реттелген кезде көрсетіледі. БАҚ май температурасының көрсеткіштерін сол немесе оң жақтағы ақпараттық аймақта шығатындай етіп реттеуге болады. Аспаптардың конфигурациясын өзгерту тәртібін Аспаптар комбинациясы (Кеңейтілген жиынтықтама) немесе Аспаптар комбинациясы (Базалық жиынтықтама) ⇨ 4-11 бөлімінің «Параметрлер» параграфынан ⇨ 4-14 қараңыз.


Мұнда БАҚ майы температурасының көрсеткіштері көрсетіледі. Егер көрсеткіш көрсеткісі шкаланың қызыл секторында болса және (немесе) жүргізушінің ақпарат орталығының (DIC) дисплей экранында хабарлама көрсетілсе, тоқтап, ақаулықтың себебін анықтау қажет. Ықтимал себептердің бірі беріліс қорабындағы май деңгейінің төмендігі болып табылады.

⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*
Трансмиссиялық сұйықтық қызып кеткен кезде автомобильде жүруге жол берілмейді, әйтпесе беріліс қорабына зақым келуі мүмкін. Бұл кепілдікпен қамтылмаған қымбат жөндеуге әкелуі мүмкін.

Вольтметр



Базалық жинақталым



Кеңейтілген жинақталым

Тұтандыру қосулы кезде бұл көрсеткіште АКБ кернеуі көрсетіледі. Егер автомобильдің жағдайы қалыпты жұмыс режимі шегінен асып кетсе, зарядтау жүйесінің индикаторы жанады.

Көрсеткінің көрсеткіштері үлкен мәннен кішіге немесе кішіден үлкенге өзгеруі мүмкін. Бұл күй қалыпты болып табылады. Бұл қалыпты жағдай, өйткені зарядтау жүйесі қозғалтқыштың бос жүрісінде толық қуат бере алмайды. Қар.: Зарядтау жүйесінің лампасы ⇨ 4-23. Сонымен қатар, вольтметр отын үнемдеу режимінде төмен көрсеткіштерді беруі мүмкін. Бұл күй қалыпты болып табылады.

Егер автомобильде бір уақытта көптеген қосымша электр жабдықтары қолданылса және қозғалтқыш ұзақ уақыт бос жүріспен жұмыс істемесе, көрсеткіштер қалыпты жұмыс режимі шегінен асып кетуі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай, өйткені зарядтау жүйесі қозғалтқыштың бос жүрісінде толық қуат бере алмайды. Қозғалтқыштың айналу жылдамдығы артқан кезде мәселе шешілуі керек, өйткені қозғалтқыштың жоғары айналуында зарядтау жүйесі максималды қуатты дамыта алады.

Қалыпты жұмыс режимінен тыс көрсеткіштермен автомобильдің қозғалысы қысқа уақытқа ғана мүмкін болады.

Қозғалысты жалғастыру қажет болса, көлік автомагнитола немесе кондиционер сияқты қосалқы жабдықты толығымен өшіріңіз.

Егер көрсеткіштер қалыпты режимнен тыс болса, бұл электр жүйесіндегі ақаулықты білдіруі мүмкін. Тезірек техникалық қызмет көрсету станциясына хабарласу керек.

Кеңейтілген жинақталым

Мұнда төменгі төрт аспап көрсеткіштерінің көрсетілуінің реттелгені-реттелмегені көрсетілген. Автокөлік сүйрету режимінде болған кезде, бұл құрылғыда БАҚ температура көрсеткіштері көрсетіледі. Аспаптардың конфигурациясын өзгерту тәртібін Аспаптар комбинациясы (кеңейтілген жиынтықтама) ⇨ 4-14 немесе Аспаптар комбинациясы (базалық жиынтықтама) ⇨ 4-11 бөлімнің «Параметрлер» абзацынан қараңыз.

Бекітілмеген қауіпсіздік белдіктерінің индикаторлары

Жүргізушінің тағылмаған қауіпсіздік белдігінің индикаторы

Жүргізушінің тағылмаған қауіпсіздік белдігінің индикаторы құралдар қалқанында орналасқан.



Оталдыруды қосқан кезде бұл индикатор жыпылықтай бастайды және жүргізушіге қауіпсіздік белдігін тағу керектігі туралы ескерте отырып, зуммердің ескерту сигналы беріледі.

Бұл шам белдік тағылмайынша жанып тұрады. Егер жүргізуші автокөлік қозғалысы кезінде қауіпсіздік белдігін тақпай отырса немесе шешсе, бұл цикл бірнеше рет қайталануы мүмкін.

Егер жүргізушінің қауіпсіздік белдігі тағылған болса, индикатор жанбайды және дыбыстық сигнал берілмейді.

Алдыңғы жолаушының бекітілмеген қауіпсіздік белдігінің индикаторы

Жолаушының қауіпсіздік жастығының жай-күйі индикаторының жанында алдыңғы жолаушының бекітілмеген қауіпсіздік белдігінің индикаторы болуы мүмкін. Қар.: Жолаушыларды анықтау жүйесі ⇨ 2-31.



Оталдыруды қосқан кезде бұл индикатор жыпылықтай бастайды және жолаушыға қауіпсіздік белдігін тағу керектігі туралы ескерте отырып, зуммердің ескерту сигналы беріледі.
Бұл шам белдік тағылмайынша жанып тұрады. Бұл цикл алдыңғы жолаушы тағылмаған күйде қалса немесе көлік қозғалысы кезінде қауіпсіздік белдігін шешсе, бірнеше рет қайталанады.
Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белдігі тағылған болса, индикатор жанбайды және дыбыстық сигнал естілмейді.
Орындықта қандай да бір зат болса, мысалы, портфель, әйелдер сөмкесі, шаруашылық сөмкесі, ноутбук немесе кез келген басқа электрондық құрылғы болса, алдыңғы жолаушының тағылмаған қауіпсіздік белдігінің индикаторы жанып, зуммердің ескерту сигналы берілуі мүмкін. Сигнализаторды және/немесе дыбыстық сигналды өшіру үшін орындықтан затты алып тастау немесе белдікті тағу қажет.

Екінші және үшінші қатардағы жолаушы орындығының тағылмаған қауіпсіздік белдігінің индикаторы

Көлік құралы екінші және үшінші қатардағы жолаушылар орындықтарындағы бекітілмеген қауіпсіздік белдіктерінің индикаторларымен жабдықталуы мүмкін.



Тұтандыру қосулы кезде бұл индикаторлар үздіксіз жанып тұрады, бұл артқы жақтағы жолаушыларға қауіпсіздік белдіктерін тағуды ескертеді. Көлік қозғала бастағаннан кейін, егер артқы жолаушылардың қауіпсіздік белдіктері ілінбеген немесе шешілген болса, сәйкес индикаторлар үздіксіз жанып тұруы немесе жыпылықтауы мүмкін, сонымен қатар зуммердің сигналы естіледі. X таңбасы тағылмаған қауіпсіздік белдігін білдіреді. Бекітілген қауіпсіздік белдігі құсбелгімен белгіленеді.
Егер барлық артқы қауіпсіздік белдіктері тағылса, жарық индикаторы жанбайды және дыбыс сигналдары естілмейді.
Алдыңғы тағылмаған қауіпсіздік белдігінің жарық индикаторлары туралы ақпаратты жоғарыдағы «Жүргізушінің тағылмаған қауіпсіздік белдігінің индикаторы» және «Алдыңғы жолаушының тағылмаған қауіпсіздік белдігінің индикаторы» параграфынан қараңыз.
Артқы орындықта қандай да бір зат, мысалы, портфель, әйелдер сөмкесі, шаруашылық сөмкесі, ноутбук немесе кез келген басқа электрондық құрылғы болса, артқы жолаушының тағылмаған қауіпсіздік белдігінің индикаторы жанып, зуммердің дыбыстық сигнал берілуі мүмкін. Сигнализаторды және/немесе дыбыстық сигналды өшіру үшін орындықтан затты алып тастау немесе белдікті тағу қажет.

Үрлемелі қауіпсіздік жастықшаларының даярлығының сигналдық шамы

Бұл индикатор үрлемелі қауіпсіздік жастығы жүйесінің басқару тізбегінде электр ақауының бар екенін көрсетеді. Ол аспаптар комбинациясында орналасқан. Диагностика кезінде қауіпсіздік жастықшасы мен жолаушының болу датчиктері, белдіктің алдын ала кергіштері, қауіпсіздік жастықшасының модульдері, сым шоғырлары және қауіпсіздік жастықшасының басқару блогы тексеріледі. Қауіпсіздік жастығы жүйесі туралы қосымша ақпаратты Үрлемелі қауіпсіздік жастығы жүйесі бөлімінен қараңыз ⇨ 2-25.



Қозғалтқыш іске қосылған кезде қауіпсіздік жастықшасының даярлығының лампасы бірнеше секундқа жанады. Егер осыдан кейін шам үнемі жанып тұрмаса, ақаулықты дереу жойыңыз.

> ⚠ *ЕСКЕРТУ!*
>
> Қозғалтқышты іске қосқаннан кейін қауіпсіздік жастықшасының даярлығының шамы жанып тұрса немесе көлік жүргізу кезінде жанса, бұл қауіпсіздік жастығы жүйесінің дұрыс жұмыс істемейтінін білдіруі мүмкін. Қауіпсіздік жастықшалары соқтығысу кезінде іске қосылмауы немесе соқтығыспай іске қосылып кетуі мүмкін.
> Жарақат алуды болдырмас үшін дереу көлікке техникалық қызмет көрсету үшін жүгініңіз.

Қауіпсіздік жастығы жүйесінде ақаулық орын алған жағдайда, жүргізушінің ақпарат орталығының дисплейінде хабарлама пайда болуы мүмкін.

Жолаушының қауіпсіздік жастығы күйінің индикаторы


Көлік жолаушылардың болуын анықтау жүйесімен жабдықталған. Жолаушыларды анықтау жүйесі туралы маңызды ақпаратты Жолаушыны табу жүйесі бөлімінен ⇨2-31 қараңыз. Үстіңгі консольде жолаушының қауіпсіздік жастықшасының күй индикаторы бар.



Жүйені тексеру кезінде көлікті іске қосқан кезде жолаушылар қауіпсіздік жастығы күйінің индикаторы қауіпсіздік жастықшасының қосу және өшіру белгілерін бірнеше секундқа кезектестіріп жыпылықтайды.
Содан кейін тағы бірнеше секундтан кейін күй индикаторы алдыңғы жолаушының орнындағы қауіпсіздік жастығының күйі туралы хабарлай отырып, қауіпсіздік жастықшасын қосу немесе өшіру белгілерін қосады.
Егер ON (қосулы) индикаторы жанып тұрса, алдыңғы жолаушының сыртқы алдыңғы қауіпсіздік жастығы апат кезінде ашылуы керек.
Жолаушының қауіпсіздік жастықшасының күй индикаторындағы өшірулі жастық белгісі жанса, бұл жолаушыларды анықтау жүйесі алдыңғы жолаушының сыртқы алдыңғы қауіпсіздік жастықшасын ажыратылғанын білдіреді.
Егер бірнеше секундтан кейін күй индикаторы жанып тұрса немесе сөніп қалса, ал қауіпсіздік жастықшасы даярлық индикаторы жанып тұрса, бұл индикаторлардағы немесе жолаушыларды анықтау жүйесіндегі ақауды көрсетуі мүмкін. Тез арада қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.

> ⚠ *ЕСКЕРТУ!*
>
> Қауіпсіздік жастықшасының даярлығының шамы жанып, сөнбей тұрса, бұл қауіпсіздік жастығы жүйесінде ақаудың барын білдіреді. Жарақат алуды болдырмас үшін дереу көлікке техникалық қызмет көрсетуге жүгініңіз. Қауіпсіздікке қатысты қосымша ақпаратты Үрлемелі қауіпсіздік жастықшасының даярлығының сигналдық шамы бөлімінен қараңыз ⇨ 4-22.

Зарядтау жүйесінің лампасы



Зарядтау жүйесінің шамы тұтану қосылған кезде және қозғалтқыш жұмыс істемей тұрған кезде қысқа уақыт ішінде жанып, шамның жұмыс қабілеттілігін көрсетеді. Қозғалтқыш іске қосылғанда ол өшуі керек.

Егер қозғалыс кезінде шам жанып тұра берсе немесе жанса, бұл электрлік зарядтау жүйесінде ақаулық бар екенін білдіруі мүмкін. Оны дилерден тексеріңіз. Шам жанып тұрған кезде көлік жүргізу аккумулятор зарядының бітуіне алып келуі мүмкін.

Бұл индикатор үнемі қосулы болса немесе жыпылықтаған кезде, жүргізушінің ақпарат орталығының дисплейінде хабарлама пайда болады.

Егер шам жанып тұрғанда қысқа қашықтыққа жүру қажет болса, дыбыс жүйесі мен кондиционер сияқты барлық қосалқы құрылғыларды міндетті түрде өшіріңіз. Тоқтау үшін қауіпсіз орынды табыңыз.

Ақаулық дабылдағышы («Check Engine" бақылау шамы (қозғалтқышты тексеріңіз))

Бұл дабылдағыш пайдаланылған газды тазарту жүйесінің борттық диагностикасының бір бөлігі болып табылады. Егер ол қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде жанса, бұл ақаулықтың барын және жөндеу қажеттілігін көрсетеді. Тұтану кілті Service Mode (сервистік режим) күйінде болғанда, дабылдағыш жануы керек. Осылайша, оның шамының жұмысқа жарамдылығы тексеріледі. Қар.: Кілттің тұтандыру құлпындағы қалыптары ⇨ 8-16.



Жүйе көбіне ақаулардың туындауы туралы кез келген сыртқы белгілер пайда болғанға дейін ескертеді. Дабылдағыштың қосылғанын қадағалаңыз және елеулі зақымды болдырмау үшін сервистік орталыққа дер кезінде хабарласыңыз.

⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*

Егер сіз жанып тұрған дабылдағышы бар автомобильді пайдалануды жалғастырсаңыз, пайдаланылған газдарды бейтараптандыру жүйесі өз міндеттерін тиімді шеше алмайды, отын шығынының ұлғаюы, сондай-ақ жүріс динамикасы мен тегістігі нашарлауы мүмкін. Бұл автомобиль кепілдігі қолданылмайтын қымбат жөндеуге әкелуі мүмкін.

⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*

Дабылдағыш қозғалтқыштың, беріліс қорабының, қабылдау және шығару жүйелерінің, жанармай жүйесінің конструкциясының өзгеруіне немесе ұсынылмаған типтік өлшемдегі шиналарды қолдануға байланысты жануы мүмкін. Бұл көлік кепілдігімен қамтылмаған қымбат жөндеуге әкелуі мүмкін. Бұл сондай-ақ пайдаланылған газдардың уыттылығын тексеруден/мемлекеттік техникалық байқаудан өтуді қиындатуы мүмкін. Қар.: Автомобильдің қосымша жабдықтары түрленімдері ⇨ 9-2.

Егер дабылдағыш жыпылықтаса:

Пайдаланылған газдарды бейтараптандыру жүйесінің істен шығуына және олардағы зиянды заттардың мөлшерінің артуына әкелуі мүмкін ақаулық анықталды. Диагностика және қызмет көрсету қажет болуы мүмкін.

Жарақат алу қаупін азайту үшін жылдамдықты төмендетіңіз және кенеттен үдеу мен өрге көтерілуден аулақ болуға тырысыңыз. Егер көлік тіркемені сүйретіп келе жатқан болса, оны мүмкіндігінше тезірек ағытыңыз.

Егер дабалдағыш жыпылықтай берсе, төтенше жағдай жасамай тоқтауға болатын орынды табыңыз.


Тұтандыруды өшіріп, кем дегенде 10 секунд күтіп, қозғалтқышты қайта қосыңыз. Егер дабылдағыш әлі де жыпылықтап тұрса, жоғарыдағы ұсынымдарды орындаңыз және көлігіңізге техникалық қызмет көрсету үшін мүмкіндігінше тезірек өз дилеріңізге жүгініңіз. **Егер дабылдағыш үнемі жанып тұрса:** Ақауық анықталды. Диагностика және қызмет көрсету қажет болуы мүмкін.
Келесі тексерулерді орындаңыз:

- Егер көлікке қақпағы жоқ құю мойнына арналған ұластырғышты пайдаланып, құйғыш арқылы жанармай құйылса, ұластырғыштың ажыратылғанына көз жеткізіңіз. Қар.: Бакты отынмен толтыру тарауындағы «Канистрдегі отынмен толтыру» ⇨ 8-68 Диагностикалық жүйе ұластырғыштың ажыратылмағанын және отынның атмосфераға буланауы мүмкін екенін анықтауы мүмкін. Ұластырғышты алып тастағаннан кейін бірнеше сапардан кейін шам сөнуі керек.
- Жанармайдың төмен сапасы қозғалтқыштың істен шығуына және автомобиль динамикасының нашарлауына әкелуі мүмкін. Қозғалтқышты қыздырғаннан кейін бұл ақаулық белгілері жоғалып кетуі мүмкін. Мұндай жағдайларда басқа маркалы отынға ауысу қажет. Дабылдағыш сөнбес бұрын бактағы жанармайды кем дегенде бір рет толығымен жақсы сападағы отынмен ауыстыру керек. Қар.: Ұсынылатын отын түрлері ⇨ 8-65.

Егер дабылдағыш әлі жанып жатса, дилерге жүгіну қажет.

Шығарындылардың улылығын бақылау бағдарламасы және техникалық қызмет көрсету бағдарламасы

Техникалық тексеруді жүргізу кезінде уыттылықты бақылауға арналған аппаратура қосылатын диагностикалық қалып пайдаланылуы мүмкін.



Деректерді беру арнасының қосқышы руль дөңгелегінің сол жағындағы аспаптар панелінің астында орналасқан. Техникалық тексеру кезінде немесе көлікке техникалық қызмет көрсету кезінде уыттылықты бақылауға арналмаған жабдықтың осы қалыпқа қосылуы көліктің жұмысына әсер етуі мүмкін. Қар.: Қосымша электр жабдықтары ⇨ 8-89. Көмек алу үшін дилеріңізге жүгініңіз.

Автокөлік тексеруден өтпеуі мүмкін, егер:

- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде дабылдағыш үнемі жанып тұрса.
- Тұтану кілтін Service Only Mode (сервистік режим) күйіне ауыстырған кезде дабылдағыш жанбаса.
- Пайдаланылған газдардағы уыттылық деңгейіне әсер ететін негізгі жүйелерге толық диагностика жүргізілмеген. Бұл жағдайларда автомобиль тексеруден өтуге дайын болмайды. Оны тексеруге дайындау үшін оны бірнеше күн бойы қалыпты режимде пайдалану қажет болуы мүмкін. Бұл жағдай, мысалы, 12 вольтты АКБ жақында ауыстырылған немесе толығымен зарядсызданған болса немесе көлікке жақында техникалық қызмет көрсетілген болса орын алуы мүмкін.

Егер автомобиль техникалық байқаудан өтуге дайын болмаса немесе оны өте алмаса, дилерге хабарласыңыз.

Тежеу жүйесінің бақылау шамы



Бұл индикатор тұтану қосулы кезде қысқа уақыт жанып тұруы керек. Егер дабылдағыш жанбаса, жүйенің ықтимал ақаулығы туралы дер кезінде ескерту алу үшін оны жөндеу керек.
Егер тұтандыруды қосу кезінде дабылдағыш жанып, сөнбесе, бұл жұмыс тежегіш жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуін көрсетеді. Тежеу жүйесін дереу тексертіп алыңыз.
Егер сигнал беруші қозғалыс кезінде жанса, жол жиегіне барып, біртіндеп тоқтау керек.
Электр күшейткіштермен жабдықталған тежеу жүйесі. Егер тежегіш жүйесінің төтенше жағдай дабылдағышы жанып тұрса, көліктің жүру жылдамдығы мәжбүрлі түрде шектелуі мүмкін. Тежегіш басқысына салынатын күш немесе оның жүрісі артуы мүмкін. Тежеу қашықтығы артуы мүмкін. Дабылдағыш әлі жанып тұрса, көлік құралын техникалық қызмет көрсету станциясына сүйреп апарыңыз. Қар.: Автокөлікті сүйрету ⇨ 9-70.

⚠ ЕСКЕРТУ!

Егер тежегіш жүйесінің дабылдағышы жанып тұрса, тежеу жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Тежегіш жүйесінің дабылдағышы жанып тұрған көлікті жүргізу апатқа әкелуі мүмкін. Егер жолдан шығып, абайлап тоқтаған кезде де дабылдағыш жанып тұрса, көлікті техникалық қызмет көрсету үшін сүйреп апару керек.

Электр жетегі бар тұрақ тежегішінің дабылдағышы



Тұрақ тежегіші қатты тартылып тұрған кезде бұл индикатор жанады. Егер шам тұрақ тежегіші босатылғаннан кейін немесе көлік жүріп жатқанда да жыпылықтауын жалғастырса, бұл электрмеханикалық тұрақ тежегішінің дұрыс жұмыс істемеуін көрсетеді. Бұл жағдайда жүргізушінің ақпараттық орталығының дисплейінде хабарлама көрсетілуі мүмкін.
Егер сигнал бергіш жанбаса немесе жыпылықтауын тоқтатпаса, дилерге хабарласыңыз.

Электр жетегі бар қызметтік тұрақ тежегішінің индикаторы



Бұл индикатор тұтану қосулы кезде қысқа уақытқа жануы мүмкін. Егер индикатор жанбаса, жүйенің ықтимал ақаулығы туралы уақытылы алдын ала ескерту алу үшін оны жөндеу керек.
Егер бұл шам жанып тұрса немесе қозғалыс кезінде жанса, бұл электрмеханикалық тұрақ тежегішінің дұрыс жұмыс істемеуін көрсетеді. Тезірек техникалық қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз. Тұрақ тежегішінен басқа, электрмеханикалық тұрақ тежегішін қолданатын басқа қауіпсіздік функциялары да нашарлауы мүмкін. Бұл ретте жүргізушінің ақпараттық орталығының дисплейіне хабарлама да көрсетілуі мүмкін. Қар.: Электр жетегі бар тұрақ тежегіші ⇨ 8-31.

Тежегіштердің бұғаттауға қарсы жүйесінің сигнал бергіші (ABS)



Бұл сигнал бергіш тұтану қосулы кезде қысқа уақытқа жануы керек. Егер сигнал бергіш жанбаса, ақаулық туралы сигнал беруге дайын болуы үшін оны жөндеңіз.
Егер ABS ақаулығының сигнал бергіші сөнбесе немесе қозғалыс кезінде қайта жанса, көлікке техникалық қызмет көрсету қажет. Сигнал бергіш тұрақты жанып тұрған кезде де дыбыстық сигнал берілуі мүмкін.
Тек ABS ақаулығының сигнал бергіші жанып тұрса, көлік қалыпты тежеу жүйесімен жабдықталған және бұл ретте ABS жұмыс істемейді.
Егер ABS ақаулығының сигнал бергіші де, тежеу жүйесінің ақаулығының сигнал бергіші де жанып тұрса, ABS жүйесі жұмыс істемейді және жұмыс тежеу жүйесінде ақау бар. Қызмет көрсету үшін техникалық қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.
Қар.: Тежеу жүйесінің бақылау шамы ⇨4-26.

Толық жетектің жарық индикаторы



Автоматты режим көрсетілген, басқа режимдер ұқсас

Егер төрт доңғалақ жетегінің жарық индикаторы жиынтықтамада болса, онда ол автомобильдің белсенді режимін білдіреді. Режим белгілеулері: 2WD, 4, AUTO; 4 және N.
Режимді ауыстыру кезінде индикатор жыпылықтайды. Ауыстырып қосу аяқталған кезде индикатор тұрақты жанады.
Индикатор түсінің сары түске ауысуы төрт доңғалақ жетегінің ақаулығын көрсетуі мүмкін. Қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз. Қар.: Толық жетек⇨8-27.

Көлбеу қозғалысты бақылау индикаторы



Егер көлбеу қозғалысты бақылау жүйесі жинақтамада қамтамасыз етілсе, жүйе жұмысқа дайын болған кезде оның индикаторы үнемі жанып тұрады. Дабылдағыш жыпылықтаса, жүйе іске қосулы.
Қар.: Көлбеу қозғалысты бақылау жүйесі ⇨ (HDC) 8-36.

Жол белгілеріне қатысты автомобильдің қалпын бақылау жүйесінің индикаторы (LKA)



Егер келе жатқан жолақтан белсенді рульдеу арқылы шығу (LKA) туралы ескерту жүйесі қосулы болса (тиісті жинақтауда), бірақ жұмыс істеуге дайын болмаса, ақ түсті индикатор жанады.
Егер келе жатқан жолақтан белсенді рульдеу арқылы шығу туралы ескерту жүйесі қосулы және жұмысқа дайын болса, индикатор жасыл болып жанады. Егер автомобиль таңбалау сызығына жақындаса, жүйе руль дөңгелегіне біркелкі әсер етіп, автомобильді бұрынғы бағытына қайтарады. Көлік құралын басқаруға жүйенің белсенді араласуы кезінде оның индикаторы сары шаммен жарықтандырылады.
Индикатор сары шаммен жыпылықтап, белгілеудің байқаусызда қиылуын және келе жатқан жолақтан шығу туралы ескертеді. Жүйе жолақты кесіп өту әдейі жасалған деп шешсе, индикатор жанбауы мүмкін. Бұрылыс көрсеткіші қосылғанда алып жатқан жолақтан шығу туралы ескерту жүйесінің индикаторы жанбайды.
Егер көлік құралы ауысатын бағытта бұрылыс көрсеткіштері қосылса немесе жүйе үдеуді, тежеуді немесе белсенді маневр жасауды анықтаса, жүйе рульд бұрмайды немесе жолақтан шығу туралы ескертпейді.
Қар.: Жол белгілеріне қатысты автомобильдің қалпын бақылау жүйесі (LKA) ⇨8-63.

Автоматты шұғыл тежеуді өшіру (AEB) индикаторы



Бұл индикатор жаяу жүргіншінің ал дында автоматты шұғыл тежеу немесе тежеу жүйесі өшірілген немесе ақаулы болған кезде жанады.
Дәл сол индикатор ақаулық немесе ауа-райы жағдайлары, сондай-ақ алдыңғы әйнектің ластануы салдарынан AEB немесе FPB жүйесінің істен шыққанын көрсетеді.
Қар.: Автоматты шұғыл тежеу жүйесі (AEB) ⇨ 8-57.
Қар.: Жаяу жүргіншілер алдында тежеу жүйесі (FPB) ⇨ 8-58.

Алда келе жатқан көлік туралы сигнал бергіш



Егер автомобиль осы жүйемен жабдықталған болса, оның индикаторы алда басқа көлік табылған кезде жасыл шаммен жанады және қауіпті жақындаған жағдайда түсін сарыға өзгертеді.
Қар.: Алдыңғы соқтығысу туралы ескерту жүйесі (FCA) ⇨8-54.

Алда келе жатқан жаяу жүргіншілер туралы сигнал бергіш



Көлік осы жүйемен жабдықталған болса, жолда жаяу жүргіншіні анықталған кезде сары сигнал бергіш жанады.
Қар.: Жаяу жүргіншілер алдында тежеу жүйесі (FPB) ⇨ 8-58.

Тартым күшін бақылау жүйесінің дабылдағышы



Бұл индикатор тұтандыру қосулы кезде қысқа уақытқа жанады. Егер ол жанбаса, қызмет көрсету үшін автокөлікті дилерге жеткізіңіз.
Егер жүйе қалыпты жұмыс істесе, дабылдағыш өшіріледі.
Тартым күшін бақылау жүйесінің өшіру индикаторы жүйе өшірілген жағдайларда жанады. Егер StabiliTrak жүйесі/электронды динамикалық тұрақтандыру жүйесі (ESC) өшірілсе, тартым күшін бақылау жүйесі (TCS) де өшіріледі. Тартым күшін бақылау жүйесі мен динамикалық тұрақтандыру жүйесін өшіру және қосу туралы көбірек білу үшін
«Тартым күшін бақылау жүйесі/Электронды динамикалық тұрақтандыру жүйесі» бөлімін ⇨ 8-34 қараңыз.
Тартым күшін бақылау жүйесі (TCS) өшірілсе, доңғалақтың батып қалуы транмиссияның зақымдануы мүмкін болғанда ғана шектеледі.
Сәйкес көлік жүргізу стилін таңдау қажет.

Өшірулі StabiliTrak жүйесінің индикаторы



Бұл индикатор тұтандыру қосулы кезде қысқа уақытқа жанады. Бұл лампа жанбаса, көлік құралын қызмет көрсету жүргізу үшін өз дилеріңізге апарыңыз. Жүйе қалыпты жұмыс істеп тұрса, сигнал бергіш өшеді.
Бұл индикатор StabiliTrak жүйесін/электронды динамикалық тұрақтандыру жүйесін (ESC) өшірген кезде жанады. StabiliTrak/Электронды динамикалық тұрақтандыру жүйесі (ESC) өшірілсе, тартым күшін бақылау жүйесі (TCS) де өшіріледі.
Динамикалық тұрақтандыру жүйесін өшіру және қосу туралы көбірек білу үшін «Тартым күшін бақылау жүйесі/Электронды динамикалық тұрақтандыру жүйесі» бөлімін ⇨ 8-34 қараңыз.
Егер динамикалық тұрақтандыру жүйесі (ESC) және тартым күшін бақылау жүйесі (TCS) өшірілсе, олар көлік құралын басқаруға араласпайды. Тиісті жүргізу стилін таңдау керек.

Тартым күшін бақылау жүйесінің (TCS)/StabiliTrak бақылау шамы



Бұл индикатор тұтандыру қосулы кезде қысқа уақытқа жанады.
Бұл шам жанбаса, көлікті техникалық қызмет көрсету станциясына апарыңыз. Жүйе қалыпты жұмыс істеп тұрса, сигнал бергіш өшеді.
Егер шам жыпылықтаудың орнына үнемі жанып тұрса, бұл тартым күшін бақылау жүйесі (TCS) және мүмкін StabiliTrak жүйесі/электронды динамикалық тұрақтандыру жүйесі (ESC) толық жұмыс істемейтінін және жүргізушіге көлік құралын басқаруға көмектеспейтінін көрсетеді.
Тиісті жүргізу стилін таңдау керек. Егер бұл шарт сақталса, бірінші мүмкіндік туған жағдайда қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз. Жүргізушінің ақпарат ор-

талығының дисплейінде (DIC) хабарлама пайда болуы мүмкін.
Индикатордың жыпылықтауы тартым күшін бақылау жүйесінің (TCS) және (немесе) StabiliTrak жүйесінің/электрондық динамикалық тұрақтандыру жүйесінің (ESC) белсенді араласуын көрсетеді.
Қар.: Тартым күшін бақылау жүйесі/Электрондық динамикалық тұрақтандыру жүйесі ⇨ 8-34.
Сонымен қатар, индикатор ABS жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде жыпылықтауы мүмкін. Қар.: Бұғатталуға қарсы тежеу жүйесі (ABS) ⇨8-31.

Тіркемені тұрақтандыру функциясының индикаторы (кеңейтілген жиынтықтағы аспаптар қалқаны)



Бұл индикатор тіркемені тұрақтандыру функциясы іске қосылғанда жыпылықтайды. Қар.: Тіркемені шайқалудан қорғау жүйесі (TSC) ⇨ 8-86.

Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы температурасының сигнал бергіші



Бұл сигнал бергіштің шамы автокөлікті іске қосқан кезде аз уақытқа жанады.
Егер ол жанбаса, автокөлікті қызмет көрсету үшін дилерге апарыңыз. Жүйе қалыпты жұмыс істеп тұрса, сигнал бергіш өшеді.

⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*

Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы температурасының сигнал бергіші көліктің қызып кеткенін көрсетеді.
Сигнал бергіш қосулы кезде автокөлікті басқаруды жалғастыру қозғалтқыштың зақымдалуына алып келуі мүмкін, ал бұл автокөлікке берілетін кепілдікпен жабылмайды. Қозғалтқыштың қызып кетуі ⇨ 9-13 қараңыз.

Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температурасы туралы сигнал бергіш қозғалтқыш қызып кеткенде жанады.
Егер бұл орын алса, көлікті дереу тоқтатып, қозғалтқышты өшіріңіз. Қар.: Қозғалтқыштың қызып кетуі ⇨ 9-13.

Қозғалыс режимдерінің индикаторы



Бұл индикатор қалыпты жүргізу режимі (Normal) таңдалғанда жанады.



Бұл индикатор Sport (Спорттық) режимі таңдалғанда жанады.



Бұл индикатор қар (Snow) режимі таңдалғанда жанады.



Бұл индикатор жолсыз жүру режимі (Terrain) таңдалғанда қосылады.



Бұл индикатор жол таңдамай жүру режимі (Off-Road) таңдалғанда жанады.



Бұл индикатор сүйреу-тасымалдау режимі (Tow/Haul) таңдалған кезде жанады.

Төрт нүктелі пневматикалық аспа индикаторы



Бұл индикатор пневматикалық аспа ең жоғары жол саңылауына көтерілген кезде қосылады.



Бұл индикатор пневматикалық аспа ұлғайтылған жол саңылауына көтерілген кезде қосылады. Жарық индикаторының әрекеті көлік биіктігінің бағдарламаланған баптауларының санына байланысты.



Бұл индикатор отырғызу мен түсіру ді жеңілдету үшін пневматикалық аспа төмендеген кезде жанады. Жарық индикаторының әрекеті көлік биіктігінің бағдарламаланған баптауларының санына байланысты.



Бұл индикатор қозғалыс кезінде көлік биіктігі жоғарылағанда жанады.



Бұл индикатор қозғалыс кезінде көлік биіктігі төмендеген кезде жанады.



Бұл индикатор пневматикалық аспаны техникалық қызмет көрсету немесе туралау режиміне ауыстырғанда қосылады.
Қар.: Төрт нүктелі пневматикалық аспа
➪ 8-41.

Шиналардағы қысым сигналын беру



Шинаның ауа қысымын бақылау жүйесімен (TPMS) жабдықталған көліктерде бұл индикатор қозғалтқыш іске қосылған кезде қысқа уақытқа жанады. Ол шинаның қысымы мен TPMS туралы ақпарат береді.

Егер сигнал беру үнемі жанып тұрса

Бұл бір немесе бірнеше шинадағы қысым нормадан әлдеқайда төмен екенін білдіреді. Сонымен қатар жүргізушінің ақпарат орталығының (DIC) дисплейінде шинаның қысымы туралы хабарлама пайда болуы мүмкін. Мүмкіндігінше тезірек тоқтап, шиналардағы қысымды шинада және жүктеме туралы ақпарат бар затбелгіде көрсетілген мәндерге жеткізіңіз. Қар.: Шиналардағы ауа қысымы ⇨ 9-37.

Егер сигнал беруші алдымен жыпылықтап, кейін үнемі жанып тұрса

Егер сигнал беру бір минуттай жыпылықтап, сосын үнемі жанып тұрса, TPMS-та мәселе туындаған болуы мүмкін.
Егер оны жою мүмкін болмаса, сигнал беру әр оталдыру циклінде қосылады. Қар.: Шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесінің жұмыс істеуі ⇨ 9-40.

Мотор майы қысымының сигналын беру

⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*

Мотор майының қысымы төмен болған кезде автомобильдің қозғалуы қозғалтқышты зақымдауы мүмкін, бұл ретте жөндеу автомобиль кепілдігімен жабылмайды.
Егер қозғалыс кезінде мотор майы қысымының индикаторы жанса:
1. Қауіпсіз жерде тоқтап, қозғалтқышты өшіріңіз.
2. Май деңгейін тексеріңіз. Қар.: Мотор майы ⇨ 9-5.
3. Май деңгейі қалыпты жұмыс деңгейінен төмен болса, май қосыңыз.
4. Қозғалтқышты қайта іске қосыңыз. Мотор майы қысымының индикаторы 10 секундтан астам жанып тұрса, көлікті қайтадан өшіріңіз. Қозғалтқышты қайта іске қоспаңыз. Қызмет көрсетуді жүргізу үшін техникалық қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.



Бұл индикатор қозғалтқышты іске қосқан кезде аз уақытқа қосылады. Егер ол жанбаса, онда автокөлікті қызмет көрсетуді жүргізу үшін дилерге жеткізіңіз.
Егер сигнал беру жанса және жанып тұра берсе, бұл май қозғалтқыштан дұрыс өтпей тұрғанын білдіреді. Көлікте май жеткіліксіз болуы және жүйеде басқа да проблемалар болуы мүмкін. Өз дилеріңізге жүгініңіз.

Отынның төмен деңгейінің сигналын беру



Төмен отын деңгейінің индикаторы отын деңгейінің көрсеткішінің жанында орналасқан. Ол тұтану қосылған кезде қысқа уақыт ішінде жанады, содан кейін сөнеді. Осылайша оның жарамдылығы тексеріледі. Дисплей аймағындағы бұл индикатор өзгермелі конфигурациядағы аспаптар қалқаны бар автомобильдердің тұтануы қосылған кезде жанбауы мүмкін.
Сондай-ақ, ол отын көрсеткіші бос бакқа жақындағанда жанады. Жанармай құйылғаннан кейін сигнал беру сөнеді. Егер сөнбесе, техникалық қызмет көрсету станциясына хабарласу керек.

Күзет дабылдағышының индикаторы



Айдап кетуге қарсы дабылдағыштың бақылау шамы қозғалтқышты іске қосқан кезде қысқа уақытқа жанады. Егер ол жанбаса, онда автокөлікті қызмет көрсетуді жүргізу үшін дилерге жеткізіңіз. Егер жүйе қалыпты жұмыс істеп тұрса, дабылдағыш өшеді.
Егер сигнал беріліс жануды жалғастырса және қозғалтқыш іске қосылмаса, онда айдап кетуден қорғау жүйесі ақаулы болуы мүмкін.
Қар.: Иммобилайзердің жұмысы ⇨ 1-22.

Қосулы алысқа түсетін жарық дабылдағышы



Бұл дабылдағыш алысқа түсетін жарық фаралары қосылған кезде жанады. Қар.: Алысқа/жақынға түсетін жарықты ауыстырып-қосқыш ⇨ 5-3.

IntelliBeam жүйесінің индикаторы



Егер автомобиль IntelliBeam бас жарық жүйесімен жабдықталған болса, ол қосылған кезде осы индикатор жанады. Қар.: Сыртқы жарық аспаптарын басқару органдары ⇨ 5-2.

Артқы тұманға қарсы шамдардың дабылдағышы



Индикатор артқы тұманға қарсы шамдар қосулы кезде жанады.
Дабылдағыш тұманға қарсы фаралар өшірілген кезде сөнеді. Қар.: Артқы тұманға қарсы шамдар ⇨ 5-6.

Қосулы жарық аспаптары туралы ескерту



Бұл индикатор тек күндізгі жүріс шырақтары пайдаланылған жағдайларды қоспағанда, сыртқы жарықтандыру аспаптары қосулы кезде жанады. Қар.: Сыртқы жарық аспаптарын басқару органдары ⇨5-2.

Круиз-бақылау дабылдағышы



Круиз-бақылаумен жабдықталған автокөліктерде круиз-бақылау дабылдағышы круиз-бақылау бапталып, жұмысқа дайын болған кезде ақ жарықпен, ал круиз-бақылау бапталып, белсенді болған кезде жасыл жарықпен жанады.
Круиз-бақылау жүйесі өшірілген кезде дабылдағыш сөнеді. Қар.: Круиз-бақылау ⇨ 8-44.

АҚПАРАТТЫҚ ДИСПЛЕЙЛЕР

«Есік жабылмаған» дабылдағышы



Бұл дабылдағыш есік ашық тұрған кезде немесе мықтап жабылмаған кезде жанады. Қозғалысты бастамас бұрын барлық есіктердің жақсы жабылуын тексеріңіз.

Жүргізушінің ақпарат орталығы (DIC) (Базалық жиынтықтау)

Жүргізушінің ақпарат орталығының хабарламалары ақпараттық қосымшадағы аспаптар қалқанының ортасында орналасқан дисплейде көрсетіледі. Қар.: Аспаптар комбинациясы (Кеңейтілген жиынтықтау) ⇨ 4-14 немесе Аспаптар комбинациясы (Базалық жиынтықтау) ⇨ 4-11. Бұл дисплейде көліктің әртүрлі жүйелерінің күйлері көрсетіледі.



◁ немесе ▷: Аспаптар қалқаны дисплейінің сол жақ интерактивті аймағынан оң жаққа және керісінше жылжу үшін басыңыз. Қандай да бір тармақты таңдау үшін дөңгелекшені басыңыз.

◁ немесе ▷: Тізімді жоғары немесе төмен айналдыру үшін дөңгелекшені пайдаланыңыз.
Мәзірді ашу немесе мәзір позицияларын таңдау үшін дөңгелекшені басыңыз. Кейбір терезелерде батырманы ұстап тұру параметр мәнін арылтуға мүмкіндік береді.

Ақпараттық терезелердің параметрлері

Жүргізушінің ақпарат орталығының дисплейінде жеке ақпараттық терезелердің көрсетілуін «Параметрлер» мәзірінде қосуға болады.
1. «Параметрлер» қолданбасындағы тармақтар тізімі бойынша жылжу үшін және түймелерін пайдаланыңыз.
2. △ және ▽ түймелері арқылы қажетті ақпарат терезесін таңдағаннан кейін дөңгелекшені басыңыз.
3. Қол жетімді ақпарат терезелерінің тізімі бойынша жылжу үшін △ және ▽ түймелерін пайдаланыңыз.
4. Бөлектелген тармақты таңдау немесе таңдауды жою үшін дөңгелекшені басыңыз. Ақпараттық терезелерді DIC ішіндегі Info Page Options (Ақпараттық терезелердің параметрлері) терезесінде де қосуға немесе өшіруге болады.

Ақпараттық терезелер

Төменде жүргізушінің ақпарат орталығының дисплейінде (DIC) көрсетілетін ақпараттық терезелердің толық тізімі берілген. Олардың кейбіреулері кейбір көлік модифи-

кацияларында қолжетімді болмауы мүмкін. Кейбір терезелер әдепкі бойынша көрсетілмеуі мүмкін, бірақ оларды «Параметрлер» бөлімінде қосуға болады. Осы бөлімнің алдыңғы жағындағы «Ақпараттық терезелердің параметрлері» параграфын қараңыз.

Жылдамдық: Көлік жылдамдығын сағатына километрмен (км/сағ) немесе сағатына мильмен (миль/сағ) көрсетеді. Бұл терезеде жүріс есептегішінің көрсеткіштері де көрсетіледі. Егер жиынтықтауда қарастырылған болса, дөңгелекшені басу арқылы мәзір ашылады, онда сіз жылдамдық шегі белгішелерінің көрінісін таңдай аласыз.

Навигациялық жүйе картасының ескі нұсқасы орнатылған болса, дисплейдегі жылдамдықты шектеу белгішелері нақты жылдамдық шектеулерінен өзгеше болуы мүмкін.

1 және 2 жүріс есептегіштері, орташа отын шығыны: Ағымдағы жүріс есептегішінің соңғы көрсеткіші кетірілгеннен сәттен бергі жүріс километрмен (км) немесе мильмен (миль) көрсетіледі.

Орташа отын шығынының болжалды көрсеткіші литріне километрмен (км/л) көрсетіледі. Бұл көрсеткіш соңғы қалпына нөлге келтіруден кейінгі деректер негізінде есептеледі. Болжалды көрсеткіш қазіргі уақыттағы орташа отын шығынын нақты көрсетеді, ал жол жағдайының өзгеруімен ол да өзгереді.

Ағымдағы жүріс пен орташа отын шығынын есептегіштердің көрсеткіштерін кетіру үшін олар көрсетіліп тұрған кезде дөңгелекшені басып ұстап тұрыңыз.

Отын қоры: Бұл терезеде келесі жанармай құюға дейінгі болжалды жүрс қоры көрсетіледі. Отын деңгейі төмен болған кезде дисплейде «LOW» (төмен) жазуы көрсетіледі. Бар отынмен жүріп өтуге болатын болжалды қашықтық соңғы кезеңдегі отынның орташа шығыны және отын багында қалған отын көлемі бойынша есептеледі.

Таймер : Таймерді іске қосу үшін дисплей белсенді кезде дөңгелекшені басыңыз. Дисплей таймердің соңғы нөлденген кезінен бастап өткен уақытты көрсетеді. Таймерді тоқтату үшін дисплей белсенді және таймер жұмыс істеп тұрған кезде дөңгелекшені аз уақытқа басыңыз. Таймерді арылту үшін дисплей белсенді кезде дөңгелекшені басыңыз.

Майдың ресурсы: Майдың қалған ресурсының есепттік көрсеткіштері көрсетіледі. Егер дисплейде OIL LIFE 99% хабарламасы көрсетілсе, бұл мотор майының ресурсы 99% құрайды дегенді білдіреді.

Майдың қызмет ету мерзімі аяқталуға жақындағанда, дисплейде «Change Engine Oil Soon» (Жақында мотор майын өзгерту қажет) хабарламасы пайда болады. Майды мүмкіндігінше тез ауыстыру керек. Мотор майы ⇨ 9-5 қараңыз. Мотор майының қызмет ету мерзіміне мониторинг жасауға қоса, қызмет көрсету бойынша қосымша жұмыстар жүргізу ұсынылады. Қар.: Техникалық қызмет көрсету кестесі ⇨ 10-3. Майды әрбір ауыстырудан кейін дисплейдегі мәнді арылту керек.

Арылту автоматты түрде орындалмайды. Дисплейдегі май ресурсын мәнінің май нақты ауыстырылған кезде нөльге келтірілмеуін қадағалаңыз. Майды келесі ауыстырғанға дейін деректерді дәл қалпына келтіру мүмкін емес. Арылту тәртібін Мотор майының қызмет ету мерзімін бақылау жүйесі бөлімін ⇨ 9-7 қараңыз.

Шиналардағы қысым: Бұл терезеде барлық төрт доңғалақтың шиналарындағы болжалды ауа қысымы көрсетеді. Шиналардағы ауа қысымы дисплейде килопаскальмен (кПа) немесе шаршы дюмға фунтпен (фунт/ш.дюйм) көрсетіледі. Егер қандай да бір доңғалақтың шинасындағы қысым рұқсат етілгеннен төмен болса, ол сары түспен көрсетіледі. Қар.: Шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі ⇨ 9-39 және Шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесінің жұмыс істеуі ⇨ 9-40.

Ауа сүзгісінің ресурсы: Қозғалтқыштың ауа сүзгісінің қызмет ету мерзімінің қалған есептік көрсеткіші және жүйенің күйі көрсетіледі. Қозғалтқыштың ауа сүзгісінің қалған ресурсы 95% болса, бұл сүзгі ресурсының

95%-ның таусылмағанын білдіреді. Қозғалтқыштың ауа сүзгісінің қалған ресурсына және жүйе күйіне байланысты әртүрлі хабарламалар көрсетіледі. REPLACE SOON (ЖАҚЫН УАҚЫТТА АУЫСТЫРЫҢЫЗ) хабарламасы пайда болған кезде, қозғалтқыштың ауа сүзгісін мүмкіндігінше жылдам ауыстыру керек.

Қозғалтқыштың ауа сүзгісін ауыстырғаннан кейін оның ресурсын есептегішін нөлге келтіру керек. Арылту тәртібін Қозғалтқыштың ауа сүзгісінің ресурсын есептегіш ⇨ 9-8 бөлімінен қараңыз.

Тежегіш қалыптарының ресурсы: Алдыңғы және артқы тежегіш қалыптарының қалған қызмет ету мерзімінің есептік көрсеткіштері көрсетіледі. Тежегіш қалыптарының тозу дәрежесіне және жүйенің күйіне байланысты тиісті хабарламалар көрсетіледі.

Тежегіш қалыптары ауыстырылғаннан кейін олардың ресурс көрсеткіштерін арылту керек. Қар.: Тежегіш қалыптарының қызмет ету мерзімін бақылау жүйесі ⇨ 9-16.

Отын үнемдеу режимі : Орташа отын шығынын, көрсетілген аралықтағы ең аз отын шығынын және отынның лездік шығынының диаграммасын көрсетеді.

Таңдалған қашықтықты өзгерту үшін дөңгелекшені басыңыз. Ең аз және орташа отын шығынының көрсеткіштерін кетіру үшін сәйкес көрсеткіштер көрсетілген уақытта дөңгелекшені басып ұстап тұрыңыз. Сондай-ақ көрсеткіштерді мәзірден Арылту (Reset) пәрменін таңдау арқылы кетіруге болады.

Қозғалтқыш атқарымын сағатпен есептегіш: Қозғалтқыштың жиынтық атқарымы сағатпен көрсетіледі. Сонымен қатар, мұнда қозғалтқыштың бос айналыммен жұмыс істеу ұзақтығының көрсеткіштері көрсетіледі.

БАҚ майының температурасы: Автоматты беріліс қорабындағы сұйықтықтың температурасын Цельсий (°C) шкаласы немесе Фаренгейт (°F) шкаласы бойынша көрсетеді. **Тіркеме тежегіштері:** Тіркеме тежегіштерін басқарудың кіріктірілген жүйесі (TSC) бар автомобильдерде тіркеме тежегіштері туралы ақпарат жүргізушінің ақпарат орталығы (DIC) дисплейінің экранына шығарылады.

TRAILER GAIN дисплейінде тіркеме тежегішін күшейту параметрі көрсетіледі.

Бұл параметр тіркеме жалғанған кезде де, ажыратылған кезде де 0,0-ден 10,0-ге дейінгі ауқымда реттеледі.

OUTPUT дисплейінде жалғанған тіркеменің электрмеханикалық тежегіштерінің шығыс қуатының параметрі көрсетіледі. Бұл параметрдің мәнін көрсету үшін межелік индикатор қарастырылған. Тіркеме жалғанбаған болса, OUTPUT дисплейінде нүктелі сызық көрсетілуі мүмкін.

Жол талғамайтын режим: Тиісті жиынтықтауда автомобильдің бойлық және көлденең көлбеулігі, дөңгелектердің жолға қатысты көлбеулену бұрышы және толық жетекті жүйенің күйі туралы ақпарат көрсетіледі.

Алда келе жатқан көлікке дейінгі қашықтық: Егер қарастырылған болса, бұл терезеде алдағы көлікке дейінгі уақыттық қашықтықтың ағымдағы мәні көрсетіледі.

Жүргізушіге көмек: Сәйкес жиынтықтауда келе жатқан жолақтан шығу туралы ескерту жүйесіне (LKA) және алдыңғы соқтығысу туралы ескерту жүйесіне (FCA) арналған ақпаратты көрсетеді.

Ақпараттық терезе параметрлері: Жүргізушінің ақпарат орталығында көрсетілетін ақпараттық терезелерді таңдау үшін тізімді айналдырыңыз.

Таңдау немесе таңдауды жою үшін дөңгелекшені басыңыз.

Бос терезе: Ешқандай ақпарат көрсетілмейді.

Жүргізушінің ақпарат орталығы (DIC) (Кеңейтілген жиынтықтау)

Жүргізушінің ақпарат орталығының хабарламалары ақпараттық қосымшадағы аспаптар қалқанының ортасында орналасқан дисплейде көрсетіледі. Қар.: Аспаптар комбинациясы (Кеңейтілген жиынтықтау) ⇨4-14 немесе Аспаптар комбинациясы (Базалық жиынтықтау) ⇨4-11. Бұл дисплейде көліктің әртүрлі жүйелерінің күйлері көрсетіледі.

Егер автомобиль дизельді қозғалтқышпен жабдықталған болса, Duramax моделіне арналған қосымшаны қараңыз.



◁ **немесе** ▷ : Аспаптар қалқаны дисплейінің сол жақ интерактивті аймағынан оң жаққа және керісінше ауысу үшін басыңыз. Қандай да бір тармақты таңдау үшін дөңгелекшені басыңыз.

△ **немесе** ▽: Тізімді жоғары немесе төмен айналдыру үшін дөңгелекшені пайдаланыңыз.

Мәзірді ашу немесе мәзір позицияларын таңдау үшін дөңгелекшені басыңыз. Кейбір терезелерде батырманы ұстап тұру параметр мәнін арылтуға мүмкіндік береді.

Ақпараттық терезелердің параметрлері

Жүргізушінің ақпарат орталығының дисплейінде жеке ақпараттық терезелердің көрсетілуін «Параметрлер» мәзірінде қосуға болады.

1. «Параметрлер» қолданбасындағы тармақтар тізімі бойынша жылжу үшін ◁ және ▷ түймелерін пайдаланыңыз.
2. △ және ▽ түймелері арқылы қажетті ақпарат терезесін таңдағаннан кейін дөңгелекшені басыңыз.
3. Қол жетімді ақпарат терезелерінің тізімі бойынша жылжу үшін △ және ▽ түймелерін пайдаланыңыз.
4. Бөлектелген тармақты таңдау немесе таңдауды жою үшін дөңгелекшені басыңыз.

Ақпараттық терезелерді DIC ішіндегі Info Page Options (Ақпараттық терезелердің параметрлері) терезесінде де қосуға немесе өшіруге болады.

Ақпараттық терезелер

Төменде жүргізушінің ақпарат орталығының дисплейінде (DIC) көрсетілетін ақпараттық терезелердің толық тізімі берілген. Олардың кейбіреулері көліктің кейбір түрленімдерінде қолжетімсіз болуы мүмкін. Кейбір терезелер әдепкі бойынша көрсетілмеуі мүмкін, бірақ оларды «Параметрлер» бөлімінде қосуға болады. Осы бөлімнің алдыңғы жағындағы «Ақпараттық терезелердің параметрлері» параграфын қараңыз.

Жылдамдық: Көлік жылдамдығын сағатына километрмен (км/сағ) немесе сағатына мильмен (миль/сағ) көрсетеді.

Сапар туралы мәліметтер: Мұнда жүріп өткен қашықтық километрмен (км) немесе мильмен көрсетіледі.

Сондай-ақ отынның орташа шығынының көрсеткіші көрсетіледі. Орташа отын шығынының болжалды көрсеткіші 100 километрге (л/100 км) литрмен, литрге километрмен (км/л) немесе галлонға мильмен көрсетіледі. Бұл болжалды көрсеткіш қазіргі уақыттағы отынның орташа шығынын көрсетеді және жол жағдайлары өзгерген сайын ол өзгереді.

Ағымдағы сапардың ұзақтығы таймерде көрсетіледі.

Автокөліктің әрбір жаңа іске қосылуымен барлық сапар туралы мәліметтер (Drive Summary) кетіріледі.

1 және 2 жүріс есептегіштері, орташа отын шығыны және орташа жылдамдық: Ағымдағы жүріс есептегішінің көрсеткішін соңғы рет кетіргеннен бергі жүріс километрмен (км) немесе мильмен (миль) көрсетіледі.
Орташа отын шығынының болжалды көрсеткіші 100 километрге (л/100 км) литрмен, литрге километрмен (км/л) немесе галлонға мильмен көрсетіледі.
Бұл көрсеткіш соңғы нөлге келтіруден кейінгі деректер негізінде есептеледі. Болжалды көрсеткіш қазіргі уақыттағы орташа отын шығынын нақты көрсетеді, ал жол жағдайының өзгеруімен ол да өзгереді.
Көліктің орташа жылдамдығы километрмен (км/сағ) немесе сағатына мильмен көрсетіледі. Бұл орташа мән соңғы нөлге келтіруден бері тіркелген жылдамдық деректері негізінде есептеледі.
Таймердің көрсеткіштерін арылту үшін дисплей белсенді кезде дөңгелекшені басыңыз.
Таймер : Таймерді іске қосу үшін дисплей белсенді кезде дөңгелекшені басыңыз.
Дисплей таймердің соңғы нөлденген кезінен бастап өткен уақытты көрсетеді. Таймерді тоқтату үшін дисплей белсенді және таймер жұмыс істеп тұрған кезде дөңгелекшені аз уақытқа басыңыз.
Таймерді арылту үшін дисплей белсенді кезде дөңгелекшені басыңыз.

Шиналардағы қысым: Бұл терезеде барлық төрт доңғалақтың шиналарындағы болжалды ауа қысымы көрсетеді. Шиналардағы ауа қысымы дисплейде килопаскальмен (кПа) немесе шаршы дюмға фунтпен (фунт/ш.дюйм) көрсетіледі. Егер қандай да бір доңғалақтың шинасындағы қысым рұқсат етілгеннен төмен болса, ол сары түспен көрсетіледі. Қар.: Шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі ⇨ 9-39 және Шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесінің жұмыс істеуі ⇨ 9-40.
Отын үнемдеу режимі: Орташа отын шығынын, көрсетілген аралықтағы ең аз отын шығынын және отынның лездік шығынының диаграммасын көрсетеді. Мәзірден арылту пәрменін таңдау арқылы көрсеткіштерді арылтуға болады.
Жүргізушіге көмек: Сәйкес жиынтықтауда адаптивті круиздік бақылау (ACC) жүйелері туралы ақпарат, белсенді рөлдеумен келе жатқан жолақтан шығу туралы ескертулер (LKA), алдыңғы соқтығысу туралы ескертулер (FCA), сондай-ақ алдағы көлікке дейінгі қашықтық (FDI) көрсетіледі.
Майдың ресурсы: Майдың қалған ресурсының есепттік көрсеткіштері көрсетіледі. Егер дисплейде OIL LIFE 99% хабарламасы көрсетілсе, бұл мотор майының ресурсы 99% құрайды дегенді білдіреді.
Майдың қызмет ету мерзімі аяқталғанда, дисплейде «Change Engine Oil Soon» («Жақында мотор майын ауыстыру қажет») хабары пайда болады. Майды мүмкіндігінше тез ауыстыру керек. Қар.: Мотор майы ⇨ 9-5. Мотор майының қызмет ету мерзіміне мониторинг жасау жүйесінен басқа, қызмет көрсету бойынша қосымша жұмыстар жүргізу ұсынылады. Қар.: Техникалық қызмет көрсету кестесі ⇨ 10-3.
Майды әрбір ауыстырудан кейін дисплейдегі мәнді арылту керек.
Арылту автоматты түрде орындалмайды. Дисплейдегі май ресурсының мәнін май нақты ауыстырылған кезден басқа уақытта арылтпау үшін абай болыңыз. Келесі майды ауыстырғанша деректерді дәл қалпына келтіру мүмкін емес. Арылту тәртібін Мотор майының қызмет ету мерзімін бақылау жүйесі бөлімінен ⇨ 9-7 қараңыз.
Тежегіш қалыптарының ресурсы: Алдыңғы және артқы тежегіш қалыптарының қалған қызмет ету мерзімінің есептік көрсеткіштері көрсетіледі. Тежегіш қалыптарының тозу дәрежесіне және жүйенің күйіне байланысты тиісті хабарламалар көрсетіледі.
Тежегіш қалыптары ауыстырылғаннан кейін олардың ресурс көрсеткіштерін арылту керек. Қар.: Тежеу қалыптарының қызмет ету мерзімін бақылау жүйесі ⇨ 9-16.
Ауа сүзгісінің ресурсы: Қозғалтқыштың ауа сүзгісінің қалған қызмет ету мерзімінің

есептік көрсеткіштері және жүйенің күйі көрсетіледі. Қозғалтқыштың ауа сүзгісінің қалған ресурсы 95% болса, бұл сүзгі ресурсының 95%-ы пайдаланылмағанын білдіреді. Қозғалтқыштың ауа сүзгісінің қалған ресурсына және жүйе күйіне байланысты әртүрлі хабарламалар көрсетіледі. REPLACE SOON (ЖАҚЫН УАҚЫТТА АУЫСТЫРЫҢЫЗ) хабарламасы пайда болса, қозғалтқыштың ауа сүзгісін мүмкіндігінше тезірек ауыстыру керек.

Қозғалтқыштың ауа сүзгісін ауыстырғаннан кейін оның ресурсын есептегішін нөлге келтіру керек. Арылту тәртібін Қозғалтқыштың ауа сүзгісінің ресурсын есептегіш ⇨ 9-8 бөлімінен қараңыз.

Тіркеме тежегіштері: Тіркеме тежегіштерін басқарудың кіріктірілген жүйесі (TSC) бар автомобильдерде тіркеме тежегіштері туралы ақпарат жүргізушінің ақпарат орталығы (DIC) дисплейінің экранына шығарылады.

TRAILER GAIN дисплейінде тіркеме тежегішін күшейту параметрі көрсетіледі.

Бұл параметр тіркеме жалғанған кезде де, ажыратылған кезде де 0,0-ден 10,0-ге дейінгі ауқымда реттеледі.

OUTPUT дисплейі жалғанған тіркеменің электрмеханикалық тежегіштерінің шығыс қуатының параметрін көрсетеді. Бұл параметрдің мәнін көрсету үшін межелік индикатор қарастырылған. Тіркеме жалғанбаған болса, OUTPUT дисплейінде нүктелі сызық көрсетілуі мүмкін.

Жол талғамайтын режим: Тиісті жиынтықтауда автомобильдің бойлық және көлденең көлбеулігі, дөңгелектердің жолға қатысты көлбеулену бұрышы және толық жетекті жүйенің күйі туралы ақпарат көрсетіледі.

Егер шиналардың жол жабынымен ілінісі әлсіз болса, Off-Road терезесінде (жол талғамайтын режим) көтерілген дөңгелектерді көрсететін, әлсіз ілінісудің сары индикаторы қосылады.

Қозғалтқыш атқарымын сағатпен есептегіш: Қозғалтқыштың жиынтық атқарымы сағатпен көрсетіледі. Сонымен қатар, мұнда қозғалтқыштың бос айналыммен жұмыс істеу ұзақтығының көрсеткіштері көрсетіледі.

БАҚ майының температурасы: Автоматты беріліс қорабындағы сұйықтықтың температурасын Цельсий (°C) шкаласы немесе Фаренгейт (°F) шкаласы бойынша көрсетеді.

Ақпараттық терезе параметрлері: Жүргізушінің ақпарат орталығында көрсетілетін ақпараттық терезелерді таңдау үшін тізімді айналдырыңыз.

Таңдау немесе таңдауды жою үшін дөңгелекшені басыңыз.

Бос терезе: Ешқандай ақпарат көрсетілмейді.

АВТОМОБИЛЬДІҢ АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМАЛАРЫ

DIC-те көрсетілетін хабарламалар автокөліктің жай-күйін немесе жағдайды түзету үшін жасалу керек қандай да бір әрекеттерді көрсетеді. Бірнеше хабарлама кезекпен көрсетілуі мүмкін.

Егер хабарлама жүргізушіден дереу әрекет етуді талап етпесе, онда ✓ басу арқылы оны растауға және экраннан алып тастауға болады. Жедел әрекет етуді талап ететін хабарламалар бұл әрекет орындалғанға дейін жойылмайды.

Барлық хабарламаларға мұқият қарау керек. Хабарламаларды жою мәселені шешпейтінін ескеріңіз.

«SERVICE» (қызмет көрсету қажет) хабарламасы пайда болса, техникалық қызмет көрсету станциясына жүгінген жөн.

Хабарламалардағы нұсқауларды орындаңыз. Көрсетілген хабарламалар келесі аймақтардың біріне қатысты болуы мүмкін:

- Автокөлікке қызмет көрсету қажеттігі туралы хабарламалар
- Сұйықтық деңгейлері
- Автомобильді қорғау
- Тежегіш механизмдер
- Рульмен басқару
- Жүрістің жатықтығын басқару жүйелері
- Жүргізушіге көмек көрсету жүйелері
- Круиздік бақылау
- Жарықтандыру және лампаны ауыстыру
- Шыны тазалау/жуу жүйелері
- Есіктер мен терезелер

- Қауіпсіздік белдіктері
- Қауіпсіздік жастығы жүйелері
- Қозғалтқыш және беріліс қорабы
- Шиналардағы қысым
- Аккумуляторлық батарея
- Төрт бұрышты пневматикалық аспа

Қозғалтқыштың қуатын реттеу жүйесінің хабарламалары

REDUCED ACCELERATION DRIVE WITH CARE (АБАЙЛАҢЫЗ, ТӨМЕНДЕТІЛГЕН ҮДЕУ)

Бұл хабарлама дамытылатын қуат азайған кезде көрсетіледі.

Қозғалтқыш дамытатын қуаттың төмендеуі автомобильдің үдемелі динамикасының нашарлауына әкелуі мүмкін. Егер бұл хабарламаның пайда болуы қозғалтқыш қуатының нақты төмендеуімен бірге жүрмесе, сіз бағдар бойынша жүруді жалғастыра аласыз. Белгілі бір жағдайларда қуаттың төмендеуі келесі жолы көлік жүргізу кезінде болуы мүмкін. Егер бұл хабарлама көрсетілсе, сіз қозғалысты жалғастыра аласыз, бірақ автомобильдің максималды жылдамдығы мен үдемелі динамикасы төмен болуы мүмкін. Егер бұл хабарлама жоғалмаса немесе мезгіл-мезгіл пайда болса, мүмкіндігінше тезірек қызмет көрсету станциясына хабарласу керек.

Кейбір пайдалану жағдайларында қозғалысты бастау мүмкіндігі бұғатталады. Тұтандыруды өшіріңіз, екі минут күтіп, қозғалтқышты қайта іске қосып көріңіз.

Көлік жылдамдығы туралы хабарламалар

SPEED LIMITED TO XXX KM/H (MPH) (ЖЫЛДАМДЫҚ XXX КМ/САҒ ((МЛ/САҒ) ДЕЙІН ШЕКТЕЛГЕН)

Бұл хабарлама көлік құралының жылдамдығы көрсетілген мәнмен шектелгенін көрсетеді. Жылдамдықты шектеу трансмиссияны және автомобильдің басқа жүйелерін, мысалы, майлау жүйесін, салқындату жүйесін, тежегіш жүйесін, аспаны, шиналарды қорғау үшін, сондай-ақ кәмелетке толмаған жүргізуші режимінде (барлық модификацияларда емес) енгізілуі мүмкін. (Егер көлік дизельді қозғалтқышпен жабдықталған болса, дизельді қозғалтқышы бар Duramax модеоіне арналған қосымшаны қараңыз).

ӘМБЕБАП ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ ПУЛЬТІ

Әмбебап қашықтан басқару пультін бағдарламалау



Бұл түймелер, егер бар болса, төбелік консольде орналасқан.

Бұл жүйе әртүрлі құрылғыларды – автоматты гараж есіктерін, қауіпсіздік жүйелерін, үйді автоматтандыру құрылғыларын басқаруға арналған үш қашықтан басқару пультін ауыстыруға қабілетті.

Мұнда берілген нұсқаулар автоматты гараж есіктерін сипаттайды, бірақ олар басқа құрылғыларға да қатысты.

Кедергі анықталған кезде автоматты кері қайту функциясы жоқ гараж есіктерін басқаратын әмбебап қашықтан басқару пультін пайдаланбаңыз. Бұл санатқа 1982 жылдың 1 сәуіріне дейін шығарылған барлық гараж есіктерін ашатын барлық жүйелер кіреді.

Түпнұсқа басқару пультін басқа көліктермен пайдалану үшін, сондай-ақ болашақта бағдарламалау үшін сақтап қойыңыз. Көлікті басқа иесіне бермес бұрын бағдарламаланған деректерді жойыңыз. Қар.: Осы бөлімде кейінірек «Әмбебап қашықтан басқару пультінің түймесін бағдарламалау деректерін жою».

Гараж есіктерін ашу жүйесін бағдарламалау үшін көлікті оның алдыңғы жағы гараж есігін ашатын жүйенің сигнал қабылдағышына қарап тұратындай етіп қойыңыз. Гараж есігінің жанындағы кеңістікте адамдар немесе бөгде заттар болмауы керек.

Радиосигналдардың тез және дәл берілуі үшін қолман басқару пультіне жаңа батареялардың орнатылғанына көз жеткізіңіз.

Әмбебап қашықтан басқару пультін бағдарламалау

Әмбебап қашықтан басқару пульті 433-434 МГц диапазонда жұмыс істейтін радиоқұрылғыларымен үйлесімді.

Бағдарламалау операциялары шектеулі уақыт ішінде орындалады және егер белгіленген уақыт өтіп кетсе, процедураны қайтадан бастау қажет болады. Әмбебап қашықтан басқару пультін бағдарламалауға кіріспе бұрын осы нұсқауларды толығымен оқып шығыңыз. Бағдарламалауды көмекшімен орындаған ыңғайлырақ.


1. Қолмен қашықтан басқару пультінің шетжағын әмбебап қашықтан басқару пультінің түймелерінен 3-8 см (1-3 дюйм) ұстаңыз және индикаторды қадағалаңыз. Сіз қолмен қашықтан басқару пультін гараж есігін ашатын жүйелердің сигнал қабылдағышын өндірушіден алдыңыз.

2. Бағдарламалағыңыз келетін әмбебап қашықтан басқару пультінің үш түймесінің бірін басыңыз және босатыңыз. Қолмен қашықтан басқару пультіндегі түймені басып тұрыңыз. Индикатордың жыпылықтауы баяудан жылдам немесе тұрақты жануға ауыспайынша, ҚБ пультінің түймесін босатпаңыз. Бұл орын алған кезде пульттің түймесін босатыңыз.

Кейбір гараж есіктерін ашу жүйелері үшін 2-қадамды осы бөлімдегі «Кейбір гараж есіктерін басқару жүйелеріне арналған радио-басқару сигналдары» тармағында көрсетілген процедурамен ауыстыру қажет болуы мүмкін.

3. Гараж есігінің индикаторы мен реакциясын бақылай отырып, әмбебап қашықтан басқару пультінің қазір бағдарламаланатын түймесін 5 секунд басып тұрыңыз.

- Түйме басылып тұрғанда индикатор жануын жалғастырса немесе гараж есігі қозғалып тұрса, бағдарламалау аяқталды. 4-6 қадамдарды орындау қажет емес.
- Егер индикатор жанбаса немесе гараж есігі қозғалмаса, түймені екінші рет басып көріңіз. Бағдарламаланған түймені қайтадан бес секунд басып тұрыңыз. Егер индикатор үздіксіз жанып тұрса немесе түйме басылған кезде гараж есігі қозғалса, бағдарламалау аяқталды. 4-6 қадамдарды орындау қажет емес.
- Егер гараж есігі ашылмаса, 4–6 т. қадамдарға өтіңіз.



Learn немесе Smart түймесі

4. 1-3 қадамдарды орындағаннан кейін гаражда гараж есігін ашатын жүйенің сигнал қабылдағышындағы Learn немесе Smart түймесін табыңыз. Түйменің аты мен түсі жүйе өндірушісіне байланысты әртүрлі болуы мүмкін.
5. Learn немесе Smart түймесін басыңыз және босатыңыз. 6-қадамды осы түймені басқаннан кейін 30 секунд ішінде орындау керек.

6. Көлік салонына оралыңыз,
әмбебап қашықтан басқару пультінің бағдарламаланған түймесін басып, оны екі секунд басып тұрыңыз, содан кейін оны жіберіңіз. Оқу процесін аяқтау үшін «басу/ұстау/жіберу» реттілігін үш ретке дейін қайталаңыз.
Бұл жолы гараж есігі әмбебап қашықтан басқару пультіне жауап беруі керек.

Қалған екі түймені бағдарламалау кезінде осы процедураны қолданыңыз.
Сұрақтар немесе бағдарлама бойынша көмек алу үшін www.homelink.com/gm сайтына кіріңіз немесе 1-800-355-3515 нөміріне қоңырау шалыңыз. Америка Құрама Штаттарына, Канадаға немесе Пуэрто-Рикоға халықаралық қоңыраулар халықаралық тарифтер бойынша ақы алынады, олар қалалық немесе ұялы телефонды пайдалануға байланысты өзгеруі мүмкін.

Кейбір гараж есіктерін басқару жүйелеріне арналған радиобасқару сигналдары

Кейбір заң талаптары мен гараж есігін басқару жүйелерін өндірушілер басқару сигналын беру уақытын бірнеше секундпен шектейді. Бұл уақыт әмбебап қашықтан басқару пультінің бағдарламалау процесінде сигналды бекітуі үшін жеткіліксіз болуы мүмкін.
Бағдарламалау орындалмаса, «Әмбебап қашықтан басқару пультін бағдарламалау» процедурасының 2-қадамын келесі процедурамен алмастырыңыз:
Әмбебап қашықтан басқару пультінің түймесін басып ұстап тұрыңыз; бұл әрекетті орындау кезінде қолмен қашықтан басқару пультінің түймесін сигнал әмбебап қашықтан басқару пультімен сәтті қабылданғанша екі секунд сайын басып, босатып тұрыңыз. Әмбебап қашықтан басқару пульті жүйесінің индикаторы баяу жыпылықтаудан жылдам жыпылықтауға немесе тұрақты жануға ауысуы керек. Процесті аяқтау үшін «Әмбебап қашықтан басқару құралын бағдарламалау» процедурасының 3-қадамына өтіңіз.

Әмбебап қашықтан басқару пультін пайдалану

Әмбебап қашықтан басқару пультінің түймесін басқан кезде оны басулы күйінде кем дегенде жарты секунд ұстаңыз. Сигнал берілу кезінде индикатор жанады.

Әмбебап қашықтан басқару пультінің түймелерін бағдарламалау деректерін жою

Көлікті басқа иесіне берер алдында бағдарламаланған түймелердің барлық деректерін жойыңыз. Деректерді жою үшін:
1. Бүйірлік екі түймені индикатор жыпылықтағанша басып тұрыңыз. Бұл шамамен 10 секундқа созылуы керек.
2. Екі түймені де босатыңыз.

Әмбебап қашықтан басқару пультінің бір түймесін қайта бағдарламалау

Әмбебап пульттің қандай да бір түймесін қайта бағдарламалау үшін:

1. Таңдалған түймені басып ұстап тұрыңыз. Түймені басып тұрыңыз.
2. 20 секундтан кейін индикатор жыпылықтай бастайды. Түймені жібермей, «Әмбебап қашықтан басқару пультін бағдарламалау» процедурасының 1-қадамына өтіңіз.


ЕСКЕРТПЕЛЕР

5 ЖАРЫҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ

- СЫРТҚЫ ЖАРЫҚТАНДЫРУ 5-2
- САЛОНДЫ ЖАРЫҚТАНДЫРУ 5-6
- ЖАРЫҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 5-7

СЫРТҚЫ ЖАРЫҚТАНДЫРУ

Сыртқы жарықтандыру аспаптарын басқару органдары



Сыртқы жарықтандыруды ауыстырып қосқыш руль дөңгелегінің сол жағындағы аспаптар панелінде орналасқан.
Оның төрт қалпы бар:
⏻ : Бас фаралар мен күндізгі жүріс шырақтарын автоматты басқаруды өшіру. Бас фараларды және күндізгі жүріс шырақтарын қосу үшін ажыратқышты ⏻ қалпына келтіріңіз.
AUTO : Бас фараларды, тұрақ және артқы шырақтарды, аспаптар панелінің жарығын, төбедегі габаритті шамдарды (егер жиынтықтауда болса) және нөмірлік белгіні жарықтандыруды автоматты түрде қосу.
 : Фаралардан басқа барлық шамдарды қоса, тұрақ шырақтарын қосады.
 : Тұрақ шырақтарымен және аспаптар панелінің жарығымен бірге бас фараларды қосу.

IntelliBeam® жүйесі

Егер автомобиль осы жүйемен жабдықталған болса, оның көмегімен жолдағы жағдайға байланысты алысқа түсетін жарықтың бас фаралары қосылады-сөнеді.
Қараңғыда және жол бос кезде, жүйе алысқа түсетін жарықтың бас фараларын қосады.



IntelliBeam жүйесі жұмыс істеп тұрғанда, аспаптар панелінің индикаторы жанады.

IntelliBeam жүйесін белсендіру және қосу

IntelliBeam жүйесін қосу үшін сыртқы жарықтандыруды сөндіргіш AUTO немесе күйінде болған кезде алысқа түсетін жарықты жақынға түсетінге ауыстырып-қосқышты екі секунд ішінде екі рет белсендіріңіз.

IntelliBeam жүйесімен жүру

Жүйе алысқа түсетін жарықты тек 40 км/сағ жылдамдықта қосады.
Алысқа түсетін жарық фаралары қосулы кезде, аспаптар панелінде алысқа түсетін жарықтың көгілдір индикаторы жыпылықтайды.
Жүйе жел әйнегінің жоғарғы жиегінің ортасында орналасқан қадағамен автоматты түрде басқарылады. Жүйенің жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін жел әйнегінің бұл бөлігін қоқыстан таза ұстаңыз.
Алысқа түсетін жарықтың бас фаралары келесі аталған оқиғалардың кез келгені орын алғанға дейін автоматты басқару режимінде қосулы күйінде қалады:
- Жүйе жақындап қалған қарама-қарсы көліктің бас фараларының жарығын таниды.
- Жүйе алда келе жатқан көліктің артқы шамдарын таниды.
- Сыртта жарық болуына байланысты алысқа түсетін жарық қажет емес.
- Көлік жылдамдығы 20 км/сағ (12 миль) төмендейді.
- IntelliBeam жүйесін алысқа түсетін жарықты жақынға түсетінге ауыстырып-қосу немесе алысқа түсетін жарық фараларымен қысқа уақыттық сигналдар беру режиміне ауысу арқылы өшіруге болады.
  IntelliBeam жүйесін қайта қосу үшін екі секунд ішінде алысқа түсетін жарықты жақынға түсетінге қосыңыз және өшіріңіз.
  IntelliBeam жүйесінің қайта қосылуы туралы аспаптар комбинациясындағы индикатор хабарлайды. Қар.: Алысқа/жақынға түсетін жарықты ауыстырып-қосқыш ⇨ 5-3 және Алысқа түсетін фара жарығымен қысқа уақыттық сигналдар беру ⇨ 5-3.

Егер жүйе төменде келтірілген себептердің кез-келгеніне байланысты басқа көліктің жарығын тани алмаса, алысқа түсетін жарықтың автоматты өшірілуі жұмыс істемеуі мүмкін:

- Басқа автомобильде жарықтандыру құрылғылары жоқ немесе зақымдалған, олардың жарығы кедергілердің себебінен көрінбейді немесе басқа себептермен танылмайды.
- Басқа көліктің жарықтандыру аспатары кірмен, қармен және (немесе) жол шашырандыларымен жабылған.
- Басқа автомобильдің жарықтандыру аспаптары қалың газ, түтін, тұман, қар, жол шашырандылары, ақ жауын немесе ауаға шашыратылған кез-келген заттың әсерінен танылмайды.
- Автокөліктің жел әйнегі кірмен немесе жарықтармен жабылған немесе жарық қадағасы бөгде нәрсемен жабылған.
- Көлік шамадан тыс жүктелген, сондықтан оның алдыңғы жағы жарық қадағасымен бірге жоғары қараған, сол себепті бас фара мен артқы шамдардың жарығы табылмайды.
- Көлік бұралмалы немесе адырлы жолда келе жатыр.

Жоғарыда аталған жағдайлардың кез келгенінде алысқа түсетін фаралардың автоматты қосылуын өшіру қажет болуы мүмкін.

Сыртқы жарықтандыру аспаптарының өшірілмегені туралы ескерту

Дыбыстық сигнал бас фаралар немесе тұрақ шырақтары қолмен қосылғанда, көлік сөніп, есіктердің кез келгені ашылған кезде беріледі. Дыбыстық сигналдың берілуін тоқтату үшін жарықтандыру аспаптарын өшіріңіз.

Алысқа/жақынға түсетін жарықты ауыстырып-қосқыш

Алысқа түсетін жарықты қосу үшін бұрылыс көрсеткішінің тұтқасын өзіңізден әрі бұрып, босатыңыз.

Жақынға түсетін жарықты қайта қосу үшін осы тұтқаны қайтадан басыңыз немесе өзіңізге қарай тартыңыз да, босатыңыз.



Аспаптар қалқанындағы бұл индикатор алысқа түсетін жарықтың бас фаралары қосулы кезде жанады.

Фаралардың алысқа түсетін жарығымен қысқа мерзімді сигналдар беру

Бұл функция алда келе жатқан автомобильдің жүргізушісіне алысқа түсетін фаралармен сіздің басып озу ниетіңіз туралы сигнал беруге мүмкіндік береді. Ол тіпті фаралар автоматты режимде болса да жұмыс істейді. Бұл функцияны пайдалану үшін бұрылыс көрсеткішін ауыстырып-қосу тұтқасын тартып, дереу босатыңыз.

Олардың типіне байланысты бас фаралар көп ұзамай сөнеді немесе сіз тұтқаны ұстап тұрғанда қосулы күйінде қалады. Бұл ретте аспаптар қалқанында алысқа түсетін жарық индикаторы жанады. Қалыпты режимге оралу үшін тұтқаны босатыңыз.

Фаралардың күндізгі жарық шамдары

Күндізгі уақытта күндізгі жүріс шырақтары басқа көліктердің жүргізушілеріне өз алдындағы сіздің көлігіңізді оңай байқауға мүмкіндік береді.

Күндізгі жүріс шырақтары келесі аталған шарттар орындалғанда жанады:

- Көлік іске қосылды.
- Сыртқы жарықтандыру шамдарын басқару автоматты (AUTO).
- Сыртқы жарықтандыру қадағасының сигналы сыртта күндізгі уақыт екенін көрсетеді.

Күндізгі жүріс шырақтары жанып тұрғанда, артқы және басқа шырақтар жанбайды.

Күндізгі жүріс шырақтарын өшіру үшін сыртқы жарықтандыруды ауыстырып-қосқышты немесе күйіне жылжытыңыз.

Фараларды автоматты басқару жүйесі

Егер сыртқы жарық аспаптарын басқаруды ауыстырып-қосқыш AUTO (автоматты режим) күйінде және сыртта айтарлықтай қараңғы болса, фаралардың жақынға түсетін жарығы автоматты түрде қосылады.



Аспаптар панелінің жоғарғы жағында жарықтылық қадағасы орнатылған. Қадағаны ештеңемен жаппаңыз, әйтпесе фаралар қажет болмаған кезде де жанатын болады.

Сондай-ақ, жүйе жабық тұрақта немесе туннельде қозғалғанда фараларды қосуы мүмкін.

Қозғалтқышты қараңғы гаражда іске қосқан кезде жарық аспаптарын автоматты басқару жүйесі бірден қосылады. Автокөлік гараждан шыққан кезде сыртта жарық болса, қысқа кідірістен кейін бас фараларды автоматты басқару жүйесі күндізгі жүріс шырақтарын қосады. Мұндай кідіріс кезінде аспаптар қалқанының жарықтандырылуы әдеттегідей жарқын болмайды. Аспаптар панелінің жарықтығын реттегіш максималды жарықтыққа орнатылғанына көз жеткізіңіз. Қараңыз: Аспаптар панелінің жарықтандырылуын басқару ⇨ 5-6.


Жеткілікті жарық жағдайында фаралар сөнеді немесе күндізгі жарық режиміне ауысады.

Сыртқы жарық аспаптарын автоматты басқару ажыратып-қосқышты ⏻ күйге ауыстырған кезде, сондай-ақ тұтануды өшірген кезде өшіріледі.

Жарықтандыруды шыны тазалағыштармен қосу


Егер сыртқы жарық аспаптарын басқаруды ауыстырып-қосқыш AUTO күйіне орнатылған кезде қозғалтқыш қосулы болғанда күндізгі уақытта жел әйнегін тазалағыштарды қоссаңыз, онда фаралар, тұрақ шырақтары және басқа да сыртқы жарықтандыру қосылады. Жарықтандыруды қосу уақыты шыны тазалағыштардың жұмыс жылдамдығына байланысты. Шыны тазалағыштар жұмыс істемей тұрғанда, жарық өшеді. Бұл функцияны өшіру үшін сыртқы жарықтандыруды ауыстырып-қосқышты ≡D немесе ⏻ күйіне бұрыңыз.

Апаттық жарықпен сигнал бергіш



⚠ : Осы батырманы басу алдыңғы және артқы бұрылыс көрсеткіштерін жарқылдау режимінде қосады. Жарықпен сигнал бергішті өшіру үшін қайтадан басыңыз. Апаттық жарықпен сигнал бергіш қосылып тұрса, бұрылыс көрсеткіштері жұмыс істемейді.

Бұрылыс және қозғалыс жолағын өзгерту сигналдары




Аспаптар қалқанында бұрылысты немесе қозғалыс жолағының өзгеру бағытын көрсететін нұсқар жыпылықтайды.
Бұрылыс көрсеткіштерін қосу үшін бұрылыс көрсеткіштерін ауыстырып-қосу тұтқасын толығымен төмен немесе жоғары жылжытыңыз.
Жолақтың өзгеруін көрсететін нұсқар жыпылықтамай түрып бір секундтан аз уақыт ішінде тұтқаны көтеріңіз немесе түсіріңіз. Бұл ретте бұрылыс көрсеткіштері үш рет жыпылықтайды. Сүйреу режимі қосулы болса, көрсеткіш алты рет жыпылықтайды. Егер бұрылыс көрсеткіштерін ауыстырып-қосу тұтқасын бір секундтан артық басып тұрса, көрсеткіштері жүргізуші тұтқаны босатпағанша жыпылықтайды. Босатылған тұтқа бастапқы орнына оралады.

Егер индикатор нұсқарлары бұрылыс сигналын бергеннен немесе жолақты өзгерткеннен кейін тез жыпылықтаса немесе жанбаса, көрсеткіш шамы жанып кеткен болуы мүмкін.
Барлық жанып кеткен шамдарды ауыстырыңыз. Шам жанбаған болса, сақтандырғышты тексеріңіз. Қараңыз: Сақтандырғыштар мен автоматты ажыратқыштар ⇨ 9-26.

Бұрылыс көрсеткішінің дыбыстық сигналы

Егер бұрылыс көрсеткіші автомобиль 1,2 км-ден (0,75 миль) артық жол жүріп өткеннен кейін де қосулы болса, онда ол әр жыпылықтаған сайын дыбыстық сигнал беріледі. Жүргізушінің ақпарат орталығының (DIC) дисплейі экранында TURN SIGNAL ON (СИГНАЛ ҚОСУЛЫ) хабарламасы пайда болады. Дыбыстық сигналдың берілуін тоқтату және экрандағы хабарламаны жою үшін тұтқаны пайдаланып бұрылыс көрсеткішін өшіріңіз.


Артқы тұманға қарсы шамдар



Артқы тұманға қарсы шамдар тұманды немесе бұрқасын жағдайында көліктің артқы жағының көрінуін жақсартады.
: Артқы тұманға қарсы шамды қосу немесе өшіру үшін басыңыз.
Артқы тұманға қарсы шамдар тұтану қосулы және тұрақ шырақтары немесе бас фаралар қосулы кезде ғана жұмыс істейді.

САЛОНДЫ ЖАРЫҚТАНДЫРУ

Аспаптар панелінің жарығын басқару



Бұл функция басқару органдарының жарықтандырылуының жарықтығын баптауға мүмкіндік береді.
Аспаптар панелінің жарықғын басқару сыртқы жарықтандыруды ажыратқыштың үстінде.
: Жарықтық − және + түймелерімен реттеледі. Бұл функция түнде және бас фаралар немесе тұрақ шырақтары қосулы кезде жұмыс істейді.

Артқы тұманға қарсы шамдар



Жарықтандыру плафондары жоғарғы консольге және төбенің қаптамасына кіріктірілген.
Төбе плафондарының баптауларын өзгерту үшін басыңыз:
OFF : Кез келген есік ашылғанда төбе плафондарының өшірілуі үшін осы түймені басыңыз. Төбе плафондары бұғатталған кезде, түймеге орнатылған индикатор жарқырайды. Бұғаттама OFF түймесін басу арқылы өшіріледі және жарық индикаторы сөнеді.
Төбе плафондары кез келген есік ашылғанда, радиосалпыншақтағы түймесі басылғанда және тұтану өшірілгенде жанады.

Барлық плафондарды қолмен қосу немесе өшіру үшін жоғарғы консольдегі кез келген линзаны басып ұстап тұрыңыз.

Оқуға арналған шамдар


Оқуға арналған плафондар үстіңгі консольде және артқы орындықтардың үстінде орналасқан. Олар кез келген есік ашылғанда қосылады.

Оқуға арналған алдыңғы плафондар




Оқуға арналған алдыңғы плафондарды басқару батырмалары жоғарғы консольде орналасқан. Оқуға арналған алдыңғы плафондарды қосу немесе өшіру үшін оларды басыңыз.

Оқуға арналған артқы плафондар
Оқуға арналған артқы плафондар артқы орындықтардың үстінде орналасқан.



Мөлдір люксіз



Мөлдір люкпен

Жеке жарықтандыру шамын қосу немесе өшіру үшін оның линзасын басыңыз.

ЖАРЫҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Автокөлікке отыру кезінде жарықтандырылудың қосылуы

Салондағы шамдар радиосалпыншақтағы түймені басу арқылы немесе жарықтандыру плафондарының ажыратқышы DOOR күйінде болса, көліктің кез келген есігі ашылған кезде қосылады.
Радиосалпыншақтағы түймесін басумен немесе көліктің кез келген есігін ашумен жеке сыртқы жарықтандыру аспаптары да қосы-лады. Қараңғы уақытта немесе жарық жеткі-ліксіз жерлерде қысқа уақытқа фаралардың жақынға түсетін жарығы қосылады.
Шамамен 30 секундтан кейін барлық жарық біртіндеп сөнеді.
Отыру кезінде қосылатын жарықтарды қолмен өшіру үшін барлық есіктерді жабыңыз, радиосалпыншақтағы түймені басыңыз немесе көлікті іске қосыңыз.
Бұл функцияны өзгертуге болады. Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің басты бетіндегі Settings (Баптаулар) > Vehicle(Автомобиль) > Vehicle Locator Lights (Тұрақ шамдары) белгішесін таңдаңыз.

Шығу кезінде жарықтандыру

Жеке сыртқы жарықтандыру және салонды жарықтандыру аспаптары тұтандыру өшірілгеннен кейін жүргізушінің есігі ашылған кезде қосылады.
Тұтандыру өшірілген кезде салонды жарықтандыру плафондары жанады. Сыртқы жарықтандыру және салонды жарықтандыру плафондары қысқа уақыт бойы қосылып тұрады, содан кейін автоматты түрде өшеді.
Сыртқы шамдар сыртқы жарық аспаптарын басқару тұтқасын «OFF» (Өшірулі) күйіне ауыстырғаннан кейін бірден өшеді.
Бұл функцияны өзгертуге болады. Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің басты бетінен Settings (Баптаулар) > Vehicle (Автомобиль) > Exit Lighting (Көліктен шыққан кезде жарықтандыруды қосу) белгішесін таңдаңыз.

Аккумулятор жүктемесін басқару

Автокөлік аккумулятордың температурасы мен заряд деңгейін бағалайтын электр қуатын басқару жүйесімен (APM) жабдықталған. Содан кейін ол ең жақсы өнімділікке қол жеткізу және аккумулятордың қызмет ету мерзімін арттыру үшін кернеуді реттейді.
Аккумулятор заряды таусылғанда, аккумулятор зарядын тез қалпына келтіру үшін кернеу аздап артады. Аккумулятор зарядталған кезде, аккумуляторды шамадан тыс зарядтауды болдырмау үшін кернеу азаяды. Жүргізушінің ақпарат орталығының (DIC) дисплейі экранындағы вольтметр немесе кернеу көрсеткіші кез келген жаққа ауытқуы мүмкін. Бұл қалыпты. Проблема туындаған жағдайда ескерту пайда болады.

Өте үлкен электр жүктемесі болған жағдайда аккумулятор заряды бос жүрісте таусылуы мүмкін. Бұл барлық автомобильдерге қатысты. Себебі генератор (синхронды айнымалы ток генераторы) барлық тұтынушыларға қуат беру үшін қажетті барлық электр энергиясын өндіруде бос жүрісте жеткілікті жылдам айналмайды.

Жоғары электр жүктемесі келесі құрылғылардың бірнешеуін бір уақытта қосқанда пайда болады: фаралар, алысқа түсетін жарық, тұманға қарсы фаралар, артқы шыны жылытқыш, климат-бақылау желдеткішінің жоғары жылдамдығы, орындықтарды жылыту, қозғалтқышты салқындату желдеткіштері, тіркеменің қуат құрылғылары, сондай-ақ қосалқы розеткалар арқылы қосылған қуат тұтынушылары.

ЕРМ жүйесі аккумулятордың шамадан тыс зарядсыздануына жол бермейді. Бұл генератордың шығыс қуатын және автомобильдің электрмен қуаттаудағы қажеттіліктерін теңестіру арқылы жүзеге асырылады. Қажет болса, ол қосымша қуат өндіру үшін қозғалтқыштың бос жүрістегі айналымының жылдамдығын арттыра алады. Ол қуат көзінен көмекші құрылғыларды уақытша өшіре алады.

Әдетте бұл әрекеттер кезең-кезеңімен және байқалмай жүзеге асырылады. Сирек жағдайларда, түзету әрекеттерінің ең жоғары деңгейінде жүргізуші оларды байқай алады. Бұл жағдайда жүргізушінің ақпарат орталығының дисплейіне хабарлама шығарылуы мүмкін, бұл ретте жүйеге түсетін электр жүктемесін мүмкіндігінше азайту ұсынылады.

Аккумулятор батареясын зарядсызданудан қорғау

Бұл функция салонды жарықтандыру немесе жеке жарықтандыру плафондары кездейсоқ қосулы күйде қалса, аккумулятор батареясының зарядсыздануын болдырмайды. Егер салонның қандай да бір шырағданының кез келгені қосулы күйде қалса, ал тұтандыру өшірілген болса, олар 10 минуттан кейін автоматты түрде өшеді. Келесі жағдайлардың бірі орын алмағанша шырағдандар жанбайды:

- Тұтандыруды қосу.
- Есіктерді жабу, содан кейін ашу.

Сыртқы жарық аспаптарының жұмысы кезінде аккумулятордың зарядын үнемдеу жүйесі

Егер тұрақ шырақтары немесе фаралар қолмен жағылып, солай қалса, сыртқы жарық аспаптары тұтандыруды өшірілген күйге ауыстырғаннан кейін шамамен 10 минуттан кейін өшеді. Бұл аккумуляторды толық зарясызданудан қорғауды қамтамасыз етеді. 10 минуттық таймерді қайта іске қосу үшін сыртқы жарық аспаптарын ауыстырып-қосқышты ⏻ күйіне бұраңыз, содан кейін қайта ≥D немесе 🌓 күйіне қайтарыңыз.

Жарық аспаптарын қосулы күйде 10 минуттан артық ұстау үшін тұтандыруды ауыстырып-қосқышты «Қосулы» немесе ACC/ACCESORY күйіне орнату керек.

6 АҚПАРАТТЫҚ-ОЙЫН-САУЫҚ ЖҮЙЕСІ

- КІРІСПЕ 6-2
- РАДИОҚАБЫЛДАҒЫШ 6-8
- АУДИОПЛЕЕРЛЕР 6-11
- ТЕЛЕФОН 6-21
- БАПТАУЛАР 6-33
- САУДА БЕЛГІЛЕРІ ЖӘНЕ ЛИЦЕНЗИЯЛЫҚ КЕЛІСІМДЕР 6-36
- ЕСКЕРТПЕЛЕР 6-38

КІРІСПЕ

Негізгі функциялармен танысу үшін келесі беттердегі сипаттамаларды оқыңыз.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің қандай да бір функциясына ұзақ немесе жиі алаңдау апатқа себеп болуы мүмкін. Бұл сізге де, басқаларға да жарақат келтіруі, тіпті өлімге алып келуі мүмкін. Көлік жүргізу кезінде ақпараттық ойын-сауық жүйесіне ұзақ уақыт алаңдамаңыз. Дисплей экрандарына жиі алаңдамай, көлікті басқаруға зейін қойыңыз. Мүмкіндігінше дауыстық пәрмендерді пайдаланыңыз.

Ақпараттық ойын-сауық жүйесінде көлік жүргізу кезінде кейбір функцияларды өшіру есебінен алаңдатушы факторларды азайтуға арналған кірістірілген мүмкіндіктер бар. Қолжетімсіз функциялар сұр түске боялуы мүмкін. Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің көптеген функцияларына аспаптардың комбинациясы арқылы және руль дөңгелегіндегі басқару органдары арқылы қол жеткізуге болады.

Пайдалануға кіріспес бұрын:

- Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің жұмысымен, оның дисплейімен және орталық консоль мен руль дөңгелегіндегі басқару органдарымен танысыңыз.
- Таңдаулы станцияларды алдын ала орнату, тембрді орнату және динамиктерді реттеу арқылы аудиожүйені теңшеңіз.
- Қажетті телефон нөмірлерін бір батырманы басу немесе бір дауыс пәрменімен оңай теруге болатындай етіп алдын ала бағдарламалаңыз.

Қар.: Көлік жүргізу кезінде алаңдау ⇨ 8-2.


Белсенді шуылды басу жүйесі (ANC)

Егер жинақтауда болса, ANC қозғалтқыш мен автомобиль салонындағы шу деңгейін төмендетеді. Тиісінше жұмыс істеу үшін ANC зауытта орнатылған аудиожүйеніі, радиоқабылдағыштың, динамиктердің, күшейткіштің (жиынтықтауда бар болса), қабылдау жүйесінің және пайдаланылған газдарды шығару жүйелерінің болуын қажет етеді. Сіздің дилеріңіз сатудан кейін сәйкес жабдықты орнатқан жағдайда жүйені өшіруі керек.

Шолу

Ақпараттық ойын-сауық жүйесі

Ақпараттық ойын-сауық жүйесі дисплей, орталық консольдегі және рөл дөңгелегіндегі басқару органдары, сондай-ақ дауыстық пәрмендер арқылы басқарылады.



1. (қуат беру)
- Жүйені қосу үшін түймені басыңыз.
- Басу арқылы қосулы жүйенің дыбысы өшіріледі/қосылады.
- Қуатты өшіру терезесін немесе қуатты өшіру терезесін көрсету параметрін көрсету үшін басып тұрыңыз.
- Бұрау арқылы дауыс қаттылығы көтеріледі немесе түсіріледі.

2.
- Радиоқабылдағыш: Басу арқылы алдыңғы станцияға немесе арнаға ауысу орындалады. Алдыңғы станцияларға немесе арналарға ретті түрде ауысу үшін басып тұрыңыз. Қар.: AM-FM радиосы (Кеңейтілген жиынтық радиоқабылдағышы) ⇨ 6-9 немесе AM-FM радиосы (Базалық жиынтық радиоқабылдағышы) ⇨ 6-8.
- USB/Bluetooth. Ағымдағы немесе кейінгі әннің басына өту үшін басыңыз. Алдыңғы жазбаларға ретті ауысу үшін үшін басып тұрыңыз. Қалыпты жылдамдықта ойнатуды жалғастыру үшін босатыңыз. Қар.: USB-порт ⇨ 6-11 немесе Дыбысты Bluetooth арқылы ойнату (Базалық жиынтық радиоқабылдағышы) ⇨ 6-13 немесе Дыбысты Bluetooth арқылы ойнату (Кеңейтілген жиынтық радиоқабылдағышы) ⇨ 6-13.

3.
- Басты бетке өту үшін басыңыз. Осы бөлімнен төменде «Басты бет» тармағын қараңыз.
- Android Auto немесе Apple CarPlay-дан шығу үшін түртіңіз. Android Auto немесе Apple CarPlay-ге қайта кіру үшін басып тұрыңыз. Қар.: Apple CarPlay және Android Auto (Кеңейтілген жиынтық радиоқабылдағышы) ⇨ 6-32 немесе Apple CarPlay және Android Auto (Базалық жиынтық радиоқабылдағышы) ⇨ 6-30.

4.
- Радиоқабылдағыш: Басу арқылы келесі станцияға немесе арнаға ауысу орындалады. Келесі станцияларға немесе арналарға ретімен ауысу үшін басып тұрыңыз.
- USB/Bluetooth. Келесі композицияға өту үшін басыңыз. Келесі жазбаға ретімен ауысу үшін басып тұрыңыз. Қалыпты жылдамдықта ойнатуды жалғастыру үшін босатыңыз. Қар.: USB-порт ⇨ 6-11 немесе Дыбысты Bluetooth арқылы ойнату (Базалық жиынтық радиоқабылдағышы) ⇨ 6-13 немесе Дыбысты Bluetooth арқылы ойнату (Кеңейтілген жиынтық радиоқабылдағышы) ⇨ 6-13

5. ◁ BACK
• Мәзірде болғанда, алдыңғы экранға оралу үшін басыңыз.
6. ✓ (компакт-дискіні шығару)
• Аудиоқосымшада болған кезде тюнер диапазонын ауыстыру үшін бұраңыз (AM/FM/SXM/DAB, егер қолжетімді болса). Тюнерден басқа көздерге қолдау көрсетілмейді. Телефонды қосуға арналған қосымшаларда тізімді айналдыру үшін бұраңыз.

Басты бет

Басты бет - бұл автомобиль қосымшаларының белгішелері орналасқан бет. Көлік қозғалысы кезінде кейбір қосымшалар қол жетімсіз болуы мүмкін.
Белгіше беттеріне өту үшін саусағыңызбен дисплей бетінде солға немесе оңға сырғытыңыз.

Басты беттегі белгішелерді басқару

1. Түзету режиміне өту үшін басты бетте орналасқан белгішелердің кез келгенін басып ұстап тұрыңыз.
2. Саусағыңызды дисплейден алмай, белгішені қажет жерге апарыңыз.
3. Оны жаңа жерге бекіту үшін белгішені босатыңыз.

Пиктограмманы басқа бетке ауыстыру

1. Пиктограмманы экранның шетіне қажетті бет бағытында сүйреңіз.
2. Сыртқы көрінісін өз қалауыңыз бойынша баптау үшін белгішелерді сүйреуді жалғастырыңыз.

Пиктограмманы қосымшалар науасына ауыстыру

Тек жоғарыланған деңгейдегі автомагнитолаларға қатысты:
Пиктограмманы экранның сол жағындағы қосымшалар науасына жылжыту үшін оны науаға сүйреңіз.

Руль дөңгелегіндегі басқару органдары

Аудиожүйенің кейбір функцияларын басқару, егер онда тиісті басқару органдары қарастырылған болса, руль дөңгелегінен жүзеге асырылуы мүмкін.

: Кіріс қоңырауға жауап беру немесе дауыспен бақылауды қосу үшін басыңыз. Қар.: Bluetooth арнасы (Телефонды жұптастыру және пайдалану - кеңейтілген жиынтық радиоқабылдағышы) ⇨ 6-26 немесе Bluetooth арнасы (Шолу) ⇨ 6-22 немесе Bluetooth арнасы (Телефонды жұптастыру және пайдалану - Базалық жиынтық радиоқабылдағышы) ⇨ 6-23.

: Кіріс қоңырауды қабылдаудан бас тарту немесе ағымдағы сөйлесуді аяқтау үшін басыңыз. Телефонмен сөйлеспеген кезде ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің дыбысын өшіру немесе қосу үшін басыңыз.

Таңдаулыларды ауыстыру және дыбыс деңгейін реттеу батырмалары рөл деңгелегінің артқы жағында орналасқан.
1. Таңдаулылар: Радио тыңдау кезінде осы батырмаларды басу таңдаулы станциялар тізіміндегі келесі немесе алдыңғы радиостанцияға өтуге мүмкіндік береді. Басқа мультимедиалық құрылғыларды тыңдау кезінде осы батырмаларды басу келесі немесе алдыңғы әнге ауысуды жүзеге асырады.
2. Дыбыс деңгейі: Дыбыс деңгейін төмендету немесе жоғарылату үшін басыңыз.

Жүйені пайдалану

Аудиожүйе

Белсенді дыбысталу көзінің бетін ашу үшін Аудиожүйе белгішесін түртіңіз. Көздер мысалы: AM, FM, USB, AUX және Bluetooth.

Телефон

Телефонды басқаруға арналған негізгі бетті ашу үшін Телефон белгішесін түртіңіз. Қар.: Bluetooth арнасы (Телефонды жұптастыру және пайдалану - кеңейтілген жиынтық радиоқабылдағышы) ⇨ 6-26 немесе Bluetooth арнасы (Шолу) ⇨ 6-22 немесе Bluetooth арнасы (Телефонды жұптастыру және пайдалану - Базалық жиынтық радиоқабылдағышы) ⇨6-23.

Баптаулар

«Баптаулар» мәзірін ашу үшін «Баптаулар» белгішесін басыңыз. Қар.: Баптаулар (Базалық жиынтықтағы радиоқабылдағыш) ⇨ 6-33 немесе Баптаулар (Кеңейтілген жиынтық радиоқабылдағышы) ⇨6-36.

Apple CarPlay

Қолданатын құрылғыны қосқаннан кейін (жиынтықтауда қарастырылған болса) Apple Car Play-ды белсендіру үшін Apple CarPlay белгішесін түртіңіз. Қар.: Apple Car Play және Android Auto (Кеңейтілген жиынтық радиоқабылдағышы) ⇨ 6-32 немесе Apple CarPlay және Android Auto (Базалық жиынтық радиоқабылдағышы) ⇨ 6-30.

Android Auto

Қолдау көрсетілетін құрылғыны қосқаннан кейін Android Auto белсендіру үшін Android Auto белгішесін түртіңіз (егер жиынтықтауда қарастырылған болса).
Қар.: Apple Car Play және Android Auto (Кеңейтілген жиынтық радиоқабылдағышы) ⇨ 6-32 немесе Apple CarPlay және Android Auto (Базалық жиынтық радиоқабылдағышы ⇨ 6-30.

Камера

Камерамен жұмыс істеуге арналған қосымшаға кіру үшін, бар болса, «Камера» белгішесін түртіңіз. Қар.: Тұрақтату немесе кері жүріспен қозғалуды жеңілдету жүйелері ⇨ 8-48.

Таңбашалар науасы

Таңбашалар науасы сол жақтағы жоғарылатылған деңгейлі автомагнитола дисплейінің экранында орналасқан. Онда бес қосымшаға дейін шығаруға болады.
Базалық деңгейдегі автомагнитолаларда таңбашалар науасы дисплей экранының төменгі жағындағы орналасқан. Онда төрт қосымшаға дейін көрсетіледі.


Ақпараттық ойын-сауық жүйесі дисплейінің элементтері

Ақпараттық ойын-сауық жүйесі дисплейінің функциялары егер олар қолжетімді болса, дисплейде көрсетіледі. Қолжетімсіз функциялар сұр түске боялуы мүмкін. Түрткен кезде функция бөлектеледі.

Ақпараттық-ойын-сауық жүйесін басқаруға арналған ишараттар

Ақпараттық ойын-сауық жүйесін басқару үшін келесі ишараттарды пайдаланыңыз.

Түрту/Басу




Түрту/басу белгішені немесе опцияны таңдау, қосымшаны іске қосу немесе картадағы орынды өзгерту үшін пайдаланылады.

Түрту және ұстап тұру




Түрту мен ұстап тұруды басқа ишаратты бастамас бұрын немесе қосымшаны жылжыту немесе жою үшін пайдалануға болады.

Сүйреу




Сүйреу қосымшаларды басты бетте жылжыту немесе картаны көру үшін қолданылады. Объектіні сүйреп апару үшін оны ұстап, жібермей тұрып, дисплей бойынша жаңа орынға жылжыту керек. Объектілерді жоғары, төмен, оңға, солға жылжытуға болады. Бұл функция көлік тұрақта тұрғанда, яғни қозғалыста болмаған кезде ғана қолжетімді.

Жылжыту




Итеру тізімдегі немесе картадағы объектілерді қысқа аралыққа жылжыту үшін қолданылады. Итеруді орындау үшін таңдалған объектіні ұстап, жаңа орынға жоғары немесе төмен сырғытыңыз.

Күрт қозғалту немесе айналдыру




Тізім бойынша жылжу, картаны көру немесе беттерді өзгерту үшін күрт қозғалту немесе айналдыру қолданылады.
Бұл ишаратты орындау үшін саусағыңызды дисплей экранына қойып, оны жоғары/төмен немесе солға/оңға жылдам жылжытыңыз.

Созу



Созу картаның, нақты суреттердің немесе веб-беттердің масштабын кішірейту үшін қолданылады. Дисплейде сұқ саусақ пен бас бармақты қосып, содан кейін оларды бір-бірінен алшақтатыңыз.

Жинақтау



Жинақтау картаны, картаның, нақты суреттердің немесе веб-беттердің масштабын үлкейту үшін қолданылады. Сұқ саусағыңыз бен бас бармағыңызды дисплейге бір-бірінен алшақ қойыңыз, содан кейін оларды біріктіріңіз.

Ақпараттық дисплей мен аудиожүйенің жылтыр беттерін тазалау

Жылтыр беттер мен экрандарды сүрту үшін микрофибра матаны пайдаланыңыз. Сүрту алдында бетін сызып тастауы мүмкін кірді кетіру үшін жұмсақ щетканы пайдаланыңыз. Содан кейін бетті микрофибра шүберекпен ақырын сүртіңіз. Ешқашан жуғыш заттарды немесе еріткіштерді қолданбаңыз. Микрофибра матаны жүйелі түрде әлсіз сабынды сумен және басқа заттардан бөлек жуып отырыңыз. Ағартқыштарды және мата жұмсартқыштар қолданбаңыз. Әрі қарай қолданар алдында мұқият шайып, құрғатыңыз.

Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту

Бағдарламалық жасақтаманы «ауа арқылы» жаңарту

Бағдарламалық жасақтаманы «ауа арқылы» жаңарту туралы толық ақпаратты (егер жиынтықтауда қарастырылған болса) Баптаулар (Базалық жиынтықтау радиоқабылдағышы) ⇨ 6-33 немесе Баптаулар (Кеңейтілген жиынтықтау радиоқабылдағышы) ⇨ 6-36 бөлімінің «Жаңартулар» тармағынан қараңыз.

РАДИОҚАБЫЛДАҒЫШ

AM-FM радиосы (Базалық жиынтықтау радиоқабылдағышы)

Радио тыңдау

Белсенді дыбыстау көзінің бетін ашу үшін басты беттегі «Аудиожүйе» белгішесін түртіңіз. Дисплейдің сол жағында тізімделген, соңғы пайдаланылған көздердің бірін таңдаңыз немесе қолжетімді көздердің тізімін ашу үшін «Тағы» тармағын түртіңіз. Көздер мысалы: AM, FM, Менің медиақұрылғыларым, USB, AUX (бар болса) және Bluetooth.

Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дыбыс мәзірі

Кез келген дыбыс көзінің басты бетінде келесіні шығару үшін «Дыбыс» түймесін басыңыз:

Эквалайзер: ақпараттық ойын-сауық дисплейіндегі басқару органдарын пайдаланып төмен, орта және жоғары жиілікті реттеу үшін түртіңіз. **Баланс :** Баптауды ақпараттық ойын-сауық дисплейіндегі басқару элементтерінің көмегімен немесе айқастырып сүйреу арқылы орындау үшін түртіңіз.

Станцияны табу

Станцияны іздеу



Тұрақты сигналы бар алдыңғы немесе келесі станцияны іздеу үшін AM немесе FM диапазоны экранындағы ⏮ немесе ⏭ орталық консольдегі немесе басыңыз.

Станцияларды көру

AM немесе FM экранында барлық қолжетімді станцияларды көру үшін Қарау тармағын басыңыз. Станциялар тізімін жоғары және төмен жылжыту тізімді айналдыру арқылы орындалады.

Тыңдағыңыз келетін станцияны түртіңіз. Станцияны таңдаулы ретінде сақтау үшін ☆ түймесін түртіңіз.

Сіз тұрған жерде сигналы бар станциялар тізімін жаңарту үшін «Станциялар тізімін жаңарту» тармағын түртіңіз.

Тікелей баптау



AM немесе FM экранында тікелей баптау үшін экрандық пернетақтаны ашу үшін Іздеу белгішесін түртіңіз. ⏮ немесе ⏭ түймелерін пайдаланып барлық жиіліктер тізімін жоғары және төмен айналдырыңыз. Экрандық пернетақта арқылы жиілікті енгізіңіз. Жаңа станцияны енгізген кезде оң жақта сол станция туралы ақпарат пайда болады. Бұл ақпарат баптау үшін қолжетімді әрбір жаңа жиіліктің пайда болуымен жаңартылады.

Жарамсыз жиілік мәнін енгізуге әрекеттенгенде, пернетақта сұр түсті болады; жиілік мәніндегі ондық бөлгіш автоматты түрде енгізіледі.

Жиілікті енгізу кезінде бір санды жою үшін (X) түймесін басыңыз, барлық сандарды жою үшін басып ұстап тұрыңыз.

AM немесе FM радиостанциясының рұқсат етілетін жиілігі енгізілгенде, радиоқабылдағыш сол станцияға автоматты түрде баптайды, бірақ тікелей баптау терезесі жабылмайды.

Тікелей баптау режимінен шығу үшін экранның жоғарғы жағындағы < немесе × басыңыз.

FM санаттары



Барлық қолжетімді станцияларды шығару үшін FM экранында тұрып, Қарау тармағын басыңыз. Қол жетімді жанрлар тізімін көру үшін станциялар тізімінің үстіндегі Санаттар тармағын басыңыз. Тізімде FM диапазонындағы станциялармен байланысты жанрлар бар. Санат атауын басу сол санаттағы станциялардың тізімін көрсетеді. Радиоқабылдағышты станцияға баптау үшін тізімде оның атын түртіңіз.

Таңдаулы радиостанцияларды сақтау

Таңдаулы радиостанциялар туралы мәліметтер дисплейдің жоғарғы жағындағы арнайы аймақта көрсетіледі.

AM немесе FM: Ағымдағы станцияны таңдаулыларда сақтау үшін экранның жоғарғы жағындағы «Сақтау» түймесін немесе бұрын сақталған станцияны басып тұрыңыз. Таңдаулы станцияны таңдау үшін сақталған таңдаулыны түртіңіз.


Сондай-ақ станциялар ☆ тізіміндегі белгішені түрту арқылы станцияларды таңдаулылар ретінде сақтауға болады. Станция ерекшеленеді, бұл оның таңдаулы ретінде сақталғанын көрсетеді.

Әдепкі бойынша, көрсетілетін таңдаулылар саны автоматты түрде өзгереді, бірақ оны қолмен де өзгертуге болады, ол үшін келесі ауысуды орындау қажет:

«Баптаулар» – «Жүйе» қосымша беті – «Таңдаулылар» – «Таңдаулы элементтерінің саны». Сонымен қата оны «Баптаулар» – «Қосымшалар» қосымша беті – «Аудио» – «Таңдаулы элементтерінің саны» ауысуын орындау арқылы өзгертуге болады.

AM-FM радиосы (Кеңейтілген жиынтық радиоқабылдағышы)

Радио тыңдау




Белсенді дыбыс көзінен ойнатылатын жазбалар туралы ақпарат терезесін ашу үшін басты беттегі Аудиожүйе белгішесін түртіңіз. Дыбыс көзін өзгерту үшін сол жақ бұрыштағы оны көрсететін түймені (мысалы, FM немесе AM радиосы) түртіңіз.

Станцияны табу

Станцияны іздеу

Тұрақты сигналы бар алдыңғы немесе келесі станцияны іздеу үшін AM немесе FM экранында тұрып ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейіндегі ⏪ немесе ⏩ басыңыз.

Іздеу



Нәзік баптау терезесін ашу үшін ақпараттық ойын-сауық дисплейі экранындағы ||||| түймесін түртіңіз. Экрандық пернетақта арқылы жилікті енгізіңіз.

Станцияны таңдаулы ретінде сақтау үшін ☆ түймесін түртіңіз.

Рұқсат етілген AM немесе FM жиілігін енгізген кезде радиоқабылдағыш автоматты түрде станцияға бапталады, бұл ретте нәзік баптау терезесі жабылмайды. Станция сигналын қабылдау үшін «Қосу» түймесін немесе тізімдегі қажетті жиіліктің белгісін түртіңіз. Дәл баптау терезесі жабылады және ағымдағы ойнату терезесіне өзгереді.

Таңдаулы радиостанцияларды сақтау

Таңдаулы радиостанциялар туралы мәліметтер дисплейдің төменгі жағындағы арнайы аймақта көрсетіледі. AM немесе FM диапазонында жұмыс істейтін таңдаулы станцияларды сақталған баптаклар науасын басып ұстап тұру арқылы сақтауға болады.

Аудиожүйе баптаулары

Дыбыс параметрлерінің баптауы аймаққа байланысты өзгереді.

Ағымдағы ойнату терезесіндегі түймені түрту арқылы экранға келесі параметрлерді шығаруға болады.

Дыбыс

- Эквалайзер
- Баланс
- Дыбыс режимі (тиісті жиынтықтау болса)

Bose AudioPilot технологиясы

Бұл технология, егер жиынтықтауда қарастырылған болса, салондағы шу мен көліктің жылдамдығына байланысты дыбыс деңгейін реттейді.

Сақталған параметрлерді басқару

Мұнда жылжытуға немесе жоюға болатын сақталған аудиожүйе баптауларының тізімі көрсетіледі.

Радио арқылы мәтін беру (RDS)

Бұл функция қосылғанда, радиостанция экранда хабарлама түрінде көрсетілетін мәтінді дыбыстап айтады.

Радио арқылы берілетін мәтіннің санаты

Бұл функция қосылған кезде экранда қазіргі сәтте беріліп жатқан мәтін санаты туралы ақпарат көрсетіледі.

Радиодеректер жүйесі (RDS)

RDS жүйесі радиоарна арқылы қосымша ақпаратты алуға мүмкіндік береді, бұл ақпарат RDS радиостанциясы арқылы беріледі, сондықтан ол осындай ақпарат жіберілген кезде ғана жұмыс істейді. Станциялар радиоқабылдағыштың жұмысында ақаулар тудыратын осындай ақпаратты жіберуі мүмкін.

Сонымен қатар, RDS жүйесінің фунциялары нақты аймаққа немесе елге байланысты өзгереді. Бұл RDS жүйесі арқылы берілетін белгілі бір ақпарат көлік құралы пайдаланылатын жерде немесе елде қол жетімді болмауы мүмкін дегенді білдіреді. RDS жүйесінің функциялары жоғарыда сипатталған «Аудиожүйе баптаулары» терезесінде қосылады және өшіріледі.

Сіздің аймағыңызда жұмыс істейтін радиостанциялар төмендегі RDS жүйесінің функцияларын қолдауы мүмкін.

RDS жүйесінің функциялары

- Радиостанция тарататын мәтіннің экранға әріппен шығарылуы
- Радиостанциялар тарататын хабарламаларды экранға шығару
- Радиостанцияның тарату санаты туралы ақпаратты экранға шығару (егер қолжетімді болса)

Радиосигналды қабылдау

Егер радиотрансляцияның электрмагниттік немесе статикалық кедергілері туындаса, электронды құрылғыларды ажыратыңыз.

FM

FM диапазонының сигналдарын жақсы қабылдау 16-дан 65 км-ге дейінгі қашықтықта қамтамасыз етіледі. Радиоқабылдағышқа кедергілерді азайтуға арналған арнайы электронды сұлба салынғанына қарамастан, кішігірім кедергілер әлі де болуы мүмкін, әсіресе дыбыстарды басып, күшейетін ғимараттар мен төбелердің айналасында.

AM

Көптеген AM станцияларының қабылдау қашықтығы FM ауқымындағы радиостанцияларға қарағанда, әсіресе түнде әлдеқайда үлкен. Қашықтық ұлғайған кезде радиостанциялардың жиіліктері бір-бірінде бөгеуіл туындатуы мүмкін. Сондай-ақ, найзағай кезінде немесе электр жеткізетін желілердің астында қозғалу кезінде бөгеуілдер туындауы мүмкін. Егер бұл жағдайда бөгеуілдер болса, радиостанциядағы жоғары жиілік деңгейлерін төмендетуге тырысыңыз.

Мобильді құрылғыны пайдалану

Мобильді құрылғыны пайдалану, атап айтқанда кіріс және шығыс қоңырауларды орындау, аккумулятор батареясын зарядтау және жай ғана мобильді құрылғының қосулы күйде болуы радиосигналдары қабылдауға статикалық бөгеуілдер туындатуы мүмкін. Бұл жағдайда мобильді құрылғыны ажырату немесе өшіру керек.

Көпжолақты антенна

Жиынтықтауға байланысты төбедегі антеннаны радиоқабылдағыш, навигациялық жүйе және OnStar жүйесі қолдануы мүмкін. Сигналдарды оңтайлы қабылдау үшін антеннаны бөгде заттармен көлегейлемеңіз. Егер көлікте төбе люгі болса және бұл люк ашылатын болса, қабылдау нашарлауы мүмкін.

АУДИОПЛЕЕРЛЕР

Тексерілмеген тасымалдаушыларды пайдаланбаңыз

USB және мобильді құрылғылар сияқты медиа құрылғыларды пайдаланған кезде олардың шығу тегіне назар аударыңыз. Сенімді емес құрылғыларда жүйенің жұмыс қабілеттілігі мен өнімділігіне теріс әсер ететін файлдар болуы мүмкін. Мұндай құрылғылардан аулақ болу керек.

USB-порт

Көлік бірнеше USB-портпен жабдықталуы мүмкін. Порттарды құрылғыларды зарядтау үшін де пайдалануға болады. Музыканы USB порттарына жалғанған құрылғылардан ойнатуға болады.

> ⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*
>
> Көлік құралына зақым келтірмеу үшін көліктің борттық желісінен пайдаланылмайтын қосымша жабдық пен оның кабелдерін ажыратқан жөн. Борттық қуат көзіне жалғаулы қалған және түпкі құрылғыдан ажыратылған кабель оның бос ұшы сұйықтыққа түссе немесе розетка сияқты басқа қуат көзіне тұйықталған болса, істен шығуы немесе қысқа тұйықталу тудыруы мүмкін.

USB интерфейсі арқылы дыбысты ойнату

USB интерфейсі арқылы дыбысты ойнату үшін:

1. USB таңдау үшін ағымдағы ойнату терезесіндегі дыбыс көзі белгісін түртіңіз.
2. Қосылған құрылғылар болмаса, құрылғыны қосу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
3. Дисплей экранында қолдау көрсетілетін жазба пішімдері туралы ақпаратты көрсетіледі.

Дыбысты Bluetooth арқылы ойнату (Базалық жиынтық радиоқабылдағышы)

Музыканы ойнатуды жұптастырылған Bluetooth құрылғысынан жүзеге асыруға болады. Құрылғыны жұптастыру туралы нұсқауларды Bluetooth арнасы (Телефонды жұптастыру және пайдалану - кеңейтілген жиынтық радиоқабылдағышы) ⇨ 6-26 немесе Bluetooth арнасы (Шолу) 6-22 немесе Bluetooth арнасы (Телефонды жұптастыру және пайдалану - Базалық жиынтық радиоқабылдағышы) бөлімін қараңыз ⇨ 6-23.

Дыбыс деңгейі мен ән таңдауды ақпараттық ойын-сауық жүйесінің басқару органдарымен де, мобильді құрылғы арқылы да басқаруға болады. Егер Bluetooth режимі таңдалса, бірақ дыбыс болмаса, ақпараттық ойын-сауық жүйесінің баптауларын тексеріңіз.

Музыканы ойнатуды дисплейдің сол жағындағы соңғы көздер тізіміндегі Bluetooth тармағын түрту немесе «Тағы» тармағын түртіп, Bluetooth құрылғысын басу арқылы бастауға болады.

Bluetooth арқылы ойнату үшін:

1. Құрылғының қуатын қосыңыз және құрылғыны қосу үшін жұптастыруды орындаңыз.
2. Жұптастырғаннан кейін басты беттегі «Аудиожүйе» тармағын басыңыз, содан кейін дисплейдің сол жағындағы соңғы көздер тізімінде «Bluetooth» тармағын түртіңіз.

Bluetooth дыбысының мәзірі

«AM-FM радиосы (Кеңейтілген жиынтық радиоқабылдағышы) ⇨ 6-9 немесе AM-FM радиосы (Базылық жиынтық радиоқабылдағышы) ⇨ 6-8 бөліміндегі «Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дыбыстық мәзірін» қараңыз.

Bluetooth құрылғыларын басқару

Негізгі бетте:

1. Аудиожүйені басыңыз.
2. Құрылғыларды қосу немесе жою үшін «Құрылғылар' тармағын түртіңіз.

Bluetooth тармағы түртілген кезде қосылған құрылғының аудио ойнатқышында ойнатуды бастау мүмкін болмауы мүмкін. Көлік қозғалмай тұрғанда мобильді құрылғыны пайдалану арқылы ойнатуды бастаңыз.

Әртүрлі құрылғыларда ойнатуды бастау әртүрлі жолдармен жүзеге асырылады. Дыбыстақ көзі ретінде Bluetooth таңдалғанда, аудиожүйенің экранында «Тоқтата тұру» күйі көрсетілуі мүмкін. Ойнатуды бастау үшін құрылғыдағы ойнату түймесін басыңыз немесе дисплейдегі ▷ белгішесін түртіңіз.

Bluetooth құрылғысына қолдау болса, шолу функциясы қолжетімді болады. Бұл мультимедиа-контент «Менің медиақұрылғ.» режимінде қолжетімді болмайды.

Кейбір смартфондар аудиожүйе дисплейінде көрсету үшін Bluetooth арқылы метадеректерді беру мүмкіндігін қолдайды. Бұл ақпаратты алған кезде аудиожүйе бұл деректердің қолжетімділігін тексереді және оны дисплейде көрсетеді. Қолдау көрсетілетін Bluetooth фунциялары туралы қосымша ақпарат алу үшін дилерге хабарласыңыз.

Дыбысты Bluetooth арқылы ойнату (Кеңейтілген жиынтық радиоқабылдағышы)

Дыбысты жұптастырылған Bluetooth құрылғысынан ойнатуға болады.

Дыбыс деңгейі мен ән таңдауды ақпараттық ойын-сауық жүйесінің басқару органдарымен де, мобильді құрылғы арқылы да басқаруға болады. Егер Bluetooth режимі таңдалса, бірақ дыбыс болмаса, ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дыбыс деңгейінің баптауларын тексеріңіз.
Bluetooth арқылы ойнату үшін:
1. Ағымдағы ойнату терезесіндегі дыбыс көзінің белгісін түрту арқылы қажетті Bluetooth-құрылғыны таңдаңыз.
2. Қосылған құрылғылар болмаса, құрылғыны жұптастыру үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
3. Дисплей экранында қолдау көрсетілетін жазба пішімдері туралы ақпаратты көрсетіледі.

Bluetooth-құрылғыларды басқару

Bluetooth-құрылғыларды қосуға, жоюға немесе басқа жұптастырылған құрылғыға қосуға болады.
Бір уақытта бірнеше Bluetooth-құрылғы белсенді бола алмайды.

Артқы орындықтарға арналған ойын-сауық жүйесі

Артқы орындықтарға арналған ойын-сауық жүйесі (RSI)

Егер жиынтықтауда қарастырылған болса, жүйеде екі HDMI порты, екі жұп Bluetooth-құлаққап және жүргізуші мен жолаушы орындықтарының артқы жағындағы сенсорлық бейнеэкрандар болады.
Артқы орындықтарға арналған ойын-сауық жүйесі −20° C (−4 °F) төмен және 55° C (131 °F) жоғары төмен температурада дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

Жүйе жұмысын басқару

Қолдану үшін:
1. Оны қосу үшін кез келген экранның кез келген жерін екі рет түртіңіз; бастапқы экран ашылады.
2. Экранды өшіру үшін күй жолағындағы ⏻ түртіңіз.
Бұл экрандарды бір-бірінен тәуелсіз, сонымен қатар алдыңғы орындықтағы басқару органдары арқылы қосуға және өшіруге болады. Экран өшкенде, экрандағы мультимедиалық контентті ойнату кідіртіледі.
Экрандарды алдыңғы орындықтағы басқару органдары арқылы бұғаттауға болады.

Ойнату көздері



- HDMI 1
- HDMI 2
- Қосымшалар (жиынтықтауға байланысты)


Күй жолағы:

- ⏻ : Экранды өшіру үшін түртіңіз. Оны қайта қосу үшін экранның кез келген жерін екі рет түртіңіз.
- 🎧 : Bluetooth-құлаққаптары баптауларының мәзіріне өту үшін түртіңіз. Қар.: «Баптаулар» осы бөлімде кейінірек.
- ⚙: Баптаулар мәзіріне өту үшін басыңыз.

HDMI кірісі

HDMI порты бар құрылғыны артқы орындық ойын-сауық орталығына қосу үшін HDMI кабелі қажет. Артқы орындықтарға арналған ойын-сауық жүйесінің HDMI кірістеріне бейнеойындарды, диск ойнатқыштарды, фотокамераларды, смартфондарды, планшеттерді, ағындық беру құрылғыларын және HDMI шығысы бар аудиобейнеадаптерлерді қосуға болады (1.4a нұсқасы).

Қосымшалар экраны



1. Масштабты реттеу үшін басыңыз.
2. Бет тарихы бойынша алға және артқа жылжу үшін басыңыз.
3. Бетті қайта жүктеу үшін басыңыз.
4. Экранды артқы орындыққа арналғанекінші экранға көшіру үшін басыңыз.
5. Қалқымалы терезені жабу үшін түртіңіз немесе төмен сырғытыңыз. Сонымен қатар экранның кез келген жерін түртсеңіз немесе шамамен үш секунд күтсеңіз, қалқымалы терезе жоғалады.
6. Баптаулар мәзірін ашу үшін түртіңіз.
7. Bluetoot- құлаққаптарды жұптастыру немесе қосу, құлаққаптардағы дыбыс деңгейін реттеу немесе дыбысты автомобиль динамиктері арқылы ойнатуға ауысу үшін түртіңіз.
8. Бастапқы экранды ашу үшін басыңыз.

Қосымша ішінде шарлау үшін деректерді түртіңіз, сырғытыңыз немесе сүйреңіз. Жарнаманы түрткенде, ол басқа қосымша бетте ашылады. Басқа қосымша бетті жабу үшін бірінші қосымша бетті түртіңіз немесе X басыңыз.

Артқы экрандар баптауы

Артқы экранның басты бетінде тұрып, баптаулар мәзіріне өту үшін ⚙ басыңыз. Мәзірде келесі тармақтар болуы мүмкін:

Экран жарықтығы

Экран жарықтығын таңдаңыз. Жарықтық сырғытпасын реттеңіз. Экрандардың әрқайсысы дербес бапталады.

Пайдаланушының Bluetooth-құлаққаптары

Артқы орындықтарға арналған ойын-сауық жүйесі Bluetooth-құлаққаптарды қолдайды. Артқы экрандардың әрқайсысымен төрт дейінгі Bluetooth-құлаққаптарды жұптастыруға болады. Бұл экранда жүйемен байланысты барлық Bluetooth-құлаққаптардың тізімін көруге, сондай-ақ олардың параметрлерін орнатуға болады. Мұнда сіз жаңа Bluetooth-құлаққаптарды қосып, бұрын қосылғандардың баптауларын өзгерте аласыз.

Bluetooth-құлаққаптарды артқы экрандардың бірімен жұптастыру үшін:
1. «Bluetooth-құлаққаптарды» таңдаңыз немесе сәйкес артқы экранның негізгі бетіндегі X басыңыз.
2. «Құлақаспаптарды қосуды» таңдаңыз.
3. Bluetooth-құлаққаптардың жұптастыру режимінде екеніне көз жеткізіңіз. Жүйе Bluetooth-құлаққаптарды таныған кейін олар қолжетімді құлаққаптар тізімінде көрсетіледі.
4. Тізімнен Bluetooth-құлаққаптарды таңдаңыз. Құлаққаптарды артқы орындықтың ойын-сауық жүйесімен жұптастырмас бұрын, оларды телефоннан ажырату қажет болуы мүмкін.
5. Құлаққаптарды жұптастыру аяқталғаннан кейін осы құлаққаптарға арналған баптаулар түймесін басыңыз; мұнда құлаққаптардың атын өзгертуге, қосуға, ажыратуға немесе жұптастыруға болатын мәзір ашылады.

Жиынтықтық Bluetooth-құлаққаптар

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Құлаққаптарда кіріктірілген литий-ионды аккумуляторлар бар, олар зақымдалған, ақаулы немесе дұрыс пайдаланылмаған жағдайда өрт қаупін тудырады.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Аккумулятор батареясының ағуын және/немесе тұтануын болдырмау үшін:
- Аккумулятор батареясын өртемеңіз, деформацияламаңыз немесе ашпаңыз
- Аккумулятор батареясын өте төмен ауа қысымының немесе 60 °C (140 °F) жоғары температура әсеріне ұшыратпаңыз
- Аккумулятор батареясын 45°C (113°F) жоғары температурада зарядтамаңыз.
- Құлаққаптар ақаулы немесе зақымдалған болса, аккумулятор батареясын зарядтамаңыз

⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*

Құлаққаптарды ыстық ортада немесе тікелей күн сәулесінің астында сақтамаңыз. Бұл құлаққапты зақымдауы мүмкін және жөндеу көлік кепілдігімен қамтылмайды. Қатты суықта сақтау аккумулятор батареяларын нашаралатуы мүмкін. Құлаққаптарды салқын, құрғақ жерде сақтаңыз.



Бұл өнімдегі аккумулятор батареяларын тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Аккумулятор батареяларын мамандандырылған кәсіпорында кәдеге жарату керек. Кәдеге жарату туралы толық ақпарат алу үшін жергілікті билік органдарына хабарласыңыз.



1. CH-Арна таңдау
2. Қуат көзі
3. Дыбыс деңгейі
4. USB-C зарядтау порты

Артқы орындықтарға арналған ойын-сауық жиынтығына екі жұп жаңа сымсыз Bluetooth-құлаққаптар кіреді.

Құлаққаптар әртүрлі мультимедиялық деректерді тыңдау үшін қолданылады. Сымсыз құлақаспаптардың корпусында қуат түймесі, арналарды ауыстырып-қосқыш және дыбыс деңгейін реттегіш болады.

Жинақтағы сымсыз Bluetooth-құлаққаптарды пайдалану үшін:

- POWER түймесін бір секунд басу арқылы құлаққаптарды қосыңыз. Қуат индикаторы жанады.
- Жұптастыру режимін өту үшін құлақаспап өшірулі кезде қуат беру түймесін екі секунд басып тұрыңыз. Құлаққап атауы GM RSI BT HP ретінде көрсетіледі.

  Артқы орындықтың ойын-сауық экранындағы байланыстыру нұсқауларын төмендегі «Артқы орындықтарға арналған ойын-сауық экранымен жұптастыру» параграфын қараңыз.
- Құлаққапты өшіру үшін қуат түймесін екі секунд басып ұстап тұрыңыз.
- 1 немесе 2-ші экранмен жұптастырылған дыбыс көздерін өзгерту үшін CH-АРНАНЫ ТАҢДАУ түймесін (1) басыңыз. Бұл функция құрылғыларды екі RSI экранымен жұптағаннан кейін ғана жұмыс істейді.

Артқы орындықтың ойын-сауық экранымен жұптастыру

Әрбір экран тек белсенді екі жұп құлаққапты ғана қолдайды.

Bluetooth-құлаққаптарды артқы экрандардың бірімен жұптастыру үшін:

1. Сәйкес артқы экранның негізгі бетіндегі құлаққап белгішесін түртіңіз.
2. «Жаңа құлаққаптарды қосуды» таңдаңыз.
3. Bluetooth-құлаққаптардың жұптастыру режимінде екеніне көз жеткізіңіз.
4. Жүйе Bluetooth-құлаққаптарды танығаннан кейін, олар қолжетімді құлаққаптар тізімінде пайда болады. Тізімнен Bluetooth-құлаққаптарды таңдаңыз. Қосылғаннан кейін «Жұптастыру аяқталды» қалқымалы терезесінде OK түймесін басыңыз.
5. OK түймесін басыңыз.

Құлаққаптардың экрандармен жұптасуын ажырату үшін сәйкес артқы экранның басты бетіндегі құлақұап белгісін түртіңіз. Содан кейін жұптастыруды ажыратқыңыз келетін құлаққаптардың параметрлерін түртіңіз. «Құлақаспаптарды жою» тармағын таңдаңыз. Бұл әрекет экрандардың әрқайсысымен бөлек орындалады.

Дауыстық жауап беру

Егер жиынтықтауда қарастырылған болса, артқы орындықтың ойын-сауық жүйесі көру және есту қабілеті бұзылған пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін дауыстық жауап беру функциясымен жабдықталуы мүмкін.

Бұл функция белсендірілген кезде, ол пайдаланушыға ол экранның қай аймағын түрткені туралы дауыспен хабарлайды, белсенді түймелерді көрсетеді, сонымен қатар экран, ағымдағы күй, тізім мазмұны, метадеректер және қалқымалы терезелер туралы ақпарат береді. Бұл пайдаланушыға ол өзі бір рет түртіп, дауыспен хабарланған соңғы әрекеттегі түймеге қатысты экранның кез келген жерін екі рет түрту арқылы функцияларды белсендіруге мүмкіндік береді. Дыбыстық жауап беруді қосу және өшіру үшін ⚙ басыңыз, ауыстырып-қосқышты түртіп, растау үшін OK түймесін басыңыз. Көлік құралының тұтандыруы өшірілген кезде дауыстық жауап беру өшеді.

Entertainment Studio баптауларын арылту

Қосымшалар мен пайдаланушылардың сеанстарын арылту үшін осы опцияны таңдаңыз.


Ашық коды бар БЖ лицензиясы

Лицензия туралы ақпаратты көру үшін таңдаңыз.

Артқы орындықтардағы пайдаланушы порттары

Егер автомобиль артқы орындықтарға арналған ойын-сауық жүйесімен жабдықталған болса, орталық консольдің артқы жағында пайдаланушы құрылғыларына арналған порттар орналасқан. Екі HDMI порты және тек зарядтау функциясы бар екі USB-C порты бар.

HDMI



HDMI кірістеріне HDMI аудио-бейне кабелі арқылы сыртқы сигнал көзін, мысалы, бейнекамера, ойын приставкасын немесе Apple құрылғысын қосуға болады. Apple құрылғыларына Apple маркалы кабель қажет.

Басты экранда сыртқы құрылғы қосылған HDMI портын түртіңіз.

USB арқылы зарядтауды қолдайтын кейбір HDMI құрылғыларын қуат көзіне арналған USB порттарына қосуға болады.

Осы HDMI порттары арқылы берілетін контент ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранында қолжетімсіз. Артқы орындыққа арналған ойын-сауық жүйесінің HDMI кірісін пайдалану үшін:

1. Сыртқы құрылғыны HDMI кабелі арқылы қосыңыз.
2. Артқы орындықтарға арналған көмекші құрылғы мен ойын-сауық жүйесінің бейнеэкранын қосыңыз.
3. Қажетті экранда (Негізгі) түймесін түртіп, көз ретінде HDMI таңдаңыз.

HDMI


HDMI қосылымы

Артқы орындықтарға арналған ойын-сауық жүйесінде сыртқы құрылғылардан бейнелерді ойнатуға арналған екі HDMI порты бар.

Сыртқы құрылғының контентін ойын-сауық жүйесінің экранынан көру үшін оны қосыңыз.

Басты экранда сыртқы құрылғы қосылған HDMI портын түртіңіз.

HDMI ақылы ойнату экраны



HDMI арқылы ойнату экранында бейне және келесі ақпаратты көрсетіледі:

- (Басты бет): Артқы орындыққа арналған ойын-сауық жүйесінің басты бетінің мәзіріне оралу үшін басыңыз.
- (Құлаққаптар): Bluetooth-құлаққаптардың баптауларының мәзіріне өту үшін басыңыз. Қар.: «Баптаулар» осы бөлімде кейінірек.

- Бөлісу: Экранды артқы орындыққа арналған екінші экранға көшіру үшін басыңыз. Экранды қосылған құрылғыға көшіруге болады.

Басты экрандағы Rear Media қосымшасы

Rear Media қосымшасы алдыңғы пайдаланушыға артқы орындықтарға арналған бейнеэкран көздерін басқару мүмкіндік береді. Қосымшаға қол жеткізу үшін басты беттегі Rear Media белгішесін басыңыз.

Rear Media қолданбасы арқылы артқы экрандарды қосуға және өшіруге болады. 1-экранды немесе 2-экранды түрту арқылы экранды таңдаңыз. 2. Екі экран үшін де ақпаратты бірге көру үшін «Жинақтаманы» басыңыз. Бөлектелген экранның жанындағы «Қуат» экрандық түймесі осы экранды қосуға және өшіруге мүмкіндік береді.


Алдыңғы орындықтағы пайдаланушы бейнені басқару қолданбасында сол немесе оң экран үшін дыбысты өшіру белгішесін немесе екі экранның дыбысын өшіру түймесін түрту арқылы артқы орындықтардағы пайдаланушылар үшін дыбысты өшіре алады.

Сондай-ақ, бейнені басқару қосымшасындағы экран кескінінің төменгі оң жағындағы «Бөлісу» түймесін басу арқылы таңдалған экрандағы ағымдағы сигнал көзінен суретті басқа экранға көшіруге болады.

Rear Media қосымшасында көзді таңдау

Қосымша бөлектелген артқы экран үшін сигнал көзін таңдауға мүмкіндік береді. Rear Media қосымшасындағы Sources (Көздер) басыңыз және тізімнен қолжетімді көзді таңдаңыз.

Жиынтық экран



1. Ағымдағы көздер артқы экрандар үшін.
2. Экранды артқы орындықтарға арналған екінші экранға көшіру үшін басыңыз.
3. Артқы экран үшін сенсорлық енгізуді бұғаттау үшін түртіңіз.
4. Артқы экранның дыбысын өшіру үшін түртіңіз.
5. Артқы экранды қосу/өшіру үшін түртіңіз.

Контентті ойнатылмайтын ақпараттық экран



1. Ойнатылатын контентке арналған иллюстрация.
2. Дыбысты автокөліктің динамикасы арқылы ойнатуды бастау үшін басыңыз.
3. Артқы экрандағы қолсымшаны жабу үшін басыңыз.
4. Контентті ойнатуды кідірту/ жалғастыру үшін түртіңіз.
5. Ойнатылатын контенттің атауы және қосымша ақпарат (бар болса).

Rear Media баптаулары

Rear Media бетінде тұрып, Баптауларды басыңыз; баптаулар мәзірі ашылады.

Мәзірде келесі тармақтар болуы мүмкін:

Экрандарды қосу күйін есте сақтаңыз

Экрандар қозғалтқыш іске қосылғанда автоматты түрде қосылу ы үшін осы опцияны таңдаңыз.

Артқы экрандарға арналған дауыстық жауап беру

Белгілі бір экран үшін дауыстық жауапты белсендіру үшін таңдаңыз.

Рұқсат етілген қосымшалар

Экрандарда көрсетілетін қосымшаларды таңдаңыз.

Тіркеу жазбасы

Автокөліктің мобильді байланысының тарифтік жоспары туралы ақпаратты көру үшін таңдаңыз.

Rear Media баптауларын арылту

Қосымшалардың баптауларын арылту үшін таңдаңыз.

Rear Media пайдалану шарттары

Пайдалану шарттарын көру үшін таңдаңыз.

Құпиялық туралы мәлімдеме

Құпиялылық туралы мәлімдемені көрсету үшін таңдаңыз.

Артқы орындықтың ойын-сауық жүйесіндегі ақауларды жою

Қуат жоқ: Тұтандыру «Қосулы» немесе ACC/ACCESSORY күйінде болмауы мүмкін.

Құлаққаптар корпусындағы қуат индикаторы жанып тұр, бірақ дыбыс шықпайды: Құлаққап жеткілікті түрде зарядталғанына көз жеткізіңіз. Зарядтау үшін құлаққаптарды USB-C портына қосыңыз. Құлаққаптардың экрандарға қосылғанын тексеріңіз. Арналарды таңдау түймелерін ауыстырған кезде, дұрыс экранды тыңдағаныңызды тексеріңіз.

Егер жоғарыдағы әрекеттер сәтсіз болса, құлаққапты артқы орындықтарға арналған ойын-сауық жүйесімен байланыстырудан бас тартыңыз, құлаққапты өшіріңіз, қайта қосыңыз және байланыстыруды қайта орнатып көріңіз.

Осы бөлімдегі Bluetooth -құлаққаптарды жұптастыруға арналған процедураларды қараңыз.

Бейнекөріністің бұрмалануы

Бейнекөріністің бұрмалануы ұялы телефон-дардан, сканерлерден, CB-диапазон рация-ларынан, GPS жүйелерінен, автомобиль радиостанцияларынан, мобильді факстардан, портативті рациялардан болатын бөгеуілдердің әсерінен туындауы мүмкін. Көрсетілген құрылғыларды көліктің ішінде немесе жанында пайдаланған кезде бейне-ойнатқышты өшіру қажет болуы мүмкін.

Сөйлеу пәрмендерін тану

Google Assistant дауыстық көмекшісі аудиожүйе, телефон және навигациялық жүйенің функцияларын қолсыз басқаруға мүмкіндік береді. Оны руль дөңгелегіндегі түрту, басты экрандағы Google Assistant белгішесін түрту немесе «Hey Google» немесе «OK Google» түйінді сөзін айту арқылы іске қосуға болады.
Дегенмен, бұл аймақтардағы барлық функцияларды дауыс пәрмендері арқылы басқару мүмкін емес; сонымен қатар Google Assistant жұмысы үшін ұялы деректерді беру желісіне қосылуды қажет болады.

Дауыс пәрмендерін пайдалану

Дауыс пәрмендерінің көмегімен басқару жүйенің инициализациясынан кейін бірден қолжетімді болады. Инициализация тұтандыруды қосылғанда басталады. Инициализация біраз уақыт алуы мүмкін.

1. Дауыспен басқаруды бастау үшін руль дөңгелегіндегі басқару пультін басыңыз, негізгі экрандағы Google Assistant белгішесін түртіңіз немесе «Hey Google» немесе «OK Google» түйінді сөздерін айтыңыз. Google Assistant жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін оны жүйеде әдепкі бойынша көмекші етіп баптау, сондай-ақ түйінді «ояту сөздерін» бекіту керек.
2. Осы бөлімде кейінірек сипатталған пәрмендердің бірін анық айтыңыз.

Google Assistant өшіру

• Google Assistant-ке сұратудан бас тарту үшін руль дөңгелегінің басқару пультіндегі басыңыз.

Пәрмендерді айту бойынша пайдалы кеңестер

Дауыспен басқару жүйесі табиғи тілдің сөйлем түрінде берілген пәрмендерін, сонымен қатар қосымша мен тапсырманы тікелей атайтын пәрмендерді таниды. Ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін:

• Пәрменді табиғи дауыспен, тым тез де мес, тым баяу да емес айтыңыз.
• Артық сөздері жоқ тікелей пәрмендерд пайдаланыңыз. Мысалы, «<есімі> жұмыс нөміріне қоңырау шалу», «Ойнату» және одан кейін орындаушы немесе шығарманың атын атау немесе «Баптау» деп, кейін радиостанция нөмірінен кейін атау.
Тікелей пәрмендерді жүйе жақсырақ таниды. Тікелей пәрмен мысалы: «<Нөмір> теру». Егер ұялы телефон нөмірі атымен және орнымен бірге сақталған болса, тікелей пәрменге барлық ақпарат қосылуы керек. Мысалы, «<Есімі> жұмыс нөміріне қоңырау шалу».

Радиоқабылдағышты дауыстық басқару

Дауысты тану пәрмендерінің белгішесін түрткеннен кейін бұл функция AM/FM радиоқабылдағышы мен мультимедиялық қосымшаларда (олар қолданатын болса) белсенді болады.
«<AM диапазонындағы жиілікке> Эй-Эм баптау»: Радиоқабылдағышты дауыс пәрменінде көрсетілген жиілікке баптау (мысалы, «тоқсан бес»).
«<FM диапазонындағы жиілікке> Эф-Эм баптау: Радиоқабылдағышты дауыс пәрменінде көрсетілген жиілікке баптау (мысалы, «жүз бір»). «<Дыбыс көзі> <атау> қосу» : Музыкалық композицияны ойнату немесе көрсетілген дыбыс көзінің арнасына қосылу, мысалы, Pandora немесе Spotify қызметіне қосылу. Бұл пәрменді орындау үшін желі қосылымы қажет болуы мүмкін.

ТЕЛЕФОН

Телефонды дауыстық басқару

Телефонды басқаруға арналған дауыстық пәрмендерді пайдалану үшін телефон Bluetooth бойынша қосылуы болуы керек.

«<Контакт есімі> қоңырау шалу» : Сақталған абонентке қоңырау шалу. Егер абонент үшін орнымен бірге сақталған нөмірлер болса пәрменде орынды көрсе туге болады.

Бұл функцияны баптау кезінде Personal Results бөліміндегі контактілерге рұқсат беру керек.

«<Телефон нөмірі> теру» : Жеті немесе 10 таңбалы нөмірге қоңырау шалу.

«<Алушының есімі> хабарлама жіберу» : Сақталған абонентке хабарлама жіберу.

Навигацияға арналған дауыстық басқару

Дауыстық пәрмендерді пайдаланып, навигациялық жүйені басқаруға - навигацияны бастауға, бағдарды жоюға, бағдар нүктелері мен инфрақұрылым нысандарын қосуға болады.

«<Тағайындалған мекенжай> бару»: Навигацияны көрсетілген мекенжайға бастайды.

«<Жер атауы> табу»: Қызықтырған орынды іздеу және оған дейінгі жолды салу.

«Бағытқа <тармақ> қосу»: Ағымдағы бағдарға аралық тармақ қосады.

«Үйге қайтайық» : Google карталарында көрсетілген үй мекенжайына дейінгі навигацияны іске қосады.

Көліктің кірістірілген командалары

Бұл пәрмендер салондағы температураны реттеуге, терезені жібітуді басқаруға және т.б. мүмкіндік береді.

«Ауа баптағышты қосу»: Ауа баптағышты қосады.

«Температураны <қалаулы сан> градусқа орнату»: Көлік салонында белгілі бір температураны орнату.

Телефонды дауыстық басқару

Bluetooth модуліне қосылған ұялы телефонда немесе Android Auto немесе CarPlay технологиясын пайдаланып, телефондағы дауыстық көмекшіні (мысалы, Google Assistant, Siri, т.б.) іске қосу үшін руль дөңгелегіндегі батырманы басып ұстап тұрыңыз.

Bluetooth арнасы (Шолу)

Bluetooth қолдауымен жүйе көптеген ұялы Құрылғылармен өзара әрекеттесе алады, бұл мынадай мүмкіндіктер береді:

- Қолдың көмегінсіз қоңыраулар шалу және қабылдау.
- Мекенжай кітабын немесе құрылғыларды, контактілер тізімін автомобильге жібереді.
  ге жібереді.
- Аудионы (музыка, подкасттар) ағынды режимде беру.
- Мәтіндік хабарламалардың түсуі туралы мәлімдеу.

Алаңдатушы факторларды барынша азайту үшін жүргізуді бастамас бұрын, тұрақта тұрған көлікте келесі әрекеттерді орындаңыз:

- Мобильді құрылғының мүмкіндіктерімен танысыңыз. Телефон кітапшасын және контактілер тізімін реттеңіз, қайталанатын және сирек пайдаланылған жазбаларды өшіріңіз.
- Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің басқару органдарын және оны пайдалану туралы еске түсіріңіз.
- Мобильді құрылғыларды көлікпен жұптастырыңыз. Жүйе мобильді құрылғылардың кейбір үлгілерімен жұмыс істемеуі мүмкін. Қар.: Осы бөлімде кейінірек «Жұптастыру» тармағы.

Bluetooth жүйесі бар көліктерде Bluetooth қолдайтын ұялы телефон және дауыстап сөйлесуге арналған профиль болған кезде

дауыстап сөйлесу режимінде қоңырау шалуға және қабылдауға болады. Жүйені басқару ақпараттық ойын-сауық жүйесі және дауыстық пәрмендер арқылы жүзеге асырылады. Жүйені автокөлікті тұтандыру қосулы кезде пайдалануға болады. Bluetooth жүйесінің әрекет ету радиусы - 9,1 м дейін. Барлық мобильді құрылғылар барлық функцияларды қолдамайды және Bluetooth жүйесімен жұмыс істей алмайды. Мобильді құрылғылардың үйлесімділігі туралы қосымша ақпарат алу үшін дилерге хабарласыңыз.

Басқару органдары

Bluetooth арқылы қосылымды басқару ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейіндегі басқару органдары және руль дөңгелегіндегі басқару органдары арқылы жүзеге асырылады.

Руль дөңгелегіндегі басқару органдары

: Bluetooth бойынша қосылған мобильді құрылғыда кіріс қоңырауларына жауап беру үшін басыңыз және жіберіңіз. Мобильді құрылғы көмекшісін шақыру үшін басып ұстап тұрыңыз.

: Байланысты аяқтау, қоңырауды қабылдамау немесе операциядан бас тарту үшін басыңыз. Телефонмен сөйлеспеген кезде ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дыбысын өшіру немесе қосу үшін басыңыз.

Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің басқару органдары

Ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің басқару органдарын пайдалана отырып, мәзірмен қалай жұмыс істеу керектігі туралы қосымша ақпаратты
Жүйені пайдалану ⇨ 6-5 қараңыз.

Аудиожүйе

Мобильді құрылғының Bluetooth жүйесін пайдаланған кезде дыбыс автомобильдің аудиожүйесінің алдыңғы динамиктерінен шығады, ал аудиожүйенің жұмысы тоқтатылады. Мобильді құрылғыға түскен қоңырау кезінде дыбыс деңгейі руль дөңгелегіндегі немесе орталық консольдегі басқару органдары арқылы реттеледі. Бұл ретте орнатылған дыбыс деңгейі жадта келесі сөйлесулер үшін сақталады. Дыбыс қаттылығын белгілі бір деңгейден төмен түсіруге болмайды.

Bluetooth арнасы (Телефонды жұптастыру және пайдалану - базалық жиынтықтау радиоқабылдағышы)

Қосылу

Алдымен Bluetooth-үйлесімді ұялы телефонды Bluetooth интерфейсімен жұптастырып, содан кейін оны көлікке қосу керек.

Bluetooth функциялары туралы ұялы телефон өндірушісінің нұсқаулығын қараңыз (ұялы телефонды қоспас бұрын).

Жұптастыру туралы ақпарат

- Музыкалық файлдарды қолдайтын Bluetooth телефонын көлікпен бір уақытта телефон және музыка ойнатқышы ретінде жұптастыру мүмкін емес.
- Жүйемен 10 құрылғыға дейін жұптастыруға болады.
- Көлік қозғалған кезде жұптастыру орындалмайды.
- Жұптастыру процедурасы тек бір рет орындалуы керек. Жұптастырылған құрылғы туралы ақпарат жүйенің жадынан жойылған жағдайда ғана оны қайта орындау қажет болуы мүмкін.
- Жүйенің әрекет ету аймағында бірнеше жұптастырылған ұялы телефон болған кезде, жүйе «Қосылу үшін бірінші» мәртебесі берілген телефонға қосылады. Егер «Қосылу үшін бірінші» мәртебесі бірде-бір ұялы телефонға берілмесе, қосылым соңғы пайдаланған құрылғыға орнатылады. Басқа жұптастырылған телефонмен байланыс орнату үшін «Басқа телефонмен байланысуды» басыңыз, осы бөлімнен қараңыз.

Телефонды қосу

1. Жұптастыруды бастар алдында ұялы телефонда Bluetooth интерфейсінің қосылғанына көз жеткізіңіз.
2. Негізгі беттегі ТЕЛЕФОН белгішесін немесе экранның төменгі жағындағы қосымшалар науасындағы телефон белгішесін түртіңіз.
3. Ақпараттық ойын-сауық жүйесі дисплейінің жоғарғы жағындағы «Телефон» тармағын түртіңіз. Телефондар экранының ортасында Қосу опциясы болуы мүмкін. Бұл опцияны түрту Телефон тізімі мәзірін ашады.
4. Телефон қосу тармағын басыңыз.
5. Ұялы телефонның Bluetooth баптауларының тізімнен ақпараттық ойын-сауық дисплейінде көрсетілетін көлік атауын таңдаңыз.
6. Ұялы телефон экранындағы нұсқауларды орындау арқылы ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейінде көрсетілген алты таңбалы кодты растаңыз және «Жұптастыру» түймесін басыңыз.
7. Ұялы телефонда жұптастыруды орнату процедурасын бастаңыз. Процедура туралы ақпаратты ұялы телефонды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз. Жұптастырылған телефон қосылғандар тізімде көрсетіледі.
8. Көлік ұялы телефонда көрсетілмесе, жұптастыру процесін қайта бастаудың бірнеше жолы бар:
   - Телефонды өшіріп, қайта қосыңыз.
   - Ақпараттық ойын-сауық дисплейіндегі телефондар мәзірінің жоғарғы жағына оралыңыз және жұптастыру процесін қайта бастаңыз.
   - Телефонды арылтуды орындаңыз, бірақ тек соңғы шара ретінде қолданыңыз.
9. Егер телефон қосылымды растауды немесе телефонның мекенжай кітабынан жүктеп алуға рұқсат беруді сұраса, «Әрқашан қабылдауды» және «Рұқсат етуді» таңдаңыз. Егер мекенжай кітабын жүктеуге рұқсат берілмесе, ол қолжетімді болмайды.
10. Басқа телефондарды жұптастыру үшін қадамдарды 1-8 тт. қадамдарды қайталаңыз.

Қосылу үшін бірінші жұптастырылған телефондар

Жүйенің әрекет ету аймағында бірнеше жұптастырылған ұялы телефон болған кезде, жүйе «First to Connect» («Қосылу үшін бірінші») мәртебесі берілген телефонға қосылады. Байланысқан телефонды бірінші қосылатын телефон ретінде орнату үшін телефонның қосулы екеніне көз жеткізіңіз, Баптауларды, одан кейін Жүйені, одан кейін Телефондар тармағын түртіңіз. Телефондар мәзірі барлық байланысты және барлық қосылған телефондар мен мультимедиалық ойнатқыштарды көрсетеді. Телефондарды қосуға және жоюға, өшіруге болады. Телефонның мәртебесін «Қосылу үшін бірінші» күйіне орнату үшін телефонның оң жағындағы түймесін басыңыз; телефон баптауларының мәзірі ашылады. Бұл мәртебені құрылғыға бекіту үшін «Қосылу үшін бірінші» тармағын таңдаңыз.

Екінші телефон

Ұялы телефонға екінші телефон мәртебесін беруге болады - ол үшін баптаулар мәзірін ашу үшін жұптастырылған ұялы телефон атауының оң жағындағы белгішесін түртуді қажет етеді. Екінші ұялы телефон мәртебесі бар ұялы телефон бір уақытта Bluetooth технологиясын қолдайтын басқа мобильді құрылғымен қатар қосылуы мүмкін. Бұл жағдайда екінші телефонға «Кіріс қоңыраулар» мәртебесі беріледі. Бұл құрылғы тек қоңырауларды қабылдай алады дегенді білдіреді. Екінші ұялы телефонның көмегімен дауыстап сөйлесу арқылы шығыс қоңыраулар шалу мүмкін болмайды, оның мекенжай кітабы да қолжетімді болмайды.

Қажет болса, екінші телефонға кіріс қоңырауларды қабылдау және шығыс қоңыраулар жасау құрылғысының рөлін қайтару үшін оны «Телефондар» тізімінде түртіңіз. Бұл рөл «Контактілер» және «Соңғылары» тізімдеріндегі абоненттердің нөмірлеріне шығыс қоңыраулар шалуға мүмкіндік береді.

Барлық жұптастырылған және қосылған телефондардың тізімін тыңдау

1. Негізгі беттегі ТЕЛЕФОН белгішесін немесе экранның төменгі жағындағы қосымшалар науасындағы телефон белгішесін түртіңіз.
2. Телефондар түймесін басыңыз.

Қосылған телефонды ажырату

1. Басты беттегі ТЕЛЕФОН түймесін басыңыз.
2. Телефондар түймесін басыңыз.
3. Ақпараттық экранды көрсету үшін қосылған ұялы телефонның немесе мобильді құрылғының жанындағы қарындаш белгішесін түртіңіз.
4. «Өшіру» пәрменін таңдаңыз.

Байланыстырылған телефонды жою

1. Негізгі беттегі ТЕЛЕФОН белгішесін немесе экранның төменгі жағындағы қосымшалар науасындағы телефон белгішесін түртіңіз.
2. Телефондар түймесін басыңыз.
3. Қосылған ұялы телефонның ақпараттық экранын көрсету үшін оның жанындағы қарындаш белгішесін түртіңіз.
4. «Қосылмау» пәрменін таңдаңыз.

Басқа телефонмен байланыстыру

Басқа ұялы телефонмен байланыс орнату үшін жаңа ұялы телефон көлікте болуы және Bluetooth интерфейсі арқылы жүйемен жұптастырылған болуы керек.

1. Негізгі беттегі ТЕЛЕФОН белгішесін немесе экранның төменгі жағындағы қосымшалар науасындағы телефон белгішесін түртіңіз.
2. Телефондар түймесін басыңыз.
3. Жұптағыңыз келетін жаңа ұялы телефонды жұптастырылмаған телефондар тізімінде түртіңіз. Телефон үшін «Қосылу үшін бірінші» мәртебесін немесе екінші телефон мәртебесін орнату туралы қосымша ақпаратты осы бөлімнің алдыңғы жағындағы «Қосылу үшін бірінші жұптастырылған телефондарды» қараңыз.

Телефон тұтқасы мен дауыстап сөйлесу режимдерін ауыстырып қосу

Телефон немесе дауыстап сөйлесу режиміне ауысу үшін:

- Телефон дауыстап сөйлесу режимінде болғанда, телефон режиміне өту үшін экрандағы «Телефон» тармағын түртіңіз. Телефон режимінде дыбысты уақытша өшіру белгішесі қолжетімді емес және жұмыс істемейді.
- Белсенді қоңырау телефон режимінде болғанда, дауыстап сөйлесу режиміне ауысу үшін экрандағы «Телефон» түймесін түртіңіз.

Контактілер тізімін және соңғы қоңыраулар тізімін пайдаланып телефонмен қоңырау шалу

Bluetooth жүйесі телефон кітапшасы функциясын қолдайтын ұялы телефонда сақталған жеке байланыс ақпаратын пайдаланып телефон қоңырауларын шалуға мүмкіндік береді. Ұялы телефон баптауларымен және оның қалай жұмыс істейтінімен танысыңыз. Ұялы телефоныңыз бұл функцияны қолдайтынын тексеріңіз.

Контактілер мәзірінде ұялы телефонның телефон кітапшасына қол жеткізуге болады.

«Соңғылары» мәзірінде осы ұялы телефоннан жасалған соңғы қоңыраулар тізімін таба аласыз.

Контактілер мәзірі арқылы телефон соғу үшін:

1. Басты беттегі ТЕЛЕФОН түймесін басыңыз.
2. Контактілер түймесін басыңыз.
3. «Контактілер» тізімінде іздеуді бірінші әріп бойынша орындауға болады. Аттар тізімі бойынша жылжу үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейіндегі A-Z түймесін түртіңіз. Байланыс орнатқыңыз келетін абоненттің атын таңдаңыз.
4. Қажетті нөмірді таңдаңыз.

Соңғылары мәзірінен телефон қоңырауын шалу үшін:

1. Басты беттегі ТЕЛЕФОН түймесін басыңыз.

2. Соңғылары түймесін басыңыз.
3. Қоңырау шалғыңыз келетін абоненттің атын немесе нөмірін түртіңіз.

Пернетақтадан нөмірді теру арқылы қоңырау шалу

Пернетақтадан нөмірді теру арқылы қоңырау шалу үшін:
1. Басты беттегі ТЕЛЕФОН түймесін басыңыз.
2. «Пернетақта» тармағын түртіп, телефон нөмірін енгізіңіз.
3. Нөмірді теруді бастау үшін басыңыз.

Пернетақта арқылы контактілерді іздеу

Пернетақта арқылы контактілерді іздеу үшін:
1. Басты беттегі ТЕЛЕФОН түймесін басыңыз.
2. «Пернетақта» тармағын түртіп, іздеу пернетақтасындағы цифрлардың көмегімен телефон нөмірінің немесе контакт атының бөлігін енгізіңіз. Нәтижелер экранның оң жағында пайда болады. Қоңырау шалу үшін олардың біреуін түртіңіз.

Қоңырауды қабылдау және бас тарту

Кіріс қоңырауы қабылданса, ақпараттық ойын-сауық жүйесі көлікте ойнап жатқан рингтон үнін бәсеңдетеді.

Қоңырауды қабылдау

Қоңырауды қабылдаудың үш жолы бар:
- Руль дөңгелегіндегі пернені басу.
- Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейіндегі Жауап беру түймесін басыңыз.
- Селектор түймесін пайдаланып аспаптар комбинациясындағы Жауап беру түймесін басыңыз.

Қоңырауды қабыл алмау

Қоңырауды қабыл алмаудың үш жолы бар:
- Руль дөңгелегіндегі пернені басыңыз.
- Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейіндегі Қабылдамау түймесін басыңыз.
- Селектор түймесін пайдаланып, аспаптар комбинациясындағы Қабылдамау түймесін басыңыз.

Қоңырауды күту

Қоңырауды ұстап тұру функциясын Bluetooth модулімен жабдықталған ұялы телефон және ұялы байланыс операторы қолдауы керек.

Қоңырауды қабылдау

Күтуші қоңырауды қабылдаудың үш жолы бар:
- Руль дөңгелегіндегі пернені басыңыз.
- Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейіндегі Switch (Ауыстыру) басыңыз.
- Селктор түймесін пайдаланып, аспаптар комбинациясындағы Switch (Ауыстыру) түймесін басыңыз.

Қоңырауды қабыл алмау

Күтуші қоңырауды қабыл алмаудың үш жолы бар:
- Руль дөңгелегіндегі пернені басыңыз.
- Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейіндегі Қабылдамау түймесін басыңыз.
- Селектор түймесін пайдаланып, аспаптар комбинациясындағы Қабылдамау түймесін басыңыз.

Абоненттер арасында ауысу (тек ұсталатын қоңыраулар үшін)

Қоңыраулар арасында ауысу үшін қоңырау мәзіріне өту үшін басты беттегі телефон белгішесін түртіңіз. Қоңырау көрінісінде оған ауысу үшін ұстап тұру режиміндегі қоңырауды
түртіңіз.

Үш жақты байланыс

Үш жақты қосылу функциясын Bluetooth модулімен телефон және ұялы байланыс операторы қолдауы керек.
Қоңырау кезінде үш жақты байланыс режиміне өту үшін:
1. Тағы бір қосылымды қосу үшін Қоң. қосу пәрменін таңдаңыз.
2. Соңғылары, Контактілер немесе Пернетақта түймелерін таңдау арқылы екінші қосылымды орнатыңыз.
3. Екінші қоңырау белсенді болғанда, үш жақты байланыс орнату үшін біріктіру белгішесін басыңыз.

Қоңырауды аяқтау

- Руль дөңгелегіндегі пернесін басыңыз.
- Тек осы қоңырауды аяқтау үшін қоңырауды жанындағы басыңыз.
- Селектор түймесін пайдаланып, аспаптар комбинациясындағы Аяқтау түймесін басыңыз.

DTMF үндестік сигналдары

Қоңырау кезінде автомобильдің аудиожүйесіне кіріктірілген Bluetooth модулі нөмірлерді жібере алады. Бұл мәзір арқылы басқарылатын телефон жүйелерімен әрекеттесу кезінде қажет. Пернетақта арқылы нөмірді енгізіңіз.

Bluetooth арнасы (Телефонды жұптастыру және пайдалану - кеңейтілген жиынтықтау радиоқабылдағышы)

Қосылу

Bluetooth-үйлесімді мобильді құрылғыны пайдаланбас бұрын, алдымен оны Bluetooth жүйесімен жұптастыру керек, содан кейін құрылғыны көлікке қосу керек. Мобильді құрылғыны жұптастыру алдында құрылғының пайдаланушы нұсқаулығының Bluetooth технологиясы туралы бөлімін оқыңыз.

Жұптастыру туралы ақпарат

- Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің басты бетіндегі телефон белгішесін басыңыз.
- Ешбір мобильді құрылғы байланыстырылмаған болса, ақпараттық ойын-сауық жүйесінің ақпараттық дисплейінде «Телефонды қосу» тармағы көрсетіледі. Ұялы телефонды жүйеге қосу үшін осы тармақты басыңыз. Осы бөлімдегі алдағы «Телефонды жұптастыру» тармағын қараңыз.
- Bluetooth технологиясын қолдайтын және музыка ойната алатын смартфон бір уақытта телефон ретінде де, музыка ойнатқышы ретінде де автомобильмен жұптастырылуы мүмкін.
- Жүйемен 10 құрылғыға дейін жұптастыруға болады.
- Көлік қозғалған кезде жұптастыру орындалмайды.
- Жұптастыру процедурасы тек бір рет орындалуы керек. Жұптастырылған құрылғы туралы ақпарат жүйенің жадынан жойылған жағдайда ғана оны қайта орындау қажет болуы мүмкін.
- Жүйенің әрекет ету аймағында бірнеше жұптастырылған ұялы телефон болған кезде, жүйе «Қосылу үшін бірінші» мәртебесі берілген телефонға қосылады. «Бірінші қосылды» мәртебесі ешқандай ұялы телефонға тағайындалмаса, соңғы рет пайдаланылған телефонға қосылу орнатылады. Басқа жұптастырылған ұялы телефонмен байланыс орнату үшін осы бөлімдегі алдағы «Басқа телефонмен қосылу» тармағын қараңыз.

Телефонды қосу

1. Жұптастыру процесін бастамас бұрын, ұялы телефонның Bluetooth функциясы қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
2. Басты беттегі «Телефон» белгішесін түртіңіз.
3. Егер жүйеге мобильді құрылғылар қосылмаған болса, Manage Phones (Телефондарды басқару) басыңыз, сонда Телефондар экраны пайда болады. Басқа мобильді құрылғы әлдеқашан қосылған болса, Баптаулар, Қосылымдар, содан кейін Телефондар түймесін түртіңіз.
4. Телефон қосу тармағын басыңыз.
5. Экрандағы нұсқауларды орындау арқылы ұялы телефоныңызды жұптаңыз.
6. Ұялы телефон экранындағы нұсқауларды орындай отырып, ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейінде көрсетілген алты таңбалы кодты растап, «Жұптастыру» түймесін басыңыз. Жұптастыруды сәтті аяқтау үшін ұялы телефондағы және ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейіндегі кодты растау керек.

7. Ұялы телефонда жұптастыруды орнату процедурасын бастаңыз. Процедура туралы ақпаратты ұялы телефонды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз. Жұптастырылған телефон қосылған ретінде тізімде пайда болады.
8. Ұялы телефоныңызда көлік атауы көрсетілмесе, жұптастыру процесін бірнеше жолмен қайта бастауға болады:
- Көліктің бұрын қосылған құрылғылар тізімінде жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Егер көлік пен ұялы телефон бұрын байланыстырылған болса және бір-бірін есте сақтаса, телефон іздеу кезінде жаңа құрылғы ретінде анықталмайды.
- Құрылғыда Bluetooth-ды өшіріп, қайта қосыңыз.
- Ақпараттық ойын-сауық дисплейіндегі телефондар мәзірінің жоғарғы жағына оралыңыз және жұптастыру процесін қайта бастаңыз.
- Ұялы телефонды өшіріп, қайта қосыңыз.
- Ұялы телефонда арылтуды, бірақ тек соңғы шара ретінде орындаңыз.

9. Ұялы телефон қосылымды қабылдауды немесе телефонның мекенжай кітабын жүктеп алуға рұқсат беруді сұраса, «Әрқашан қабылдау» және «Рұқсат етуді» таңдаңыз. Егер мекенжай кітабын жүктеуге рұқсат берілмесе, ол қолжетімді болмайды.
10. Қосымша ұялы телефондарды байланыстыру үшін Баптаулар, Қосылымдар, одан кейін Телефондар түймесін түртіңіз.

Қосылу үшін бірінші жұптастырылған телефондар

Жүйенің әрекет ету аймағында бірнеше жұптастырылған ұялы телефон болған кезде, жүйе «Қосылу үшін бірінші» мәртебесі берілген телефонға қосылады. Жұптастырылған ұялы телефонға «Қосылу үшін бірінші»
мәртебесін беру үшін:
1. Ұялы телефоныңыз қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
2. Басты беттегі баптаулар белгішесін түртіңіз.
3. Қосылымдар түймесін басыңыз.
4. Телефон түймесін басыңыз.
5. Қосылған телефон үшін Опциялар түймесін басыңыз.
6. Ұялы телефон баптаулары мәзірінде Бірінші қосылу түймесін басыңыз. Баптаулар құрылғы үшін күшіне енеді. Ұялы телефондар мен мобильді құрылғыларды қосуға, жоюға, кірістіруге және ажыратуға болады. Ұялы телефонды немесе мобильді құрылғыны қосуға немесе оларды басқаруға сұрату түскен кезде тиісті ішкі мәзір ашылады.

Құрылғылар тізіміне өту

Құрылғылар тізіміне қол жеткізудің екі жолы бар:

Баптаулар белгішесін басыңыз

1. Басты беттегі Баптаулар белгішесін немесе дисплейдің сол жағындағы таңбаша науасындағы баптаулар белгішесін түртіңіз.
2. Қосылымдар түймесін басыңыз.
3. Телефондар түймесін басыңыз.

Телефон белгішесін пайдалану

1. Басты беттегі Телефон белгішесін немесе дисплейдің сол жағындағы таңбашалар науасындағы телефон белгішесін түртіңіз.
2. Телефондар экранының жоғарғы оң жағындағы ⚙ басыңыз.
3. Қосылған телефон түймесін түртіңіз.

Қосылған телефонды ажырату

Телефонды ажырату үшін:
1. Құрылғылар тізімін ашыңыз. Қар.: осы бөлімнің алдыңғы жағындағы «Құрылғылар тізіміне өту» бөлімі. 2.Телефон немесе мобильді құрылғы баптауларын шығару үшін телефон картасындағы «Баптаулар» түймесін басыңыз.
3. «Өшіру» пәрменін таңдаңыз.

Байланыстырылған телефонды жою

Байланыстырылған телефонды жою үшін:
1. Құрылғылар тізімін ашыңыз. Осы бөлімнің алдыңғы жағындағы «Құрылғылар тізіміне өту» тармағын қараңыз.
2. Телефонның немесе мобильді құрылғының баптауларын шығару үшін телефон картасындағы «Баптаулар» түймесін басыңыз.
3. «Forget Phone» («Телефонды ұмыту») түймесін түртіңіз.

Басқа телефонмен байланыстыру

Басқа ұялы телефонмен байланыс орнату үшін жаңа ұялы телефон көлікте болуы және Bluetooth интерфейсі арқылы жүйемен жұптастырылған болуы керек.

Басқа телефонмен жұптастыру тәртібі:

1. құрылғылар тізімін ашыңыз. Қар.: осы бөлімнің алдыңғы жағындағы «Құрылғылар тізіміне өту» бөлімі.
2. Қол жетімді телефондар тізімінен қосқыңыз келетін жаңа ұялы телефонды түртіңіз. Қар.: осы бөлімнің алдыңғы жағындағы «Қосылу үшін бірінші жұптастырылған телефондар».

Телефон тұтқасы мен дауыстап сөлйесу режимдерін ауыстырып қосу

Телефон немесе дауыстап сөйлесу режиміне ауысу үшін:

- Дауыстап сөйлесу арқылы қоңырау шалу кезінде Audio Output (дыбысты шығару) және Phone (телефон) түймелерін рет-ретімен түрту қоңырауды телефонға ауыстыруға болады. Телефон режимінде қол жетімді емес және дыбысты уақытша өшіру белгішесі жұмыс істемейді.
- Телефонды пайдаланып қоңырау шалу кезінде Audio Output (дыбыс шығару) және CarSpeakers (дауыс зорайтқыш) түймелерін ретті түрде түрту арқылы қоңырауды дауыстап сөйлесу режиміне қоюға болады.

«Контактілер» қойындысының көмегімен қоңырау шалу

Bluetooth жүйесі телефон кітапшасы функциясын қолдайтын ұялы телефонда сақталған жекелендірілген контакт ақпаратын пайдаланып телефон қоңырауларын шалуға мүмкіндік береді. Ұялы телефоныңыздың баптауларымен және жұмысымен, соның ішінде одан Bluetooth модулі арқылы контактілер туралы ақпаратты тасымалдау функциясымен мұқият танысыңыз. Ұялы телефонның одан контактілер туралы ақпаратты Bluetooth модулі арқылы тасымалдау функциясын қолдайтынын тексеріңіз.

Контактілер мәзірінде ұялы телефонның телефон кітапшасына қол жеткізуге болады.

Контактілер мәзірі арқылы телефон соғу үшін:

1. Басты беттегі немесе дисплейдің сол жағындағы таңбашалар науасындағы Телефон белгішесін түртіңіз.
2. Контактілер түймесін басыңыз.
3. Контактілерді іздеудің екі жолы бар:
   - Іздеу жолағы – Телефондар терезесінің жоғарғы оң жағындағы іздеу белгішесін басып, пернетақта арқылы контактінің атын немесе нөмірін енгізіңіз. Енгізілген сұрау бойынша іздеу нәтижелері көрсетіледі. Қоңырау шалғыңыз келетін абоненттің атын түртіңіз.
   - Көру – тізімді түртіп, оны айналдырыңыз немесе Телефондар терезесінің сол жағындағы айналдыру жолағын пайдаланыңыз. Қоңырау шалғыңыз келетін абоненттің атын түртіңіз.

Соңғы қоңыраулар тізімін пайдаланып телефон қоңырауын жасау

«Соңғылары» мәзірінде осы ұялы телефоннан жасалған соңғы қоңыраулар тізімін таба аласыз.

Соңғылары мәзірінен телефон қоңырауын шалу үшін:

1. Басты беттегі немесе дисплейдің сол жағындағы таңбашалар науасындағы Телефон белгішесін түртіңіз.
2. Соңғылары түймесін басыңыз.
3. Қоңырау шалғыңыз келетін абоненттің атын немесе нөмірін түртіңіз.

Пернетақтадан нөмірді теру арқылы қоңырау шалу

Пернетақтадан нөмірді теру арқылы қоңырау шалу үшін:

1. Басты беттегі немесе дисплейдің сол жағындағы таңбашалар науасындағы Телефон белгішесін түртіңіз.
2. «Пернетақта» тармағын түртіп, телефон нөмірін енгізіңіз.
3. Нөмірді теруді бастау үшін ақпараттық ойын-сауық дисплейіндегі телефон белгішесін түртіңіз.

Пернетақта арқылы контактілерді іздеу

Пернетақта арқылы контактілерді іздеу үшін:

1. Басты беттегі «Телефон» белгішесін түртіңіз.

2. «Пернетақта» тармағын түртіп, іздеу пернетақтасындағы цифрлардың көмегімен телефон нөмірінің немесе контакт атының бөлігін енгізіңіз. Нәтижелер дисплейдің оң жағында пайда болады.

Қоңырауды қабылдау және бас тарту

Кіріс қоңырауы қабылданса, ақпараттық ойын-сауық жүйесі көлікте ойнап жатқан рингтон үнін бәсеңдетеді.

Қоңырауды қабылдау

Қоңырауды қабылдаудың екі жолы бар:

- Руль дөңгелегіндегі пернесін басыңыз.
- Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейіндегі Жауап беру түймесін басыңыз.

Қоңырауды қабыл алмау

Қоңырауды қабылдамаудың екі жолы бар:

- Руль дөңгелегіндегі пернені басыңыз.
- Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейіндегі Қабылдамау түймесін басыңыз.

Қоңырауды күту

Қоңырауды ұстап тұру функциясын Bluetooth модулімен жабдықталған ұялы телефон және ұялы байланыс операторы қолдауы керек.

Қоңырауды қабылдау

Жауап беру үшін белгішесін түртіңіз, одан кейін ақпараттық ойын-сауық дисплейіндегі «Ауысу» тармағын түртіңіз.

Қоңырауды қабыл алмау

Қоңырауды қабылдамау үшін белгішесін басыңыз, одан кейін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейіндегі «Қабылдамау» тармағын түртіңіз.

Абоненттер арасында ауысу (тек ұсталған қоңыраулар үшін)

Қоңыраулар арасында ауысу үшін қоңырау көрінісіне өту үшін басты бетте «Телефон» тармағын түртіңіз. Қоңырау көрінісінде күту режимінде тұрған қоңырауға ауысу үшін оны түртіңіз.

Қоңырауды аяқтау

- Руль дөңгелегіндегі пернені басыңыз.
- Тек сол қоңырауды аяқтау үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейіндегі қоңыраудың қарсы алдындағы белгішесін түртіңіз.

DTMF үндестік сигналдары

Қоңырау кезінде автомобильдің аудиожүйесіне кіріктірілген Bluetooth модулі нөмірлерді жібере алады. Бұл мәзір арқылы басқарылатын телефон жүйелерімен өзара әрекеттесу кезінде қажет. Пернетақта арқылы нөмірді енгізіңіз.

Apple CarPlay және Android Auto (Базалық жиынтықтау радиоқабылдағышы)

Егер автомобильде Android Auto және/немесе Apple CarPlay қолдауы қарастырылған болса, үйлесімді смартфон болған кезде осы функцияларды пайдалануға болады. Қол жетімді болған кезде ақпараттық ойын-сауық дисплейінің басты бетіндегі Android Auto және Apple Carplay белгішелері сұр түстен түрлі-түстіге айналады.

Android Auto және (немесе) Apple CarPlay пайдалану үшін:

Сыммен қосылған телефоннан деректерді проекциялау

1. Google Play қосымшалар дүкенінен смартфонға Android Auto қолданбасын жүктеп алыңыз. Apple CarPlay қосымшасын пайдалану үшін ешқандай қолданба орнатудың қажеті жоқ.
2. Android немесе iPhone телефонын жинақтағы USB-кабелінің көмегімен оны деректерді беру үшін пайдаланылатын жүйенің USB-жалғағышына салу арқылы қосыңыз. Құрылғының жеткізілім жинағындағы USB-кабельді пайдалану ұсынылады, тозған жағдайда оны қажетті байланыс сапасын қамтамасыз ету үшін жаңасына

ауыстыру керек. Басқа өндірушілердің кабельдері жұмыс істемеуі мүмкін.
3. Смартфонды бірінші рет қосқанда Apple CarPlay немесе Android Auto қосымшасын іске қосу үшін ақпараттық ойын-сауық дисплейінде және смартфонда келісімді қабылдаңыз.
4. Смартфондағы нұсқауларды орындаңыз. Басты беттегі Android Auto және Apple CarPlay белгішелері смартфонға байланысты жанады. Телефонды USB-жалғағышына қосқанда Android Auto және (немесе) Apple CarPlay автоматты түрде іске қосылуы мүмкін. Егер олай болмаса, іске қосуды орындау үшін басты беттегі Android Auto немесе Apple CarPlay белгішесін түртіңіз.
Басты бетке оралу үшін орталық консольдегі ⌂ түймені басыңыз.

Қосылған телефоннан деректерді сымсыз проекциялау (егер жиынтықтауда қарастырылған болса)

Google Android Auto немесе Apple CarPlay қолдау бетіне кіру арқылы телефоныңыздың сымсыз интерфейспен үйлесімді екеніне көз жеткізіңіз.
1. Google Play қосымшалар дүкенінен смартфонға Android Auto қолданбасын жүктеп алыңыз. Apple CarPlay қосымшасын пайдалану үшін ешқандай қолданба орнатудың қажеті жоқ.
2. Алғаш қосылған кезде сымсыз қосылымды орнатудың екі әдісі бар:
- Android немесе iPhone телефонын жинақтағы USB-кабелінің көмегімен оны деректерді беру үшін пайдаланылатын жүйенің USB-жалғағышына салу арқылы қосыңыз. Құрылғының жеткізілім жинағындағы USB-кабельді пайдалану ұсынылады, оны қажетті байланыс сапасын қамтамасыз ету үшін тозған жағдайда жаңасына ауыстыру керек. Басқа өндірушілердің кабельдері жұмыс істемеуі мүмкін.
- Телефонды Bluetooth арқылы қосу. Қар.: Bluetooth арнасы (Телефонды байланыстыру және пайдалану - кеңейтілген жиынтықтау радиоқабылдағышы) ⇨ 6-26 немесе Bluetooth арнасы (Шолу) ⇨6-22 немесе Bluetooth арнасы (Телефонды байланыстыру және пайдалану - базалық жиынтықтау радиоқабылдағышы) ⇨ 6-23.

3. Телефонда Wi-Fi интерфейсі қосылғанына көз жеткізіңіз, сонда сіз одан дисплейге деректерді жібере аласыз.
4. Смартфонды бірінші рет қосқанда Apple CarPlay немесе Android Auto қосымшасын іске қосу үшін ақпараттық ойын-сауық дисплейінде және смартфонда келісімді қабылдаңыз.
5. Смартфондағы нұсқауларды орындаңыз. Басты беттегі Android Auto және Apple CarPlay белгішелері смартфонға байланысты жанады. Телефонның сымсыз қосылымын орнатқан кезде Android Auto және (немесе) Apple CarPlay автоматты түрде іске қосылуы мүмкін. Егер олай болмаса, іске қосу үшін басты беттегі Android Auto немесе Apple CarPlay белгішесін түртіңіз.
Сымсыз арна арқылы CarPlay және/немесе Android Auto функцияларының жұмысы сыртқы Wi-Fi сигнал көздерінің кедергісіне байланысты қысқа уақытқа бұзылуы мүмкін.
Телефоннан сымсыз деректерді проекциялауды өшіру үшін:
1. Басты беттегі Баптаулар тармағын таңдаңыз.
2. «Телефондар» тармағын таңдаңыз
3. Өшіргіңіз келетін телефонның жанындағы қарындаш белгішесін басыңыз.
4. Apple CarPlay немесе Android Auto өшіріңіз. Басты бетке оралу үшін орталық консольдегі ⌂ түймені басыңыз.
Функциялар құрамында өзгерістер болуы мүмкін. Android Auto немесе Apple CarPlay функцияларын баптау туралы толық мәліметтер алу үшін сізге қызмет көрсететін автосалонға хабарласыңыз.
Android Auto стандартын Google компаниясы жасаған. Оны пайдалану келісім шарттарымен және Google құпиялылық саясатымен реттеледі. Apple CarPlay стандартын Apple корпорациясы әзірлеген. Оның қолданылуы

келісімнің шарттарымен және Apple құпиялылық саясатымен реттеледі. Деректерді беру үшін тарифтік жоспарға сәйкес төлем алынады. Android Auto қолдау және телефон моделінің үйлесімділігі мәселелері бойынша https://support.google.com/androidauto сайтына жүгіну қажет. Apple CarPlay қолдау және телефон моделінің үйлесімділігі мәселелері бойынша www.apple.com/ios/carplay/ сайтына жүгіну қажет. Apple және Google қызметтерін пайдалану шарттарын өзгертуі немесе уақытша тоқтатуы мүмкін. Android Auto, Android, Google, Google Play және басқа белгілер Google Inc. корпорациясының сауда белгілері болып табылады; Apple CarPlay Apple Inc компаниясының сауда белгісі болып табылады.

Android Auto немесе Apple CarPlay жүйесінен шығу үшін орталық консольдегі ⌂ түймені басыңыз. Android Auto немесе Apple CarPlay жүйесіне қайта кіру үшін орталық консольдегі ⌂ түймені басып тұрыңыз.

Apple CarPlay және Android Auto қосымшаларын ақпараттық ойын-сауық жүйесінде өшіруге болады. Ол үшін «Үй», «Баптаулар» белгішелерін, одан кейін дисплейдің жоғарғы жағындағы «Қосымшалар» қойындысын түртіңіз. Apple CarPlay немесе Android Auto қосымшасын сәйкес ауыстырып-қосқыш арқылы өшіріңіз.

Apple CarPlay және Android Auto (Кеңейтілген жиынтықтау радиоқабылдағышы)

Егер автомобильді жиынтықтау кезінде Android Auto және/немесе Apple CarPlay қолдауы қарастырылған болса, үйлесімді смартфон болған кезде осы функцияларды пайдалануға болады. Қол жетімді болғанда, ақпараттық ойын-сауық дисплейінің басты бетіндегі Android Auto және Apple CarPlay белгішелері сұрдан түрлі-түстіге өзгереді.

Android Auto және (немесе) Apple CarPlay пайдалану үшін:

Сыммен қосылған телефоннан деректерді проекциялау

1. Google Play қосымшалар дүкенінен смартфонға Android Auto қолданбасын жүктеп алыңыз. Apple CarPlay қосымшасын пайдалану үшін ешқандай қолданба орнатудың қажеті жоқ.
2. Android немесе iPhone телефонын жинақтағы USB-кабелінің көмегімен оны деректерді беру үшін пайдаланылатын жүйенің USB-жалғағышына салу арқылы қосыңыз. Құрылғының жеткізілім жинағындағы USB-кабельді пайдалану ұсынылады, оны қажетті байланыс сапасын қамтамасыз ету үшін тозған жағдайда жаңасына ауыстыру керек. Басқа өндірушілердің кабельдері жұмыс істемеуі мүмкін.
3. Смартфон бірінші рет қосылған кезде Apple CarPlay немесе Android Auto белсендіру үшін ақпараттық ойын-сауық дисплейіндегі және смартфондағы келісімді қабылдаңыз.
4. Смартфондағы нұсқауларды орындаңыз. Басты беттегі Android Auto және Apple CarPlay белгішелері смартфонға байланысты жанады. Келесі жолы USB-ге қосылған кезде Android Auto және/немесе Apple CarPlay автоматты түрде іске қосылуы мүмкін. Егер олай болмаса, іске қосуды орындау үшін басты беттегі Android Auto немесе Apple CarPlay белгішесін түртіңіз.

Басты бетке оралу үшін орталық консольдегі ⌂ түймені басыңыз.

Қосылған телефоннан деректерді сымсыз проекциялау (егер жиынтықтауда қарастырылған болса)

Google Android Auto немесе Apple CarPlay қолдау бетіне кіру арқылы телефоныңыздың сымсыз интерфейспен үйлесімді екеніне көз жеткізіңіз.

1. Егер сіздің смартфоныңыз Android 9 немесе одан бұрынғы нұсқадағы ОЖ-де жұмыс істейтін болса, оған Google Play интернет-порталынан Android Auto қосымшасын жүктеп алыңыз. Егер смартфон Apple CarPlay технологиясын қолдаса немесе Android ОЖ-нің кейінгі нұсқаларында жұмыс істесе, онда ешқандай қосымшаны орнатудың қажеті жоқ.

2. Алғаш қосылған кезде сымсыз қосылымды баптаудың екі әдісі бар:

- Android немесе iPhone телефонын жинақтағы USB-кабелінің көмегімен оны деректерді беру үшін пайдаланылатын жүйенің USB-жалғағышына салу арқылы қосыңыз. Құрылғының жеткізілім жинағындағы USB-кабельді пайдалану ұсынылады, оны қажетті байланыс сапасын қамтамасыз ету үшін тозған жағдайда жаңасына ауыстыру керек. Басқа өндірушілердің кабельдері жұмыс істемеуі мүмкін.
- Телефонды Bluetooth арқылы қосу. Қар.: Bluetooth арнасы (Телефонды байланыстыру және пайдалану - кеңейтілген жиынтықтау радиоқабылдағышы) ⇨ 6-26 немесе Bluetooth арнасы (Шолу) ⇨ 6-22 немесе Bluetooth арнасы (Телефонды байланыстыру және пайдалану - базалық жиынтықтау радиоқабылдағышы) ⇨ 6-23.

3. Телефонда Wi-Fi интерфейсі қосылғанына көз жеткізіңіз, сонда сіз одан дисплейге деректерді жібере аласыз.

4. Смартфонды бірінші рет қосқанда Apple CarPlay немесе Android Auto қосымшасын іске қосу үшін ақпараттық ойын-сауық дисплейінде және смартфонда келісімді қабылдаңыз.

5. Смартфондағы нұсқауларды орындаңыз. Басты беттегі Android Auto және Apple CarPlay белгішелері смартфонға байланысты жанады. Телефонның сымсыз қосылымын орнатқан кезде Android Auto және (немесе) Apple CarPlay автоматты түрде іске қосылуы мүмкін. Егер олай болмаса, іске қосу үшін басты беттегі Android Auto немесе Apple CarPlay белгішесін түртіңіз.

Сымсыз арна арқылы CarPlay және/немесе Android Auto функцияларының жұмысы сыртқы Wi-Fi сигнал көздерінің кедергісіне байланысты қысқа уақытқа бұзылуы мүмкін.

Телефоннан сымсыз деректерді проекциялауды өшіру үшін:

1. Басты беттегі баптаулар белгішесін немесе экранның сол жағындағы таңбашалар науасындағы баптаулар белгішесін таңдаңыз.
2. Қосылымдар тармағын таңдаңыз.
3. Телефондар түймесін басыңыз.
4. Телефонның немесе мобильді құрылғының баптауларын шығару үшін телефон картасындағы «Баптаулар» түймесін басыңыз.
5. Apple CarPlay немесе Android Auto өшіріңіз. Басты бетке оралу үшін орталық консольдегі ⌂ түймені басыңыз.

Функциялар құрамында өзгерістер болуы мүмкін. Android Auto немесе Apple CarPlay функцияларын баптау туралы толық мәліметтер алу үшін сізге қызмет көрсететін автосалонға хабарласыңыз.

Android Auto стандартын Google компаниясы жасаған. Оны пайдалану келісім шарттарымен және Google құпиялылық саясатымен реттеледі.

Apple CarPlay стандартын Apple корпорациясы әзірледі. Оны пайдалану келісім шарттарымен және Apple құпиялылық саясатымен реттеледі. Деректерді беру үшін тарифтік жоспарға сәйкес төлем алынады. Android Auto қолдауы және телефон үлгісінің үйлесімділігі туралы сұрақтарыңыз болса, https://support.google. com/androidauto сайтына жүгініңіз. Apple CarPlay қолдауы және телефон үлгісінің үйлесімділігі туралы сұрақтарыңыз болса, www.apple.com/ios/ carplay/ сайтына жүгініңіз. Apple және Google компаниялары өз сервистерін пайдалану шарттарын өзгертуі немесе оларды уақытша тоқтатуы мүмкін. Android Auto, Android, Google, Google Play таңбалары және басқа белгілер Google Inc. корпорациясының сауда белгілері болып табылады; Apple Car Play таңбасы Apple Inc. корпорациясының сауда белгісі болып табылады.

Android Auto немесе Apple CarPlay жүйесінен шығу үшін орталық консольдегі ⌂ түймені басыңыз. Android Auto немесе Apple CarPlay жүйесіне қайта кіру үшін орталық консольдегі ⌂ түймені басып тұрыңыз.

БАПТАУЛАР

Баптаулар (Базалық жиынтықтағы радиоқабылдағыш)

Баптаулар мәзірінің мазмұнын үш санаттар бойынша бөлуге болады. «Жүйе», «Қолданбалар» немесе «Автомобиль» тармақтарын басу арқылы қалаған санатты таңдаңыз.

Мәзірді ашу үшін:

1. Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің басты бетіндегі Баптаулар белгішесін басыңыз.
2. Қол жетімді тармақтар тізімін көрсету үшін қажетті санатты түртіңіз.
3. Қажетті функцияны таңдау үшін түртіңіз.
4. Функцияны қосу немесе өшіру ◯үшін немесе ❙ түртіңіз.
5. «БАПТАУЛАР» мәзірінің жоғарғы деңгейіне өту үшін ✕ белгішені түртіңіз.

Мәзірде келесі тармақтар болуы мүмкін:

Жүйе

Мәзірде келесі тармақтар болуы мүмкін:

Уақыт/күн

Сағат баптауы келесі функциялар көмегімен орнатылады:

- Уақыт пен күнді автоматты баптау: күн мен уақытты автоматты баптаулы қосу үшін басыңыз. Бұл функция өшірілген болса, уақыт пен күнді қолмен орнатуға болады.
- Уақытты баптау: ақпараттық- ойын-сауық жүйесінің дисплейдегі басқару органдары көмегімен уақытты қолмен орнату үшін түртіңіз.
- Күнді баптау: ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейіндегі басқару органдары көмегімен күнді қолмен орнату үшін түртіңіз.
- 24 сағаттық пішім: уақытты көрсету пішімін орнату үшін түртіңіз.
- «Өшір» немесе «Қос» тармағын түртіңіз.

Language (тіл)

Бұл параметрдің мәні ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейіндегі мәтін тілін орнатады. Тіл (Language) басыңыз және сәйкес тілді таңдаңыз.

Телефондар

Ұялы телефонға немесе мобильді құрылғыға қосылу, ұялы телефонды немесе мультимедиа құрылғыны ажырату немесе жою үшін түртіңіз.

Wi-Fi желілері

Жақын жерде немесе автомобиль ішінде табылған қосылған және қолжетімді Wi-Fi желілері көрсетілетін болады.

Егер автомобиль үшін 4G LTE желісі бойынша деректер пакеті іске қосылмаған болса, желілік қызметтерді пайдалану үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесі мобильді құрылғыдағы, үйдегі қол жеткізу нүктесіне немесе басқа сыртқы қорғалған Wi-Fi желісіне қосыла алады.

Wi-Fi қол жеткізу нүктесі

Түрлі Wi-Fi функцияларының баптауларын қамтамасыз етеді.

Экран

Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экран баптауларын басқарады.

Дыбыстар

Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дыбыс баптауларын қамтамасыз етеді.

Таңдаулы

Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің сақталған баптауларын басқарады.

Жүйе туралы мәлімет

Бағдарламалық жасақтама туралы ақпаратты және ақпараттық ойын-сауық жүйесі туралы ақпаратты көрсетеді.

Зауыттық баптауларды қалпына келтіру

Автомобильдегі ақпараттық ойын-сауық жүйесінің баптауларын қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Қолданбалар
Мәзірде келесі тармақтар болуы мүмкін:

Android Auto
Бұл функция ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейі арқылы телефонмен тікелей әрекеттесуге мүмкіндік береді. Қар.: Apple CarPlay және Android Auto (Кеңейтілген жиынтықтағы радио-қабылдағыш) ⇨ 6-32 немесе Apple CarPlay және Android Auto (Негізгі жиынтықтағы радиоқабылдағыш) ⇨ 6-30.

Apple CarPlay
Бұл функция ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейі арқылы телефонмен тікелей әрекеттесуге мүмкіндік береді. Қар.: Apple CarPlay және Android Auto (Кеңейтілген жиынтықтағы радио-қабылдағыш) ⇨ 6-32 немесе Apple CarPlay және Android Auto (Негізгі жиынтықтағы радиоқабылдағыш) ⇨ 6-30.

Аудиожүйе
Әртүрлі аудио жүйе баптауларын реттеуге мүмкіндік береді.

Телефон
Түрлі телефон баптауларын реттеуге мүмкіндік береді.

Автомобиль
Мәзірде келесі тармақтар болуы мүмкін:
Артқы орындық туралы еске салғыш
Автомобильді жүргізу алдында немесе қозғалыс кезінде артқы есік ашылғанда дыбыстық дабыл немесе хабар беруді қамтамасыз етеді.
Климат және ауа сапасы
Климатты бақылау жүйесінің әртүрлі баптауларын реттеуге мүмкіндік береді.
Қауіптілік туралы ескерту жүйелері
Жүргізушіге көмек көрсету жүйесінің әртүрлі баптауларын басқарады.
Ыңғайлылық пен жайлылық
Ыңғайлылық пен жайлылықты қамтамасыз ету жүйесінің әртүрлі баптауларын басқарады.
Жарықтандыру аспаптары
Әр түрлі жарықтандыру баптауларын басқарады.
Есік құлыптарын электрмен бұғаттау
Есік құлыптарының әртүрлі баптауларын басқарады.
Қашықтан бұғаттау/Бұғатты ашу/ Іске қосу
Құлыптарды қашықтан басқарудың әртүрлі баптауларын басқарады.
Жолды жарықтандыру
Жүру биіктігін реттеу.
Power Assist Steps (Қосымша басқыштар)
Автомобиль басқыштарының орнын реттеу.

Орындық орны
Орындықтың әртүрлі баптауларын басқарады.

Аспа
Аспа параметрлерін реттеу.

Баптаулар (Кеңейтілген жиынтықтағы радиоқабылдағыш)
Жасалған есептік жазбасы кезінде кейбір баптауларын басқару Иеленуші орталығының сайтында жүзеге асырылуы мүмкін.
Автомобильге қол жеткізген болса немесе есептік жазбаларды басқа пайдаланушылар жасаған болса, бұл баптауларды өзгертуге болады. Нәтижесінде қауіпсіздік параметрлері мен ақпараттық ойын-сауық жүйесінің жұмысында өзгерістер болуы мүмкін. Қолдауы болатын болса, кейбір баптаулар жаңа автомобильге көшірілуі мүмкін. Нұсқауларды алу үшін дилерге хабарласыңыз.
Соңғы пайдаланушыға қызмет көрсету шарттары мен құпиялылық туралы мәлімдемедегі маңызды ақпаратпен танысыңыз. Көру үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесі дисплейінің басты бетіндегі «Баптаулар» белгішесін түртіңіз.
Жекелендіру мәзіріне кіру үшін:
1. Ақпараттық ойын-сауық жүйесі дисплейінің басты бетіндегі

«Баптаулар» белгішесін түртіңіз.
2. Қол жетімді тармақтар тізімін көрсету үшін қажетті санатты түртіңіз.
3. Қажетті функцияны таңдау үшін түртіңіз.
4 . Функцияны қосу немесе өшіру үшін ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейіндегі тармақтарды түртіңіз.
5. Оралу үшін < басыңыз.
Баптаулар мәзірінде келесі тармақтар болуы мүмкін:

Қосылымдар
Телефондар
Түрлі ұялы телефондарға немесе мобильді құрылғыларға қосылуға, ұялы телефонды немесе мультимедиялық құрылғыны ажыратуға немесе алып тастауға мүмкіндік береді.
Vehicle-to-Phone Sharing (Автомобильден телефонға деректерді беру)

Автомобиль
Мәзірде келесі тармақтар болуы мүмкін:

Артқы орындық туралы еске салғыш
Автомобильді жүргізу алдында немесе қозғалыс кезінде артқы есік ашылғанда дыбыстық дабыл немесе хабар беруді қамтамасыз етеді.

Климат және ауа сапасы
Климатты бақылау жүйесінің әртүрлі баптауларын реттеуге мүмкіндік береді.
Қауіпті ескерту жүйелері Жүргізушіге көмек көрсету жүйесінің әртүрлі баптауларын басқарады.

Ыңғайлылық пен жайлылық
Жайлылық пен ыңғайлылықты қамтамасыз ету жүйелерінің түрлі баптауларын басқарады.

Жарықтандыру аспаптары
Әр түрлі жарықтандыру баптауларын басқарады.

Есік құлыптарын электрмен бұғаттау
Есік құлыптарының әртүрлі баптауларын басқарады.

Қашықтан бұғаттау/Бұғатты ашу/ Іске қосу
Құлыптарды қашықтан басқарудың әртүрлі баптауларын басқарады.

Жолды жарықтандыру
Жүру биіктігін реттеу.

Power Assist Steps (Қосымша басқыштар)
Автомобиль басқыштарының орнын реттеу.

Орындық орны
Орындық жағдайын реттеу.

Аспа
Аспа параметрлерін реттеу.

Apps & Permissions (Қолданбалар және рұқсаттар)
Орнатылған қолданбалардың тізімін және оларға берілген рұқсаттарды экранға шығарады.
Уақыт пен күн
Сағат баптауларын шешеді.

Экран
Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экран баптауларын басқарады.

Дыбыстар
Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дыбыс баптауларын қамтамасыз етеді.

Құпиялылық
Құпиялық параметрлерін реттеу.

Жад
Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің есте сақтау құрылғысының параметрлерін экранға шығару.

Security
Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің қауіпсіздік параметрлерін реттеу.

Жүйе
Мәзірде келесі тармақтар болуы мүмкін:

Тіл (Language)
Бұл параметрдің мәні ақпараттық ойын-сауық жүйесінің дисплейіндегі мәтін тілін орнатады.

Keyboard & speech (Пернетақта және сөз)
Пернетақта мен сөзді тану параметрлерін өзгерту.

Баптауларды қалпына келтіру
Баптауларды қалпына келтіру параметрлерін өзгерту.

Жүйе туралы мәліметтер
Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің ақпараттық жасақтамасы туралы ақпаратты көру үшін түртіңіз.

Legal Information (Құқықтық ақпарат)
Заңды ақпаратты және лицензия туралы мәліметтерді көру үшін түртіңіз.

Local System Update (Жергілікті жүйені жаңарту)
Автомобиль жүйелерін жаңарту параметрлерін реттеу.

Google
Google параметрлерін реттеу.

САУДА МАРКАЛАРЫ ЖӘНЕ ЛИЦЕНЗИЯЛЫҚ КЕЛІСІМДЕР

Made for iPod iPhone

«Made for iPod» және «Made for iPhone» белгілері электрондық құрылғының сәйкесінше iPod немесе iPhone қосылу мүмкіндігін қарастырады дегенді және Apple техникалық талаптарына сәйкес келу үшін әзірлеушімен сертификацияланғанын білдіреді. Apple компаниясы осы құрылғының жұмысына және оның қауіпсіздік стандарттары мен нормативтік талаптарға сәйкестігіне жауапты емес. Бұл құрылғының iPod немесе iPhone жұмыс істеуі сымсыз байланыс жұмысына әсер етуі мүмкін екенін назарға алыңыз. iPhone, iPod, iPod classic, iPod nano, iPod shuffle және iPod touch АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген Apple Inc. компаниясының сауда белгілері болып табылады.

immersion.

TouchSense технологиясы мен TouchSense System 1000 сериясы Immersion корпорациясының лицензиясы бойынша пайдаланылады. TouchSense System 1000 технологиясы www.immersion.com/ patent-marking.html мекенжайы бойынша көрсетілген бір немесе бірнеше АҚШ патенттерімен қорғалған; басқа патенттерге өтінім берілді.

Bose
Bose AudioPilot және Bose Centerpoint Surround Bose Corporation АҚШ пен басқа елдердегі тіркелген сауда белгілері болып табылады.

Bluetooth арнасы
Bluetooth сөз белгісі мен логотипі Bluetooth SIG, Inc. меншігі болып табылады және General Motors компаниясы тек лицензияға сәйкес пайдаланады. Басқа сауда белгілері мен атаулары олардың тиісті иелерінің меншігі болып табылады.

Java
Java Oracle компаниясының және/немесе онымен үлестес компаниялардың тіркелген сауда белгісі болып табылады.

MPEG4–AVC (H.264)
БҰЛ ӨНІМ AVC ПАТЕНТ ЛИЦЕНЗИЯСЫНЫҢ ПОРТФЕЛІНІҢ ШАРТТАРЫНДА ТҰТЫНУШЫЛАРҒА МЫНА МАҚСАТТАРДА ЖЕКЕ ЖӘНЕ КОММЕРЦИЯЛЫ ЕМЕС ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ:

(i) AVC СТАНДАРТЫНА («AVC БЕЙНЕ») СӘЙКЕС БЕЙНЕНІ КОДТАУ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ (ii) ЖЕКЕ ЖӘНЕ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҚЫЗМЕТ ШЕҢБЕРІНДЕ ТҰТЫНУШЫ КОДТАҒАН AVC БЕЙНЕЛЕРІН НЕМЕСЕ AVC БЕЙНЕЛЕРІН ЖЕТКІЗУГЕ ЛИЦЕНЗИЯСЫ БАР БЕЙНЕ ЖЕТКІЗУШІДЕН АЛЫНҒАН БЕЙНЕ МАТЕРИАЛДАРДЫ ДЕКОДТАУ. БАСҚА ҚАНДАЙ ДА БІР ҚОЛДАНУҒА ЕШҚАНДАЙ ЛИЦЕНЗИЯ БЕРІЛМЕЙДІ ЖӘНЕ БЕРІЛУІ МҮМКІН ЕМЕС. ҚОСЫМША АҚПАРАТТЫ MPEGLA, LLC КОМПАНИЯСЫНАН АЛУҒА БОЛАДЫ. ҚАР.: HTTPS://WWW.MPEGLA.COM.

VC-1

БҰЛ ӨНІМ VC-1 ПАТЕНТ ЛИЦЕНЗИЯСЫНЫҢ ПОРТФЕЛІНІҢ ШАРТТАРЫНДА ТҰТЫНУШЫЛАРҒА МЫНА МАҚСАТТАРДА ЖЕКЕ ЖӘНЕ КОММЕРЦИЯЛЫ ЕМЕС ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ: (i) VC-1 СТАНДАРТЫНА («VC-1 БЕЙНЕ») СӘЙКЕС БЕЙНЕНІ КОДТАУ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ (ii) ЖЕКЕ ЖӘНЕ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҚЫЗМЕТ ШЕҢБЕРІНДЕ ТҰТЫНУШЫ КОДТАҒАН VC-1 БЕЙНЕЛЕРДІ НЕМЕСЕ VC-1 БЕЙНЕЛЕРІН ЖЕТКІЗУГЕ ЛИЦЕНЗИЯСЫ БАР БЕЙНЕ ЖЕТКІЗУШІДЕН АЛЫНҒАН БЕЙНЕМАТЕРИАЛДАРДЫ ДЕКОДТАУ. БАСҚА ҚАНДАЙ ДА БІР ҚОЛДАНУҒА ЕШҚАНДАЙ ЛИЦЕНЗИЯ БЕРІЛМЕЙДІ ЖӘНЕ БЕРІЛУІ МҮМКІН ЕМЕС. ҚОСЫМША АҚПАРАТТЫ MPEGLA, LLC КОМПАНИЯСЫНАН АЛУҒА БОЛАДЫ. ҚАР.: HTTPS://WWW.MPEGLA.COM.

MPEG4–бейне

ОСЫ ӨНІМДІ ТҰТЫНУШЫНЫҢ ЖЕКЕ ЖӘНЕ КОММЕРЦИЯЛЫ ЕМЕС МАҚСАТТАРДА ПАЙДАЛАНУЫНАН БАСҚА ЖАҒДАЙЛАРДА MPEG-4 БЕЙНЕ КОДТАУ СТАНДАРТЫНА ҚАТЫСТЫ КЕЗ КЕЛГЕН ПАЙДАЛАНУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.

MP3

MPEG Layer-3 дыбысты декодтау технологиясы Fraunhofer IIS және Thomson лицензиясы негізінде қолданылады.

WMV/WMA

Бұл өнімде Microsoft Corporation тиесілі және Microsoft Licensing, GP лицензиясы негізінде қолданылатын технология пайдаланылады. Мұндай технологияны осы өнімнен тыс пайдалануға немесе таратуға жағдайға байланыстыMicrosoft Corporation және/немесе Microsoft Licensing, GP лицензиясымен тыйым салынған.

ЕСКЕРТПЕЛЕР


7 КЛИМАТТЫ БАҚЫЛАУДЫ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

- КЛИМАТТЫ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕЛЕРІ..... 7-2
- ЖЕЛДЕТКІШ ТОРЛАРЫ..... 7-7
- ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ 7-8
- ЕСКЕРТПЕЛЕР..... 7-10

КЛИМАТТЫ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕЛЕРІ


Автоматты екі аймақтық климатты бақылау жүйесі

Бұл жүйенің көмегімен автомобильдің жылыту, салқындату және желдету жүйелері басқарылады.



1. Жүргізуші мен жолаушы аймағындағы температураны реттеу тұтқалары
2. MAX (еріту)
3. Ауа тарату режимдерін басқару органдары
4. A/C (желдеткіш)
5. SYNC (синхрондалған температура баптауы)
6. Қайта айналым
7. Артқы салондағы климатты бақылау
8. Қуат көзі түймесі
9. Желдеткішті басқару
10. Артқы салондағы климатты бақылаудың қуат көзі түймесі
11. Артқы терезенің бу кетіргіші немесе айналарды жылыту
12. AUTO (Автоматты режим)

Климатты бақылау жүйесінің алдыңғы дисплейі




Суретте деңгейі жоғары нұсқа көрсетілген.

1. Жүргізуші мен жолаушы аймағындағы температура баптаулары
2. Желдеткішті басқару
3. Жүргізуші мен жолаушы аймағындағы температураны реттеу тұтқалары
4. Sync (синхрондалған температура баптауы)
5. Қайта айналым
6. Ауа тарату режимдерін басқару органдары
7. AUTO (Автоматты режим)
8. A/C (желдеткіш)
9. On/Off (Қуат көзі)
10. Алдыңғы климатты бақылауды таңдау

Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің негізгі терезесіндегі CLIMATE түрту арқылы желдеткіш параметрлерін, ауа беру және ауаны баптау режимін, жүргізушінің жұмыс орны мен жолаушылар орындықтарының температурасын, сондай-ақ Sync параметрлерін реттеуге болады. Осыдан кейін алдыңғы климатты бақылаудың бірінші көрсетілген бетінде таңдауды жасауға болады. Ақпараттық-ойын-сауық жүйесіне арналған нұсқаулықты қараңыз.

Климатты бақылау күйінің дисплейі



Кейбір үлгілерде климатты бақылау күйінің терезесі климатты бақылауды басқару органдары көмегімен реттеу кезінде ұзақ емес уақытқа пайда болады.

Автоматты режим

Бұл режимде жүйе желдеткіштің жылдамдығын автоматты түрде реттейді, ауа тарату режимін және кондиционердің жұмыс режимін таңдайды, автомобиль салонындағы ауаны қажетті температураға дейін жылыту немесе салқындату үшін рециркуляция режимін қосады және өшіреді.

AUTO индикаторы жанған кезде төрт функцияның барлығы автоматты режимде жұмыс істейді. Функциялардың әрқайсысын қолмен баптауға болады және орнатылған баптау дисплей экранында көрсетіледі. Қолмен бапталмаған функциялар AUTO индикаторы жанбаса да автоматты режимде жұмысын жалғастырады.

Автоматты режимге ауысу тәртібі:

1. AUTO пернесін басыңыз.
2. Қажетті температураны таңдаңыз. Жүйе салонда қажетті микроклиматты жасағанша күтіңіз.

Температураны ең қолайлы деңгейге дейін реттеп қосыңыз.

Ыстық ауа райында отынды үнемдеу және салонды жылдам салқындату үшін автоматты түрде қайта айналу режимі қосылады.

Автоматты басқару кезінде қайта айналым индикаторы жанбайды. Индикатор туралы толығырақ ақпарат орталық консольдегі Бақылау «Қол режимімен басқару» бөлімін қараңыз.

Қол режимінде басқару

: Желдеткіштің айналу жылдамдығын арттыру немесе азайту үшін тұтқаны сағат тіліміен немесе сағат тіліне қарсы бұраңыз. Тұтқаны басу арқылы желдеткіш өшеді. Өшірілгеннен кейін қозғалыс жылдамдығына байланысты ауа шығару тесіктерінен біраз ауа шығуы мүмкін. Түймелердің кез келгенін басқанда немесе кез келген тұтқаны бұрағанда, климатты бақылау жүйесі қосылады және берілген режимде жұмыс істейді.

Автоматты режимге оралу үшін AUTO басыңыз.

Жүргізуші мен жолаушы орындары - температураны бақылау: Жүргізуші мен жолаушы үшін температураны бөлек баптауға болады.

Жүргізуші немесе жолаушы аймағындағы температураны жоғарылату немесе төмендету үшін тұтқаны сағат тіліне қарсы немесе сағат тіліне қарсы бұраңыз. Температураның жоғарылауы немесе төмендеуі жүргізуші немесе жолаушы жағындағы дисплей экранында көрсетіледі.

SYNC: Жолаушы орнатқан температураны жүргізуші орнатқан температурамен синхрондау үшін басыңыз. Бұл жағдайда SYNC индикаторы жанады. Жолаушы жағында температура реттеліп болғаннан кейін SYNC индикаторы сөнеді.


Ауа тарату режимдерін басқару: немесе ауа ағынының бағытын өзгерту үшін , немесе басыңыз.
Бұл үш реттегішті кез келген үйлесімде басуға болады. Сонымен бірге таңдалған режимнің басылған пернесінің жарығы жанады.
Режим өзгерген кезде автоматты басқару тоқтатылады және жүйе қолмен режимге оралады. Автоматты режимге оралу үшін AUTO басыңыз.
Ағымдағы режимді өзгерту үшін келесі опциялардың біреуін немесе бірнешеуін таңдаңыз:
Ауа алдыңғы әйнекке, кондиционердің бүйірлік ауа шығару тесіктеріне және бүйірлік терезелердің ауа шығаратын тесігіне беріледі.
: Ауа кондиционердің ауа шығаратын тесіктеріне беріледі.
: Ауа еденнің ауа шығаратын тесіктеріне және ішінара алдыңғы әйнекке, кондиционердің бүйірлік ауа шығаратын тесіктеріне және бүйірлік терезелердегі ауа шығаратын тесіктерге беріледі.
MAX: Ауа алдыңғы әйнекке беріледі және желдеткіш егер олар орташадан жоғары болмаса жоғары жылдамдықпен жұмыс істейді. Бұл режимге ауысқан кезде алдыңғы режим өшіріледі, ал алдыңғы әйнек буланудан немесе қыраудан тезірек тазартылады. Реттегішті қайта басқан кезде жүйе алдыңғы жұмыс режиміне оралады, ал желдеткіш алдыңғы жылдамдыққа оралады.
Оңтайлы нәтижеге қол жеткізу үшін қырауды алып тастау режимін қосар алдында алдыңғы әйнектегі қар мен мұзды тазалау керек.
: Рециркуляцияны қосу үшін басыңыз. Бұл жағдайда индикатор қосылуы керек. Рециркуляция кезінде ауа автомобиль салонын тез салқындатады.
Сонымен қатар, бұл режим ауа мен сыртқы иістердің автомобильге енуіне жол бермейді.
Рециркуляция режимін суықта немесе жоғары ылғалдылық жағдайында ұзақ уақыт бойы пайдалану ұсынылмайды. Суық немесе жоғары ылғалдылық жағдайында рециркуляция терезе әйнектерін буландыруы мүмкін.
A/C: Ауа баптау жүйесі осы пернені басу арқылы қосылады және өшіріледі. Сәйкес индикатор кондиционердің қосылғанын көрсетеді. Желдеткіш өшірулі болса, онда кондиционер жұмыс істемейді.
А индикаторы сыртқы температура нөлден төмен болса да жанады.

Артқы әйнектің бу кетіргіші
АРТҚЫ: Артқы әйнектің бу кетіргішін қосу немесе өшіру үшін басыңыз. Пернедегі индикатордың жануы артқы әйнектің бу кетіргішінің қосулы екенін көрсетеді.
Артқы әйнектің бу кетіргіші қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда ғана жұмыс істейді. Егер автомобиль қосымша жабдыққа қызмет көрсету режиміне ауыстырылса, буланууды кетіргіш өшіріледі.
Сыртқы айнаны жылыту басу арқылы қосылады және өшіріледі. Қар.: Жылытылатын айналар ⇨1-25.

> ⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*
>
> Артқы әйнекті ішкі жағынан тазалау үшін пышақты немесе басқа үшкір затты пайдалану әйнекті жібіткішінің торын зақымдауы мүмкін.
> Бұл жағдайда жөндеуге кепілдік берілмейді. Әйнектің ішкі жағын өткір заттармен тазаламаңыз.

Автомобильді қашықтан іске қосу кезінде климатты бақылаудың жұмысы: Қозғалтқышты қашықтан іске қосу кезінде (тиісті жинақтамадағы автомобильде) климатты бақылау жүйесі автоматты түрде қосылуы мүмкін. Орындары жылытылатын немесе желдетілетін және жылытылатын руль дөңгелегі бар автомобильдерде бұл функцияларды қашықтан іске қосу арқылы қосуға болады. Қар.: Автомобильді қашықтан іске қосу ⇨ 1-9, Жылытылатын алдыңғы орындықтар ⇨ 2-8 және Жылытылатын руль дөңгелегі ⇨ 4-2.

Қадағалар



Алдыңғы әйнектің жанындағы аспаптар панеліндегі жарықтандыру қадағасы күн сәулесінің қарқындылығын бақылайды.

Климатты бақылау жүйесі салондағы ең қолайлы микроклиматты сақтай отырып, температураны, желдеткіштің айналу жылдамдығын, рециркуляция режимін қосу және өшіруді және ауаны тарату режимін ауыстыруды реттеу үшін датчик сигналын пайдаланады.
Климатты бақылауды басқару жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуін болдырмау үшін қадағаны жаппаңыз.

Желдеткішті өшіру кідірісі

Кейбір жинақталымдарда белгілі бір жағдайларды сақтағанда желдеткіш тұтандыру өшірілгеннен кейін және автомобиль есігінің құлыптары бұғатталған кейін біраз уақыт бойы жұмысын жалғастыра беруі немесе мезгіл-мезгіл қосылып тұруы мүмкін. Бұл әдеттегі құбылыс.


Артқы климатты бақылау жүйесі

Артқы салондағы климатты бақылау жүйесі орталық консольдегі заттарды сақтау бөлімінің артқы жағында орналасқан. Бұл жүйе салонның артқы жағындағы микроклиматты реттеуге мүмкіндік береді.



1. Желдеткішті басқару
2. TEMP (температураны бақылау)
3. Артқы орындықтарды жылыту (егер жинақтама қарастырылған болса)
4. MODE (ауаны тарату режимінің ауыстырып-қосқышы)
5. AUTO (Автоматты режим)

Салонның артқы жағындағы микроклиматты реттеуге мүмкіндік беретін қос автоматты климатты бақылау жүйесінің функциясы бұғатталған болса, оны алдыңғы орындықтан реттеу мүмкіндігі қалады.



Суретте артқы жағындағы климатты бақылау параметрлерін реттеуге арналған терезе көрсетілген а жоғары деңгейлі нұсқа

1. Артқы температураны баптау
2. Желдеткішті басқару
3. Сыртқы температураны көрсету
4. Sync (температураны синхрондау)
5. Артқы басқару органдарын бұғаттау
6. Ауа тарату режимдерін басқару
7. AUTO (Автоматты режим)
8. On/Off (Қуат көзі)
9. Артқы климатты бақылауды таңдау

Автоматты режим

AUTO: AUTO басу арқылы артқы жолаушылар орындықтарының жанында температураны, ауа беруді және желдеткіш жылдамдығын автоматты түрде реттеуді іске қосады. Автоматты режимде жұмыс істегенде дисплей экранында A әрпі пайда болады. Артқы климатты бақылау параметрлерінің кез келгенін реттеу толық автоматты режимді өшіреді. Толық автоматты режимге оралу үшін AUTO басыңыз.

Климатты бақылау функциялары салонның қалған бөлігіне қарамастан артқы жағында микроклимат сақталғанда ғана экранда көрсетіледі.

Қол режимінде басқару

: Желдеткіштің айналу жылдамдығын арттыру немесе азайту үшін тұтқаны сағат тілімен немесе сағат тіліне қарсы бұраңыз. Желдеткішті/қуатты өшіру үшін сағат тіліне қарсы толығымен бұраңыз.


TEMP: Жолаушылар салонына кіретін ауа температурасын тиісінше көтеру немесе төмендету үшін сағат тілімен немесе сағат тіліне қарсы бұраңыз. Алдыңғы микроклиматты қолдау пультінде SYNC түймесін басу арқылы салонның артқы бөлігіндегі температура жүргізуші орнатқан температурамен синхрондалады.

MODE: Салондағы ауа ағынының бағытын өзгерту үшін басыңыз. Қажетті режим дисплейде пайда болғанша осы түймені басыңыз. Бірнеше рет басқан кезде ауа беру циклді түрде өзгереді.

немесе : Егер жинақтамаме қарастырылған болса, сол немесе оң жағындағы орындық жастықшасының жылытуын қосу үшін немесе басыңыз. Қар.: Жылытылатын артқы орындықтар ⇨ 2-3.

ЖЕЛДЕТКІШ ТОРЛАРЫ

Реттелетін желдеткіш тесіктері аспаптар панелінің ортасында және шет жағында орналасқан.




Ауа ағынының бағытын өзгерту үшін сырғытпаны жылжытыңыз. Желдеткіш тесіктерін жабу үшін сырғытпаны өзіңізден ең алыс орынға жылжытыңыз.

Артқы желдеткіш тесіктері

Автомобиль екінші және үшінші қатардағы орындықтардың үстіндегі шатыр төсеміне енгізілген төрт дөңгелек немесе тікбұрышты желдеткіш тесіктерімен жабдықталған.



Дөңгелек ауа шығаратын тесікті ашу үшін ортаңғы пластинаның артқы жиегін басыңыз. Ортаңғы пластина үшін ауа ағынының бағытын өзгерте отырып, тесікті айналдыруға болады. Ауа ағынын бөгеу үшін ортаңғы пластинаның алдыңғы жиегін басыңыз.



Тік бұрышты желдеткіш тесіктерінен шығатын ауа ағынының бағыты сырғытпаны жылжыту арқылы өзгертіледі және цилиндрді солға немесе оңға бұру арқылы ауа ағыны жабылады.

Пайдалану бойынша кеңестер


- Алдыңғы әйнек негізіндегі ауа жинағыштарды мұздан, қардан және автомобильге ауа ағынын бөгейтін жапырақтардан таза ұстаңыз.
- Көріністі жақсарту және автомобильге ылғалдың енуін азайту үшін капоттағы қарды алып тастаңыз.
- Суық ауа райында рульге отырған кезде, орыннан жылжымас бұрын желдеткіштің жылдамдығын максималды деңгейге дейін арттыру түймесін басыңыз. Бұл қар мен ылғалды ауа жинағыштарын тазалауға көмектеседі және терезелердің ішінен буланууына кедергі келтіреді.
- Ауаның салон ішінде тиімді таралуы үшін алдыңғы орындықтардың астындағы кеңістікті бос қалдырыңыз.
- GM компаниясы бекітпеген капот шағылдырғышын пайдалану жүйенің жұмысына кері әсер етуі мүмкін. Автомобильдің сыртына кез келген жабдықты орнатпас бұрын техникалық қызмет көрсету станцияңыздан кеңес алыңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ


Салон сүзгісі

Бұл сүзгі салонға ендірмеу үшін сыртқы ауаны шаңнан, тозаңнан және басқа да өлшенген бөлшектерден тазалауға мүмкіндік береді.


Бұл сүзгінің картриджін ТҚК кезінде міндетті түрде ауыстыру керек. Қар.: Техникалық қызмет көрсету кестесі ⇨ 10-3. Сүзгінің қандай түрін пайдалану керектігін білу үшін Техникалық қызмет көрсетуге арналған қосалқы бөлшектер ⇨ 10-13.




1. Төменгі қолғап қорапшасының есігін толығымен ашыңыз.



2. Қолғап қорапшасының бүйір қабырғаларын басып, оны ысырмалардан босатыңыз, содан кейін қорапты түсіріңіз.



3. Қолғап қорапшасын толығымен алып шығу үшін демпферді сыртқа тарту арқылы босатыңыз.



4. Тұтқаны (1) сүзгі қақпағынан сол жаққа қарай тартыңыз, оны солға сырғытыңыз (2), содан кейін қақпақты алыңыз. Ескі сүзгіні алып тастаңыз.
5. Жаңа ауа сүзгісін орнатыңыз.
6. Сүзгі қақпағын орнына салыңыз.
7. Қолғап жәшігінің қақпағын орнату кері тәртіппен жүзеге асырылады.

Қосымша көмек үшін қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.

Қызмет көрсету

Барлық автомобильдердің капотының астында толтырылған тоңазытқыш агент түрі көрсетілген жапсырма бар. Ауа баптау жүйесіне техникалық қызмет көрсетуді тек білікті, арнайы оқытылған персонал жүргізуі керек. Кондиционерлеу жүйесінің буландырғышын жөндеуге немесе оны есептен шығарылған автомобильден алынған басқасына ауыстыруға тыйым салынады.

Сенімді және қауіпсіз жұмысты қамтамасыз ету үшін ауыстыру үшін тек жаңа буландырғышты пайдалану керек.

Жүйеге техникалық қызмет көрсету кезінде арнайы жабдықты пайдалана отырып, тоңазытқыш агентті одан арнайы сыйымдылықтарға ағызу керек. Тоңазытқыш агентті атмосфераға буланууы мүмкін сыйымдылыққа ағызу табиғатқа зиянды және адамдарға қауіп төндіреді, өйткені ол тыныс алу жүйесіне түсіп, өрт тудыруы, күйік тудыруы немесе денсаулыққа басқа да зиян келтіруі мүмкін.

Кондиционерге мерзімді техникалық қызмет көрсету қажет. Қараңыз: Техникалық қызмет көрсету кестесі ⇨ 10-3.

ЕСКЕРТПЕЛЕР

8 АВТОМОБИЛЬДІ ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ

- ЖҮРГІЗУШІГЕ КЕҢЕС 8-2
- ІСКЕ ҚОСУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ 8-16
- ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ГАЗДАР 8-22
- АВТОМАТТЫ БЕРІЛІС ҚОРАБЫ 8-23
- АВТОМОБИЛЬДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ 8-27
- ТЕЖЕГІШ ЖҮЙЕСІ 8-31
- ҚОЗҒАЛЫСТЫ ТҰРАҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕЛЕРІ 8-34
- КРУИЗДІК БАҚЫЛАУ 8-44
- ЖҮРГІЗУШІГЕ КӨМЕК КӨРСЕТУ ЖҮЙЕЛЕРІ 8-47
- ОТЫН 8-65
- ТІРКЕМЕ СҮЙРЕУ 8-69
- АВТОМОБИЛЬ КОНСТРУКЦИЯСЫН ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ОРНАТУ ҚОСЫМША ЖАБДЫҚ 8-89
- ЕСКЕРТПЕЛЕР 8-90

ЖҮРГІЗУШІГЕ КЕҢЕС

Отын шығынын азайту бойынша ұсыныстар

Жүргізу стилі отын шығынын үнемдеуге айтарлықтай әсер етеді. Төменде автомобильдің отынды тұтынуын барынша азайтуға көмектесетін кейбір ұсыныстар берілген:

- Қозғалтқышты іске қосқаннан кейін климат-бақылауды басқару панелінің көмегімен қажетті температураны орнатыңыз немесе егер ол қажет болмаса, климатты бақылауды өшіріңіз.
- Кенеттен орыннан қозғалмаңыз, автомобиль жылдамдығын бірқалыпты арттырып отырыңыз.
- Автомобиль жүрісін бірқалыпты баяулатыңыз, кенет тежеуді болдырмаңыз.
- Қозғалтқышты ұзақ уақыт бос жүрісте жұмыс істеуге қалдырмаңыз.
- Жолдың табиғаты және ауа райы жағдайлары мүмкіндік берсе, круиздік бақылауды пайдаланыңыз.
- Әрқашан белгіленген жылдамдық режимін сақтаңыз немесе мұны жағдайлар қажет ететін болса, баяу жүргізіңіз.
- Шиналардағы тиісті ауа қысымын қолдап отыру керек.
- Бірнеше жерге бару қажет болса, барлығын бір сапарға біріктіруге тырысыңыз.
- Ескі шиналарды шинаның бүйір қабырғасында өлшем белгісінің жанында орналасқан бірдей TPC (шиналарды таңбалауға арналған GM ішкі стандарты) коды бар жаңа шиналарға ауыстырыңыз.
- Жоспарланған техникалық қызмет көрсетудің ұсынылған кестесін ұстаныңыз.

Автомобиль жүргізу кезінде алаңдау

Сыртқы (көліктің емес) аккумуляторды зарядтау үшін автомобильді сүйрету /тасымалдау режиміне (Tow/Haul) ауыстырыңыз. Егер тіркеме сүйрету/тасымалдау режимі үшін тым жеңіл болса, аккумулятор батареясын ауыстыру үшін жетекші фараларды қосыңыз.

Электр механикалық тежеуді басқаруға арналған сымдарды дайындау

Бұл дайындық тіркеме сымдарының құрамдас бөлігі ретінде автомобильдің жиынтығына кіреді. Сымдар электромеханикалық тежегішті басқару блогына арналған.

Электр сымдарының сымдары техникалық қызмет көрсету станциясында немесе

Шық паларды түстермен кодтауды қараңыз сатып алынған контроллерге арналған нұсқаулықта тіркеме тежегіштері контроллерінің уәкілетті сервис орталығында салынады. Тіркеменің тежегіш контроллерінің шықпаларының түстері автомобиль сымдарының түстерінен өзгеше болуы мүмкін.

Тіркеме шамдары

Жолға шықпас бұрын және ұзақ сапарлар кезінде мезгіл-мезгіл барлық тіркеме шамдарының жұмысын тексеріңіз.

Тіркемені қосу туралы хабарландырулар және жарықты индикация

Тіркеме көлікке дұрыс жалғанған және жұмыс істеп тұрған кезде жарық индикациясы болмайды және жүргізушінің ақпарат орталығының (DIC) дисплей экранында ешқандай хабарландыру көрсетілмейді. Бірақ егер тіркемені немесе оның жарық құрылғыларын қосу мәселесі туындаса, жүргізушінің ақпарат орталығының (DIC) дисплей экранында бір немесе бірнеше хабарландырулар пайда болуы мүмкін:
- CHECK TRAILER XXX LAMP (ТІРКЕМЕНІҢ XXX ШАМЫН ТЕКСЕРІҢІЗ) жарықтандыру құрылғысында және тіркеме сымдарында ақау анықталғанда пайда болады. Тіркеменің электр сымдары мен жарықтандыру шамдарының күйін тексеріңіз.

Бұрылыс көрсеткіштерін қолдану тіркемені сүйреу кезінде

Дұрыс жалғанған кезде тіркемедегі бағыт индикаторлары бұрылыс, жолақты өзгерту немесе көлікті тоқтату үшін жанып тұруы керек. Тіркемені тіркеп сүйреген кезде, тіркеме дұрыс қосылмаған немесе бағыт көрсеткіш шамдары жанып кетсе де, аспаптар панеліндегі көрсеткілер жанады.

Тарту/тасымалдау режимі

Тіркеп сүйреу/тасымалдау режиміне ауысу туралы нұсқауларды Қозғалыс режимдері ⇨ 8-36 бөлімінен қараңыз.

Тіркеп сүйреу/тасымалдау режимі ауыр тіркememен жүру кезінде және ірі габаритті немесе ауыр жүктерді тасымалдау кезінде пайдалы.

Тіркеп сүйреу/тасымалдау режимі автомобиль мен тіркеменің жалпы массасы автомобиль үшін рұқсат етілген жалпы автопойыз массасының (GCWR) 75% немесе одан да көп болған кезде тиімді болады. Тіркемені сүйрету бөліміндегі «Тіркеменің максималды массасы» параграфын қараңыз ⇨8-69.

Тіркеп сүйреу/тасымалдау режимі ауыр тіркемені сүйрегенде және үлкен немесе ауыр жүктерді тасымалдау кезінде ең тиімді:
- таулы жерде

• жиі тоқтаулары бар қарқынды қозғалыста
• көлік қозғалысы көп автотұрақтарда Аз жүктелген немесе тіркемесі жоқ автомобильде жүктерді тіркеп сүйреу/тасымалдау режимін пайдалану зиян келтірмейді; дегенмен, бұл ұсынылмайды және қозғалыс кезінде қозғалтқыш пен беріліс қорабының ыңғайсыз әрекетіне және отын шығынының артуына әкелуі мүмкін.

Тіркеме тежегіштерінің жұмысын басқарудың кіріктірілген жүйесі

Автокөліктің жиынтығына, электромеханикалық тежегіштермен де, көптеген гидравликалық тіркеме тежегіш жүйелерімен де үйлесімді тіркеме тежегіштерін басқарудың (IBM) кіріктірілген жүйесі кіруі мүмкін.

Мұнда берілген нұсқаулар электромеханикалық тежегіштердің екі түріне де қатысты.



Мұндай белгіше ITBC жүйесі бар автомобильдердегі тіркеме тежегіштерінің жұмысын басқару пультінде бар. Тіркеме тежегіштерінің шығыс қуаты автомобильдің тежеу күшіне пропорционалды.

Тіркеме тежегіштерінің шығыс қуаты нақты жағдайларға байланысты кең ауқымда реттеледі.

ITBC жүйесі тежеу жүйесіне, бұғатталуға қарсы жүйеге және автомобильдің электронды динамикалық тұрақтандыру жүйесіне (ESC) кіріктіріліп жасалады. Көлік құралының бұғатталуға қарсы жүйесі немесе StabiliTrak/ESC жүйесі іске қосылғанда тіркеменің тежеу күші тіркеме дөңгелектерінің бұғатталу қаупін азайту үшін автоматты түрде реттеледі. Бұл, тіркеме Stabili-Trak / ESC жүйесімен жабдықталған дегенді білдірмейді.


Көлік тежегіштеріндегі, бұғаттауға қарсы тежеу жүйесіндегі немесе Stabili Trak / ESC жүйесіндегі ақаулар ITBC жүйесіндегі ұқсас ақауларға әкелуі немесе тіпті оны толығымен өшіруі мүмкін.

ITBC жүйесі дұрыс жұмыс істеуі үшін аталған жүйелердің толық жұмыс істейтініне көз жеткізіңіз.

ITBC жүйесі көліктің электр жүйесінен қуат алады. Тұтануды өшірген кезде ITBC жүйесі де сөнеді. ITBC жүйесі тұтану кілті ON/RUN (ҚОСУ/ЖҮРІС) күйінде болғанда ғана толық жұмыс істейді.

> ⚠ *ЕСКЕРТУ!*
>
> Тіркемені пневматикалық тежегіш жүйесімен қосу тіркемені тежеу қабілетінен ішінара немесе толығымен айыруына, тежеу қашықтығының ұлғаюына немесе тіркеменің тұрақсыздығына әкелуі мүмкін, бұл өлімге әкелетін ауыр жарақаттарға немесе мүлікке зиян келтіруге әкелуі мүмкін.
>
> ITBC жүйесін, тіркеменің тек электромеханикалық немесе электрогидравликалық тежеу жүйесімен пайдалануға болады.

Тіркеме тежегішінің жұмысын басқару пульті



1. Тіркеме тежегіштерін қолмен іске қосу тұтқасы
2. Тіркемені білдіретін таңба
3. Тіркеме тежегішін күшейтуді реттеу түймелері

ITBC жүйесін басқару пульті руль бағанының сол жағындағы аспаптар панелінде орналасқан. Басқару пульті тіркеменің тежегіштерін күшейтуді, яғни тежегіштерге берілетін энергия мөлшерін реттеуге, сондай-ақ бұл тежегіштерді қолмен басқаруға мүмкіндік береді. Тіркеме тежегіштеріне берілетін қуат мөлшері IBC жүйесінің басқару пульті арқылы реттеледі және жүргізушінің ақпарат орталығының (DIC) дисплей экранында тіркеме тежегішінің параметрлері бар терезеде көрсетіледі.

Жүргізушінің ақпарат орталығының (DIC)дисплей экранында тіркеме тежегішінің параметрлері бар терезе

ITBC жүйесінің терезесінде келесі параметрлер көрсетіледі:

- Тіркеме тежегіштерін күшейтудің берілген мәні
- Тіркеме тежегіштеріне берілетін энергия
- Тіркемені қосу
- Жүйенің жұмыс күйі
- Көрсеткіштерді экранға шығару:
- Жүргізушінің ақпарат орталығы (DIC) мәзірінен қажетті терезені табыңыз
- Trailer Gain (тіркеме тежегішін күшейту) параметріне қатысты (+) немесе (-) түймесін басыңыз
- Тіркеме тежегішін іске қосу тұтқасын TRAILER GAIN (ТІРКЕМЕ ТЕЖЕГІШІН КҮШЕЙТУ) қолмен іске қосыңыз:

Ағымдағы берілген тіркеме тежегішінің мәнін белсендіру үшін, Trailer Gain (тіркеме тежегішін күшейту) түймелерінің кез келгенін басыңыз. Тіркеме тежегішінің күшейту мәні осы түймелердің кез келгені басылған сайын өзгереді.

(+) және (-) түймелері арқылы тіркеме тежегішінің күшеюін реттеңіз. Үздіксіз реттеу үшін түймелердің кез келгенін басып тұрыңыз. Тіркеме тежегіштеріне қуат беруді өшіру үшін тіркеме тежегішінің күшейту мәнін 0.0 етіп орнатыңыз. Бұл параметр 0.0-ден 10.0-ге дейін тіркеме жалғанған және ажыратылған күйде реттеледі.

TRAILER OUTPUT (ТІРКЕМЕ ТЕЖЕГІШТЕРІНЕ БЕРІЛЕТІН ЭНЕРГИЯ):

Бұл параметр, автомобильге электромеханикалық тежегіштері бар тіркеме қосылған кезде көрсетіледі. Тіркеме тежегіштеріне берілетін энергия мөлшері, автомобильдің ағымдағы тежеу күшіне байланысты және тіркеме тежегішінің берілген мәніне байланысты. Әрбір күшейту параметрінде қуат мөлшері 0 және 100% аралығында көрсетіледі.

Тіркеме тежегіштеріне берілетін энергия мөлшері тіркеме тежегішінің параметрлері бар терезеде келесі жағдайларда «- - - - -» түрінде көрсетіледі:

- Тіркеме жалғанбаған.
- Электрмеханикалық тежегіштері жоқ тіркеме жалғанған, бірақ жүргізушінің ақпарат орталығының (DIC) дисплей экранында ешқандай хабарландыру көрсетілмейді.
- Электрмеханикалық тежегіштері бар тіркеме ажыратылды және жүргізушінің ақпарат орталығының (DIC) дисплей экранында CHECK TRAILER WIRING (ТІРКЕМЕНІҢ СЫМДАРЫН ТЕКСЕРІҢІЗ) хабарламасы көрсетіледі.

- Электр сымдарының бүтіндігі бұзылып, жүргізушінің ақпарат орталығының (DIC) дисплейінде CHECK TRAILER WIRING (ТІРКЕМЕНІҢ СЫМДАРЫН ТЕКСЕРІҢІЗ) хабарламасы көрсетіледі.
- ITBC жүйесі ақаулыққа байланысты жұмысын тоқтатты және жүргізушінің ақпарат орталығының (DIC) SERVICE TRAILER BRAKE SYSTEM (ТІРКЕМЕ ТЕЖЕГІШТЕРІНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ЖҮРГІЗУ) хабарламасы көрсетіледі.

Тіркеме тежегіштерін қолмен іске қосу тұтқасы

Тіркеменің электромеханикалық тежегіштерін автомобиль тежегіштерінен тәуелсіз іске қосу үшін бұл тұтқаны оңға жылжытыңыз. Дәл сол рычаг тіркеме тежегіштеріне берілетін энергия мөлшерін қажетті күшейтуге дейін реттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тұтқаны кез келген уақытта тіркеменің қосымша тежеуіне пәрмен беру үшін пайдалануға болады. Тіркеменің және автомобильдің тежегіш шамдары көліктің тежегіш жүйесі қосылған сайын және дұрыс жалғанған тіркеме тежегіштері қолмен қолданылғанда және іске қосылғанда жанады.

Тіркеме тежегішін күшейтуді басқару

Тіркеме тежегіштерін күшейту тіркememен нақты қозғалыс жағдайларында қозғалуға байланысты белгіленеді және автомобиль және (немесе) тіркеме тиелген кезде, сондай-ақ жол жағдайлары өзгерген кезде міндетті түрде реттелуі тиіс.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Тіркеме тежегіштері шамадан тыс немесе жеткіліксіз күшейтілген кезде, тіркемесі бар көлік қажет болған жағдайда тоқтай алмайтын жағдай туындауы мүмкін, бұл апатқа әкелуі мүмкін. Тіркеменің тежелуінің тиісті сипаттамаларын қамтамасыз ету үшін оның тежегіштерін күшейтуді реттеу нұсқауларын қатаң сақтаңыз.

Тіркемемен жүру жағдайына байланысты тіркеме тежегішінің күшейткішін реттеу тәртібі:

1. Тіркемесі бар көлікті, нақты тіркемемен жүру жағдайларына тән, бірақ көліксіз тегіс жабыны бар жолға шығарыңыз. Шамамен 32-40 км/сағ (20-25 миль/сағ) ауқымында жылдамдықпен жүріп бара жатқанда, тіркеме тежегішін қолмен толығымен қосыңыз.

Ескерту

Тіркеме тежегішінің күшеюін 32-40 км/сағ (20-25 миль/сағ) төмен реттеу, дұрыс емес нәтижелер беруі мүмкін.

2. Тіркеменің тежегіштерін күшейтуді тиісті түймелермен реттеңіз немесе бұл параметрдің мәнін тіркеме дөңгелектерінің сықырлауы немесе шиналардың түтіні арқылы анықтауға болатын тіркеме дөңгелектерінің құлыптау нүктесінен сәл төмен орнатыңыз.

Ескерту

Ауыр жүк тиелген тіркеменің дөңгелектері бұғатталмауы мүмкін. Бұл жағдайда, осы қозғалыс жағдайында тіркememен қозғалуға рұқсат етілген тіркеме тежегіштерінің максималды күшейтуін орнатыңыз.

3. Тіркеме тежегіштерінің күшейтілуі, көлікке және/немесе тіркемеге жүк тиелген сайын, жол жағдайлары өзгергенде немесе қозғалу кезінде тіркеменің дөңгелектері бұғатталған кезде реттелуі керек. **ITBC жүйесімен байланысты жүргізушінің ақпараттық орталығының (DIC) дисплей экранындағы өзге хабарламалар**

TRAILER BRAKES CONNECTED (ТІРКЕМЕНІҢ ТЕЖЕГІШТЕРІ ҚОСЫЛДЫ) : Бұл хабарлама электромеханикалық тежегіштері бар тіркеме автомобильге алғаш қосылған кезде экранда қысқа уақытқа пайда болады.

Хабарландыру шашамен 10 секундтан кейін автоматты түрде жоқ болады.

Хабарландыру автоматты түрде жоқ болғанға дейін, онымен танысқаныңызды растауға болады.

CHECK TRAILER WIRING (ТІРКЕМЕНІҢ СЫМДАРЫН ТЕКСЕРІҢІЗ): Бұл ескерту экранда келесі жағдайларда пайда болады:

- Алдымен ITBC жүйесі электромеханикалық тежегіштері бар жалғанған тіркемені таниды, содан кейін тіркеменің электр сымдары көліктен ажыратылады. Егер ажырату көлік қозғалысы кезінде болса, хабарлама шамамен 30 секундтан кейін экраннан автоматты түрде жоқ болады. Хабарландыру онымен танысқаныңызды растағаннан немесе тіркеменің электр сымдарын қайта қосқаннан кейін экраннан жоғалады. Егер ажырату көлік қозғалысы кезінде болса, онда хабарлама экранда тұтандыруды өшіргенше тұрады. Хабарландыру онымен танысқаныңызды растағаннан немесе тіркеменің электр сымдарын қайта қосқаннан кейін экраннан жоғалады.
- Тіркеме тежегіштеріне жүргізілген сымдардың тұтастығы бұзылған. Бұл хабарлама тіркеме сымдарының тұтастығын қалпына келтірілгенге дейін экранда қалады. Хабарландыру онымен танысқаныңызды растағаннан кейін жоұқ болады.

Автомобильде немесе тіркемеде электр сымдарының тұтастығы бұзылған орынды іздеу тәртібі:

1. Тіркеменің сымдар бумасын автокөліктен ажыратыңыз.
2. Тұтануды өшіріңіз.
3. 10 секундтан кейін тұтану кілтін RUN (ЖҮРІС) күйіне қайтарыңыз.
4. Егер CHECK TRAILER WIRING (ТІРКЕМЕНІҢ СЫМДАРЫН ТЕКСЕРІҢІЗ) хабарламасы экранда қайта пайда болса, бұл автокөліктегі сымдардың тұтастығы бұзылғанын білдіреді.

Егер CHECK TRAILER WIRING (ТІРКЕМЕНІҢ СЫМДАРЫН TRAILER) хабарламасы, тіркеменің көлікке қосылатын сымдар бумасын қайта қосқаннан кейін ғана пайда болса, бұл тіркемедегі сымдардың тұтастығы бұзылғанын білдіреді.

SERVICE TRAILER BRAKE SYSTEM (ТІРКЕМЕ ТЕЖЕГІШТЕРІНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ): Бұл хабарландыру ITBC жүйесінде ақаулық болған кезде экранда пайда болады.

Егер хабарландыру тұтанудың бірнеше циклі кезінде жоқ болмаса, онда ITBC жүйесі ақаулы дегенді білдіреді. Көлікті техникалық қызмет көрсетуге тапсырыңыз.

Егер CHECK TRAILER WIRING (ТІРКЕМЕНІҢ СЫМДАРЫН ТЕКСЕРІҢІЗ) немесе SERVICE TRAILER BRAKE SYSTEM (ТІРКЕМЕ ТЕЖЕГІШТЕРІНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ) хабарламасы көлік жүргізу кезінде экранда пайда болса, ITBC жүйесі дұрыс жұмыс істемейді немесе толығымен істен шыққан болуы мүмкін. Жол жағдайлары мүмкіндік берген кезде, жол жиегіне абайлап шығып, тұтандыруды өшіріңіз. Электр сымдарының тіркемеге қосылғанын тексеріп, тұтандыруды қосыңыз. Егер жоғарыда келтірілген ескертулердің кез-келгені экранда қайта пайда болса, бұл автомобиль немесе тіркемеге техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру керектігін білдіреді.

Тіркеменің диагностикасын және жөндеу жұмыстарын GM техникалық қызмет көрсету станциясында жүргізуге болады. Алайда, автомобилдің кепілдігі тіркеменің диагностикасы мен жөндеуін қамтымайды. Тіркемені жөндеу және оның кепілдігі туралы ақпарат алу үшін, тіркемелермен айналысатын техникалық қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.

Тіркеменің тербелуінен қорғау жүйесі (TSC) StabiliTrak/курстық тұрақтылықты сақтау жүйесі (ESC) бар автомобильдерде тіркемені тұрақтандыру функциясы (TSC) бар. Қозғалыс кезінде тіркеме өздігінен автомобилдің траекториясынан солға және

оңға ауытқуы мүмкін. Тіркемені тұрақтандыру жүйесі, тіркеменің тербелісінің жоғарылауын анықтаған кезде, шамадан тыс тербелмеу үшін автомобильдің тежегіштері белгілі бір дөңгелектерге таңдамалы түрде іске қосылады. Егер көлік құралы біріктірілген тіркеме тежегішімен (ITBC) жабдықталған болса және тіркеме электромеханикалық тежеу жүйесімен жабдықталған болса, StabiliTrak жүйесі тіркеменің тежегіш механизмдерін де қолдануы мүмкін.



TSC жүйесі іске қосылғанда, аспаптар комбинациясындағы тартым күшін басқару жүйесінің (TCS)/StabiliTrak ескерту шамы жыпылықтайды. Жылдамдықты азайтып, акселератор педалін ақырын босатыңыз. Егер тіркеменің тербелісін басу мүмкін болмаса, StabiliTrak жүйесі көлікті баяулатуға көмектесу үшін қозғалтқыштың айналу сәтін төмендетуі мүмкін. StabiliTrak жүйесі өшіп тұрғанда, тіркеменің тұрақтандыру жүйесі жұмыс істемейді. Қар.: Тартымды күшін басқару жүйесі/Динамикалық тұрақтандырудың электрондық жүйесі ⇨ 8-34.

> ⚠ *ЕСКЕРТУ!*
>
> Автокөлік тіркемені тұрақтандыру жүйесімен жабдықталған болса да, тіркемені тербету ауыр жарақатқа немесе өлімге әкелуі мүмкін.
> Тіркеме тербеле бастаса, акселератор басқысына қысымды бірте-бірте босату арқылы жылдамдықты баяулатыңыз.
> Осыдан кейін жол шетіне шығып, тербелу себебін жою үшін, автокөлік пен тіркемені тексеріңіз. Бұл, мысалы, тіркеменің дұрыс жүктелмеуі немесе шамадан тыс жүктелуі, бекітілмеген жүк, тіркеменің ІТҚ-на дұрыс бекітілмеуі, автомобильдің немесе тіркеменің шиналарындағы ауа қысымының бұзылуы немесе дұрыс таңдалмаған шиналар болуы мүмкін. Тіркеме параметрлері бойынша ұсыныстар мен іліністі құрылғыларды орнатуды Тіркеп сүйреу жабдығы ⇨ 8-78 бөлімінен қараңыз.

Сатудан кейінгі қызмет көрсету нарығындағы тіркемені тұрақтандырудың электрондық құрылғылары

Жеке тіркемелердің жиынтығына тіркеменің тербелісін әлсірететін немесе болдырмайтын электронды құрылғы кіруі мүмкін. Сатудан кейінгі қызмет көрсету нарығында тіркемені автомобильге қосатын сымға қосылатын ұқсас құрылғылар бар. Мұндай құрылғылар тіркеменің тежегіш жүйесінің және басқа автомобиль жүйелерінің, соның ішінде кіріктірілген тұрақтандыру жүйесінің жұмысына кедергі келтіруі мүмкін (егер бар болса). Жүргізушінің ақпараттық орталығының (DIC) дисплей экранында тіркеме қосылымдарына немесе тежегіштеріне қатысты хабарландырулар пайда болуы мүмкін. Сатудан кейінгі қызмет көрсету нарығында ұсынылған құрылғыларды орнату тіркеме тежегіштерінің жұмысына және техникалық-пайдалану көрсеткіштеріне қалай әсер ететіні белгісіз.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Сатудан кейінгі қызмет көрсету нарығында сатып алынған тіркемені тұрақтандырудың электрондық құрылғыларын қолдану, тіркеме тежегіштерінің техникалық - пайдалану сипаттамаларының төмендеуіне, олардың істен шығуына және апатқа себеп болатын басқа да ақауларға әкелуі мүмкін. Сіз және басқалар ауыр жарақат алуыңыз немесе өлуіңіз мүмкін.

Осы құрылғылардың кез келгенін пайдаланбас бұрын:

- Құрылғының немесе тіркеменің өндірушісінен оның осы маркадағы, модельдегі және шығарылған жылдағы автомобильмен, сондай-ақ автомобильдің қосымша жабдықтарымен үйлесімділігіне жанжақты сынақтан өткенін біліңіз.
- Жолға шықпас бұрын, тіркеме тежегіштерінің жұмысын тексеріңіз, егер олар бар болса. Тіркемесі бар көлікті тегіс жабыны бар көліксіз жолға шығарыңыз. Шамамен 32-40 км/сағ (20-25 миль/сағ) жылдамдықпен қозғала отырып, тіркеменің тежегіш тұтқасын қолмен толығымен іске қосыңыз. Тіркеменің тежегіш шамдары мен қалған шамдардың жұмысын тексеріңіз.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

- Егер тіркеме тежегіштері істен шықса немесе жүргізушінің ақпараттық орталығының (DIC) дисплей экранында тіркеме қосылымдары немесе тежегіштері туралы хабарландырулар пайда болса, жол жағдайлары мүмкіндік берген кезде жол жиегіне абайлап шығыңыз.

Тіркеме шиналары

Тіркемеге арналған арнайы шиналар (ST) автомобильге арналған шиналардан өзгешеленеді.

Тіркеме шиналарында теңселуді болдырмайтын және ауыр жүктерге төтеп беретін қатты бүйір қабырғалары бар. Бұл ерекшеліктер тіркеме шиналарындағы төмен қысымды тек көзбен шолу негізінде анықтауды қиындатуы мүмкін. Әр сапар алдында әрдайым барлық тіркеме шиналарындағы қысымды суық шиналарда тексеріңіз. Шиналардағы төмен қысым тіркеме шиналарының жарылуының негізгі себебі болып табылады. Тіркеме шиналары уақыт өте келе тозады. Тіркеме шинасының бүйір жағында шинаның шығарылған аптасы мен жылы көрсетілген. Көптеген тіркеме шиналарын өндірушілер әр алты жыл сайын шинаны ауыстыруды ұсынады. Тіркеме шиналарының жарылуының тағы бір

тіркемеде тасымалдамаңыз. Жүктеу индексі негізгі себебі - шамадан тыс жүктеме.

Ешбір жағдайда тіркеме шинасының бүйір қабырғасында белгіленген шиналары есептелген массадан артық жүкті Көлік жүргізер алдында әрқашан тіркеме шиналары үшін максималды жылдамдық индексін біліңіз. Ол көлік шинасының жылдамдығы индексінен айтарлықтай төмен болуы мүмкін. Жылдамдық индексі тіркеме шинасының бүйір қабырғасында жазылуы мүмкін. Жылдамдық индексі көрсетілмесе, әдепкі тіркеме шинасының жылдамдық индексі 105 км/сағ (65 миль) болады.

АВТОМОБИЛЬДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫН ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ЖАБДЫҚТЫ ОРНАТУ

Қосымша электр жабдықтары

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Диагностикалық ағытпа (DLC) автомобильге техникалық қызмет көрсету үшін, сондай-ақ пайдаланылған газдардың уыттылығын тексеру/жөндеу сапасын бақылау үшін қолданылады. Қар.: Ақаулық сигнализаторы ("Check Engine" (Қозғалтқышты тексеріңіз) бақылау шамы)) ⇨ 4-24.
Диагностикалық ағытпаға қосылған құрылғы, мысалы, жүргізушінің әрекетін немесе кепілдіктен кейінгі автомобильдердің жұмысын бақылау құрылғысы автомобиль жүйелерін бұзуы мүмкін. Бұл көліктің жұмысына кері әсер етіп, апатқа әкелуі мүмкін. Мұндай құрылғылар автомобиль жүйелерінде сақталған ақпаратқа қол жеткізе алады.

⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*

Белгілі бір электр жабдығы көлік жүйелеріне зақым келтіруі немесе олардың істен шығуына әкелуі мүмкін.
Бұл жағдайда жөндеу кепілдікке кірмейді. Қосымша электр жабдықтарын орнатпас бұрын дилермен кеңесу керек.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Күшейткіштер немесе екі жақты радиобайланыс антенналары сияқты белгілі бір автомобильге арналған радио жабдықтары автомобильдің жеке жүйелеріне кедергі келтіруі мүмкін.
Мұндай жабдықтың тиісті жергілікті жерлендірілгенін тексеріңіз. Жабдықпен бірге берілген барлық нұсқауларды орындаңыз. Автокөлік радиожабдығын орнату бойынша қосымша нұсқаулар алу үшін GM қызмет көрсету дилеріне хабарласыңыз.

Қосымша жабдықты орнату, автомобиль жұмыс істемей тұрған кезде де аккумуляторлық батареясының (12 В) таусылуына әкелуі мүмкін.
Сіздің көлігіңізде үрлемелі қауіпсіздік жастықшаларының жүйесі орнатылған. Қандай да бір қосымша электр жабдықтарын орнатпас бұрын, Қауіпсіздік жастықшаларымен жабдықталған автомобильге техникалық қызмет көрсету ⇨2-35 және Қауіпсіздік жастықшаларымен жабдықталған автомобильге қосымша жабдықты орнату ⇨2-35 бөлімдерінің мазмұнымен танысыңыз.

ЕСКЕРТПЕЛЕР

9 АВТОМОБИЛЬГЕ КҮТІМ ЖАСАУ

- ЖАЛПЫ АҚПАРАТ 9-2
- АВТОМОБИЛЬДІ ТЕКСЕРУ 9-2
- ФАРАЛАР ЖАРЫҒЫНЫҢ БАҒЫТТЫН РЕТТЕУ 9-23
- ҚЫЗДЫРУ ШАМДАРЫН АУЫСТЫРУ 9-23
- ЭЛЕКТР ЖҮЙЕСІ 9-25
- ДӨҢГЕЛЕКТЕР МЕН ШИНАЛАР 9-36
- ҚОСЫМША АКБ ІСКЕ ҚОСУ 9-67
- АВТОКӨЛІКТІ ТІРКЕП СҮЙРЕУ БӨЛІМІН ҚАРАҢЫЗ 9-70
- АТОМОБИЛЬДІҢ СЫРТЫНА КҮТІМ ЖАСАУ 9-72
- ЕСКЕРТПЕЛЕР 9-82

ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Бөлшектерді алу немесе техникалық қызмет көрсету қажет болса, жергілікті дилерге хабарласыңыз.
Сіз фирмалық қосалқы бөлшектерді аласыз, ал автокөлікке техникалық қызмет көрсетуді қажеттінің барлығымен қамтамасыз етілген және оқытылған техникалық қызмет көрсету мамандары орындайды.

Қосымша жабдық және көлік модификациялары

Қосымша дилерлік емес жабдықты орнату немесе көлікке өзгертулер енгізу оның тарту-динамикалық өнімділігі мен қауіпсіздігіне теріс әсер етуі мүмкін, атап айтқанда, үрлемелі қауіпсіздік жастықтарының, тежеу жүйелерінің жағдайын нашарлатуы мүмкін, тұрақтылыққа, қозғалысқа және басқаруға, шығарындыларды бақылау жүйелеріне, аэродинамикаға, беріктікке және құлыпқа қарсы жүйе, тартым күшін реттеу жүйесі және динамикалық тұрақтандыру жүйесі сияқты электрондық жүйелерге әсер етуі мүмкін. Мұндай қосымша жабдықты немесе модификацияны орнату тіпті ақаулыққа немесе зақымға әкелуі мүмкін, олар автомобиль кепілдігімен жабылмайды. Дайындаушы зауыттың ұсынымдарын бұза отырып, жол саңылауының өзгеруі нәтижесінде аспа элементтерінің зақымдануы кепілді жағдай болып табылмайды.
Модификацияларды енгізу, сондай-ақ GM компаниясының сертификаттамаған бөлшектерді орнату немесе қолдану салдарынан, оның ішінде басқару модульдерін немесе бағдарламалық қамтамасыз етуді өзгерту себебінен автомобиль бөлшектерінің зақымдануы, автомобильге кепілдіктің қолданылуын тоқтатуға немесе өзгерістерге ұшыраған бөлшектерге қатысты кепілдік міндеттемелерге теріс әсер етуі мүмкін.
GM фирмалық қосымша жабдықтары автокөліктің басқа жүйелерінің функционалдық мүмкіндіктерін кеңейтуге арналған. Сіздің көлігіңіз үшін фирмалық қосымша жабдықты сатып алу мәселесі бойынша мамандар таңдалған жабдықты білікті түрде орната алатын GM дилеріне хабарласу керек.
Сондай-ақ, Қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған көлікте қосымша жабдықты орнату ➪2-35 бөлімін қараңыз.

АВТОМОБИЛЬДІ ТЕКСЕРУ

Техникалық қызмет көрсету жұмыстарын өз бетінше орындау

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Егер сізде қажетті білім, жөндеу және техникалық қызмет көрсету құжаттары, құралдар мен қосалқы бөлшектер болмаса, автокөлікте қандай да бір жұмысты өз бетіңізше орындау қауіпті. Кез-келген қызмет көрсету операцияларын жасамас бұрын, пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен және жөндеу және техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықпен салыстырып тексеру қажет.

Техникалық қызмет көрсету жұмыстарын өз бетіңізше орындаған кезде тиісті техникалық қызмет көрсету нұсқаулығын пайдаланыңыз. Онда пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа қарағанда техникалық қызмет көрсету жұмыстарын қалай орындау керектігі туралы көбірек ақпарат бар.
Бұл автомобиль қауіпсіздік жастықшалары жүйесімен жабдықталған. Техникалық қызмет көрсету жұмыстарын өзіңіз жасамас бұрын қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған көлікке техникалық қызмет көрсету бөлімін қараңыз ➪2-35.

Барлық бөлшектерді алу, көліктің жүрілген жолы және техникалық қызмет көрсету мерзімі туралы жазбалар журналын жүргізіңіз.

⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*

Тіпті шамалы ластану автомобиль жүйелеріне зиян тигізуі мүмкін. Кірдің жұмыс сұйықтықтарына, бактардың қақпақтарына немесе шағын өлшеуіш сүңгіштерге тиюіне жол бермеңіз.

Капот


⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Егер автомобильде қозғалтқышты автоматты түрде тоқтату және іске қосу жүйесі болса, капоттың қақпағын ашпас бұрын тұтануды өшіру керек. Егер сіз тұтануды қосулы қалдырсаңыз, капоттың қақпағын ашқан кезде қозғалтқыш іске қосылады. Бұл адамдардың жарақаттануына әкелуі мүмкін.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде капот астындағы кеңістікте орнатылған компоненттер қызуы мүмкін. Терінің қорғалмаған жерлерін күйдіріп алмау үшін, олар суығанша ыстық бөліктерге қол тигізбеу керек. Терінің ыстық беттермен тікелей жанасуын болдырмас үшін қолғап немесе сүлгіні қолдануды ұмытпаңыз.

Капоттың қақпағын ашпас бұрын оны қардан тазалау керек.
Капотты ашу үшін:
1. белгішесі бар капот қақпағының құлпын ашу тұтқасын тартыңыз. Ол аспаптар панелінің төменгі сол жағында орналасқан.



2. Капотқа жақындап, қақпақтың астында ортаңғы бөлігінде орналасқан құлып тұтқасын табыңыз.
Капоттың қақпағын ашу үшін оны оңға қарай сырғытыңыз.
3. Капотты көтеріңіз, содан кейін капот автоматты түрде көтеріледі және газ тіреулер жүйесінің көмегімен толығымен ашық күйде ұсталады.


Капотты жабу үшін:

1. Капотты жаппас бұрын, барлық құю мойындарының қақпақтары орнатылып, мықтап бұралып, барлық құралдардың алынып тасталғанына көз жеткізу керек.
2. Капотты газ тіреулер жүйесі оны ұстауын тоқтатқанша төмен қарай тартыңыз.
3. Капот өз салмағының әсерінен төмен түсуі үшін оны жіберіңіз. Құлып капот қақпағын мықтап бекіткеніне көз жеткізіңіз. Қажет болса, қосымша күш салып, процедураны қайталаңыз.

> ⚠ *ЕСКЕРТУ!*
>
> Егер капоттың қақпағы толық жабылмаған болса, қозғалысты бастауға тыйым салынады.
> Қақпақ ашылып, көріністі бөгеп, апатқа себеп болуы мүмкін.
> Бұл адамдарға жарақат әкелуі мүмкін. Көлік жүргізу алдында капоттың мықтап жабылғанына көз жеткізіңіз.

Көлік қозғалып жатқанда капот толығымен жабылмаса, жүргізушінің ақпарат орталығында хабарлама көрсетіледі.
Көлікті тоқтатыңыз және оны өшіріңіз, капоттың жабылуына кедергілердің бар-жоғын тексеріңіз және капотты қайтадан жабыңыз. Жүргізушінің ақпарат орталығының дисплейінде хабарламаның бар-жоғын тексеріңіз.

Мотор бөлігінің жалпы көрінісі



1. Оңашаланған теріс (–) клемма. Қар.: Қосымша АКБ-дан іске қосу ⇨9-67.
2. Оң (+) клемма. Қар.: Қосымша АКБ-дан іске қосу ⇨9-67.
3. Аккумуляторлық батарея ⇨ 9-18.
4. Мотор бөлігіндегі сақтандырғыш блогы ⇨ 9-27.
5. Мотор майы деңгейіндегі майөлшеуіш сүңгіш. Мотор майын тексеру тармағын Мотор майы бөлімінен қараңыз ⇨ 9-5.
6. Қозғалтқышты салқындату желдеткіштері (көрінбейтін). Қар.: Салқындату жүйесі ⇨ 9-10.
7. Қозғалтқыш майын құю мойнының қақпағы. Мотор майы бөліміндегі «Мотор майын қашан құю керек» тарауын қараңыз ⇨ 9-5
8. Салқындатқыш сұйықтықтың ұлғайма күбішігі және сақтандыру қысымтығыны бар қақпақ. Қар.: Салқындату жүйесі ⇨9-10.
9. Қозғалтқыш ауа сүзгісі ⇨ 9-9.
10. Тежеуіш сұйықтығының бағы. Қар.: Тежеуіш сұйықтық ⇨9-17.
11. Алдыңғы әйнекті жууға арналған сұйықтық бағы. Жуғыш сұйықтық бөліміндегі «Жуу сұйықтығын толтыру» бөлімін қараңыз ⇨ 9-15.

Мотор майын

Дизельді қозғалтқышы бар автомобильдер бойынша Duramax дизельді қозғалтқышы туралы қосымшадағы «Мотор майы» бөлімін қараңыз.

Қозғалтқыштың дұрыс жұмыс істеуі мен ұзаққа жарамдылығын қамтамасыз ету үшін мотор майына ерекше назар аудару керек. Инвестицияңызды қорғау үшін төмендегі қарапайым, бірақ маңызды талаптарды орындаңыз:

- Дұрыс тұтқырлығы бар және спецификацияға сәйкес сертификатталған майларды пайдаланыңыз. Осы бөлімдегі «Тиісті мотор майын таңдау» параграфын қараңыз.
- Мотор майының деңгейін үнемі тексеріп, оны дұрыс деңгейде ұстаңыз. Осы бөлімдегі «Мотор майын тексеру» және «Мотор майын қашан құю керек» параграфтарын қараңыз.
- Мотор майын уақтылы ауыстырыңыз. Қар.: Қозғалтқыш майының қызмет ету мерзімін бақылау жүйесі ⇨ 9-7.
- Пайдаланылған мотор майы әрқашан дұрыс кәдеге жаратылуы тиіс. Осы бөлімдегі «Пайдаланылған мотор майымен не істеу керек» параграфын қараңыз.

Мотор майын тексеру

Мотор майының деңгейін жүйелі түрде әрбір 650 км (400 миль) сайын және ұзақ сапарлар алдында тексеріп тұру керек. Қозғалтқыш картеріндегі май деңгейін өлшеуге арналған сүңгіштің тұтқасы сақина түрінде жасалған. Оның орналасқан жері мотор бөлігінің жалпы көрінісі бөлімінде көрсетілген ⇨ 9-4.

> ⚠ *ЕСКЕРТУ!*
>
> Сүңгіштің сабы ыстық болуы мүмкін және күйдіруі мүмкін. Сүңгіштің сабын тек үстіне шүберек салып немесе қолғап киіп ұстау керек.

Жүргізушінің ақпарат орталығы (DIC) майдың аздығы туралы хабарламаны көрсетсе, май деңгейін қолмен тексеру керек.

Төменде келтірілген кеңестерді орындаңыз:

- Нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін көлігіңізді тегіс, көлбеу емес жерге қойыңыз. Май деңгейін қозғалтқышты өшіргеннен кейін екі сағаттан ерте емес тексерген жөн. Егер көлік құралы еңісте қалдырылса немесе қозғалтқыш тоқтағаннан кейін қажетті уақытты күтпестен сынақ жүргізілсе, нәтиже дұрыс емес болады. Қозғалтқышты іске қоспас бұрын оның деңгейін суық күйінде тексеру, дәлірек нәтиже береді. Өлшеу сүңгішін алып, май деңгейін тексеріңіз.
- Егер екі сағат күте алмасаңыз, қозғалтқыш қыздырылса, тым болмағанда 15 минут, ал қозғалтқыш қыздырылған болмаса, 30 минут күтіңіз. Өлшеу сүңгішін шығарып, оны таза шүберекпен сүртіңіз де, қайта салыңыз. Найзалы деңгей көрсеткішін қайта шығарып, ұшын төмен қаратып ұстап тұрып, мотор майының деңгейін тексеріңіз.

Мотор майын қашан құю керек



Егер өлшеу нәтижелері бойынша қозғалтқышты өшіргеннен кейін кемінде 15 минуттан кейін май деңгейі сүңгіштің ұшында ойығы бар алаңнан төмен болса, ұсынылған майдың бір литрін (бір кварта) қосып, тексеруді қайталаңыз. Осы бөлімде мотор майының қандай түрін қолдану керектігін түсіндіретін «Тиісті мотор майын таңдау» тармағын қараңыз.

Қозғалтқыш картеріндегі мотор майының тиісті көлемі Жанармай ыдыстары бөлімінде көрсетілген ⇨11-3.

⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*

Тым көп май құймаңыз. Мотор майын сүңгіш деңгейінің көрсеткіші бойынша рұқсат етілген жұмыс ауқымынан жоғары немесе төмен толтыру қозғалтқыш үшін зиян. Егер мотор майының деңгейі жұмыс ауқымынан жоғары көтерілсе (яғни, қозғалтқышта мотор майының артық мөлшері бар болып, оның деңгейі мотор майының тиісті жұмыс диапазонын көрсететін айқаспалы сызықшалар аймағынан жоғары болса), қозғалтқыш істен шығуы мүмкін. Артық майды төгіп тастаңыз немесе көлік қозғалысын шектеңіз және артық майды кетіру үшін шеберханаға хабарласыңыз.

Мотор бөлігінің жалпы көрінісі бөлімін ⇨ 9-4 қараңыз, онда қозғалтқыштың май құятын қақпағының орналасқан жері көрсетілген. Мотор майы тиісті жұмыс диапазонында болу үшін, оны жеткілікті мөлшерде
құйыңыз. Тексеру аяқталғаннан кейін найзалы деңгей көрсеткішін түтікке тірелгенше қайта салыңыз.

Тиісті мотор майын таңдау

Тиісті мотор майын таңдау, майдың қажетті сипаттамасымен және тұтқырлығымен анықталады. Қар.: Ұсынылатын сұйықтықтар мен майлау материалдары ⇨ 10-12.

Техникалық сипаттамалар

dexos1 спецификациясының талаптарына сәйкес келетін толықтай синтетикалық мотор майын пайдаланыңыз. GM компаниясының dexos1™ спецификациясына сәйкес келетін мотор майы бар ыдыста dexos1 логотипі болуы керек.

dexos™1
GM APPROVED - GEN 3

⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*

Бұл нұсқауларды орындамау қозғалтқыштың зақымдалуына және кепілдіктің күшін жоюға әкелуі мүмкін.

Тұтқырлық дәрежесі

SAE 0W-20 мотор майын қолданыңыз.
Тұтқырлығы төмен майды таңдаған кезде оның техникалық сипаттамаға сәйкестігін тексеру ұсынылады. Осы бөлімдегі «Сипаттамалар»
тармағын қараңыз.

Мотор майының қоспалары / Майлау жүйесін шаю

Мотор майына бірнәрсе қосуға тыйым салынады. Қозғалтқыштың дұрыс жұмыс істеуі мен қорғанысын қамтамасыз ету үшін dexos1 сипаттамаларына сәйкес келетін ұсынылған мотор майларын пайдалану жеткілікті.
Майлау жүйесін шаю ұсынылмайды, бұл операция автокөлік кепілдігімен қамтылмаған қозғалтқыштың зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Пайдаланылған мотор майымен не істеу керек

Пайдаланылған мотор майының құрамында теріге зиянды және тіпті қатерлі ісік тудыруы мүмкін кейбір компоненттер бар. Мотор майының адам терісімен ұзақ жанасуын болдырмаңыз. Теріңізді және тырнақтарыңызды сабынмен немесе қол жууға арналған жақсы құралмен жуыңыз. Пайдаланылған мотор майымен ластанған киімді немесе шүберекті жуыңыз немесе тиісті түрде кәдеге

жаратыңыз. Мұнай өнімдерін пайдалану және жоюға қатысты өндірушінің ескертулерін қараңыз.
Пайдаланылған май қоршаған ортаға қауіп төндіруі мүмкін. Егер сіз мотор майын өзіңіз ауыстыратын болсаңыз, пайдаланылған сүзгіні тастамас бұрын ондағы барлық майды төгіп тастаңыз.
Мотор майын тұрмыстық қалдықтарға арналған контейнерлерге немесе жерге, канализация коллекторына, сондай-ақ өзендер немесе көлдерге төгуге тыйым салынады. Мотор майын пайдаланылған майды жинау орнына қайта өңдеуге тапсыру керек.

Мотор майының қызмет ету мерзімін бақылау жүйесі Мотор майын қашан ауыстыру керек Бұл көліктің электронды жүйесі май мен сүзгіні ауыстыру қажеттілігі туралы уақтылы хабарлайды.
Бұл қозғалтқыштың айналу жиілігі, қозғалтқыштың температурасы және автомобильдің жүріп өткен жолы сияқты факторлардың жиынтығына байланысты. Көлік жүргізу жағдайларына байланысты әртүрлі жүріс мәндерінде майды өзгерту қажеттілігі туындауы мүмкін. Жүйенің қалыпты жұмысы үшін әрбір май ауыстырғаннан кейін оны арылтуды жүзеге асыру қажет.
Кейбір көліктерде, егер жүйе майдың қызмет ету мерзімінің азайғанын анықтаса, майды ауыстыру қажеттігін білдіретін CHANGE ENGINE OIL SOON (ҚОЗҒАЛТҚЫШТАҒЫ МАЙДЫ АУЫСТЫРУ МЕРЗІМІ ЖАҚЫНДАДЫ) хабарламасы пайда болады.
Майды мүмкіндігінше тезірек ауыстыру керек, майды ауыстырғанға дейін рұқсат етілген жүру жолы - 1000 км (600 миль) артық емес.
Белгілі бір жағдайларда (қолайлы жүргізу жағдайларында) жүйе 1 жылға дейін майды ауыстыру қажеттілігі туралы белгі бермеуі мүмкін. Мотор майы мен сүзгіні кем дегенде жылына бір рет ауыстыру керек, бір мезгілде жүйені арылтуды орындау қажет. CHANGE ENGINE OIL SOON (ҚОЗҒАЛТҚЫШТАҒЫ МАЙДЫ АУЫСТЫРУ МЕРЗІМІ ЖАҚЫНДАДЫ) деген хабарлама қарастырылмаған автомобильдерде, майды REMAINING OIL LIFE (МОТОР МАЙЫНЫҢ ҚАЛҒАН РЕСУРСЫ) мәні 0%-ға жақындағанда ауыстыру қажет. Сіздің дилеріңізде осы жұмысты орындайтын және жүйені арылтатын арнайы оқытылған техникалық қызмет көрсету мамандары бар. Сонымен қатар, майдың ағып кетуін үнемі тексеріп отыру және қажетті деңгейді сақтау маңызды.
Егер жүйеде кездейсоқ арылту орын алса, майды соңғы рет ауыстырғаннан соң 5000 км (3000 миль) жүргеннен кейін ауыстыру керек. Майды ауыстырған сайын жүйенің арылтуын орындауды ұмытпаңыз.

Мотор майының қызмет ету мерзімін басқару жүйесін арылту

Жүйе келесі майды ауыстыру уақытын дұрыс есептей алуы үшін, майды әр ауыстырған сайын оның көрсеткіштерін арылту керек.
Майды әр ауыстырғаннан кейін мотор майының қызмет ету мерзімін 100%-ға арылту керек. Ол автоматты түрде арылтылмайды.
Мотор майының қызмет ету мерзімін бақылау жүйесінің көрсеткіштерін арылту тәртібі:
1. Жүргізушінің ақпарат орталығының дисплейіне майдың қызмет ету мерзімін шығарыңыз. Қар.: Жүргізушінің ақпараттық орталығы (DIC) (Кеңейтілген жиынтықтау) ⇨ 4-36 немесе Жүргізушінің ақпараттық орталығы (DIC) (Базалық жиынтықтау) ⇨ 4-34.
2. Егер көлікте жүргізушінің ақпараттық орталығының басқару органдары болмаса, руль дөңгелегіндегі дөңгелекті реттегішті немесе ағымдағы жүріс есептегішін арылту аяғын бірнеше секунд басып тұрыңыз. Растау хабарламасы пайда болғанда «YES (ИӘ)» таңдаңыз. Майдың қызмет ету мерзімі 100% - ға тең етіп белгіленеді.
Майдың қызмет ету мерзімінің есептегішін арылтудың тағы бір әдісі:
1. Жүргізушінің ақпарат орталығының дисплейіне майдың қызмет ету мерзімін шығарыңыз. Қар.: Жүргізушінің ақпараттық орталығы (DIC) (Кеңейтілген

жиынтықтау) ⇨4-36 немесе Жүргізушінің ақпараттық орталығы (DIC) (Базалық жиынтықтау) ⇨4-34.
2. Акселератор басқысын бес секунд ішінде үш рет тірелгенше баяу басыңыз.
3. Экрандағы сан 100%-ға өзгерсе, жүйені арылту орындалды.
Егер автомобильде «CHANGE ENGINE OIL SOON (ҚОЗҒАЛТҚЫШТАҒЫ МАЙДЫ АУЫСТЫРУ МЕРЗІМІ ЖАҚЫНДАДЫ)» хабарламасы қарастырылған болса және ол автомобиль іске қосылған кезде қайта шықса және/немесе майдың қызмет ету мерзімі 0% -ға жақын болса, онда мотор майының қызмет ету мерзімі арылтылмаған.
Бұл процедураны қайталаңыз.

Автоматты беріліс қорабының сұйықтығы

Автоматты беріліс қорабының (АБҚ) сұйықтығын қашан тексеру және ауыстыру керек

Әдетте, беріліс қорабындағы сұйықтық деңгейін тексеру қажет емес.
Сұйықтықтың ағуының жалғыз себебі - беріліс қорабынан ағып кету немесе беріліс қорабының қызып кетуі. Бұл көлікте беріліс қорабындағы сұйықтық деңгейін өлшейтін найзалы көрсеткіш жабдықталмаған. Мұндай көліктер үшін сұйықтық деңгейін тексерудің және оны беріліс қорабына ауыстырудың арнайы процедурасы бар. Бұл процедура еңбекті қажет ететіндіктен, ТҚКС жүзеге асырған жөн. Қосымша ақпарат алу үшін жергілікті дилерге хабарласыңыз.

⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*
Егер дұрыс емес трансмиссия сұйықтығы пайдаланылса, көлік зақымдалуы мүмкін және мұндай зақымдар көлік кепілдігімен қамтылмайды. Әрқашан Ұсынылатын сұйықтықтар мен майлар тізімінде берілген трансмиссия сұйықтығын пайдаланыңыз ⇨10-12.

Сұйықтық пен сүзгіні ауыстыруды «Техникалық қызмет көрсету кестесі⇨ 10-3» бөліміндегі техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес орындау қажет.
«Ұсынылатын сұйықтықтар мен жағармайлар⇨ 10-12» бөлімінде көрсетілген трансмиссия сұйықтығын пайдаланыңыз.

Қозғалтқыштың ауа сүзгісі ресурсының есептегіші

Бұл функция (тиісті жиынтықтауда) қозғалтқыштың ауа сүзгісінің қалдық ресурсы және оңтайлы ауыстыру уақыты туралы хабарлайды.

оны Қозғалтқыштың ауа сүзгісін ауыстырудың оңтайлы мерзімі, көлік жүргізу жағдайлары мен қоршаған ортаға байланысты.

Қозғалтқыштың ауа сүзгісін қашан ауыстыру керек

Жүргізушінің ақпараттық орталығында (DIC) келесі майды ауыстырған кезде қозғалтқыштың ауа сүзгісін ауыстыру қажеттілігі туралы хабарлама пайда болған кезде, осы ауыстыру мерзімін сақтаңыз.
DIC-те қозғалтқыштың ауа сүзгісін жақын арада ауыстыру қажеттілігі туралы хабарлама пайда болған кезде, сүзгіні мүмкіндік пайда болған бойда ауыстырыңыз.
Қозғалтқыштың ауа сүзгісін ауыстырғаннан кейін жүйені арылту керек.
Егер DIC, қозғалтқыштың ауа сүзгі жүйесін тексеру қажеттілігі туралы хабарламаны көрсетсе, дилерге хабарласыңыз.

Қозғалтқыштың ауа сүзгісінің қызмет ету мерзімін бақылау жүйесін қалай арылтуға болады

Арылту үшін:
1. Көліктің БАҚ селекторын P (Тұрақ) күйіне ауыстырыңыз.
2. DIC дисплейіне Air Filter Life (Ауа сүзгісінің қызмет ету мерзімі) параметрін шығарыңыз. Қар.: Жүргізушінің ақпараттық орталығы (DIC) (Кеңейтілген жиынтықтау) ⇨ 4-36 немесе

Жүргізушінің ақпараттық орталығы (DIC) (Базалық жиынтықтау) ⇨ 4-34.
3. Reset/Disable (Арылту/өшіру экранына өту үшін руль дөңгелегіндегі дөңгелекті басыңыз. Reset (Арылту) таңдап, дөңгелекті бірнеше секунд басыңыз.
4. Арылтуды растау үшін дөңгелекті басыңыз.

Қозғалтқыштың ауа сүзгісі

Қозғалтқыштың ауа сүзгісі жүргізуші жағындағы қозғалтқыш бөлігінде орналасқан. Қар.: Мотор бөлігінің жалпы көрінісі ⇨ 9-4.


Қозғалтқыштың ауа сүзгісін қашан тексеру керек

Егер автомобиль қозғалтқыштың ауа сүзгісінің қызмет ету мерзімін бақылау жүйесімен жабдықталмаса, сүзгіні тексеру және ауыстыру жиілігі туралы ақпарат алу үшін дилерге хабарласыңыз.

Қозғалтқыштың ауа сүзгісін тексеру/ауыстыру тәртібі

Ауа сүзгісінің корпусы ашық тұрған күйде қозғалтқышты іске қоспаңыз немесе пайдаланбаңыз. Ауа сүзгісін алмас бұрын оның корпусының айналасын кір мен шаңнан тазалаңыз.
Ауа сүзгісін және оның элементтерін сумен немесе сығылған ауамен тазаламаңыз.

Ауа сүзгісін тексеру немесе ауыстыру үшін:



1. Үш бұранданы алып тастаңыз, қақпақты еңкейтіңіз және оны корпусынан шығарыңыз.

> ⚠ *ЕСКЕРТУ!*
>
> Егер қандай да бір бөлікті ауыстыру қажет болса, ауыстыру үшін сол артикул нөмірі немесе аналогы бар қосалқы бөлікті пайдалану керек. Басқа орнату өлшемдері бар, пішіні немесе функционалдығы ауыстырылатын бөліктен ерекшеленетін бөлшектерді пайдалану, адамдардың жарақаттануына немесе көліктің зақымдалуына әкелуі мүмкін.


2. Қозғалтқыштың ауа сүзгісін тексеріп, қажет болса ауыстырыңыз.
3. Қақпақты орнына қойып, оны корпустың үстіне сырғытыңыз және үш бұрандамен бекітіңіз.
4. Қозғалтқыштың ауа сүзгісін ауыстырғаннан кейін сүзгінің қызмет ету мерзімін есептегішті арылтыңыз (бар болса). Қар.: Қозғалтқыштың ауа сүзгісі ресурсының есептегіші ⇨ 9-8.

> ⚠ *ЕСКЕРТУ!*
>
> Қозғалтқышты ауа сүзгісіз іске қосу, қасында тұрған адамдардың күйіп қалуына әкелуі мүмкін. Қозғалтқышта жұмыс істегенде сақ болыңыз. Ауа сүзгісі алынып тасталған қозғалтқышты іске қоспаңыз немесе көлікті пайдаланбаңыз, себебі қозғалтқышта кері жарқыл болған кезде жалын пайда болуы мүмкін.

> ⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*
>
> Ауа сүзгісін алып тастағанда, кір қозғалтқышқа оңай еніп, оны зақымдауы мүмкін. Автокөлікті ауа сүзгісісіз пайдалануға болмайды.

Салқындату жүйесі

Салқындату жүйесі қозғалтқыштың тиісті жұмыс температурасын қамтамасыз етеді.



1. Қозғалтқышты салқындатудың электр желдеткіштері
2. Салқындату сұйықтығының ұлғайма күбішігі және қауіпсіздік клапанының қақпағы

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Капот астындағы электр желдеткіші қосылып, қозғалтқыш жұмыс істемей тұрса да, сізді жарақаттауы мүмкін. Қолыңызды, киім мен құралдарды капот астындағы электр желдеткішінен алыс ұстаңыз.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Қыздырғыш немесе радиатор шлангілеріне немесе қозғалтқыштың басқа бөліктеріне қол тигізбеңіз. Олар өте ыстық болып, күйдіріп жіберуі мүмкін. Ағып кету болса, қозғалтқышты іске қоспаңыз; барлық салқындатқыш сұйықтық ағып кетуі мүмкін. Бұл қозғалтқыштың өртенуіне және күйіп қалуға әкелуі мүмкін.
Көлікті жүргізу алдында барлық ағып кетулерді жөндеңіз.

Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы
Сіздің көлігіңіздің қозғалтқышының салқындату жүйесі DEX-COOL салқындату сұйықтығымен толтырылған. Оны 5 жыл жұмыс істегеннен кейін немесе 240 000 км (150 000 миль) өткеннен кейін ауыстыру керек, қайсысы бірінші келгеніне қарай.
Төменде салқындату жүйесінің құрылымы және оның деңгейі төмендеген жағдайда салқындатқышты қалай тексеру және қосу керектігі түсіндіріледі. Қозғалтқыштың қызып кетуі орын алса, Қозғалтқыштың қызып кетуі ⇨ 9-13 бөлімін қараңыз.

Қандай сұйықтықты қолдану керек

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Таза су немесе спирт сияқты басқа сұйықтықтар тиісті салқындатқыш қоспасынан тезірек қайнауы мүмкін. Салқындату жүйесіне таза су немесе тиісті емес салқындатқыш қоспа қосылса, қозғалтқыш қызып кетуі мүмкін, бірақ қызып кету туралы ескерту болмайды. Бұл қозғалтқыштың жануына және жүргізушінің немесе қасындағы адамдардың күйіп қалуына әкелуі мүмкін.

Таза ауыз су мен DEX-COOL салқындатқышының 50/50 қоспасын пайдаланыңыз. Бұл қоспа:

- −37 °C (−34 °F) дейінгі температурада қатпайды
- 129°C (265°F) дейін қыздырғанда қайнамайды.
- Тоттан және коррозиядан қорғайды
- Алюминий бөлшектерін зақымдамайды
- Қозғалтқыштың тиісті температурасын сақтауға көмектеседі


⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*

GM GMW3420 стандартына сәйкес келетін DEX-COOL салқындатқыш қоспасынан басқа сұйықтықтарды таза ауыз сумен пайдаланбаңыз. Барлық басқа сұйықтықтар қозғалтқыштың және көлік құралының салқындату жүйесінің ағымдағы көлік кепілдігімен қамтылмаған зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Пайдаланылған салқындатқышты жердегі тұрмыстық қоқыс контейнерлеріне, канализацияға, өзендерге және су қоймаларына төгуге тыйым салынады.
Салқындатқыш сұйықтықты ауыстыруды, пайдаланылған салқындатқышты кәдеге жарату бойынша заңды талаптарды білетін уәкілетті қызмет көрсету орталығы жүзеге асыруы керек. Бұл қоршаған ортаны және сіздің денсаулығыңызды қорғауға көмектеседі.

Салқындатқыш сұйықтықты тексеру

Салқындатқыш сұйықтықтың ұлғайма күбішігі көлік құралының қозғалтқыш бөлігінде, жүргізуші жағында орналасқан. Қар.: Мотор бөлігінің жалпы көрінісі ➪9-4.
Салқындатқыш сұйықтығының деңгейін тексеру кезінде көлік тегіс жерде болуы керек.



Ұлғайма күбіршігінде салқындатқыш сұйықтықтың бар-жоғын көзбен тексеріңіз.
Егер ұлғайма күбіршігіндегі салқындатқыш сұйықтық қайнап жатса, ол суығанша күтіңіз. Салқындатқыш сұйықтықтың деңгейі толық суық көлем белгісінен төмен болмауы керек. Олай болмаса, салқындату жүйесінде ағып кету болуы мүмкін.
Салқындату сұйықтығы көрініп тұрса, бірақ деңгейі толық суық көлем белгісінен төмен болса, келесі бөлімді қараңыз.
«Салқындатқыш сұйықтықты салқындатқыш сұйықтыққа арналған ұлғайма күбіршігіне қалай құю керек».

Салқындатқыш сұйықтықты салқындатқыш сұйықтыққа арналған ұлғайма күбіршігіне қалай құю керек

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Ыстық қозғалтқыш бөліктеріне салқындатқыш сұйықтықтың төгілуі күйікке әкелуі мүмкін. Салқындатқыш сұйықтықтың құрамына, қозғалтқыш бөліктері жоғары температурада болған жағдайда қайнайтын этиленгликоль кіреді.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Таза су немесе спирт сияқты басқа сұйықтықтар тиісті салқындатқыш қоспасынан тезірек қайнауы мүмкін. Салқындату жүйесіне таза су немесе тиісті емес салқындатқыш қоспа қосылса, қозғалтқыш қызып кетуі мүмкін, бірақ қызып кету туралы ескерту болмайды. Бұл қозғалтқыштың жануына және жүргізушінің немесе қасындағы адамдардың күйіп қалуына әкелуі мүмкін.

⚠ *ЕСКЕРТУ!*

Ыстық салқындату жүйесіндегі бу және қайнап тұрған сұйықтықтар қысымда болады. Қауіпсіздік клапанының қақпағының шамалы бұрылуының өзі олардың жоғары жылдамдықпен шығып кетуіне әкелуі мүмкін, бұл күйікке әкелуі мүмкін. Ыстық салқындату жүйесіндегі қақпақты, оның ішінде қауіпсіздік клапаны бар қақпақты бұруға тыйым салынады. Салқындату жүйесі мен қорғауыш клапанының қақпағы суығанша күтіңіз.


⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*

Салқындатқыш сұйықтықты дұрыс зарядтау процедурасын орындамау, қозғалтқыштың қызып кетуіне және жүйенің бұзылуына әкелуі мүмкін. Егер ұлғайма күбішкте салқындатқыш сұйықтық көрінбесе, дилеріңізге хабарласыңыз.

Егер ұлғайма күбішкте салқындатқыш сұйықтық көрінбесе, оны құйыңыз.



1. Салқындату жүйесі, ұлғайма күбішігінің қорғауыш клапаны бар қақпақ және радиатордың жоғарғы шлангісі суыған соң, ұлғайма күбішігінің қорғауыш клапаны бар қақпақты ашыңыз.
Қорғауыш клапаны бар қақпақты сағат тіліне қарсы бір толық айналымға баяу бұраңыз. Егер сіз будың ысқырғанын естісеңіз, дыбыс тоқтағанша күтіңіз. Ысқырық жүйеде әлі де қысымның бар екенін білдіреді.
2. Қорғауыш клапаны бар қақпақты баяу бұрауды жалғастырып, оны ашыңыз.



3. Ұлғайма күбішігін толық салқын көлем белгісіне дейін тиісті құрамы бар салқындатқыш сұйықтықпен толтырыңыз.
4. Салқындатқыш сұйықтығының ұлғайма күбішігінің қақпағын алып тастаған күйде қозғалтқышты іске қосыңыз және оны көрсеткіш бойынша салқындатқыш сұйықтықтың температурасы шамамен 90°C (195°F) жеткенше жұмыс істеуге мүмкіндік беріңіз.
Бұл кезде ұлғайма күбішіктегі салқындатқыш сұйықтықтың деңгейі төмендеуі мүмкін. Салқындатқыш сұйықтығының деңгейі төмендесе, ұлғайма күбішігін толық суық көлем белгісіне қажетті пропорцияда сұйылтылған салқындатқыш сұйықтықпен толтырыңыз.

5. Қорғауыш клапанының қақпағын орнатыңыз және бұраңыз.
6. Қозғалтқыш өшірілгеннен кейін және салқындатқыш сұйықтық суығаннан кейін салқындатқыш сұйықтықтың деңгейін тексеріңіз.
Қажет болса, салқындатқыш сұйықтықты құю барысының 1-6 қадамдарын қайталаңыз.

⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*
Егер қорғауыш клапанының қақпағы мықтап орнатылмаса, салқындатқыш сұйықтық ағып, қозғалтқышты зақымдауы мүмкін. Қақпақтың дұрыс және тығыз жабылғанына көз жеткізіңіз.

Қозғалтқыштың қызып кетуі

⚠ *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*
Қозғалтқышты салқындатқыш сұйықтықсыз іске қосу елеулі зақымға немесе өртке әкелуі мүмкін. Кепілдік шарттары көліктің мұндай зақымдалуын қамтымайды.

Автокөлікте қозғалтқыштың қызып кетуі туралы ескертетін бірнеше индикаторлар бар.
Автокөліктің аспаптар панелінде қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының температура көрсеткіші және тиісті ескерту жарық индикаторы бар. Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының температура индикаторы ⇨ 4-19 және Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының температура белгі бергіші ⇨4-30 бөлімдерін қараңыз.
Сондай-ақ жүргізушінің ақпараттық орталығында ENGINE OVERHEATED STOP ENGINE (Қозғалтқыш
қызып кетті, қозғалтқышты өшіріңіз), ENGINE OVERHEATED IDLE ENGINE (Қозғалтқыш
